



А 2016

3518 к

СЕЙТЖАН
ОМАРОВ

НҒИМЕЛЕР МЕН ОЧЕРКТЕР





СЕЙТЖАН ОМАРОВ

Әңгімелер
мен

очерктер

ТАҢДАМАЛЫ

ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
Көркем Әдебиет
БАСПАСЫ
Алматы · 1957

ПОЕЗДАҒЫ ЗАҚИҒА

I

Москва — Алматы ұшқыр поезы оңтүстікке беталып жүйткіп келеді. Ұлылы-кішілі талай станциялар мен разъездер бұлдырап артта қалып жатыр.

Күн көкжиектен көтерілген мезгілде поезд Чкалов қаласынан өтті. Жұмсақ вагондағы жолаушылар орындарынан тұрып, төсек-орындарын жыйнастырып жатыр. Ертерек тұрып, бойлары сергіп қалған, кейбір жолаушылар көктем шағында көкорай шалғын жамылған, көк майсаға бөленген әсем далаға вагон коридорының жібек перделі терезелерінен қызыға қарасады.

Вагонның артжағындағы шеткері купеге екі адам ғана орналасқан. Неліктен екенін кім білсін, үстіңгі екі орынның бос тұрғанына екі күннен асып барады. Оң жақтағы төменгі орында жатқан қартаң әйел алдақашан оянса да, орнынан тұрмай ұзақ жатты. Түйе жүні жасыл көрпеден басын қылтитып шығарып, көзге көрінбейтін бір ноқатқа тесіле қарайды.

ФД паровозының серпіні күшті жүрісінен пайда болған дамылсыз «тук-тук» әні осындағы жолаушыларды минут санап ілгеріге алып тартқандай. Сол бір әрі маза-сыз, әрі бойға қуат қосқан серпінді үнді өз жүрегінің кең тынысындай сезінеді әйел.

— Тұрмайсыз ба? — деген жіңішке дауыс шыққан жаққа жалт қараса, купенің айналы есігін еппен ашып кіріп келе жатқан, өзімен бірге орналасқан қазақ жігіті екен.

— Асыққанда қайда барам, тұрам ғой, — деп сыпайы жауап қатты әйел. Көрпесін қымтай түсіп, дұрысталып жатты.

Жігіт өзінің төсегіне жайланып отырды да, сыпайы пішінмен әйелге:

— Әлгінде станциядан шай әкеп ем, ыстықтай ішсек қайтеді? — деді.

— Тұрайын ендеше... — деп әйел қозғалақтай бастады. Оңаша киінсін деп жігіт тысқа шығып кетті.

Купенің қарсы алдындағы жалнақ терезенің ернеуіне сүйеніп тұрып жігіт ойға батты: «Өңінің мосқалдығына қарағанда алпыстың жуан ортасына кірген адам секілді. Кеше бір сөздің ретінен елу төртке биыл шықтым деді ғой... Бет ажарына беймезгіл түскен кәрілік іздері өткен күндердегі ауыр азабының белгісі болар...»

Әйелмен ашыла әңгімелесіп, ел жайын, өзінің жағдайын сұрап білмекке бекінді жігіт. «Кім деп айтсам екен» деген ойдың түйіні «апаға» сайды.

Купенің есігін үнсіз қақты жігіт.

— Кір! — деген жауап алуы-ақ мұң екен, еппен кіріп, төсегінің бас жағында, еденде тұрған ақ қалайы шайнектің қақпағын ашып көрді де:

— Суыңқырап қалған ба, қалай? — деп, сәл көңілсіздігін аңғартты. Купе терезесінің ернеуіне қиыстырып орнатқан шағын столға бар тамағын жайып салды. Қымбатты конфет, тәтті печенье, борықтай жұмсақ ақ нан, қойдың піскен семіз сүбесі, шақпақ қант — стол үстін жайнатып жіберді.

Бұлар шай ішуге кірісті. Жігіттің сый-құрметіне мейлінше риза болған әйел: «жол көрген, иманжүзді бала екен» деп ойлады.

Әйел әдепкіде сыпайлық сақтап, тамаққа бірден сұғынып кетпеп еді. «Алыңыз, апай, алыңыз, кімнен ұяласыз?» — деп жігіт ерік алдына қоймады.

Қант салған қою күрең шайды қанып ішкен соң әйелдің маңдайы тершіп, ұйқыдан құрыстап қалған бойы жазылып кетті. Жігіт те өз әлінше шайқор екен, одан қалыспай таусылғанша ішті. Қызара бөрітіп, бетінен мөлдіреп шыққан ыстық терді көк жиекті ақ дабы орамалымен қапсыра сүртіп қояды.

Тым-тырыс үнсіздіктен жігіттің іші пыса бастады. Әйтсе де сөзді неден бастаудың қисынын таба алмай отыр еді. Қорғаншақтап отыр ма, әлде аузы сараң бір жан ба, кім білсін, әйел де «рахмет, болдымнан» әріге барған жоқ.

Жігіт Ленинградтан келе жатқан. Москвадан шыққалы плацкартты вагонда еді. Кеше бос орын бар екенін біліп, жайлы болсын деп, осы жұмсақ вагонға келіп орналасқан. Келген әзірде бірден сүйреңдеп жөн сұрауды

қолай көрмеген. Амандық айтысудан әрі аспай, жатып қалған.

Шайды ішіп, қалған тамақтарын жинастырғаннан кейін жігіт сөз бастады:

— Барыс қай жер, апай? Қайдан келе жатырсыз?

Жігіттің жөн сұрауын асыға күтіп отырғандай-ақ, әйел іле-шала сөйлеп кетті. Сонда әйелдің айтқанынан жігіттің ұққаны мынау еді: Москваға барып қайтыпты. Өзі Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Еркін еңбек» колхозында тұрады екен. Өз өмірінің егжей-тегжейіне бармады әйел. Тіпті колхозда нендей қызмет атқаратынын да айтқан жоқ.

Жөнің сұрағанда жігіттің айтқаны: Ленинградтағы ауыл шаруашылығын механикаландыру институтын 1938 жылы бітіріпті. Псков облысында қызмет істепті. Төрт жыл бойы армияда болып, Ұлы Отан соғысына қатнасыпты. Төрт рет ауыр жараланыпты. Берлинге шейін барып қайтыпты. Армиядан былтыр босапты. Әйелі мен екі баласы қазір Ленинградта тұрады екен. Қазақстанға қызметке келе жатқан көрінеді.

Сөз арасында әйелі мен екі баласының жеке-жеке түскен суреттерін де көрсетіп үлгірді жігіт. «Қазақстанның қай жерінікі едің?» деп сұрайын деп отырғанда, араға жаңағы суреттер араласып кетіп, әйелдің есінен тарс шығып кетті.

Жігіттің жібектей мінезі, дәмді де жылы сөзі әйелдің жүрегіне жағып барады. Сәл еңкіштеу келген атжақты, тік маңдайлы, қыр мұрынды аққұба жігіт. Ақша бетінің ұшындағы солғын қызылы сыйпатына өзгеше бір жарастық қосқандай. Сақал-мұртын қырып тастапты. Жасы отыздың ішіне кіргені көз қыйығындағы елеусіз әжім сызықтарынан танылғандай. Жатқыза қарсы қайырған көмірдей қара шашы, сәл шығыңқы қабағына сай біткен қою қара қасы — сүйкімді бетінің ажарын арттыра түседі.

Сөз бастағанда да, өршіген мезетте де аты-жөнің білудің ретін таппай, бірауық өткінші өкінішке де ауытқып отырған әйел бір сөздің орайына келтіріп сұрап қалды:

— «Жүздің түсін танығанша, бірдің атын біл» деген екен, ныспың кім, шырағым?

— Жортуыл! — деді жігіт іркілмей. «Әкемнің атын қоса айтсам қайтеді деп, оқтала түсті де, жата-жастана

біле жатар, тіпті білмесе, онда тұрған не бар» деп өз атын айтумен тынып қалды.

— Өлген баламмен адас екенсің, қарағым,— деп кеудесін кере ауыр күрсінді әйел. Бір жері кенеттен қатты ауырып кеткендей жүзіне кірбең кірді. Созалдап барып төсегіне қырынан жата кетті. Жол-жөнекей кездескен бейтаныс жолаушының өз баласымен адас боп шыққаны әйел жүрегіндегі ескі жараны білтелеп, ішкі дүниесін толқытып жіберді. Жүзі сұрланып, ғайыптағы біреумен тілдескендей, өзінен-өзі күбірлеп сөйлеп жатыр: «Жортуылым. Көкірегіме тас боп қатқан қайғынды қабіріме ала кірермін... Маңдайымдағы жарық жұлдызым, мезгілсіз сөңдің де жоқ болдың...»

Әйелдің «көкірегіне тас боп қатқан» қайғы-шерін лезде сұрлана қалған дөңгелек бетінен қатесіз танығандай, сол қайғысын аз да болса жеңілдетуге себеп іздеп дағдарғандай, аяған пішінмен үнсіз қарайды жігіт.

Әйел жөпшенділікпен жадырай қоятын емес. Қара мақпал қамзолының омырауындағы Ленин орденін толықша келген етті саусақтарымен сипап қойып, өз ойымен, өз қайғысымен бола берді.

Жігіт осы сәтте сөз қозғауды жөн көрмей, жастығының астынан «Анна Каренинаны» алып оқый бастады... Анда-санда кітаппен бетін көлегейлеп, әйелге ұрлана қарап қояды. Сабасына түсіп, көңлі жайланды ма екен деп, зңысын барлайды. Терезенің ернеуіндегі ас столына бетін бере, көзін тарс жұмып, оқта-санда аузынан жалынды леп шығарып күйсіз жатыр әйел.

Жортуыл кіршіксіз ақ жастыққа басын көме, шалқасынан жатқан күйі кітабына көзін тақап оқый берді. Кітаптың бір тарауын оқып бола бергенде оның басына әлдеқандай ойлар үймелей қалды: «Омырауында Ленин ордені жарқырайды. Демек, тегін адам болмағаны. Кескініне қарағанда, жас кезінде қатарынан асқан сұлу адам болған. Сыры кетсе де сыны кетпеген ажарынан ақыл-парасат нышаны көрініп тұр...»

Жортуыл ендігі сөзді қалай бастасам екен деген ойға бірауық беріліп кетті.

Әйел көзін ашты. Манағыдай емес, жүзіне болмашы қан жүгіріп, бойы жеңілденіп кетті. Кітаппен бетін бүркеп жатқан Жортуылға аса бір мейріммен телміре қарады. Жортуылдың көзі ілініп кетсе керек, бетіндегі кітабы жерге сырғып түсті.

Қара шевист костюмінің қайырма жағасындағы екі қатар ордендар мен медальдардың белгілері, Жортуылдың мінсіз тұлғасын өзгеше құлпыртады. Көзін оның тұлғасына, ойын Жортуыл деген қасиетті атына сүңгітіп, осы сәтте өзін де, өзгені де мүлдем ұмытқан әйел: «Жігіттің төресі екен, осындай ұл өсірген шешесінің не арманы бар» деген оймен болып, осы мезетте тағы да бір күрсініп алды. Көзі қанған сайын жігіт оған біртүрлі жылы ұшырап, аумаған өзінің Жортуылындай көрінді.

Жортуыл төсектен басын көтеріп, кітабын жерден алып, жастығының астына тығып қойды. Ойда жоқта себеп табылып, жабырқап қалған әйелдің көңілі бөлінсін деп, жылы жүзбен жымыя күлімсіреп сөз бастады.

— Москваға не шаруамен барып едіңіз, апай?

Әйел орнынан самарқау қозғалып, басын көтерді. Басындағы шашағы төгілген бөртпелі ақ жібек шалісі мен үстіндегі қара мақпал камзолын дұрыстап, жайғасып отырды.

— Лениннің зиратын көрдім, Ленин орденін алып қайттым, — дегенде әйелдің бет ажары құлпырып сала берді. — Қасымдағы екі жолдасым осы поезбен келе жатыр...

«Ленин орденін қандай қызметіңіз үшін берді?» деп сұрауға оңтайланып барып, кілт бой тартты Жортуыл: «Өзі айтпаса, қазбалап не жұмысым бар». Десберісі, әйелдің өзі айтты: Қолхозының атақты сауыншысы екен, сүтті көп өндіріп, төлді шығынсыз өсіргені үшін алыпты орденді.

Әйел қабағындағы қайғы ізін қайта жаңғыртып, маңа басталып кетіп, үзіліп қалған әңгімені осы арада жалғап әкетті:

— Бір кезде менің де Жортуыл дейтін жалғыз балам болған, қарағым! — Оң қолымен маңдайын нық тіреп ойланып аз үнсіз отырып қалды. — Көріне түсіп жоқ болды, құлыным... Жалт етіп жана түсті де өшіп қалды шамшырағым... Өлді деп естимін, сонда да көңлім сенбейді. Аспанның асты кең ғой, әлде бір жерде жүр ме екен деп үміт етемін... Ай, білмеймін-ау, тірі болса іздеп тауып алмас па еді мені?...

Әңгімені ұлғайтып жіберсем, қайғысын онан сайын қабындатып алармын деп, тұжыра сөйледі Жортуыл:

— Қайтер дейсіз, өткен іске өкінгеннен пайда жоқ, әр нәрсеге сабырлылық керек, апай!..

Әйел тағы да ауыр күрсінді.

— Өзегімді жарып шыққан жалғызымды өмірі ұмыта алармын ба... Бітер ме, оның жүрегіме салып кеткен жарасы...

Жортуылдың ойы бір тоқтамға тіреле береді: Айталық, бұл кісінің Жортуыл деген баласы болған делік, ол жасында өліп қалған. Мұндай уақиға өмірде аз ба екен?

Әйел жүрегіндегі ескі жараның аузы алынуына себеп болған Жортуыл. Өйткені ол өлген баласымен адас болып шықты. Тіпті, түр-тұлғасында да ұқсастық бар сыяқты болады да тұрады. Әйел өзінің баласын көзінің алдына келтірді де, оны мына бейтаныс Жортуылмен салыстырды. Баласының ержетіп, дәл осындай жігіт болған шағын қыялмен шамалады. Кей мезетте өзінің Жортуылы мына сүйкімді жігітпен мыйдай араласып, екеуі тұтас болып шыға келеді.

Жортуыл жақ ашпай тағы да кітап оқуға кірісті. Әйел теріс қарап жатып, шытырман ойлардың қым-қиғаш торабына түсіп кетті. Жайсыз түс көрген адамдай дөңбекши берді. «Тук-тук» әніне басып суыт жортқан поезд да, май айында шешек атып, мың құлпырған шетсіз-шексіз кең дала да, айналадағы қайнап жатқан өміртіршілік те жаралы жүрекке әсер ете алар емес.

Жортуыл атына байланысты қозғалған кәрі уақиға күні кешегідей жаңа жосықпен көкірегінде сайрап жүре берді.

2

...Ұзын аққан Есіл өзенінің бойындағы елдерге ала жаздай оқтын-оқтын ұрыларын атандырып, топ-тобымен жылқы айдатып алу Байболат байдың ежелден бойына сіңген әдет болатын. «Сен тұр, мен атайын» кілең ығай мен сығай қарулы қырық жігіт жау жарағын асынып, саңлақ мініп сайланып барып, ел шауып қайтады. Барғақ сайын дүрілдетіп жүздеп жылқы айдап әкеледі.

... Аттанар жақ тақымына шиті мылтық қыстырып, ұзын сойыл сүйреткен еңгезердей қара жігіт, баурынан жарап, оқтаудай қатып қалған ақбоз атын сау аяндатып келіп, Байболат үйінің алдына тоқтай қалды.

Қырындап отырып, мойнын бұрып, үзеткіге шірене түсіп, есік алдында тұрған күтуші жігітке тіл қатты:

— Аманбысың, Сорпақ. Байекеңе барып айтшы, жігіттері аман-есен олжалы оралды де. Байымбет ордаңызға кіруге рұқсат сұрап тұр де...

Байымбеттің жел қағып, күн тиген солғын қоңырқай жүзіне жымыя бір қарады да, Сорпақ жып беріп үйге кіріп кетті.

Сорпақ бай алдында қол қусырып тұра қалып, көзін төмен салып сөйлеп кетті:

— Жорықшыларыңыз аман-есен оралды, байеке! Олжалы қайтыпты. — Әр кездегі жасқаншақтығына басып, өзі туысында кекеш болмаса да тұтығып сөйледі.

Күтуші жігіттің байға айтқан сөздері сырттағы Байымбетке еміс-еміс естілді. Көне түлкі тымағының құлағын делдите қайырып алып, үйдің жабығына құлағын тосып, ат үстінен тың-тыңдап тұр.

Төрде мамық жастыққа шынтақтап жатқан Байболат басын көтеріп алып, ырсылдап шарта жүгініп отырды да:

— Қанша жылқы әкепті, білдің бе? — деп сұрады. — «Олжалы қайтыпты» дегеннен пайда болған жүрек толқынын сыртына шығармауға тырысып, көзіне түскен қалың қара қасын тыржитып сұсты кескінмен салмақтап сөйледі: — Айтсайшы, қанша жылқы әкеліпті деп сұрадым ғой...

Сорпақ қыйпақтап, қысылып қалды.

— Оншасын білмедім, байеке. Әйтеуір олжалы келдік дейді. Жорықшыларыңыздың басшысы Байымбет ордаңызға кіруге сізден рұқсат сұрап тұр.

— Барып айт, кірсін...

Атынан қунақ түсіп, ұзын қыл шылбырын үйдің белдеуіне іле салып, шиті мылтығын мойнынан қысып ұстап ордаға кірді Байымбет. Байға иіліп сәлем берді.

Байымбет еңкейіп барып Байболаттың қолын алды.

— Көрген түсім жаман емес еді, иншалла жолдарың болған шығар, — деді Байболат салмақты, ойлы пішінмен. — Қалай, жігіттерің аман қайтты ма? Қолға түсіп шетінегені жоқ па? Неге отырмайсың.

Байымбет мылтығына сүйеніп Байболаттың алдына бір тізелеп отырды да, іле жауап берді:

— Шүкір, байеке! Жолымыз болды, — деп әр сөзін бөліп, тамағына келе қалған жетім қақырығын жұтпаққа қатты жөтеліп қалғанда, Байболат киіп әкетті:

— Қанша жылқы әкелдіңдер?

— Алып келген жүз қаралы жылқымыз бар. Жігіттерден түстік жерден озып кеттім. Мен кеткенде Кеңжарықтан асып еді, жақындап-ақ қалған шығар...

— Жарайсың, Байымбетім! — деп, ауыр ұмтылып барып, оны арқаға қақты.

— Адам олжамыз және бар, — деп отты қысық көзі жайнап, жымың етті Байымбет.

— Е, соны айтсайшы, о неғылған адам? — дегенде Байболаттың делдиген кең танауы желбендеп кетті.

— Балалы келіншегіміз бар...

— Манадан бері оны нағып айтпай отырсың? Әлде бауыр басып қалып, менен қызғанып отырмысың? — Байболат мысқылды пішінмен күліп жіберді.

Қапелімде аузына сөз түспей, күмілжіп төмен қарады Байымбет. Айтар жауабын күтіп тықыршып отырған Байболаттың кескінін көргенде жасық дауыспен қыйпықтап сөйледі Байымбет:

— Олжа сіздікі, байеке! Құндақтаулы баласымен өлейін деп жатқан жерінен Қарпық сайынан тауып алдық... Елге жетіп, есін жыйнағанда біле жатармыз деп аты-жөнін де сұрағанымыз жоқ...

— Олжа келіншекті осында алып келіндер, — дегенде Байболаттың даусы барқырап шықты. Адырайған отсыз ала көзі ойнақшып кетті. — Тура маған әкеліндер...

— Хұп, байеке, әміріңізге құлдық...

...Құндақтаулы нәрестесін құшақтап, олжа келіншек Байболаттың алдында тұр. Басын төмен иіп, баласын құшақтаған күйі байға тәжім етті. Дүниенің бар салмағы үстін басып тұрғандай-ақ ауыр қозғалып, самарқау иілді.

Байболат келіншекті көзімен ішіп-жеп барады. Басын көтеріп, бойын жазуы-ақ мұң екен, ең әуелі бет пішініне көз жіберді Байболат: Құралайдың көзіндей мөлдіреген қара көзінің жанарында жас мөлтілдейді. Қыйт етсе еңіреп жылағалы тұр. Киген киімдері де тым күйсіз екен. Әдепкіде келіншек бай көңіліне онша ұнай қойған жоқ. Қыйығы мол қара көзінің қабағына тік тартылып барып, қауырсын қаламдай үшкірлене иілген қою қара қасы, басына парықсыз байлай салған қоңыр түбіт шәлісінен дудырап шығып тұрған ұзын қара шашы — бапсыз сұлудың шынайы сыйпатын, қанша топас болса да Байболат жүрегіне ұқтырып-ақ тұрғандай. Өлімтікке дәндеген әккі құзғындай жалақтап отыр Байболат. Өмірінде та-

лай бейкүнә сұлуларды мазақ етіп, беймезгіл семген гүлдей құртып жіберуге әдеттенген ол келіншектің бас-аяғына сүзіле көз жүгіртіп, сұқтана қарады да: «Әзіргі жүдеулігі болмаса, кескінсіз емес екен. Шеңгеліме бір ілінсе, қаншама бұлқынса да босата қоймаспын» деп ойлады.

— Жарайды, біздің үйде-ақ болсын,— деді Байболат күтуші жігітін шақырып алып.— Ас үйге апарып орналастыр. — Келіншек босағаға қарай ойыса бергенде Байболат Сорпақтың жеңінен тартып, құлағына сыбырлады: — Қасына жан адамды жолатпа...

Байболаттың ордасынан шығып, қатар тіккен үш ақ үйдің оң жақ шетінде оқшау тұрған қараша үйге қарай жүре бергенде Сорпақ келіншектің құлағына аузын тақап сөз қатты.

— Бағың ашылмаған бір сорлы екенсің, құрбым. Енді байдың бесінші әйелі боласың ғой. Аяғанмен менің қолымнан не келеді...

Келіншек тіс жарып үндеген жоқ. Жылан шағып алғандай тұла бойы дуылдап, жүрегі соққылай бастады. Көзінен моншақтаған ыстық жас талайдан бері су көрмеген ескі сыйса көйлегінің омырауына, нәрестенің құрақ көрпеден шырғап байлаған құндағына бір-бір тамды.

— Маңдайға жазғанды көремдағы... — деді де келіншек құшағындағы нәрестесінің бетінен емірене иіскеді. — Осы жалғыз қарғам аман болса екен ылайым...

... Ымырт үйіріліп, жер-дүниені қараңғы түнек баса бастаған кезде, балпандай басып, ырсылдап ас үйге Байболат келді. Келіншек баласын емізіп отыр еді. Тамақ ішіп, бойын жайнап, шамалы тынығып қалған-ды.

Шырай бермей, шытына келді Байболат. Ішінде қазан-ошақтан басқа ырымға түгі жоқ қараша үйдің төріне, жырым-жырым ескі сырмаққа отыра кетті. Ескертіп қойса керек, Сорпақ жетілік керосин шам әкеліп жақты да, іркілмей шығып кетті.

— Жөніңді айтшы, жарқыным! — деді Байболат баласын құшақтап оң жақта бүрісіп отырған келіншекке жамбасымен жылжый жақындап. — Қай елдің адамысың?

Келіншек қымсына тіл қатты:

— Есіл бойындағы. Қозған боламыз...

Көзі ежірейіп, ұйысқан жабағы секілденген салалы бурыл сақалы дамылсыз желкүлдеп, дәрменсіз жанға

айбын көрсетіп отыр Байболат. Оның ызғарлы қалың бетіне тура қарауға жүзі шыдамай, бір қырын отыр келіншек.

— Қарпық сайына қалайша шығып кетіп жүрсің? — деп сұрады Байболат, — Елсіз-күнсіз далаға неге шықтың?

— Дәм тартса адам қайда бармайды... — деді келіншек жыламсырап. — Сормандай бір жанмын...

Байболат кенет түсін жылытып, көңілденген пішін көрсетті. Келіншектің ішкі сырын ақтармақ ойы бар. Сөз арасында жасын да сұрап білді. «Жиырмаға биыл шықтым» дегеніне сеніңкіремей, бетіндегі болмашы әжімдеріне қарап күмәнданып та отыр.

— Сыр бүкпей, мән-жайынды бәжайлеп тегіс айтшы!

Келіншек келген әзірдегідей емес, жүрек тоқтатып, ашылыққырап алды. Жайымен отырып, басынан кешірген хал-жайын бастан-аяқ баяндап берді.

Атбасар қаласындағы адвокат Әлғазының Қәрімжанын Байболат бұрыннан білетін. Өзінің алдында тұтқын боп отырған жас келіншек сол белгілі Қәрімжанның әйелі екенін білгенде, Байболат арқасына біреу ине сұғып алғандай шошып кетті.

— Ақ сөйлеші, өзің, бекер айтып тұрған жоқпысың?..

— Шын айтам.

— Мына бала да соныкі ме? — деді Байболат келіншектің құшағында құндақтаулы ұйықтап жатқан нәрестені сұқ қолымен нұсқап.

— Ия, соның баласы...

Байболат сөзден сөз туындатып отырып келіншектің бар сырын айтқызды.

Есіл өзенінің Атбасар тұсындағы Құйған аталатын саласын мекендейтін Қозған еліндегі Ерден дейтін момын адамның қызы екен. Өзін Қәрімжан қыздай айттырып алыпты. Онымен төрт жыл отасыпты. Әуелде сүйдім, ұнаттым деп-ақ жүреді екен, бертін келе сабындай бұзылыпты. Отырса опак, тұрса сопақ, қатты жүрсе шанды аяқ, ақырын жүрсе майлы аяқ деп, ит орнында ұстапты. Аюдай ақырған шешесі де отырса басқа, тұрса аяққа ұрып күн көрсетпепті.

Қәрімжан құдайдың құтты күні жығыла мас болып келіп келіншегін қамшының астына алады екен. «Айы-күніме жетіп отырмын ғой, тым құрмаса жарық дүниеге келгелі тұрған шарананды аямайсың ба?» деп зарилейді

екен келіншек. Рақымсыз тас жүрек Қәрімжан онан сайын құтырынып, «ішіндегі балаңмен қоса құры» деп үйінен әлденеше қуып шығыпты.

Қәрімжанның бұл мінезі зұлымдықпен көзі шыққан Байболатқа да ерсі көрінді білем:

— Ол тұқымның жайын білемін. Ұлы атасы Тасболат тастан да қатты кісі еді, тастан темір туған екен ғой,— деді.

Келіншек мұнды пішінмен қабақ түйіп әңгімесін соза берді.

— Кет дегеніне кетпедім... Не болса да ішімдегі шаранадан құтылғасын бір-ақ көрейін деп тістей қатып отырып алдым,— деді келіншек көзінің жасын шалісінің шетіне сүртіп.

— Апыр-ай десейші, қыйын болған екен... — деп өтірік мүсіркеген болды Байболат. — Ұялма, айта бер.

Ақырында жуырмаңда құтыла алмайтынын білген соң, Қәрімжанның немерелес ағасы Шернияз молда келіншекті Қоржынкөлдегі Жүсіп дейтін бай шалға үшінші тоқалдыққа беріп жіберіпті. Зарланған көз жасына қарамай, қол-аяғын байлап бір түнде арбасына салып беріпті...

— Қарпық сайына қалай шығып кетіп жүрсің, соны айтшы?— деп Байболат тағы да қылқылдай қалды.

— Осы қорлықты көргенше жапан түзде қаңғырып өлейін деп бір түнде шығып кеттім, әлі де көретін жарығымыз бар екен... — деп келіншек рақым күткендей жаутаңдап Байболаттың іркілдек бетіне жасқана бір қарады.

— Мына балаңды далада тудың ба?

— Жоқ, Жүсіптің үйінде жүргенде босанғанмын,— деді де келіншек көз жасын жеңімен сүртіп төмен қарады.

— Айтпақшы, атың кім өзіңнің? — деп сұрады Байболат келіншектің атын сұрауды ұмытқаны енді есіне түсіп.

— Маржан!

— Балаңның аты кім?

— Соған ат қоюды ескерген кім бар дейсіз?

Маржанның сұраусыз, жоқтаусыз адам екенін білген соң, Байболаттың жүрегі орнына түсейін деді.

— Сөзіме құлақ сал, Маржан! — деді Байболат ыңыранып.— Қолыңдағы балаңды жерге қойып өзің маған

жақындап отыршы. Турасын айтайын, енді менің бесінші қатыным боласың.

Маржан баласын бауырна қыса түсіп, бекем отыра берді. «Мені әурелеп қайтесіз, басыма бостандық беріріз, еліме апарғызып салыңыз», деп жалынсам ба екен деп бір ойлады да, Байболаттың қатал мінезін көріп, ығына көне берді.

— Неге үндемейсің? Қалжыңдап айтып отыр екен деп ойлама, — деді Байболат сақалын салалап сыйпап қойып. — Егер жақсы болсаң күн тимес ерке тоқалым боласың, иісалмас жаман болсаң, өзіңнен көр, құнсыз күнім боласың...

Құтылмас торға түскенін, өмірі арылмас сорға душар болғанын алаңсыз сезген Маржанның көзінің алды қарауытып бұлдырап кетті. Келген әзірдегі «аяр, рақым етер, еліме жеткізіп салар» деген дәтке қуат болмашы үміті де осы сәтте зым-зыя жоғалды. Терең суға батып бара жатқандай тынысы тарылып, әлі азая берді.

Кеудесінде қайрат оты жалт еткендей, көз алдына бір жақсылық нышаны қылаң бергендей сезім пайда болды Маржанға. «Қарашы, даладан атып алған қоян құрлы көрмеуін. Кем тұтып, қорламақ ойы бар. Қазір атып тастаса да бар қарғысты үстіне жаудырып, туласам қайтеді». Артын ойлап бұл ойынан да безінді Маржан. «Сен болмасаң шыбын жанымды шүберекке түйер едім, әттең не керек... Бір сен үшін не көрсем де көндім...» деп іштей қыйналып, нәрестесінің бетіне бетін тақады.

Байболат бір үлкен істі тындырғандай, қомақтана қозғалып, қатты қақырынып, астындағы сырмақтың шетін көтеріп, былш етікзіп түкіріп тастады.

— Ал, сөзді тұжырайық. Менен не тілегің бар? Босат, басыма ерік бер деме. Басқа тілегің болса айта бер...

— Құс екеш құс та баласы үшін отқа түседі ғой, осы жалғыз қарғама қағажу көрсетпей өсірсеңіз екен? Сізден әзірге бар тілегім осы. — Маржан бұл тілегін білдіргенде үні күшейіп, жігерленіп кетіп еді.

— Бар тілегің осы болса, оны да бердім.

Байболат біраз үнсіз отырды да:

— Ән сала білесің бе? — деп сұрады.

— Өнерден құр қалған адаммын, — деді Маржан даусын естілер-естілмес шығарып. — Бармақ басындай бағын қимаған құдай өнерін қайдан берсін маған...

Осы мезетте құндақтаулы бала оянып кетіп шыр ете

қалды... Байболат орнынан ауыр қозғалып, сыйыршылап тұра беріп:

— Төсек-орын әкеп бер деп Сорпаққа айтармын, төсекті кеңірек салғайсын, — деп бұйыра сөйледі де шығып кетті.

Маржан оны оқты көзімен атып, тесіле қарай қалып еді.

...Жортуылшылар даладан тауып әкелген олжа баланың атын Байболат көп ойланбай-ақ Жортуыл қойды. «Өлсе өліп қалар, тірі болса қозымды, қойымды бағар» деп жарық дүниеге жаңа ғана келген бейбақ нәрестенің өмірден алар үлесі мен маңдайына жабысатын қалың сорды күнбұрын мөлшерлеп қойды. Келешек дағдырын өз қолымен өлшеп-пішіп, құлдыққа жаралған жанға санады.

Маржан бой түзеп, сыландай алмады. Нақсүйер ерке тоқал атану қайда, байдың отымен кіріп, күлімен шықты. Кеш жатты, ерте тұрды. «Бестің бірі бейбақ тоқал» атанды.

«Тым болмаса біреуі келіп амандығымды біліп қайтсын» деп Маржан реті келіп қалғанда, өткен-кеткеннен төркін жұртына хабар айтып жатты. Бес болыс Қарағойын еліне әмірі жүріп, қылышынан қан тамып тұрған, әрі асқан бай, әрі зорлықшыл Байболаттан қаймықса керек, елі-жұрты зым-зыя хабарсыз жатып алды.

Зымырап күндер өте берді. Ішіне шемен боп байланған қайғы-шерін сыртқа шығара алмай, балықтай мылқау, жұмыртқадай бітеу боп жүре берді Маржан. Оңашада кішкентай Жортуылын баурына қысып, емірене сүйеді. Бөбегі тіліне түсінбесе де, сырын ұқпаса да, қарақаттай мөлдіреген көзіне көзін тақап, егіле отырып мұңын шағады. Кей мезетте қасірет әуенін шырқап жіберуге оңтайланса да Байболаттан қорқып, іштей тұнып, жүрегін сөйлетеді. Сонда ғана қайғы-шері бір сәт орта түскендей болады.

Байболаттың қолына келгелі екі жылға айналды. Бір жастан асқанша Жортуылға шыр бітпеді. Ит ауруына шалдығып, ине қармақтай ілмиіп өсті. Байболат та, оның байырғы әйелдері де Жортуылды «Қатпа» деп атап, ит етінен жеккөрді.

Бір күні Кәрімжаннан екі жігіт елші келді. «Байболатқа сәлем айтындар, баламды өзіме берсін. Алда-жалда қиқарлықпен бермеймін десе, онысын айтсын, түбін-

де өкпелеп жүрмесін» депті Қарімжан. «Жұрағатымызды жат елге қаңғыртып жібергеніміз сүйегімізге өшпес таңба болар, қайтып алайық» деп, Шернияз молда Қарімжанның тыншын алып жүр деген еміс-еміс хабарды ұзынқұлақтан Маржан бұрын естіген-ді.

— Алыңдар, — деді Байболат оларға, — сүйек сендердікі екені рас. Тіпті жесірлеріңді қайтып алам десеңдер де ара тұра алам ба, — деп кеңілдеп өтірік күлді.

Маржанды шақыртып алып, баланы елшілерге беретін болғанын айтып еді, ол зар еңіреп қоя берді.

Жалғызымнан айырмандаршы, — деді ол егіліп.

Байболат қатты зекіп тастады:

— Былшылдама. Саған қалған билік жоқ. Пәлесінен аулақ...

Сонымен Жортуыл кете барады...

Өткен өмірінің жеркенішті суреттерін көзінің алдынан тізбектеп өткізіп, ойы мен қырын түгел аралап шықты да Маржан жолаушы жолдасына сырын ақтаруға бекінді.

Оқып отырған кітабын жауып қойып, темекі тартып отырған Жортуылға аса бір жылы да мейірімді шыраймен қарап, біраз отырып қалды.

— Жортуыл! — деді әйел бір мезетте жігіттің көңлін бөліп. — Бір көрген біліс, екі көрген таныс демей ме. Бірде болмаса бірде ұшырасармыз, тағы да: Әке-шешең бар ма? Қай жерде тұрады?

Жортуыл ыңғайсызданып, көңілсіз жауап берді:

— Шешеден бір жасымда айрылыппын. Әкемді бар деп еститін едім, ана жылы сотталып кетсе керек...

Маржан жаңағы сұрағыммен жігіттің жанға айтпайтын құпия сырын дәл басып, бекер қыйнадым-ау деген өкінішке ойысты.

— Жеті жасымнан үкімет тәрбиесінде өстім, әкем мен шешемді жоқтатқан жоқ, міне енді өзім екі балаға әке болдым, оқып адам болдым, — дегенде Жортуылдың қабағы жадырап жүре берді. — Ондай рақымсыз тас жүрек екені тіпті есіме де алмаймын, әттең не керек, бейбақ анамның жүзін де анық көре алмай, армандамын. Соған өкінемін... Әйтпесе...

Бір мезетте тамағын кенеп, төсегінде көсіліп, дұрысталып отырды да, кенеттен сөз бастады әйел:

— Иманжүзді бала екенсің, шырағым... Әрі Жортуылдың адасы болып шықтың. Мына кемпір қай-қайдағы бірденелерін мылжындап кетті ғой деме. Көкірегімде

жатқан бір сырым бар еді. Мақұл көрсең соны саған айтқым келіп отыр...

Жортуыл елпсеп қағып, іле мақұлдады:

— Айтыңыз, апа, айтыңыз. Әңгіме жол қысқартады...

— Осы өткен өмірімде не көрмедім, — деп бастады әйел, — мана, қазбалап сұрауға ұялған шығарсың? Өз атым Маржан. Есіл бойындағы Ерден дейтін кісінің қызы едім.

Маржан әлгінде ғана есіне түсірген өмір шежіресін жолаушы жолдасына бастан-аяқ баяндап берді. Жортуыл оның бір сөзін қағас жібермей, зейін қойып тыңдады. Неге екенін кім білсін, ара-арасында жеңіл күрсініп, терең ойға шомған қалпын аңғартады. Түсі құбылып, сұрлана қалыпты. Жігіттің бұл күйін көрген Маржан: «Менің басымнан кешкен сұмдықтар жанына тиіп, аяп отыр екен ғой» деген ойға саяды.

Маржан әңгімесін аяқтап, не айтар екен дегендей, Жортуылдың бетіне сүзіле қарап отырып қалды. Жігіт ойлы отыр еді. «Бұл қалай? Өз аты Маржан. Бұрынғы күйеуінің аты Қәрімжан. Тіпті фамилиясы да үйлес келіп тұр. Жортуыл атты баласы болыпты» — Жортуылдың ішкі дүниесінде астан-кестен арпалыс басталып кетті. Өз жүрегінің түкпірінде жатқан терең сырлар тебіреніп, Маржан айтқан уақыттан ұқсастық туып жатыр. «Өмірде бұл секілді дәлме-дәл ұқсас уақытқа болуға мүмкін емес, — дейді ғайыптағы бір дауыс санылдап. — Сен де ақтар сырынды. Тез жеткіз ана жүрегіне...»

Жортуыл орнынан ұшып түрегеліп, жастығының артына қырынан қойған чемоданын ашты. Қолы қалтырап, көктысты қойын дәптерін ақтарып, арасынан бармақ басындай кішкене суретті алды да, атылып барып, Маржанға ұсынды.

Купе іші қарауыта бастаған кез еді. Сол әзірде электр шамы кенет жарқ етіп жана қалды.

— Мына кісіні таныйсыз ба, апа? — дегенде Жортуылдың даусы дірілдеп, көмейіне кептеліп тұрған жасқа булығып шықты.

Маржан суретті көзіне тым жақын ұстап отырды да, жиіркеніп лақтырып тастады. Қәрімжанның жас кезінде түскен суреті... Тістене сұрланып аз отырды да, жігітті құшақтай алды.

— Жортуылым, жалғызым. — Одан әрі сөйлей алмай

егіліп жылай берді. Алдында тұрған жігітті баурына тартып, қапсыра құшақтап алды.

— Апажаным, түсіндім енді, бәрін де ұқтым, — деп Жортуыл кемсеңдеп жылаған күйі Маржанның маңдайын ессіз аймалады. Есі ауытқып кетіп, әрең дегенде сабасына түскен Маржан «кұлыным!» деп Жортуылдың бетін жүрегіне басты. Маржанның моншақтап аққан ыстық жасы Жортуылдың бетін жуып кетті.

Ойсыз жерде табысқан екі жүрек елжіреп, ана мен бала көпке шейін бір-біріне сөз қатпай үнсіз қарасты.

ӨМІР ШЫНДЫҒЫ

1

Сәлімгерей кенеттен сырқаттанып қалыпты деген жайсыз хабар найзағайдай зулап үш жүз үйлі «Жаңа тұрмыс» колхозына әудемде тарады. Оның науқасын жұрт әр саққа жүгіртіп, неше түрлі долбар айтады: «Тілі күрмеліп, шақ жатыр екен», «Іші-бауры күн боп ісіп кетіпті» деген тәрізді әрқыйлы лақап уақыт өткен сайын бояуын қалыңдата түседі.

Ауданнан дәрігер алдырып көрсетіп еді, мұның дертіне біздің шамамыз келмейді. Алматыдан әдейлеп дәрігер шақыртып көрсетпесе, адам болуы екіталай, деп турасын айтты...

Сәлімгерейдің науқасы сағат санап меңдетіп барады. Тақ-тұқ жөтеліп, оқтын-оқтын қан құсады. Сәл қозғалып қалса, «ойбай ішім, жаным!» деп құлындағы даусы құраққа шығады.

Колхоз председателі Сүлеймен Сұрағановтың шешімі тұжырымды болды: Тура Алматыға телеграмма беру керек. Асып-сасуды білмейтін, үстінен тау құлап бара жатса да мыңқ етпейтін сабырлы Сүлеймен осы Сәлімгерейдің ауруы тұсында түбірімен өзгеріп кеткендей. Қолды-аяққа тұрмай айнала зыр жүгіріп жүр.

Сүлеймен бір жағынан Сәлімгерейдің аталас жақыны да, екінші жақтан көңілдес досы еді.

Қырықтың қырқасынан алдақшан асып кеткен Сүлейменнің ақылы мен қайратын қоса дәріптеп, «ел ағасы» деп айтатын колхозшылар. Жайшылықта майы тамып төлежіп тұратын қараторы беті ойсырап, жүдеп кеткен. Шалқақтау біткен биік мандайының елеусіз сызаттары көбейіп, тереңдей түскен сыяқты.

«Сенің телеграмманды нарком неғылсын, айдаладағы бір колхозшы ауырып қалды екен деп, сонау ит арқасы қыяндағы Алматыдан дәрігер жібере ме?» — деп кейбір кем өлшеп, күйкі пішетін ұшқалақ жігіттер үмітсіздікке салынса да, Сүлеймен оларға ырық бере қойған жоқ...

«Өзімізше қарадомбай емімізді істейік, шындап ала келген ажал болса, оған не амалымыз бар» деп алға кесе-көлденең тұра қалған бірен-саран кәрілерге де Сүлеймен көнбеді. Парторг Кеңесбай бастатқан жастар жағы Сүлейменнің тоқтамына қол қойды.

Телеграмманы Сүлейменнің өзі жазды: «Алматы, Денсаулық сақтау Халық Комиссарына. Қоңырат ауданындағы «Жаңа тұрмыс» колхозының стахановшы жас колхозшысы Сәлімгерей Сағынбаев қатты науқастанып өлім халінде жатыр. Мұндағы дәрігерлер хирургиялық үлкен операция керек дейді. Алматыдан арнаулы дәрігер жіберіп, жедел жәрдем көрсетуіңізді сұраймын. Колхоз председателі Сұрағанов».

Түнде аудан арқылы берілген тығыз телеграмма наркомның қолына бірден тие қойған жоқ. Комиссариаттың бүгінгі кезекшісі талдырмаш сары қыз телеграмманы ашып оқыды да, тағат таппай, өз ойымен арпалысып кетті.

Сағат үштен асып барады. Қыз терезені ашып қарап еді, көшеде қолдың саласындай тізілген зәулім теректердің жасыл жапырақтары түнгі самалмен ырғала жайқалады. Арық суы төмен құлдырап, ішінде балық ойнап жатқандай салдырап ағып жатыр.

Қыз орнына қайта келді де ойланып қалды: Телефон арқылы қазір айтайын десе, наркомнан ұялады, ертеңге қалдырайын десе, жауапкершілігі бар. Не де болса, наркомның пәтеріне телефон соғайын деген тоқтамға бекінді қыз.

— Жолдас нарком! Ұйқыңызды бұзып, мазаңызды алғанымға кешірім сұраймын, — деп қорына сөйлей бастағанда, кезекшінің тегін телефон соқпағанын алаңсыз оңғарған нарком іліп әкетті:

— Уақасы жоқ, түк те етпейді, не уақығға болып қалды, шапшаң баяндаңыз!

Қыз даусы дірілдеп телеграмманы оқып бергенде нарком қысқа қайырды:

— Санитарлық авиацияның командиріне менің атымнан телефон соғыңыз: Дереу бір самолетті сайлап қойсын. Он минуттен кейін қалалық хирургия клиникасынан хабар күтіңіз. Орындағаныңызды маған телефонмен баяндаңыз!..

Нарком отызға жетпеген, нәзік денелі, жұқа өңді, орақ мұрынды, ақсары жігіт. Өзі «Советтер үйі» мейман-

ханасында онаша бөлмеде тұратын. Кітап оқып отырып, кеш жатып еді.

Әуелі қалалық хирургия клиникасына телефон соғып, бас дәрігерді таптырып алайын десе, сол екі арада бірсыпыра уақыт өтіп кетеді. «Шен-дәрежесі жоғары адамның жөн-жосығын сақтау бұл арада орынсыз-ақ — деген ойға сайған нарком қалалық хирургия клиникасының бас дәрігерінің үйіне телефон соқты.

— Алло... Алло! Доктор Григорьев Сізбен сөйлесіп тұрған Денсаулық сақтау Халық комиссары Айназаров!..

Істің жайын қысқа-қысқа түсіндірді:

— Қасыңызға бір дәрігер және бір сестра алып, дереу ұшыңыз! Егер қажет болса, науқас адамды тез Алматыға жеткізіңіздер!..

— Әміріңіз орындалады, жолдас нарком!..

Арада бір сағат өткенде санитарлық жеңіл самолет аспанға көтеріліп, Балқашқа қарай самғай жөнелгенде, кезекші қыз бұйрықтың орындалғанын наркомге баяндап та үлгірді...

2

Санитарлық самолет «Жаңа тұрмыс» колхозының шет жағындағы жазық алаңға келіп қонғанда таң атып, күн шығуға тақалған мезгіл еді. Июнь айындағы жалтаң аспанның шығыс беті жаңа көтерілген күннің қызыл-арай нұрына малынып, әсем құлпырады.

Ерте тұрған ауыл адамдары самолеттің қасына шоғырланып жыйналып қалды. Бірнешеуі дәрігерлерді Сәлімгерейдің үйіне бастап алып барды. Апыл-құпыл киініп Сүлеймен де жетті.

Сәлімгерейдің екі бөлмелі ағаш үйі Иван Петровичке бірден ұнап кетті. Сыртта иін тіресіп тұрған көп адамға бастарын изеп, дәрігерлер кідірмей үйге кірді. Дереве шешінді де жалма-жан ақ халаттарын киіп алып, төргі бөлмеге барды. Бұларды Сүлеймен бастап апарды. Сәлімгерейдің шешесі Қалия есі шығып, ауыз бөлмеде қалып қойып еді.

— Шешесі де келсін бе? — деп Сүлеймен өтініш еткен соң, Иван Петрович сыпайы пішінмен:

— Келсін, бірге болсын, — деді.

Жарқырауық ақ кереуетте шалқасынан жатқан Сә-

лімгерей дәрігерлерді көргенде ауыр қозғалып, амандасуға оңтайланып еді, аузынан дұрыс сөз шықпады. Көзі үңірейіп, ішіне кіріп кетіпті. Аппақ шөлмектей екі бетінің ұшында сарғылт рең пайда болыпты. Ынқылдағанда аузынан ыстық дем шығады. Әлсін-әлсін сусын сұрап, аузына тосқан құмыраны қыйнала жұтады.

Иван Петрович білегін сыбанып алып, Сәлімгерейді қарай бастады. Ең әуелі тамырын ұстады, аузына темір қасық салып таңдайын, көмекейін, тілін көрді. Трубкасын ол жер бұл жеріне қойып, жүрегiнiң, өкпесiнiң тынысын тындады. Содан кейін ішін, бауыр тұсын басып қарады.

— Қан құсады дедіңіздер ғой, солай ма? — деп Сүлейменнен қайталап сұрады. — Ішім ауырады дей ме?

Сәлімгерейдің ауруының сыртқы белгілерін бажайлап айтып берді Сүлеймен.

— Қай жерің ауырады? — деп сұрап еді, Сәлімгерей қолымен ішін басып:

— Ішім, әкетіп барады, — деп күбірледі. Көзінің жасы мөлтілдеп томсарып тұрған Қалияны нұсқады Иван Петрович:

— Мына кісі аз уақытқа шыға тұрса!

Сүлеймен дәрігердің сөзін қазақшылап Қалияға жеткізіп еді, ол зәресі ұшып, «айтатын жасырын сөзі бар екен ғой, адам болмайды демек қой» деп ойлады. Төбесіне біреу мұздай суық су құйып жібергендей денесі тітіреп кетті. Жүрегі соққылап, әжімді жүзі сұрланып кетпей тұрып алды. Сүлеймен сізге не болған, бара тұрыңызшы» деп зілдене ескерткенде ғана, амалсыз үйден шықты.

Иван Петрович өз шешімін айтты:

— Менің білуімше, кеселі ішінде. Іштен қансыраған сыяқты. Тез Алматыға жеткізіп шұғыл зерттеу керек. Бұл қалпында өмірі қауіпті...

Манадан бері үнсіз тұрған жас дәрігер сөзге араласты:

— Ауырысымен дәрігерге неге көрсетпегенсіздер?

— Көрсеттік, аудан дәрігерлерінің қолынан келмеді...

Иван Петрович Қалияны шақыртып алды. Балаңызды Алматыға апарамыз дегенде Қалия әдепкіде азар да, безер боп, көнбей тұрып алды. Иван Петрович жеткізіп айтқанда ғана жүрегі шамалы дауалап, икемге келді.

— Түк те етпейді, балаңыз жазылады, өзім әкеп саламын, той жасайсыз!

Сүлеймен мен Қалия оның күлім қаққан көңілді шы-

райынан зор сенім, бекем байлау аңғарды. Екі сөйлсемейтін мығым адамның қалпын тапты.

— Айтқаныңыз келсін, — деді Қалия сәл жадырап. — Осыдан жалғызымның жаны қалса өмір-бақый ұмытпаспын жақсылығыңызды...

Сүлеймен орайын келтіріп орысша жеткізгенде Иван Петрович:

— Сене беріңіз, қуана беріңіз, — деп кемпірді арқаға қақты.

— Спасибо, доктор! — Корошо, корошо! — деп, Қалия қуанғанынан орысшылап жіберді.

Әлуетті төрт жігіт Сәлімгерейді зембілге салып үйден алып шыққанда күн шаңқай түске тырмысып қалып еді.

Жеңіл самолет қос қанатын қомдап алып, ауру жігітті Алматыға алып ұшқанда, колхоздың кәрі-жасы әр жерде шоғырлана жыйналып, қарасы үзілгенше артынан қарап тұрды...

3

Сәлімгерейді санитарлық машинамен қалалық хирургия клиникасына алып келді. Не науқас екенін және дертінің түпкі себебін анықтап алу үшін ең әуелі бөлек бөлмеге орналастырды. Самолетте әлсіреп қалса керек, кең тамыры, жүрегі баяу соғады.

Бір минут уақыты бос өтсе ішкені ас болмайтын Иван Петрович жолдан қайтып келгелі үйіне де барған жоқ, тіпті, аман келген хабарын телефонмен әйеліне айта салуды да ұмытып кетті. Есіл-дерті ауру жігітте.

Неден бастау керек? Ең алдымен профессор Зайцевті шақырып алып, ауру адамды соған көрсетейін, ақылдасайын деген тыянаққа табанын тіреді Иван Петрович.

— Менің шамалауымша, — деді профессор, — бар пәле шек-қарын маңында. Егер де жүрегі зақымданған болса мына қалпымен бес күн жатпаған болар еді.

Профессор долбарының тоқсан тоғызы айнымай келетініне кәміл сенетін Иван Петрович:

— Шегіндегі қан тамырларының бір жері үзіліп кетуі де ықтығымал ғой, — деп өз долбарын айтты.

— Егер өкпесінде, жүрегінде немесе өңешінде ешқандай зақым болмаса, онда әлбетте кеселді шек-қарын тө-

ңірегінен іздеу керек, — деп профессор жаңағы ойын шығыта түсті.

Иван Петрович өзінің ойындағы күдігін де бүгіп қалған жоқ:

— Көресіз бе, Анисим Иванович! Қаны азайған. Жүрегінің соғуы тым әлсіз. Дәл мына қалпында пышақты көтере алар ма екен?..

Анисим Иванович күмістей аппақ шоқша сақалын қолымен тарағыштап, дөңес біткен кеңсірігіне жапсыра киген жарасымды қыстырма көзілдірігін жөндеп қойып, өз ойын айтты:

— Тез қан құю керек!..

— Емді осыдан бастайық...

Профессор мен Иван Петрович ойларын салмақтап, кеңесіп отырғанда бір сестра рентгеннің көрсеткіш суретін алып жеткен еді. Екеуі жалмажан қарап жіберсе, өкпе, жүрек, қолқа, кеңірдек, өңеш — бәрі де қаз қалпында аман екен.

— Демек, бар пәле іште, шек-қарында, — деді профессор.

— Қан құю керек... Қан құсуы тегін емес. Ішін ашып, шек-қарнын көреміз. Ауруының сыры ашылады сонда.

4

Операция столы даяр болған. Иван Петрович ерте келіп, әзірліктің титімдей бөлшектеріне шейін мұқият тексеріп, суға қайнатып сайлап қойған қысқаштарды да қарап шықты.

Хирург қайтпас қайратты, алғыр ойлы, өткір жүректі болуы керек дейтін Иван Петрович. Тегінде өзінің қызметтес серігін осы тұрғыдан сынап алайын деген болса керек, медицина институтын быйыл бітіріп, клиникаға жуықта орналасқан Ермек Байсаловты бүгінгі операцияға көмекшілікке сайлап алды.

Екеуі кабинетте отырған.

Алдағы операция жайын қысқа-қысқа айтысып, артар жауапкершілігі мен әперер абройын да ақыл таразысына тартты.

— Бүгін бірінші рет сынға түскелі отырсын, Ермек, — деді Иван Петрович, — алғашқы қадамың сәтті болсын!..

Бас дәрігердің мына сөзінен Ермек бүгінгі операцияны

сен жасайсың, алғашқы ауыр сыннан сүрінбей өтетін бол деген шешімді ұққан еді.

— Рақмет! — дегенде Ермектің жасық шыққан үнінен ыңғайсыз қалпы аңғарылды. Тамыр-тамыры оттай лыпылдап ду ете қалды.

Операцияның басталуына қырық минут қалды. Осы бастан кешіріп, келісіп алмаса, Ермек қолайсыз жағдайға ұшырауы мүмкін. Өз ісіне мығым, тұрлаулы жігіт осы сәтте қобалжып тұр еді.

— Иван Петрович!— деді Ермек қолындағы бір жапырақ қағазын жұмарлай түсіп. — Қыйын істен қашқақтағаным емес, машықтанбаған жас дәрігермін ғой, мына қыйын операцияны өзіңіз атқарсаңыз...

«Бүгін бірінші рет сынға түскелі тұрсың...» деген сөзімен Ермекті жаңсақ ойға бастағанын осы сәтте сезген Иван Петрович жуып-шайып:

— Операцияны өзім жасаймын, басы-қасында болып, көмектессең, соның өзі де саған үлкен сабақ, — деді.

— Тырысармын, Иван Петрович!

— Үлкен сыннан сүрінбей өтетімізге кәміл сенемін...

Екеуі алдағы іс жайын сөйлескен бойларымен, операция бөлмесіне барып кіргенде, ауыздарын мәрлімен таңып алған үш сестра бұларды күтіп тұр екен.

Ауру адамды зембіл арбамен тез алып келіндер деп сестраларға әмір берді де, Иван Петрович үстіне киіп жүрген халаты мен бас киімін шешіп, бүктеп қойып, су жаңа халат, басына жұмсақ ақ тақия киіп алды. Ермек те сыртқы киімін ауыстырып киді.

Аққұба, бидай өнді жас жігіттің қабағында кірбен бар... Ермектің бұл күйін байқап қалған Иван Петрович:

— Бері қара, Ермек!— деп оның солғын жүзін өзіне аудара қойды. — Толқынып тұрсың ғой, хирург сөйте ме екен?

— Жүрегі түскірдің қобалжыңқырап тұрғаны...

— Рас, рас! Операция аса шетін зат, иненің жасуындай жерден жаза бассаң мерт боласың...

Жүрек тоқтатып, бекініп алған Ермек қол сағатына қарап тұрып:

— Операцияның басталуына он минут қалды,— деді.

Сестралар Сәлімгерейді қоларбамен алып келе жатыр еді, хирургия клиникасының іс жүргізушісі — бұйра шашты, шикіл сары қыз оларды көктей өтіп, жүгіре ба-

сып, Иван Петровичтің қасына жетіп келді де, бір көк конвертті ұстата берді.

Конвертті алуын алса да, мекемелердің бірінен келген көп тығыз бұйрықтың бірі шығар деп ойлаған Иван Петрович қызға қынжылып қалды:

Жеңілтексің-ау, Тамара! Осы қағазы бар болғыр қайда кететін еді, қоя тұрмай осында әкелгенің...

Тамара екі аяғымен кезек билеп тұрып ақталып жатыр:

— Адресіне қарағанда, Қыйыр-шығыстағы балаңыздан келген хат болса керек... қуантайын деп...

Қолындағы конверттің сыртындағы адресіне Иван Петрович сонда ғана көз жүгіртіп өтті. Өзіне көптен таныс төрт қатар цифрлар көзіне оттай басылды.

— Бәлі, біздің Евгений де қызық-ау, адресінің артына өзінің фамилиясын жазуды ұмытып кетіпті, — деп сөйлеген бойымен оқшау шықты.

Жалғыз ұлының амандық хабарын білмегелі айдан асқан. Құлдыраңдап конвертті аша бастады.

Хатты оқый бастағаннан-ақ қалың қабағы түнеріп, аумақты көкшіл көзі аларып, әжімі мол толық сарғыш жүзі талақтай көгере қалды.

Сәлімгерейді операция столына жайғастырып жүрген Ермек пен сестралар Иван Петровичтің күрт өзгергенін әдепкіде байқамай қалып еді.

— Болдындар ма, кірісейік, — деп әлсіз сөз қатқанда бірақ білді.

Конвертімен хатты қоса жұмарлаған қолын жазбай, түнерген қабағын ашпай, беті талаурап тұрып қалды.

Иван Петровичтің шұғыл өзгерген қалпын көрген серіктері «не болды?» деп қазбалап сұрай қоюға батпай үнсіз дүрлігіп қалды.

Операция столынан бір бүйір сілейіп тұрған Иван Петрович аяғын тәлтіректеп басып серіктеріне жақындай берді де:

— Қәне, бастайық! — деді.

Иван Петровичтің отыз жыл бойына талай қыйын операцияларды атқарғанда бұлк етпеген әлуетті саусақтары суық қысқандай қалшылдап, пышағы жерге түсіп кетті. Сестраның біреуі жерде жатқан пышақты іліп алып, даяр тұрған тазасын ұстатты. Аяқ-қолының буындары дір қалтырап, ауыр денесі толқын қуған жел қайықтай қалтылдап, ауытқып тұрғанын Иван Петрович сонда ғана

сезді. «Бұл кісіге не болған? Әлде кенет ауырып қалды ма?»

Жеме-жемге келгенде Иван Петрович өзінің табиғи қалпын сақтауға тырысып, бойын шамалы бекітіп алды, он саусағын ойнақтатып операцияға шұғыл кірісіп кетті...

Ермек пен үш сестра операция столын айнала қоршап, өздерінің қолғабыс қызметтерін атқара берді. Біреуі мәрлі әзіреп, екіншісі жібек жіппен сабақталған асыл инені ыңғайлап, енді біреуі құрал-саймандарын әзірлеп тұр.

Неліктен екенін кім білсін, Иван Петрович бұл жолы шыйрақ қыймылдады. Жаны шығарманға тақап қалған жанның алқымынан алып тұрған ажалмен айқаса алысқандай пышағын Сәлімгерейдің ішіне көміп-көміп жібереді. Бет-аузы қыйсаңдап, көзінің қарашығы ойнақшып, табиғатына жат сөлекет сыйпат пайда болды оған.

Сәлімгерейдің ішін ашып жіберіп қараса, тоқ шегінің қан тамыры үзіліп кеткен екен. Шектің осы тұсы қарайып шірі бастапты.

Иван Петрович шектің зақымданған жерін кесіп алып тастады да, жалғап ұластырып қойды.

— Қінаратын таптық, — деп кеудесін толтыра қатты бір дем алды да, Иван Петрович спиртпен қолын жуа бастады.

Ермек пен үш сестра қолдарын жуып, ыңғайланып алды да, Сәлімгерейді оңаша палатаға апарып орналастырды.

Ермек келсе, Иван Петрович өз кабинетіндегі арқалы аласа диванда жауар күндей түнеріп отыр екен. Өң жоқ, түс жоқ.

Ермек оған жақындай түсіп қорына тіл қатты:

— Сізге не болды, Иван Петрович! Бір жеріңіз ауырып отыр ма? — Ол жауап қатпай егіліп жылай берді. Қолына жұмарлап ұстаған қағазын ұсынды.

Ермек одан «Үшінші рангалы әскери дәрігер Евгений Иванович Григорьев Хасан көлінде жапон самурайларымен ұрыста қаза тапты» деген жазуды оқыды.

Ермек ренішті пішінмен жұбатып жатыр:

— Қайғыңызға ортақпын, Иван Петрович! Сабыр етіңіз.

— Өлді дегеніне көңілім сенбейді... Жоқ, мүмкін емес... Осы хаты құрғыры қаңғырақтап қайдан келді...

Иван Петрович осыны айтты да қос алақанымен бетін басып, диванға құлай кетті.

Ермек оның басын сүйсей берді...

АЛТЫН САҒАТ

Тоғыз тармақты Тентек өзенінен өгіп, Сайқан тауына қарай тура беттегенімізде, күн сәскелікке тырмысып қалып еді. Аспанды тұтас бүркеп алған жұқалаң сұр бұлт, ұшқындап жауған қар, теріскей беттен екілене соққан суық жел көңліңді жүдете түскендей. Күні кеше маужырап тұрған жанға жайлы қоңыр күз оңтүстікке қарай ығысып қашып бара жатқан сыяқты.

Қасымдағы төртбақ қара шалдың аты Оңғарбай еді. Жол бастасын деп Үшаралдың қасындағы «Жаңаберген» колхозының бастығы маған қосып берген. Әңгімеге жарытады, ішінді пыстырмайды, және де осы төңіректің ойшұқырына шейін білетін жершіл шал деп мақтаған-ды.

Сыпсың құйрық, жатаған торысын сыйпай қамшылап, шірене тебініп қояды Оңғарбай.

Баратын жеріміз онша қашық болмаса да, жолға ермек болсын деп, оған:

— Бір әңгіме айтыңыз, ақсақал, жол қысқарсын, — дедім.

— Жілігі татымайтын жасық бірденені айтсам, қарның ашып қалар, қарағым, — деді де шал қозғалақтап маған қарады: — Сөзге шорқақ жан едім...

Осыны айтты да, сыпсың құйрық торыны жиі тебініп, сауырлай қамшылап қойды.

Оңғарбайдың сөзуар, әңгімеқой адам екенін аулында үш күн жатқанда талай жанның аузынан естігенім бар. Әйтсе де бітегене жақын отырып сөйлесуге реті келмеген. Сол олқылығымның орнын толтырайын деген оймен:

— Қандай әңгіме айтсаңыз да жерінбей тыңдар едім, — дедім де, астыма мінген ойнақы, теңбіл көк дененің ауыздығын тартып, тізгінін тежей бердім.

— Осы бастан кешіріп алайын, — деді шал кулана жымындап. — Найманның Оңғарбай деген мылжың ша-

лы қай-қайдағы бірдеңелерді айтып құлағымды сорсытты деп жүрме...

Түгін тартсаң майы шығатын оқтаудай семіз аттар құлақтарын қайшылап, есіле аяндайды. Оқта-санда шоқырақтап желіп кетеміз. Ойын жүйелеп алғысы келді ғой деймін, Оңғарбай біразға шейін тіс жарып үндеген жоқ.

Бір еңістеу жерден асып, құлаберіске түсе бергенімізде сөзді кенет бастап жіберді:

— Анамыз ғой, әңгімені жер жайынан бастайын,— деп, Оңғарбай желмен желбіреп, кеңірдегіне жармасқан сирек тарлан сақалын жөндеп қойды.

— Құлағым сізде, айта беріңіз.

— Несін айтасын, артық жаралған жер ғой біздің Жетісу! Шөбі шүйгін, суы бал асыл алап деп біздің қазақ осындай жерді айтады. Жер жүзінде Жетісудан асатын ғажап өңір бар дейсің бе...

Аузының суы құрығанша Жетісуды мақтап алды да, атының басын іркіп, кілт тоқтай қойды. Ырғай сапты бұзаутіс қамшысын қос бүктеп ұстап, алға қарай сілтеп тұрып, көңілдене сөйлеп кетті:

— Анау туырылып жатқан кең саланы көремісің? Май айында көрсең, жасыл кілем жапқандай тамаша құлпырып кетеді. Асқар таулары мен мөлдір бұлақтарын айтсайшы... Нағыз жер жаннаты деп, міне осыны айтады.

Жетісудың жеті өзенін бөлек-бөлек мақтап, біраз желпініп алды. Алатаудың өркеш-өркеш қарлы шыңдарын, адам аяғы баспаған қойнау-қуыстарын ертегідегі ғажайып бір дүниедей суреттеп берді.

Оңғарбайдың әңгімесін қыздыра түстім:

— Береке-құттың ордасы ғой, шіркін Жетісу.

— Уа, дариға! — деді де ерден қунақ көтеріліп, күрсініп қойды Оңғарбай. — Өз басынан нешелер дәуірді кешірмеді біздің Жетісу. Оның арғы тарихын қоя тұрып, осы бертіндегі жыйырма жылдағысын айтсам да жетіп жатыр... Сендер ол кезде болсаңдар ғой. Осыдан он сегіз жыл ілгеріде осы өлкені Анненковтың қанқұйлы қарақшылары жайлаған-ды.

Анненковты атағанда Оңғарбайдың жүзінен әлдеқандай суық ызғар жүгіргендей болды.

Оңғарбай сөзінің аяғын бітірместен ауыр күрсініп төмен қарады. Қарасам, көзінен жас мөлтілдеп, жұқа еріндері кемсендеп тұр екен. Шалдың жүрегіндегі ескі жарасын білтелеп алдым-ау деген өкінішті ойға сайып,

ыңғайсызданып қалдым. Жуып-шайып көңілін аулап жатырмын.

— Айтып-айтпай не керек, атаңа нәлет Анненков жалғызымды жардан құлатып кетті. Жүрегіме өмірі жазылмайтын жара салып кетті.

— Қалайша, айтыңызшы? — деп ынтыға түстім.

Оңғарбай жаңағыдай емес, қатулана сөйледі. Сол Анненков алыдында тұрғандай, оны түтіп жейтіндей тісің шықырлатып, шарасы кең өткір қара көзі жайнап кетті. Дөңестене біткен қалың қабағы түйіліп, тікшіл жазық маңдайынан тура түскен көтеріңкі қырлы мұрнының дәл үстінде терең сызат пайда болды.

— Өлдің Мамай қор болдың деген сол. Жана түсті де жалп етіп өшіп қалды жұлдызым. Турасын айтайын, мәселе былай болған, — деді де Оңғарбай түйілген қабағын сәл ашып, сабасына қайта түскендей ыңғай көрсетті. Қайырма жағалы сеңсең тонының ұзын етегін қымтай түсіп, ерге нықталып отырды.

— Сен тыңдай бер, мен айта берейін. Нақа жалығып бара жатсаң, айтарсың, әңгімеді доғара қоярмын сонда...

Қанша ұзақ әңгіме айтсада жалықпай тыңдауға әзір екенімді айтып, алдын ала өтініп алдым.

— Он тоғызыншы жылдың күзі қабақат суық болды. Өзіміз ес білгелі күздің мұндай ерте түскенін, мұндай қатты суық болғанын көрген емеспіз деп сол кездегі шалдар таңырқап отыратын. Қапалға Анненковтың әскері келіпті деген суық хабар жай оғындай зулап біздің ауылға да жетті. Осы Теке тауының ығында күздікте отырғанбыз. Еліміздің Жандәулет дейтін ескі болысы Анненковтың келгенін естісімен-ақ аш қасқырдай жалақтап, аттана шауып жеткен-ді. Елдің бар тәуір аттарымен қоса, жеміне деп жүз қаралы қой апарып берді. Онымен қоймай, Анненковтың бір топ жендетін ауылға ертіп әкеліп, лаң салды. Мен бассауғалап ауылдан қашып кеттім.

Әңгімені бөлмеуге бекінгенімді ұмытып, сөзге араластым:

— Жалғыз кеттіңіз бе?

— Жалғыз кеткен жоқпын, — деді Оңғарбай, — Жаңабергенімді ала кеттім.

Меншіктеп айтқан Жаңабергені өзінің баласы екенін бірден біле қойдым да:

— Балаңыз ғой, — дедім.

Оңғарбай құптап бас изеді.

— Он сегізінші жылдың жазында Жаңабергенім біздің елдің елу шақты кедей-жалшысын ертіп большевик Барановтың партизандарына қосылып кеткен. Партизандар осы төңіректегі қалалардың кулактарына қарсы тұрып, соғыс ашқан. Екі жақтан да өлген адамдар көп болды. Сол ұрыста Жаңаберген аяғынан жараланған. Партизандар кулактарды қойдай қырып, көп мал-мүліктерін қолға түсірген.

Әңгімесін осы тұстан шорт үзді де, Оңғарбай жүзі сұрланып, мұңды жанның кейпіне ауысты. Құштеніп қақырынып, түкіріп тастады да:

— Партизанда болғандарды шетінен ұстап жоя бастады. Анненковтың жендеттері кетті ғой деп, Жаңаберген екеуміз келесі түнде ауылға келсек, ел іші қан-жоса... Жаңабергеннің жаңа алған жас келіншегін, Тойшыбек дейтін он жасар кіші баламды тірідей жерге көміп, азаптап өлтіріпті. Ауылдың отыз шақты адамын найзаға шаншып, қырып тастапты. Жандәулеттің сұмдары ақырында Жаңабергенді де Анненковке ұстап берді. Суық сарайға бес күн қамап, кескілеп өлтірді.

Осыны айтты да Оңғарбай кемседеп жылап жіберді.

— Аласапыраң заманда не болмады дейсіз, өткен іске несіне өкінесіз, — деп жұбатып едім, Оңғарбай сәл жадырап:

— Солай, солай, не көрмедік. Өткен күнде белгі жоқ. Садағаң кетейін совет заманы сол қорлықтың бәрінен құтқарды ғой, — деді.

— Сіздің колхоздың Жаңаберген атанып кеткені де содан екен ғой, — деп едім, Оңғарбай:

— Көпшілік қауым колхоз болғанда қаулы жасап, менің баламның құрметіне атаған-ды, — деп еңсесін көтерді.

Шамалаймын, баратын жерге көп болса он бес километр қалды. Суыт жүрсек бір сағатта жетіп-ақ қаламыз... Сағатыма қарасам бірден жаңа асып барады екен. Бір сызат жерге тоқтап аттарымыздың солығын басып алдық. Ойымда түк те жоқ, сағатымды қалтама салып қоюым-ақ мұң екен, Оңғарбай ішкі қалтасынан күміс баулы дөңгелек алтын сағатын жалма-жан суырып алды да, көзіне тақап ұстап тұрып:

— Сенің сағатың не дейді, уақыт қанша, екен? — деп сұрады.

— Бірден он бес минут кетіпті. Менің кәрі сағатым шамалы асықса керек, екі минут озып кетіпті,— деп, көңілдене жымыйды Оңғарбай. Сағатының қақпағын сырт еткізіп жапты да, қалтасына қайта салып қойды.

Шынымды айтайыншы, колхозда тұратын шалдың қалтасынан әдемі алтын сағат шыққанына мен әдепкіде танданып қалдым. Оңғарбайдың цифр танырлық сауаты бар адам екенін де енді білдім. «Сыйға алған сағат шығар» деген ой келді. Бірақ сағат жайын дәл осы арада қазбалап сұрай қоюды өзіме жөн көрмедім...

Ілгері жүріп кеттік... Үндеспей томаға-тұйық жүре беруді жөн көрмеді ғой деймін, әңгімені Оңғарбай бастады.

— Былтыр біздің колхозда бір үлкен уақығға болды. Отызыншы жылы шетке қашып кеткен Дүйсен, Құлнияз, Қарықбол деген байлар өткен жылы колхозға қайтып келген. Құлнияз менің баламды Анненковке ұстап берген Жандәулет болыстың үлкен баласы. Жаздық, жаңылдық, елден кетіп түк береке таппадық, әбден азып-тозып кеттік деп ант-су ішкен соң колхозға алғанбыз. Колхоздың сол кездегі председателі Самылтыр Дүйсеннің немерелес туысы болатын. Мен ол кезде колхоздың қой қорасын күзететінмін. Бір күні түнде күзетте тұр едім, күн бұлыңғырлау еді. Қар жауып, қыс түсе бастаған кез. Күзетте сақ тұрмасаң ұры-қары, ит-құсқа сенім бар ма, қан-қақсатып кетеді. Самылтырдың үйі нақ сол қойқораның батыс жақ іргесіне жақын еді. Түн ортасы кезінде сол үйге үш адам барып кірді. Баспалап қарасам, үшеуі де балпаң басқан кәрі адамдар. Көңліме түйткіл кірді. Бұл қалай? Бейуақта Самылтырдың үйіне барған кім екен бұлар? Бұл антұрғандар не пәле шығарғалы жүр екен, тегін емес қой деген ой келді. Мылтығымды көлденең ұстап, Самылтырдың терезесіне бардым. Төргі үйінің қос терезесінен күңгірт шам жарығы көрінеді. Сығалап қарасам, Дүйсен, Құлнияз, Қарықбол Самылтырды ортаға алып сөйлесіп отыр екен. Самылтыр бірденелерді айтып, қолын шошандатты да, орнынан тұрып сенделіп жүре бастады. Бұлардың бір сұмдық оймен бас қосып отырғанын жүрегім сезейін деді. Басыма қыйлы-қыйлы ойлар келді. Не болса да, сырттан байқастан тұрайын деп, өз орныма қайта келдім. Қой қораның есігіне арқамды беріп, қалшыйып тұрдым да қойдым.

Әңгімесінің желісін үзіп, Оңғарбай көзінің астымен маған қарады. Қызық ертегі айтып, тындаушы баланы

еліктіріп отырған ділмәр қартша қутындап кетті:

— Сен тыңдай бер, мен айта берейін, қызығы әлі алда.

— Айтыңыз!..

— Самылтырдың үйінен көзімді аудармай қатып қарап тұрмын. Далада селт еткен бір адам көрінбейді. Басыма неше түрлі сұмдық ойлар келді. «Анау Самылтыр осындағы байларды қасына ертіп, колхоздың бар ақшасын қисыпырып қашып кетейін деп жүрмесе нағылсын». Көңлім осы күдікке үйіріле берді. Жүрегім алып-ұшып кетіп барады. Дәтім шыдамай Самылтыр үйінің терезесіне тағы да жетіп бардым. Сығалап қарасам, манағы үшеуі әлі отыр екен. Самылтыр қолына май шам алып тысқа шығып кетті. Қалғандары күйбеңдеп қорына сөйлесіп отыр. Жүгірген бойыммен қораның ашық дала жақ бетіне жетіп бардым да, төбесіне тырмыстым. Қораның жапсарындағы аяқ аузындай бір тесіктен үніліп қарасам, Самылтыр қолына шам ұстап ертеулі тұрған самаладай төрт аттың қасында күйбеңдеп жүр екен. Бұлардың арам ниетіне енді көзім әбден жетті. «Атаңа нәлет сұмдар, колхоздың бар ақшасын алып зытайын деп жүрсіндер ғой» деп іштей кіжініп жатырмын. Не де болса ауылдың сенімді адамдарына хабар берейін деген тоқтамға бекініп алдым. Бойым бір түрлі жеңілденіп кетті. Құстай ұшып барып ең әуелі парторг Шәмелді оятып алдым. «Күзетіңе барып тұра бер, көз жазып қалма, жұртты мен жыйнап апарайын» деді Шәмел. Мылтығымды оқтап алып, қарап тұрмын. Зәусайтан аналар кете бастаса, шетінен жамсатуға әзір тұрмын. Шәмел лезде жыйырма шақты адамды жинап әкелді. Барсақ, Самылтыр қорасының есігін ішінен бекітіп қойған екен. Қораның жапсарын лезде айырмен ашып жібердік те, сау етіп ішіне түсе-түсе қалдық. Лап қойып үйге кіріп барсақ, Дүйсен, Құлнияз, Қарықбол, Самылтыр мұздай киініп алып, шығайын деп жатыр екен.

— Уа ағайындар, жолдарың болсын, жеті түнде қай жаққа аттанғалы жатырсындар?— деп сөзді мен бастадым.

Ешқайсысы тіл қатпады. Ауыздарына тас салғандай сазарып тұрып алды.

Елікбай бригадир кекете сөйледі:

— Ал, сөйлендер, жөндеріңді айтыңдар, жортқанда жолдарың болсын, жолдастарың қыдыр болсын...

— Аудаңда бір тығыз шаруамыз бар еді,— деп Құл-
нияз күңк етті.

— Былшылдама, — дедім мен қатуланып. — Жоққа
нана қоятын аңқау жандарды тапқан екенсіңдер...

— Енді не тұрыс бар, — деді Шәмел қатуланып. —
Осылармен әзілдесіп тұрамыз ба? Ақ болса, онысын көр-
ерміз, кәне, тінтейік...

Манадан бері іштен тынып үнсіз қатып тұрған кәрі-
жасымыз құлшынып бассалдық.

Бәрін шетінен тінтіп шықтық. Бажылдап қарсыла-
сайын деп еді, аузға бір қойып төртеуін де отырғызып қой-
дық. Құлнияз бір буда қағаз ақшаны шүберекке орап іш
көйлегінің сыртынан мықтап байлап алыпты. Табанда
санап жіберсек, елу мың сом ақша екен. Басқалалары-
ның қалтасынан колхоз атынан жазып алған нешетүрлі
жалған документтер табылды. Аяғымызға басұрып, өлер-
дегі сөздерін айтып жалынып еді, көнбедік. Мана айтуға
есімнен шығып кеткен екен, Құлнияз, Дүйсен, Қарықбол-
дар былтыр үйлерін сол жаққа тастап салт бастары кел-
ген. Елді сағынып қашып шықтық, үй ішіміз сонда қалып
қойды деген.

Төртеуін табанда тұтқындап, үйге мықты күзет қой-
дық та, ерттеулі тұрған аттарға мінгізіп ауданға екі адам
жібердік. Ертеңіне бес-алты милиция келіп, қашқындарды
мұрнынан тізіп алып кетті. Біздің ауылда осындай уақи-
ға болған, — деп Оңғарбай атының тізгінін нық ұстап,
тына қалды.

Сәлден кейін маған жымья қарап:

— Осы алтын сағатты сонда маған райком силыққа
беріп еді, — деп сағатын қалтасынан алып, маған ұсынды.

Жаппалы алтын сағаттың сауытындағы: «Оңғарбай
Мұнайтпасұлына, колхоз меншігін қорғауда көрсеткен
ерлігі үшін» деген жазуға бірден көзім түсті.

ҚОС ЖҮРЕК

1

Күлімдеп келген көктемнің жаймашуақ бір күні еді. Әбітай ессіз-түссіз жатқалы бір аптадай боп қалған. Бүгін ғана есін жиып, жарық дүниенің дарбазасын қайта ашып, өмір төріне шыққандай болған. Көзін кеңірек ашып, жан-жағына қараса, оңаша бөлмеде басын сүйеп ақ киімді бір әйел отыр екен.

Қай жерде жатқанын, бұл араға қайдан, қашан келгенін әдепкіде Әбітай білген жоқ. Тым көп ұйықтаған адамдай басы мең-зең... Тапжылмай қасында отырған ақ киімді аққұба әйелге бірдеңе айтпақ боп оқталып еді, бірақ тілі күрмеле берді. Қозғалайын десе, кіршіксіз ақ зонтпен тысталған мамық жастыққа көмілген басы көтертер емес. Денесі зіл қара тастай ауырлап, төмен тартады.

Әйел де үн қатпайды. Тек, сәл қысыңқы қара көзі жаудырап, аяған пішінмен Әбітайдың бетіне қарай береді.

Әйелдің басына тартқан шаңқан ақ орамалының маңдай тұсындағы кішкентай қызыл крестке көзі түсті Әбітайдың. Кірпік қақпай, адам өмірінің күзетінде тұрған солдат қыздың осынау құртақандай қызыл белгісі: «госпитальда жатыр екем ғой» деген ойды жігіттің көкейіне құйып жіберді.

— Жолдас аға лейтенант, — деді ақ киімді әйел оның бетіне бетін тақап, еңкейіп тұрып, — халыңыз қалай?

— Жақсы! — деді Әбітай көзінің қиығымен қарап қойып.

Әйел одан әрі сөз қатқан жоқ, тек, Әбітайдың үстіндегі көрпесін қымтап, басындағы мамық жастығын жөндеді де, шүмекті кішкене ақ құтымен су ішкізді. Таңдайы кеуіп, ыңдыны құрып жатқан Әбітай суды сіміріп, шамалы әлденіп қалды. Әйел шығып кетті.

Бөлмеде өзінен басқа жан көрінбейді. «Мені оңаша

бөлмеге жатқызғаны, жарақатымның өте ауыр болғаны ғой, сірә», деп ойлады. Нәрестедей құндақтаулы жатқан әлсіз дене көтертер емес. Жарасының қай жерде екенін де сезген жоқ. Денесінің қызуы да әлі басылмапты. Басы шыңылдап, көзі қарауытып, сол бөлмедегі заттардың бәрі қат-қабат боп теңселіп, қос көрінеді. Әнеуігі бір сұрапыл ұрыста минаның жарықшағы қарасанын талқандап құлап қалғаны да енді-енді есіне түсейін деді. Сол сұрапыл ұрыстың сан қилы суреттері көшкен бұлттай тізбектеліп көз алдына келе бастады...

Оң қолын әрең деп икемге көндіріп, өзінің тұла бойын сипалап бір шолып өтті. Ағаштай сіресіп қалған етсіз ұзын саусақтары оң аяғының санына барып кідіріп қалды да, шандып тастаған шүберекке тірелді. Сол сәтте Әбітайдың денесі біресе суынып, біресе қызынып, көзі бұлдырап кетті. Маңдайынан бұрқ еткен тер, бет-аузын жуып, жастығына құйылды. Әбітай бес минут шамасы осы халде жатты да, тебіреніп күшін жинады.

«Аяғымнан айрылып, шыныммен-ақ зағып болған екем ғой» — деді Әбітай налып. Басына ауыртпалық түскен жанның ойы қылдай нәзік, қыялы ұшқыр келеді ғой. Оның бержағында ер жігіттің зор байлығы ден саулығы емес пе. Уайым мен үміт салғыласып сайысқа түсті сол сәтте. Әлсіреген жүрегі алқынып аузына тығылып, тынысы тарылды. Бірақ, бой тоқтатып, өзіне өзі күш берді де, қабындап келе жатқан уайымға жеңдірмеді. Осындай қысылшаң кезеңде өршіп жана бастаған қайғы өртінің лаулаған жалынынан алып шығар ересен қайрат, ұшқыр ақыл керек. Өз болашағына қалтқысыз сеніп, өмірді жанындай сүйген адам ғана — таудай ауыртпалықты шопақ құрлы көрмей, еңсеріп тастап, өмірдің биік шыңына шыға алады.

Бағанағыдай емес өзіне өзі келіп, ақылға ойын жеңдірген Әбітай енді өзінің майданда өткізген төрт жылғы өмірін еске түсірді. Қан майданда өз отаны үшін құрбан болған еразамат жолдастарын көз алдына келтірді.

— Бәрінен де өмір жақсы, — деді даусын қатты шығарып.

Аяғын ештеп басып, ақ киімді әйел қасына жетіп келді.

— Халіңіз қалай, жолдас аға лейтенант!

— Өте жақсы қарындасым!

— Жүрегіңіз қарайды ғой, қандай тамақ ішесіз?
Әйел ас жеткізді.

Ақ киімді әйел Әбітайға ақыл айтып ұзақ отырды. Госпитальдың кітапханасынан Николай Островскийдің «Құрмыш қалай шынықты» романын ала келген екен. Жаралы жанға рухани нәр болсын деп, сол кітаптан үзінді оқып берді. Өжет, қайсар Қорчагиннің өмір үшін күресінің бір саласын есіне түсірген Әбітай, өз жүрегін мазалап тұрған уайым отын бір мезгіл сөндіріп тастады.

— Бәрінен де тіршілік жақсы, қарындас! Көңлімді көтергеніңе рақмет, — деді Әбітай мығым дауыспен.

Туған бауырындай елжіреп, бәйік боп үстіне түсіп отырған ақ киімді қыздың бетіне тура қарап:

— Атың кім, қарағым? — деп сұрады.

— Катя! — деді әйел Әбітайдың маңдайын сипап.

— Катя!..

Әбітай маужырап ұйқтап кетті...

Әбітай есін жиып, өзіне өзі келгелі екі аптадан асты. Сол аяғы дәл жамбастан шорт кесілген. Бұған да көндіккен Әбітай уайым-қайғы дегендеріңізге дес бере қоятын емес. Бірақ, бір бөлмеде жалғыз жатқан адамға, әсіресе бір орыннан қозғалуға шамасы келмейтін жаралы жанға, тіпті уақыт өтпейді екен... Әбден іші пысқан Әбітайдың аз да болса шүйіркелесіп көңіл көтерері Катя. Кей кездерде өз өмірінің өткен күндерін ойша шолып, ұмытылмайтын кейбір суреттерін көз алдына келтіреді. Кейде көңлін қыяға шарықтатып, кей кезде көзіне жас келтіре налытатын жайларын бағзы бір уақытта шет-пұшпақтап Катяға айтып та қояды. Өзінің бала жасынан сүйіп айтатын бір ауыз өлеңі болатын. Оқта-текте соны айтса, жабыққан көңлі көтеріліп, қорғасындай ауыр денесі жеңілденіп кетеді...

Аспанда ай болмаса адасады,
Көңілді көтермесең кір басады.
Кеудесі ер жігіттің алтын сандық —
Сандықты кілт болмаса кім ашады,—

деп ыңылдайды.

«Басың айналып, қиналып қаласың» деп дәрігерлер кітап та, газет те оқытпайды. Анда-санда госпитальдың насихатшысы лейтенант башқұрт жігіті келіп, газет оқып беріп жаңалық хабарларды жеткізеді. Басқа жұмыстан қолы босаса Катя Әбітайдың қасында ұзақ отырып, жақ-

сы кітаптардан үзінділер оқып беріп, қызық әңгімелер айтып, көңлін көтереді.

Әбітайдың өтініші бойынша Катя госпитальдің киім-кешек қоймасынан оның жол қапшығын әкеп берді.

Әр жеріне қан тамған, сыртында қара бояумен — «Ә. Маусымбаев» деген жазуы бар көне сұр қапшық жорықта көп жорытқан солдаттың басынан кешірген көп жайларын баяндап тұрғандай...

— Жол қапшығын палатада ұстауға болмайды, жолдас аға лейтенант, — деді Катя ресми түрде қатулана сөйлеп. — Ішінен керегіңізді алып берейін. Қайтадан сарайға апарып беруім керек...

— Керекті нәрселерімді алған соң мейлің... — деп Әбітай күңк етті.

Мамық жастықты арқасына тік қойып, сүйеніп отырған Әбітай:

— Аузын шеш ішінде не бар, не жоғын көрейін, — деді қапшықты кесе-көлденең ұстап тұрған Катяға.

Катя қапшықтың аузын шешіп, ішіндегі нәрселерді біртіндеп алмақ болғанда кірлеген кестелі қызыл барқыт темекі қалта ілікті. Қалтаны алып Әбітайға беріп еді, ол оны аударып-төңкеріп көрді де, жастығының астына тығып қойды...

Катя кендір жіппен шандыған бір шумақ қағазды алып берді.

Әбітай қағаздарды алып, кереуетінің бас жағында тұрған ақ сырлы тумбочканың ішіне тыға салды. Әбітай әлгі темекі қалтаны қайыра суырып алды да, ішінен бір шылымдық махорканы сілкіп алып, газет қағазына орап құмарлана сорды.

«Госпитальдан күн сайын алып тұратын темекісі жетіп, артылып, тумбочканың ішінде жатқаны анау. Қурап қалған қоқым темекіні құмарланып неге тартты сонша» деп ойлады Катя...

2

— Айтпақшы, энеугі әңгімеңізді қашан оқып берер екенсіз, жолдас аға лейтенант? — деді Катя дәрі ішкізіп болған соң.

— Кәзір оқы десең де, оқийн.

Әбітай «Дәптер» деген әңгімесін оқи бастады. Қаты ұйып тыңдап отыр.

— «Ең алдымен өз өмірім туралы қысқаша мәлімет беруді мақұл көрдім» — деп жазыпты Әбітай әңгімесінің кіріспесіне.

... Мен 1910 жылы Қөкшетау өлкесінде туыппын. Әкем Байсалбай өмірі ит мініп, ирек қамшылап өткен тақыр кедей. Іңгәлап жерге түскенде өмір мені өгей баласындай сыртқа тепті. Әкем ақын кісі екен:

«Аландап өттім арманда,
Ала алмай өмір есесін.
Ұлы жасқа толтырдым
Жастықтың алтын кесесін» —

деп басталатын зарын кейінгі кезде үлкен әжем айтып отыратын.

Бір жасқа келгенде әкем, үш жасқа келгенде шешем өліпті. Қиер киім, ішер асқа жарымай тұрмыстан қағажу көріп өстім. Егер бағыма ұлы шешем тірі болмағанда менің де өлім тырнағына ерте ілінуім сөзсіз екен.

Ұлы шешемнің есімі Қымбат еді. Ақыл-ойдың таусылмас кені, аналық сүйіспеншіліктің айдын шалқар көлі еді. Тілінен бал тамған шешен болатын.

Қыс болса мекеніміз жапырайған жер кепе, жаз болса түйенің тозған жабуындай жалба-жұлба қара лашық. Мал дегеннен сынық мүйіз жалғыз қарала сиырымыз бар. «Қырсыққан ит қыңыр жүгіреді» деген емес пе, оның өзі де сыңар емшек. Көбінесе елден қайыр-садақа сұрап тамақ асыраймыз... Қысқасы, иініміз киімге, аузымыз асқа жарыған емес.

Әжем байғұс мені жетектеп ауылдың сыртындағы Қара адырдың басына алып шығады да, зарлап жылайды. Бұрнағы жылы ақборанда байдың жылқысымен бірге ығып, үсініп өлген әкемді жоқтайды.

— Сорлы жетімегім, мүсәпірім, бақытсыз ғып жаратты ғой құдай сені, — деп әжем менің маңдайымнан иіскейді. Сөйтеді де, көзінің жасын көлдетіп, егіліп жылайды. Кемсеңдеп мен де жылаймын.

Күн құрғатпай жапан даланы кезіп, шаршап-шалдығып кешке жақын қара лашыққа қайта ораламыз. Кейде әжем маған:

— Ақыл арымайды, алтын шірімейді, — деген ақылды бол, балам, — дейді.

Әжемнің осы өсиеті жүрегіме мәңгі орнаған. Бүгінгідей әлі сайрап тұр.

— Шамаң келсе өнер үйрен, балам, өле-өлгеніңше азық болар, — дейді әжем әрдайым.

Жұма сайын әжемнің зиратының басына барамыз. Өзен жағасында, жапан далада қиқулаған неше алуан құстардың үні де маған зар әуеніндей естіледі. Зират басына барғанда әжем әжемнің қабырын құшақтап зарланса, сол төңіректің құстары да, неше түрлі жәндіктері де оған өз үндерін қосып шулап қоя бергендей... Әсіресе, адамша тақылдап, безектеп ұшып жүрген бір кішкентай құстың даусы тым аянышты-ақ.

— Тау-құдрет, — деуден бір тынбайды сол құс. Басқа құстарға қарағанда оның даусы жүрегіме өте сүйкімді естіледі...

— Бұл құс неге сөйлейді? — деп сұрадым әжемнен бір күні.

Әжем терең ойға шомып, төмен қарап біраз тұрды да:

— Қалқам, — деді даусы қалтырап, қабағын шытып, — дүниедегі ең сорлы құс бұл. Бұны адамнан азған құс деседі... Тақ Сүлеймен барша жан-жануарға патша боп тұрған заманда әмірімді орындамадың деп аздырып жіберіпті дейді... Содан бері құдіретке жалбарынып, адам қалпыма қайта түсір деп зарлаумен келеді бейшара...

Енді «тау-құдрет» жайын қазбалап сұрай беруге көңілім соқпады. «Зұлым патша», «зарлаумен өмірі өткен бейшара құс» деген аянышты ұғым қалды жүрегімде...

— Өлген келмейді, өшкен жанбайды. Болған іске болаттай болайық, — дейтін әжем.

Сөйтіп жүріп он жасқа келгенде әжем қайтыс болды. Туған жеріммен қоштасып, 1920 жылы детдомға аттандым...

3

1928 жылдың жазы. Қызылжардың округтік оқу бөлімі бізді ауылға мәдениет жорығына аттандырды. Міндетіміз — елді ағарту, қазақ даласына мәдениет ұрығын егу.

Ауыл бізді құшағын кең ашып, қошеметтеп қарсы алды. Біз бір ауылға бөлінген екеу едік. Қасымда өзім-

мен түйдей құрдас Досымбек дейтін ашық-жарқын студент бар.

Жазғы түн. Аспан алтын зермен нақыштаған көк мауыт шатыр секілді. «Құлан өтпес» өзенін жағалап келеміз. Менің қолымда Горькийдің «Ана» атты романы. Біз ауылға Ленин, Горький шығармаларын ала келгенбіз. Біздің бүгінгі әңгімеміз осы «Ана» жайында болды. Революция дауылпазының айбарлы үні менің жүрегіме көрікті ой түсірді.

Көкорай шалғынға бөленген төбенің құбыла жақ баурайында отырып айналаға көз жібердік. Әлдеқайда алыста, жылт-жылт етіп жүргіншінің оты көрінеді. Кім білсін, сол маздап жанған оттың басында біз секілді екі дос сыр сандығын ақтарып, әңгіме шертіп отырған болар.

Қайқаңның аржағынан күзетте жүрген жылқышының баяу шырқаған қоңыр әні келеді құлаққа. Осы атырапты бастарына көтеріп, түн тыныштығын бұзып, беймаза бақалар шулап жатыр. Қанатымен су сабалап, таранған қаздар қаңқылдайды. Өзенге шомылып рақаттанна желпінген сұлу аққудың қанатының суылы естіледі... Күнге бетке нұрын шаша алтын табақтай боп ай көтерілді. Аспан әлемінде сансыз көп жұлдыздар жымың қағады...

Ертеңіне осы ауылдың кедей-жалшыларын жинап, «Ана» романының мазмұнын түсіндірмекке Досымбек екеуміз сөз байластық та, таң саз бере тәтті ұйқыға кеттік.

4

Ауылдағы мәдениет жорығының қатардағы солдаты болғанымды әлі күнге шейін мақтан етемін. Сол кездегі бір елеулі жайды қойын дәптеріме әдейі жазып қойғам. Досымбек екеуміз оқытып жүрген жүзден аса ересектердің ішінде Зейнеп дейтін тоқтасқан бір әйел болатын. Өмірінде әліпті таяқ деп білмейтін Зейнеп аса зейін салып оқыды. Қазақ әріптерін тегіс үйреніп болған соң бірнеше сөзден құрап жаздырайын деп Зейнепті әдейі жазу тақтасына шақырдым. «Өзіңіз ойлап жазыңыз!» дедім. «Бұл Зейнеп не жазар екен» дегендей ондаған көздер қара тақтаға қадала қарап қалыпты. Ақ бор ұстаған қо-

лы дірілдеп, төңірегін әжім бсқан қара көздері жауаңдап тұрды да Зейнеп Ленин деп жазды. Үй толған жұрт: жаса Зейнеп! деп шу ете қалды. Өзінің асқар таудай зор келешегін осы жазуынан көргендей, үңіле қарап біраз тұрды да, жүзі нұрланып, орнына барып отырды.

5

Жер-жаһанды қызыл арай нұрға бөлеп кербез күн ұясына барып қонды. Қызылжар педтехникумының оқушысы Ғайни Жомартова көрші ауылда о да мәдениет жорығының мұғалімі болатын. Ғайнидің қасында сол ауылдың қызы Жанәпия бар. Досымбек бәріміз өткен-кеткендегіні айтып, ауыл сыртында әңгіме шертіп отырмыз. Біздің ішімізде Әбу дейтін көп сөйлемейтін бір бала жігіт бар. Әбу Нұрпейіс деген байдың қойшысы. О да кешкілікте, үзіп-жұлып оқып, менен сабақ үйреніп жүрген. Зейінді, кәрі құлақ жігіт.

Жол көрген ашық Ғайни кәрі тарихтың көне күймесіне мініп, талай ғасырды әпсәтте аралап шықты. Арманда өткен қазақ қыздарын еске түсірді... Сұлулық пен махаббаттың биік тұлғасы баянды, асқар ақылды, өр намысты Жібек жайын әңгімеледі Ғайни. Сөзді кесек-кесек тастайды.

Ескілік қамалынан әлі күнге шыға алмай, ауылда жүрген Жанәпия бірден ұялып төмен қарай береді. Сөз реті келгенде де ашылып сөйлемейді. Жанәпияны шешесі кейінгі кезде оқуға жібермей қойған...

— Ибай-ау, апам ұрсады ғой, үйге қайтпаймыз ба? — деп ол Ғайнидің құлағына әлсін-әлсін сыбырлайды.

Әңгіме қызған сайын Әбудің жанына жағып барады. Әңгімемен отырып түннің біразын өткізіп алыппыз. Ауылды мәдениеттендіру, әсіресе қазақ қыздарын көбірек оқыту жайын кеңестік.

— Мені Қызылжарға ала кет, бауырым! Оқып адам болайын, — деп Әбу маған жалынады. Мен оған ала кетем деп уәде бердім.

Досымбек екеуімізден басқалары үйді-үйлеріне тарап кетті. Біз түнгі қоңыр салқын самалға бетімізді сүйдіре, өткен-кеткенді кеңесіп отырмыз, Осы түнде Досымбек еке-

үмізде сөйленбеген сөз, айтылмаған сыр қалған жоқ шығар... Егер адамның өмірінде ұмытылмайтын бір шақ болатын болса, өкі адал жүректің тамылжыған табиғат құшағында тоғысқан осы түні мәңгі ұмытылмас...

6

Содан бері он жыл өтті. Алматыдағы мемлекеттік педагогика институтының тіл-әдебиет факультетін бітіріп, быйыл Қызылжарға қайта оралдым. Орта мектепте әдебиет сабағының оқытушысы боп істеп жүрмін. Кейде қыялымды шарықтатып қыяға ұшырсам, өткен күндерім еске түседі. Бұдан он жыл бұрын ауылдағы мәдениет жорығының қарапайым солдаты боп жүрген шағым көз алдыма келеді. Осы он жылда қазақ даласында болған әлеуметтік, мәдениеттік өзгерістерді ой таразысына салып салмақтаймын.

Баяғы өзім ертіп әкеп оқуға түсіретін Әбу Жаманбаев қайда екен осы күні? Ғайни мен Жанәпия қай жерде жүр екен? Бұлардың ешқайсысынан да хабарсызбын. Менің бар білетінім: Әбу 1930 жылы Қызылжардағы екі жылдық ересектер мектебін бітіріп, Орынбордағы рабфакқа барып түскен. Кейінгі кезде хабарласа алмай, байланысымыз үзіліп қалған. Ғайни болса, педтехникумды бітіріп, Ленинградқа оқуға кеткен. Жанәпия Қызылжарда оқып жүретін.

Радиодан ән тындағыш-ақпын. Төсегімде шалқамнан жатып Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігін» оқып жатыр ем, радио сөйледі.

«...Тынданыздар! Сөйлеп тұрған Алматы, атақты Нұрымова Жанәпияның орындауында СССР халықтарының әндерінен концерт береміз!»

Құлағым елендеп, радионың қасына барып тындай қалдым. Сол әншінің қысқаша өмір баянын диктор айтпағанда мен оның кім екенін білмес едім, әрине.

«...Ауылға мәдениет жорығына барған Ғайни Жомартованың көмегімен 1928 жылы Қызылжар педтехникумының даярлық бөліміне оқуға түсті... Өткен жылы Москва консерваториясын бітіріп шықты...»

Бұл баяғы Ғайни, Досымбек, Әбу қойшы бәріміз бас қосатын тымық кеште, бізбен мәжілістес болатын Жанәпия екенін енді анық білдім. Оның әнін тындауға ынтық-

тым. Неше алуан әсем әндерді сызылта шырқағанда кең бөлмеге сыймай, балаша секіріп қуандым.

Менің көз алдыма ана жылғы ұялшақ Жанәпия емес, надандық, ескілік тұманын серпіп тастап, өнер шыңына шығып, совет халқының сандуғашы атанған жайдары-ашық, ақыл-ойы толықсыған білімпаз Жанәпия келді.

Сонау, алыстап бара жатқан күндерді, бірге оқып ғылым бұлағынан бірге сусындаған достарымды есіме түсірдім. Маужырап ұйықтап кетіппін...

7

Өткен күндерді ойлағанда өмірінің ұмытылмайтын бір қызықты шақтары еске түсе кетеді екен... Досымбек екеуіміз Қызылжар педтехникумында оқып жүрміз. Білімге құлаш ұрып ұмтылған сайын сәулелі болашақ бізді қол бұлғап шақырғандай болады.

Педтехникумде жүз қаралы қазақ балалары бармыз. Бәрі де білім бұлағынан еркін сусындап, рухани шөлін қандыруда.

Педтехникумның кең залында күн сайын сабақ тыңдаймыз. Бір кезде, түнде «ақсүйек» ойнап, күндіз асыр салып асық атып, жар жағалап күн өткізетін, болмаса көзіне көк шыбын үймелеп қой соңында жүретін қазақтың қара домалақ балалары міне бүгін мәдениет ордасының төрінде отырмыз...

Жалғаным емес, расым, достар, сол кезде өз басым, аспандағы күн мен айға қолым жеткендей мардымсытынмын. Ғылымға алаңсыз берілгенімді содан біліңіз, жүрер жолымда таудай бөгет тұрса да, тайсалмай бұзып өтуге бар едім.

Жастық шақтың бірінен бірі өткен аяулы күндері таудан аққан тас бұлақтың суындай жылысып, ғасыр дариасының кең арнасына құйылып жатты. Сол кең арнада ағын судың толқынындай үміт, тілек толқыны шарқ ұрып бізді ілгері қарай әкетіп барады.

Досымбек екеуіміз ылғи бір жатып, бір тұрамыз, бір үзім нанға шейін бөліп жейміз. Бір анадан егіз туғандаймыз. «Дос болса осылардай болсын» дейді жұрт. Досымбек бір күні кенеттен сырқаттанып ауруханаға түсті. Науқасы өте ауыр. Ішкенім ас болмай, ұйқы беріп, қайғы алдым. Күнде барып халін біліп тұрамын. Жалмауыз

ажал аузын арандай ашып, досымды алғалы келе жатқандай болады да тұрады...

күннен күнге ауруы мендеп, халі нашарлап барады.

— Дауасы бар ма ауруының? — деп сұрадым емдеуші дәрігерден бір күні.

— Бір ған дауа — таза қан құю, — деді дәрігер.

Дереу өз қанымды сарапқа салдым. Түн қараңғылығы қоюланып, әлемді ала бастаған кез еді. Дәрігерлер қанымды алып шұғыл зерттеп жатыр. «Қаным іске жарап, Досымбектің жаны қалса!» деген бір ғана тілек болды менде сол қысылшаң сәтте.

Қанымды алып Досымбекке құйғанда, бір жақсылықты сезгендей жүрегім лүпілдеп, қарауытып сөнуге айналған үміт оты қайта маздап жана бастады.

... Тілегім орындалып, Досымбектің беті бері қарады.

Досымбек науқасынан әбден айығып, ауруханадан шықты. Соның құрметіне студенттер бас қосып қуаныш кешін өткіздік.

Досымбек көп алдында салмақты пішінмен сөз бастап, екеуміздің арамыздағы достықтың тарихын қозғады. Қарақаттай мөлдіреген көзінің жанарында шаттық оты ойнап, ат жақты, орақ мұрынды келген бет ажары бір түрлі құлпырып кетті. Бір мезетте күлімсіреп түрегелді де, мені қапсыра құшақтап, екі бетімді алма-кезек сүйді. Мен де оның бетін жас балаша шөпілдетіп сүйіп-сүйіп алдым. Екі жүректі бір-біріне қабыстырып көп тұрдық. Айтпақ асыл сөздерімізді қабағымызбен ұқтырып, бірімізге біріміз мейірім төге қарай бердік. Мен Досымбектің сол кездегі ішін дәл өз ішімдей біліп тұрдым...

8

1940 жылы жазды күні серуендеп Москваға бардым. Аңсап барған астананы армансыз аралап бір жасап қалдым. Кеңпейіл, меймандос Москва мені қадірлі қонағындай қатты силады.

Бір күні Москва университетінде—«Максим Горький—пролетариат әдебиетінің атасы» деген тақырыпта лекция оқылады екен дегенді естіп асығыс барсам, кең залда жұрт тіресіп жиналып отыр екен.

— Лекцияны бір мықты әдебиетші оқиды,— деді бір студент жігіт маған.

Бір кезде қолында шиыршықтап ұстаған қағазы бар, әдемі киінген біреу қасқайып трибунаға шыға келді. Екінші қатарда отыр ем, әлпетіне қарағанда орыс емес. «Шығыс елдерінің бірінің жігіті болар» деп ойладым. Жалпақ бет, келте мұрын, үлкен көзді, қараторы жігіт лекциясын оқи бастады. Орыс тілін тым жатық сөйлейді.

Лекцияны жұрт ықыласпен тыңдап отыр. Максим Горький шығармаларындағы тендесі жоқ тамаша образдарды талдап айтып, келістіре суреттеді.

— Бұдан он екі жыл бұрын мен қазақ сахарасында байдың қойының соңында жүрген құлақкесті қойшы едім, — деді лектор сөз арасында, — Горькийдің «Ана» романы сол кездің өзінде-ақ біздің ұлан-байтақ даламызға жеткен-ді. Ауылға мәдениет жорығына барған қазақ студенттері жарлы-жалшыларды, ауылдың кәрі-жасын жинап алып, Горькийдің асыл шығармаларын оқып беретін. Ол кезде мен қара танымайтын едім. Бірақ, революция дауылпазының айбарлы үні мені, мен сияқты мыңдаған жарлы-жақыбайларды өнер-білімге, болашақ нұрлы өмірге шақырғандай болатын. Нилова сынды батыр ана жайын, Павел Власов, Андрей Находка жайын естігенде маған бір кең дүниенің алтын қақпасы ашылғандай болып еді. Ұлы жазушының шығармаларын өз бетіммен оқып сусындасам-ау деп арман еттім... Арман орындалды...

Лектор жүйткіп сөйлеп тұр. Мен одан көз айырмай қараймын. «Апырмай, осы баяғы өзім оқуға түсіретін Әбу болмағай еді» деген бір ой басыма сап ете қалды. Даусы, тіпті, түсі де соған келеді. Неде болса, лекция біткен соң ретін тауып сөйлесуге бел байладым. Турадан тура:

— Денің сау ма, Әбу? — деп кәдімгі ашына адамша шүйіркелесе кеттім.

— Сіз кім боласыз, танымай тұрмын, — деді ол қол алысқаннан кейін.

— Әбітай Маусымбаевты білесің ғой, — дегенімде беті ду етіп қызарып, аз кідіріп қалды да:

— Ағатай-ай, сіз екенсіз ғой, — деп құшақтай алды.

Сол арада екеуміз өткенді еске түсіріп, ұзақ сөйлестік. Әбуім Москва университетінің тіл-әдебиет факультетінде оқиды екен. Келер жылы бітіретін көрінеді. Көптен бері

байланысымыз болмай, хабарласпай жүргенімізге екеуіміз де қатты өкіндік.

Бұдан он екі жыл бұрын, жалаңаяқ жар кешіп, қызыл аяқ қыр кешіп, еңбегі еш, тұзы сор болған қойшы бала — міне, ғылым асқарына шығып, көпке тәлім беріп тұр. Әбүді көргенде тағы да Жанания еске түсті. Баяғы бәріміз бас қосатын қайырлы кеш ойыма келді.

Сондағы үсті-басы жырым-жырым, жалаңаяқ қара баламен төмен қарап, тұнжырап отыратын ұялшақ қыз ғылым бұлағынан еркін сусындағаны әрине біздің заманның күші. Бұған қалайша мақтанбассың!..

Әбумен он шақты күн бірге болып, сый-құрметін көрдім де, Қазақстанға қайта оралдым...

9

Әбітайдың Катяға оқып бергені «Дәптер» деген әңгімесінің орысша аудармасы. Бұл әңгімені орыс тіліне аудартып, республикалық әдебиет журналына бастырмақ боп жүргенде соғыс басталып кетті де, сәті түспеді. Осы госпитальға түсер алдында елдегі шешесінен сұратып алдырып еді. Майдан газетіндегі орыс жазушыларының біріне қаратып, жөндетіп алайын деп ниет етіп жүргенде мынадай күйге ұшырап қалды.

Әңгіме Катяға өте ұнаған болуы керек:

— Сіздің әңгімеңізден өмір шындығын, сүйіспеншілік пен достықтың бейнесін көрдім, — деп мақтады ол.

Әбітай Катяға алғыс айтып әңгімесінің қолжазбасын тумбочкаға қайта салып қойды. Сөйтті де, ұзақ жорық сапарының кірі шалып, көнерген кестелі қызыл пүліш қалтадан «Дюбек» темекісін алып, газет қағазына орап рақаттанып шылым тартты.

Катяның ілтипатына Әбітай өте риза. Не бір қиын бейнетіне көніп, аузына сусын беріп, басына жастық қойған осы Катя емес пе? Шыбындай жаны қыл үстінде тұрғанда талай ұзақ түндерде көз шырымын алмай, соның өмірін күзетіп, осынау темір керуетке сүйеніп отырмап па еді ол. Сөйткен қадірменді, ашық-жарқын, ақкөңіл қарындасына іштегі сырын лақ еткізіп баяндағысы-ақ келетін. Бірақ ретін таба алмай, бой тартып ойын тежейтін де кейін бір қиығы келгенде көрермін деп ойлайтын.

— Көрген бейнетіңіз бір күнгідей де болмай ұмыты-

лар әлі. Енді көп кешікпей өзіңіз қайта-қайта оқи беретін хаттар мен кестелі қалтаның иесімен де қауышарсыз, жолдас аға лейтенант, — деді Катя назданып.

Катяның бұл тұспалына бірден мән бере қоймаған Әбітай тоқетерін бір-ақ айтты:

— Менде әйел де, бала да жоқ, Катя!

Шынында да Әбітай бойдақ болатын. Үйленуге енді ниет етіп жүргенде соғыс басталып кетті.

10

Зерігіп іші пысқанда Әбітай ылғи ыңылдап ән салады. Қай-қайдағы ғашықтық, сағыныш өлеңдерін айтса, ән мен өлеңнің тіліне түсінбесе де Катя көзі жаудырап ылғи ұйып тындайды... «Сөзіне түсінбегенімен қазақ әнінің әсем, көтеріңкі әуені құлағына жағатын болса керек» деп ойлайды Әбітай. Әні Катяға ұнағанына насаттанып қалады.

Күнде бір мезгіл Әбітаймен әңгімелесіп тұрмаса, Катяның ішкені ас болмайды. Катяға ән айтқызбаққа Әбітай қанша оқталса да, бұл күнге шейін сол тілегін сездірген жоқ.

— Орыстың бір жақсы әнін шырқап жіберсең қайтеді, Катя? — деп бүгін ойламаған жерден сөз тастады.

— Әнші емеспін, жолдас аға лейтенант! Барылдаған даусымнан шошып кетіп жүрерсіз!..

— О не дегенің, Катя, әркім барымен базарламай ма? білгенінді айтсаң жетіп жатыр...

Катя ұялыс тауып, тым қысылған ыспаттанып төмен қарап, біраз ойланып тұрды да, тамағын кенеп қойып, ән шырқайтын ыңғай көрсетті. «Енді қашан» дегендей құлағын төсеп Әбітай толқып жатыр еді.

Қаз қанатын әй қаққанда,
Сызылып таңлар атқанда,
Ғалиябану сұлуым иркәм...—

деп сызылта жөнелгенде, Әбітай аузын ашып, Катяның бетіне бажырая қарай қалды.

— Керемет-ау, татар әнін қайдан үйренгенсіз? — Әбітай Катяның бетіне таңырқай қарап.

— Өзім татар қызы болған соң... — Көзін төмен салып, сызыла үн қатты Катя.

Екеуі біріне бірі үнсіз қарасып біраз отырды. Бұдан бұрын Әбітай Қатядан жөн сұрамаған. Тіпті, фамилиясын да білмейтін. Госпитальдағылар қарапайым қызметкер әйелдерді ылғиына өз аттарымен, ал офицерлерді әскери дәрежесін қоса фамилиясымен атайды. Әбітайдың Қатя жайында білетін мәліметі оның есімі мен атқаратын қызметі ғана. Сөйткен Қатя, енді, міне, татар қызы боп шықты...

Сөзден сөз шығып әңгімелесе келе Қатя өзінің қысқаша өмірбаянын айтты. Бұдан жиырма алты жыл бұрын Омбы қаласында, Ғарифулла дейтін етікші шалдың семьясында туыпты. Қарт әкесі мен кемпір шешесі қазір сол қалада тұрады екен. Омбыдағы медицина техникумын бітірісімен 1942 жылы өз еркімен майданға аттаныпты. Жаралы жауынгерлерді күтудегі ерекше әнбегі бағаланып, «Қызыл Жұлдыз» ордені және «Жауынгерлік қызметі үшін» медалымен наградталыпты.

— Анықтап айтқанда, — деді Қатя, — Кәмила Ғарифуллақызы Файзрахманова, танысып қойыңыз, жолдас аға лейтенант!

— Тіпті жақсы, жолдас Файзрахманова!

Сол мезетте Әбітайдың қуқыл бетінің ұшына лыпылдап қан жүгері қалды. Көзінің нұры да бұрынғысынан молайып кеткендей.

— Им... Солай екен, Кәмила Ғарифуллақызы Файзрахманова! Мен де Омбыдағы сіздің бір жерлес құрбыңызбен бір кезде хат жазысып тұрғанмын. Сол қыздың өз аты да, әкесінің аты да, тіпті фамилиясы да дәл келіп тұр.

— Дүниеде аттас адамдар көп қой, жолдас аға лейтенант, деді Кәмила. — Әбітайдың тосын сөзіне мән бермеуге тырысты... Бірақ, осы үйлестік оған да әлде бір дүрбелең ой салғаны құбылған жүзінен, ойлы көзінен аңғарылып қалып еді.

— Суреті жоқ па еді, сол қызыңыздың? — деді Кәмила Әбітайға жақындай түсіп.

— Жорықта жүргенде жоғалтып алғаным... Әлі күнге шейін өкінем...

Шындығында ондай сурет Әбітайда болған емес. Қыздың ойын байқайын деп қасақана айта салып еді.

Қатя осы арада жеңіл қалжыңға басты:

— Бармақ басындай суретті сақтай алмағаныңыз салақтығыңыз ба, әлде қызыңызды силамағаныңыз ба?..

Әбітай жеңілісін танытқан болып төмен қарады.

— Мүмкін, бір белгісі бар шығар... Көруге рұқсат етсеңіз қайтеді?

— Бар ғой... көрем десең! — Әбітай тумбочкеден ескірген кестелі қызыл пүліш темекі қалтаны алып берді.

Кәмила тапжылмай отырып, қалтаны көрді.

Кірлеп, оңа бастаған қызыл масаты темекі қалтаның үстіңгі жағындағы сары жібек жіппен кестелеп жазған белгіге көзі түсті: «Жауынгер жолдас! Сізге тартқан силығым Кәмила Файзрахманова. 1941 ж. 10. VIII».

— Осы қалтаның ішінде келген хаты еді екеумізді сырттан таныстырған — Әбітай осы сөзінен өзі бір тамаша ләззәт тапқандай жайнап кетті.

— О... асаған! — деді Кәмила оң қолымен жағын таянып.

— Нем... е, не болды?

— Жай, әншейін... Қайда екен қазір сол қызыңыз?

— Хабар-ошарсыз, екі жылдан асып барады, хабарсыз кетті, өзім де білмеймін қазір қайда екенін. — Әбітай жеңіл күрсінді. — «Тау-тауға қосылмайды, адам адамға қосылады» дейді біздің қазақ. Бұл дүниеде бар болса, бір жерде ұшырасып қалуымыз да ғажап емес, кім біледі...

— Егер көрсеңіз таныр ма едіңіз? — деді Кәмила Әбітайдың көзінен көзін айырмай, жымыңдап, — суретіндегі бейнесін ұмытпаған боларсыз.

Катяның бұл сауалына Әбітай бірден жауап қайтармады.

— Дидарласып көріскен адамым болмаған соң, танимын деп қалай өтірік айтайын, — деді сабырлы пішінмен.

Кәмила толқып кетті. Беті құбылып, көзі жаудырап, орнынан түрегелді де, Әбітайға ұмтыла түсіп, бойын тежеп тұра қалды.

— Егер мен болсам сол қыз?

Әбітай көзі шырадай жанып мамық жастыққа сол қолымен көміле шынтақтап, Кәмилаға бетін бере қырын отырған күйінде тесіле қарай қалды. Ауыр жарақаттың зардабынан көгеріңкі тартқан қуқыл бетіне біресе болмашы қан жүгіріп, біресе қуара қалып, әудемде әлденеше құбылды. Бір мезетте бар пәрменімен ұмтыла қозғалып, Кәмилаға оң қолын соза берді. Сол сәтте екі қол айқаса кетті.

— Қиын-қыстау күндерде қанатыңмен су себелеп қорғаған қарлығашым сен екенсің ғой!

Күні кеше қан майданда қалт етпеген әлуетті қол теңіздің майда толқынындай дірілдеп, дүрсілдеп, соққан жүрегінің ыстық лебін қызға жеткізіп тұр. Қос жүректің осы сәттегі ыстық лебі айқасқан екі қолдан лыпылдап сезілгендей еді.

Әбітай Кәмиланың қолынан ептеп қана тартты да, маңдайынан сүйіп алды.

Кәмиланың аққұба жүзі алмадай балбырап, қара көздері мөлдіреп, Әбітайды қапсыра құшақтады. Жігіттің тершіл ыстық маңдайын жүрегіне басты. Бірақ, тоғысқан қос жүректің сыры әлі айтылған жоқ...

ШЫРҒАЛАҢ

1

Еділ машықтанған ақын емес. Сонда да кейінгі кезде өзінің көңіл күйін ара-тұра альбомына жазып қоятын-ды.

Күн жексенбі еді. Қызметтен қолы сәл босай қалса, қызықты кітап оқып, альбом ақтару Еділдің көптенгі әдеті.

Қалың сұр былғарыдан мәнерлеп жасаған қабында Пушкиннің Москвадағы ескерткіші бейнеленген әдемі альбом Еділдің өмір шежіресі десе болғандай. Жуықтағы бір дүрбелең күннен кейін ойына тоқып жүрген екі шумақ өлеңін альбомға жазарын да, жазбасын да білмей, екі ойлы болып көп отырды. Іші мұнтаздай, тап-таза шағын бөлменің ортасында қызыл шұбар дастарқанды айқара жапқан шағын биік столдың ернеуіне екі қолын шынтағына жеткізе артқан күйі, сұрланып отырып қалды. Әлсін-әлсін көзіне түсе берген толқынды қалың қара шашын анда-санда кейін серпіп тастап, жөндеп қояды. Келісті аққұба беті қуқыл тартып, жазық маңдайынан тура түскен қырлы мұрнының үстінде бір жіңішке сызат пайда болыпты.

Еділ еңсесін көтеріп, ыңылдап өлең айтты:

Жырламашы қарындас,
Мұнды күйін татардын.
Көзімнен ағып қанды жас
Қасіретке батармын...

Өз қарабасының әлдебір кем-кетігі есіне түсті ме, болмаса, жаңағы өлеңі ойын қозғап жіберді ме, кім білсін, жүрегі қобалжып бейжай болды.

Жаудыраған мөлдір қара көздер қара альбомді тағы да тінте бастады. Іздегені сол шығар: өзімен бірге түскен жарының суретіне аялдады назары... Алаңсыз сүйіскен қос жүректің бейнесіндей, айнымас серттің куәсіндай осы сурет өзегіне от салып, жанын өртеп барады...

Альбомды жалма-жан жауып қойып, өші бардай итеріп жіберді де, өз-өзінен сөйлеп кетті:

«Осы сұмдықты шығарып жүрген кім болды екен?» — дегенде даусы қаттырақ шығып кетті. Ауыз бөлмеде үй шаруасымен айналысып, күйбендеп жүрген шешесі селт етіп, кәрі құлағын түре қойды.

— Сормандай! — Төргі бөлменің есігін қырындастырып жауып қойды кемпір. — Қылтындап күнде үйімізден шықпайтын Қаматайдың да келмеуін қарашы.

Шешесінің сөзін Еділ естісе де, елеген жоқ. Столда теңкиіп жатқан бір қалың кітапты әбігерлене ақтара бастады.

Сол екі арада ауыз бөлмеге Қаматай кіріп келіп еді, амандық айтысқаннан кейін кемпір оған:

— Кімді айтса сол келеді деген... Ниетіміз түзу ғой... Неге келмей жатыр екен деп жаңа ұрсып едім... Сені күтіп отыр... Жоғары шық...

Қаматай Шөкей кемпірге еркелеп:

— Етінді ас, шайынды қайнат, шеше! — деді.

Төргі бөлмеге кіруге ыңғайланып, есіктің тұтқасына жармаса бергенде кемпір Қаматайдың жеңінен ұстай алды. Еділ естіп қоймасын деп, сақтанса керек, құлағына аузын тақап сыбырлап:

— Досың ғой, ақылыңды айтып екеуін келістірсейші, тілеуінді берсін!

— Қапа болма, шеше, бәрін де реттеймін, жөндеймін! — Миығынан күліп, сендіре айтты.

Кемпір оған алғысын үнсіз жеткізіп, арқасына қақты.

Қаматай келгеннен-ақ Еділдің түсі жыли бастады. Ауыр қайғыға кез болған аяулы досының көңлін аулап, жұбатуға келген Қаматай алыстан орағытты. Әлдеқашан өтіп кеткен бір білгіштердің нақыл сөздерін төкпелеп отырды да:

— Сіздің үйде бір қолайсыз уақиға болып қалды дей ме... Командировкадан өткен түнде келдім, естіген соң үйде шыдап отыра алмадым...

Еділ бірден шешіле қойған жоқ. Қамкөңліне содан медеу алғысы келгендей Қаматайдың бетіне жаутаңдап қараумен болды. Кеудесін кере қатты бір күрсініп алды да, іштегі қайғы-шерін лықсытып сыртқа шығарды:

— Иә, өзің де естіпсің ғой, сондай бір қиын іске тұтқиылдан кездесіп тұрмын. Ерте кезде біздің елдегі Жұ-

сіпбек дейтін кедей жігіт жаламен абақтыға түсіп, бір жыл жатқанда өлең шығарыпты:

Жүсіпбек өзім атым, әкем Жанбай,
Дабысы абақтының әлдеқандай,
Пәленше сөйтті десе сескенуші ем,
Ежелден неге көнбес сорлы маңдай... —

деп күңіреніп отыратын. Мен де соның кебін кидім досым...

Қаматай қамыға қалды. Ернін жымырып, қушық танауын шұқылап сәл отырды да:

— Адал көңліммен айтайын: Мойыма достым... Тірі болсаң, сондай бір әйел табылар, — деді.

Қаматайдың бұл сөзінен көңліне жұбаныш тапқан Еділдің тынысы кеңейіп кеткендей болды.

Қаматай бір көрмеге көркем жігіт. Аузынан мәйегі шығып, сызылып тұрады... Сәл томпақтау біткен бұғағы жасына сай келмейтін бір үлкендік сипат қосқандай. Тұтас келген төртпақ денесі қорғасыннан құйып қойғандай шып-шымыр. Шалқақ кең маңдайын, жұқа қабағына төнген қою қара қасы, көтеріңкі қырлы мұрны, қаймыжықтай ерні, — іші мен сырты бірдей сұлу адам дегізгендей...

Еділ мен Қаматай достасқалы үшінші жылға аяқ басты... Әй-шәй десіп көрген емес. Қаматайдың әйел жағына осалдығы бар. Зілсіз жеңіл қалжыңға да тым шебер... Әйтпесе, достығында кемшілік жоқ-ақ. Еділ шындап келгенде Қаматайдың осы мінезін іштей жақтырмайтын. «Беті жылтыраған әйел көрсең өзеурей қаласың, сенің осы мінезің маған ұнамайды» деп орайы келгенде айтып жүретін. Бірақ, Қаматай оның бұл сынына мән бере қоймайтын. Жеңіл қалжыңға айналдырып, мақтабілтелеп жіберетін. Жобалғы болса да өз шаруасына мығым Шәмсібәну мен үйелмелі-сүйелмелі кішкентай үш баласын жылы жауып қоятын да, жастық дәуреннің қызығын көріп қалғым келеді деп дәлел айтатын...

Обалы не керек, дос-жарандарын силауға келгенде Қаматай алдына жан салмайтын.

Жақауратып, ананы-мынаны айтып біраз отырды да Қаматай әріптес досының көңлін бір көтеріп тастайын деген оймен:

— Қой, Еділ! О несі, осындай боркемік пе едің? Жок

нәрсеге бола осынша опырылып?.. Осы шатақтың өзі неден басталып кетті? Айтшы, ұғындыршы?.. — деді...

— Айтуға аузым бармайды. — Еділ төмен қарап күмілжіп қалды. — Жұртқа масқара болдым... Естіген шығарсың...

Жұмыртқаның қабығындай бозғыл шыңылтыр беті тершіп, досының қайғысына ортақтасып отырған Қаматай іліп әкетті:

— Естуін естідім, Дос аз, дұшпан көп дегендей... Жұрт қызық қой, құрыққа сырық жалғап өсіріп айтып жүр, түге...

Күні кеше өзін ағаш аттың басына мінгізіп, өмір-жасын өксіткен шырғалаң уақиғаны Еділ бәжейлеп айтуға кірісті.

— Бұрнағы күні таңертен, алғашқы үзіліс кезінде мұғалімдер бөлмесінде газет оқып отыр едім, телефон шылдыр ете қалды. Жалма-жан трубканы алып тындасам, Сақыпжамал екен. «Жаныңның барында қазір үйге кел» деп тепсініп тұр. Не болып қалды, айтып өлтірсейші десем, «үйге келгенде білерсің» деп булығы сөйледі. «Егер қашқалақтап келмесең, қазір керосин құйып үйінді өртеймін де, барып мектебіңе лаң саламын» дегенде ащы даусы құлағымнан өтіп кетті.

Қаматай сөзге килікті:

— Қап, пәле қайда деме, бөрік астында...

— Шатақтың көкесін кейін көрерсін әлі! Үйде бір сұмдық болып қалғанын сездім де, телефонның трубкасын іліп қойдым. «Келіншегім кенеттен науқастанып қалыпты, талып жатқан көрінеді, бүгін қызметтен босатыңыз» деп директордан рұқсат сұрадым. «Ойбай, тез жет, дәрігер алдыр» деп Шәкен абыржып қалды... Кейде, бас жоқ, көз жоқ, шырт ете қалатын бір мінезі бар еді, әжеммен керісіп, ауыр сөзге келіп қалмады ма екен деген ой келді. Бүрсең қағып, жолда талай сүрініп, үйге келдім.

Басын оң жағына қыңырайтып, аузы аңқайып, үнсіз тындап отырған Қаматай осы арада шапшаң қозғалып, сөз араластырды:

— Денем дуылдап от боп кетті ғой... мұндай да сұмдық болады екен өмірде. — Күйінішін сездіріп, қамыға үнледі...

Еділ орнынан атып тұрды. Дел-сал күйден шұғыл арылып, кектене сөйлеп кетті:

— Көңлімде ишенің жасуындай арамдық болса, не деп ант іш дейсің...

Қаматай сүңгіп шыққан үйректеі мойнын қылқың еткізіп, осы арада досын бір демеп қойды:

— Көрген құқайың бұл ғана емес қой... Қайтер деп едің... Жайланып отырып айтшы...

Еділ орнына қайта отырып, байсалдана сөйлеп кетті:

— Үйге кіруім-ақ мұң екен, Сақыпжамал тұлан тұтып жағамнан ала түсті... Аузына ақ ит кіріп, қара ит шығып, сыбап жатыр... Ойбайлап, үйді басына көтерді. Шашыма жармасып, бет-аузымды шиідей ғып тырнап тастады...

— Мына шіркін, жынданған шығар! — деп әжем бажылдап арамызға түсе қалып еді, Сақыпжамал оны кеудесінен итеріп жіберіп қалпақтай түсірді.

— Қап, екі арада шешем байғұс сорлап қалған екен, — деді Қаматай қопандап. — Мінезі нашар екен ғой өзінің...

— Бір туыппын, бір өліппін деген оймен Сақыпжамалдың екі қолынан шап беріп ұстадым да жұмарлап апарып кереуетке отырғызып қойдым.

Екі көзі қанталап, беті көгеріп, қалшылдап отыр. Ашуға булығып сөйлей алмады, ағыл-тегіл жылай берді. Әжем байғұс қолды-аяққа тұрмай шыжалақтап жүр.

— Осында, мына хат дей ме, сурет дей ме, — пенжегінің қалтасынан бірдеңе тауып алдым деп қырып жібере жаздаған. Бұларың не сұмдық, айтып өлтірсендерші?..

Бейкүна екенім өзіме аян. Бірақ, жалынып, жалбарынғанмен жан қалатын емес... Ақ едім, таза едім дегеніме Сақыпжамал ашу үстінде илана қоя ма? «Өзім де өлем, сені де өлтірем» деді көгеріп-сазарып.

— Қәне, көрсетші тауып алған хатың мен суретінді, ел бар, жұрт бар, сарапқа салайық, — деп едім, Сақыпжамал онан сайын дәуірлеп кетті.

— Естімеген елде көп деген осы екен ғой. — Қаматай қанын ішіне тарта қойды...

— Әжем үн салып жылаған бойымен шығып кетіп, көршідегі әйелдерді шақырып алып келді. Ғазиза апайды білесің ғой... Ол кісі келген бетінде Сақыпжамал екеуімізге зекіп ұрсып, қатты сөзбен біраз умаштап алды да:

— Қелін шырағым, ессіз емес едің ғой... Сабыр етсейші. Қәне, тауып алған хатың мен суретінді бізге көрсетші, егер бар пәле Еділден болса, бәріміз жабылып өзін соттатып жіберейік, — деді.

Ғазиза апайдың осы сөзінен күш алып, көңлі шамалы жай тапты ғой деймін, Сақыпжамал қалтасынан бір жапырақ қағаз бен бармақ басындай суретті алып, оған ұстата берді.

— Қолына бермеңіз, құртып жібереді, — деп зыр қақты Сақыпжамал.

Қаншаға созыларын кім білсін, әзірше ар-намысыма мықтап нұқсан келгенін кәміл біліп тұрмын.

Ғазиза апай Сақыпжамалға өтініш айтты:

— Бізді силасаң тыныштал. Ашумен түк те өндіре алмайсың. Біз барда жанжал шығаратын болсаң, пәлеңнен аулақ, кетеміз...

Сөзден жеңілген Сақыпжамал үнсіз сазарып сәл отырды да:

— Төрелігін өздеріңізге бердім, — деді.

Ғазиза шұқшиып хат пен суретті көрді де:

— Міне қызық! — деп ернін сылп еткізді.

Келген көршілер де, мен де сот үкімін тыңдайтындай ақ тізіліп, сіресе қалдық. Тек Сақыпжамал ғана сұрлана мелшип кереует үстінде отырды да қойды... «Қылмысын ашылды, сұмырай, бетіңе қара күйе жағылды» деп қалшылдайды.

— Көрерміз! — дедім тістеніп.

— Көрсек көрерміз, — деп Сақыпжамал ытырынып қырын қарады. Осы мезетте мен оның көзіне әбжыландай көрінсем керек, жиіркеніп түкіріп тастады.

— Иә, содан кейінгісін айт, — деп Қаматай өзеурей қалды.

Еділ кенет бірденеден шошығандай селт етіп, еңсесін көтере қойды.

— Ғазиза ашық кісі ғой. Хатты дауыстап оқи бастады: «Сүйіктім Еділ! Жаңа ашылған гүлдей, пісіп тұрған алмадай жас өмірімді сенің жолыңа құрбан етуге әзірмін деп айнымас серт беріп едім. Содан бері бір жыл өтті. Осынша кешеуілдетуіңе не себеп? Әлде тұрлаусыз солқылдақ жігіт болғаның ба? Қеліншегіңді қимайтын болсаң, оныңды айт. Өзімсініп айтқан назымды көңліңе ауыр алма. Енді ұзата берудің жөні келмес. Сөйлесейік, біржола келісейік. Белгілі жерге кел. Бүгін кешкі сағат 9 да күтемін.

К. М.»

Хаттың қолмен қойғандай анық сөздеріне иланып қалса керек, Ғазиза мені оқты көзімен атып тұра қалды.

Оған еріп келген көрші әйелдер «бар пәле өзіңнен екен ғой сұмырай, несіне жалтарасың?» дегендей маған алара қарасты.

Ғазизаға ой түсті ғой деймін, қабағы кенет жадырап:

— Осының өзі бір қалжыңбас құрбыларыңның сендерді сынағалы істеп жүрген ойыны болып жүрмесін... — деді.

Тілі мен жағына сүйенген Күнзила дейтін бір сұйық көршіміз бар осында. Оны сен білмейсің. Сақыпжамалға осы арада жағынып қалайын деген шығар, сапылдап маған қадала түсті:

— Еркектер сендердің жайларың белгілі, үйден екі қадам ұзап шықсаңдар бойдақ бола қалатын әдеттерің.

— Сұғанақ біреудің қалжыңы ғой бұл, — деп едім, Сақыпжамал бет бақтырмады.

— Шылп етпеуін қарашы, қара беттің...

— Ал, кәне, сурет не айтар екен? — деп Ғазизаға тура қарап тұрдым.

— Бұ да сенің сөзінді сөйлеп тұрған жоқ, қайным. Сыртындағы жазуын оқып берейін: «Өмірлік досым, сүйіктім Еділге, — деп жазыпты... Мәс... саған безгелдек... — Ләззәтті күндеріміздің өшпес белгісі болсын. К. М.» Егер шын болса, мынауың барып тұрған... — Аржағын айта алмай кідіріп қалды. — Нәзік жазу, әйелдің қолы...

Еділ әңгімесін кілт үзіп түнере қалды. Күш жиғандай ширақ сөйледі:

— Мейлі, кім де болса, қазған орына өзі түсер... Менің нем кетер дейсің... Қолыма түссе жүндей түтер едім...

Қаматай сөз қыстырды:

— Ер жігіттің басына не келіп, не кетпейді... Әрнеге сабырлық керек. Бәрінен де қиыны мына хаты мен суреті құрғыры екен...

Еділ бұл істің арты насырға шабайын деп тұрғанын, әйелі төркініне кетіп қалғанын қынжылып айтты. Осы пәледен қалай құтылар екенмін деп Қаматайдан ақыл сұрады. Сақыпжамалға барып ақылыңды айт, адаспасын, семьяның шырқын бұзбасын деп салмақ артты.

Жайшылықта сынаптай сумандап тұратын пысық Қаматай дәл осы арада қорқа соқты.

— Көңлімде титтей ақау жоғына сенесің ғой, — деді ол, — осы пәледен сені қалай құтқарудың ретін таба алмай қатты күйзеліп отырмын... Желігіп алған Сақыпжа-

мал қазіргі күнде маңайына дарытар дейсің бе? Ит терімді басыма қаптап қуып шығар деп қорқам...

Еділдің тауы шағылып қалды.

Қайтейін, басыма не түссе де... Әуре болмай-ақ қой ендеше...

Қаматай ішіндегі терең сырын ақтаруға оңтайланғандай, бірақ айтуға аузы бармай отырғандай күйбеңдеп, түртінектеп отырғанда, кемпір бұларды ауыз бөлмеге шайға шақырып әкетті...

2

Еділ мен Қаматай шай үстінде бір-бір стакан тәтті қызыл шарапты сіміріп алған. Альбом ақтарып, көр-жерді айтып бір-аз отырған соң Еділ сөз бастады:

— Бүйтіп көрген күні күрсын...

— Бері қара! — деді де ерсілі-қарсылы жүрген Қаматай досының иығына қолын артып тұра қалды. — Араларыңа от салмайыншы деп іш құса боп жүретін едім... Саған қанша жаным ашыса да өзімді-өзім тәк-тәкпен ұстап, осы уақытқа шейін әрең шыдап келдім.

— Не білгенің бар, айтшы!

— Білгенімнің бәрін де айтам. — Қаматай жүзі күбылып, мұрнының үстіне мөлдіреп шыққан терді жұмсақ алақанымен қалпи сүртіп қойды да, Еділдің бетіне мүсіркей қарады.

Аза бойы қаза болып, қалшия қалған Еділ досының қолын иығынан сырып жіберді де, орындықты нұсқады. Қаматай жайғасып отырысымен:

— Әкесі өлгенді де естіртеді, көрген-білгенінді ағыт, — деді.

— Сүйікті досым едің, Еділ! Екі-үш жылдан бері әйшәй деспей, силасып келеміз, — дегенде Қаматайдың даусы толқынып шықты: — Сенің басыңа түскен ауыр қайғы менің де жаныма батады. Сенің табаныңа қадалған тікөнек менің маңдайыма қадалсын дейтін едім... — Тұнжырап төмен қарады.

Қаматай сөзінің төркінін аңғара қойған Еділ онжорғасы түсіп дағдарып қалды, көзінің алды қап-қараңғы болып кетті. Аузында бір қанжылым пайда болды.

— Өзіме айдан анық болса да, бұл әңгімені жан адамға тісімнен шығарған емен... Алдын ала кешіріп алайын: мына пәлеңнен ақталып алғанша жан адамға сыр біл-

дірме. Осы тілегімді орындайтын болсаң ғана айтамын...
Әйтпесе...

Ойы онға, санасы санға бөлініп, пұшайман болып
отырған Еділ айтпасқа уәде берді:

— Тілегінді орындайын, айта бер!..

— Сақыпжамал да қаражаяу емес көрінеді... Көңлі
сүймейді екен, пәле жаппай-ақ ың-шыңсыз кете бермей
ме. Тіпті, аузым бармайды...

— Болары болып, бояуы сіңген іс болса, несіне жал-
тақтайсың, айта бер...

Қаматай түйілген қабағын ашпады. Әлдекімге кектен-
гендей қос жұдырығын түйіп, қаймыжықтай қызыл ерні
кемсендеп ашық кетті:

— Мен оны кімнің тарысы піссе, соның тауығы бола-
ды деп ойлаппын ба... Өтірік айтсам, жаным шықсын...
энеугүні сен ауруханада жатқанда, бір күні түнде қала-
лық бақшада жалғыз серуендеп жүр едім... Түн ортасы
ауған кезде; шеткері тасалау жерде бір жігітпен құшақ-
тасып сүйісіп тұрған үстінен шықтым. Қаным қайнап, не
болғанымды білмей кеттім. Бассалып екеуін де жайрата-
йын деп бір тұрдым да... Тілімді тістеп, көрмегенсіп кете
бердім...

Жан боп жаралғалы мұндай ауыр сөзді естіп көрмеген
Еділ нанарын да, нанбасын да білмей, қалшылдап кетті.

— Әттеген-ай, мына сөз қайдан шықты, — деп от ба-
сып алғандай баж ете қалды...

Қаматай ішін қабағынан танытып, қамыға сөйледі:

— Тапқаны тамағымыздан артылмайды, өзі ынжық,
жуас, алтын басым қор болды деп осындағы бір дос әйе-
ліне сыр ғып айтқанын да естігем... «Мал аласы сыртын-
да, адам аласы ішінде» деген осы екен ғой деп іштей пұ-
шайман болып...

— Менен құтылуға сылтауратып жүрген сол сұмның
өзі екен ғой...

— Оншасын қайдан білейін, — деді Қаматай, — ме-
нің білетінім — сенің осы әйелің бар ғой, кейінгі кезде
тым қырымпозданып, кетті... Көңліңе келмесін... Өзінде
де бар... екі босағаның арасынан аспайтын ауыл қызын
осынша еркелетіп, желіктіріп жібердің... Алтынмен аптап,
күміспен күптеп...

Еділ досына тура қарауға беті шыдамай, мөлиіп ба-
сын төмен салды. Қолдары дірілдеп, жұқа қоңыр костю-
мінің түймелерін шұқылай берді.

— Мына қалжыңның түпкі тамыры осында жатыр екен ғой... Өмірімде адам баласына тырнақтай жаманшылық істеген жан емес едім... Дағдыр мені мықтап соққалы жүр екен ғой... — Еділдің беті боп-боз болып кетті. Орнынан созалаң тұрып, тәлтіректеп барып, қолын столдың ернеуіне тірей қойды.

Қаматай оның қолынан ұстай алды:

— Болар іс болды ғой... Тілімді алсаң, аманыңда құтыл осы қатыннан.

— Сүйген жардан айрылысу өлім емес пе, масқара емес пе! — Қос алақанымен бетін басып, кереуетке етпетінен құлай кетті...

3

Бармақ басындай сурет пен бір жапырақ қағаздың ланы Еділді әбден діңкелетіп тастады.

Сақыпжамал Қызылжардың теріскей жақ бетінде Есіл өзеніне тақау жердегі Ойқала аталатын бөлегінде тұратын төркін жұртына барып, тістей қатып жатып алды.

Қаматай айтқан жайсыз сырды Сақыпжамалға кінағып тағайын десе, бұлтартпайтын дәлел-дерегі мықты емес. Енді не істеу керек? Қомсомол ұйымының секретары Еділді шақырып алып, оңаша сөйлесіп еді: «Шылғи-өтірік, бір дұшпанымның істеп жүрген қастандығы» деп азар да, безер болды.

Қызылжардың қырау қабақ аязды күндері баяу жылжып өтіп жатты.

Еділдің осындағы жолдас-жора ішінде өзгеше сенері де, сүйенері де жалғыз Қаматай... Сақыпжамал жайындағы көрген-білгендерінді комсомол ұйымына жазып берсең қайтеді деп жақауратып айтып көріп еді, Қаматай: «Достықтың әсерімен екеуінің тауып жүрген әдіс-айласы» деп өзімізге ауыз салады деп, баспады. Осылай әуре-сарсаң боп жүргенде бір күні Еділді мектеп партия ұйымының секретары шақырып алып, қолға алды.

Зердебек Атамқұлов орта мектептің әдебиет сабағының оқытушысы, әрі бастауыш партия ұйымының секретары. Ол сөзді жаймашуақ пішінмен сыпайы отырып бастады:

— Бар шыныңды айт, Еділ! Хат пен суреттің иесін

тап. Сен комсомол мүшесісің. Халыққа тәрбие беретін дындай мұғалімсің.

Еділ өзін сабырлы да салқын ұстауға тырысып жайымен жауап қатты:

— Егер де осыдан тырнақтай кіна мойнымға қойылса, комсомолдан шыққаным былай тұрсын, соттатып жіберсеңдер де бақылмын...

Еділдің қалтасынан айғақты зат табылды дегенге Зердебек иланып қалса керек:

— Қылмысты істеген соң, кісі осынша аңғал бола ма екен? — деп жымылып күліп қойды.

— Қылмысты істей білген адам, — деді Еділ зілденіп, — жасыра да білсе керек... Ақымақ адам болмаса, ондай хат пен суретті костюмінің қалтасына қаннен-қанперсіз салып қоя ма?

Зердебек көзін төмен салып ойланып қалды. Еділдің жанына үңіліп көрейін деді ме, кім білсін, шарасы кең қара көзін төңкеріп оның бетіне қараумен болды.

Осы сәттен бастап Зердебек түсін суытып, қолтоқпақтай шағын денесін ширақ ұстап, ресми қалыпқа ауысты.

— Қазіргі мәселе мынада: Үй тұрмысың бүлінді... Жұртшылық алдында маскара болдыңдар... Енді осы халден арылудың жолы қайсы?

— Тілге сенер болсаңдар айттым ғой, — деді Еділ тіксініп. — Бұл жатыпатар біреудің зілді қалжыңынан тұтанған өрт... Оны өршітіп жібермей сөндіріп алу өз қолдарыңда...

— Ойлан, жігіт, ойлан! — деді Зердебек Еділдің аржақ-бержағын өткір қара көзімен тінтіп. — Істің шындығына көш...

Еділ ашу шақырып, бұрқырай бастағанда бұлар отырған кішкене бөлменің есігін біреу тықылдатты. Зердебек орнынан қунақ тұрып, есікті ашты да, «кіріңіз!» деп тіл қатты.

Сақыпжамал сыртқы қызыл пүліш пальтосын шешпестен, басына ораған шашақты ақ жібек шәлісін төгілдіре, қырын қараған бойымен оң жақ шеттегі бос орындыққа барып отырды. Аққудың көгілдіріндей келісті көркем жүзі тым сынық екен. Жіңішке қара қасы тікірейіп, жұқа қабағы түксиіп кетіпті. Жайшылықта ботаның көзіндегі жаудырап тұратын мөлдір қара көзі ілгешектеніп, мұнды жанның ауыр күйін танытады. Әдетте ортасынан қақ

жарып, құндыздай жылтыратып қоятын қолаң шашы ақ жібек шәлі ішінде парықсыз қобырайды.

Еділге тура қарамай, көзімен ұрланып атып отыр. Қектене ытырынып, бет-аузы жиырыла түседі. Еділден де мән кетті. Жанына түскен ауыр жараның уы тұла бойын жайлап бара жатқандай, екі қолын қайшылап, сындырып жіберетіндей-ақ саусақтарын жиілете сытырлатады.

— Сізбенен бұдан бұрын да сөйлесіп едім. Жақаурататын түгі де жоқ... Ашық айтайын... — Зердебек мұны тым ширақ айтты... — Осынша бүлінуге дәлел жоқ сыяқты... Партия жолымен қарасақ та, заң таразысына салсақ та табан тірейтін нақтылы дерек жоқ... Баланың ойыны сыятқы бірдеме...

Сақыпжамал Зердебекке тура қарады:

— Менде екі сөз жоқ, ағай! Өзіңізге айтып едім ғой...

— Қайтып көрер есігін кісі осынша қатты серпеспес болар, қарындас.

«Бар пәлені маған үйіп-төге бергенше, бірауық өз күнәнді де ескерсейші» демекке оңтайланып қалды да, Еділ кенет бой тарта қойды. «Ет қызумен айтып салып, шатақты онан сайын ушықтырып алармын, қарсы дау деп өзіме дүрсе қоя берер». Еділді ұстап қалған осы ой еді.

Зердебек ендігі айтар сөзін оқпандап отырғанда, сұрамастан, дәнеңе етпестен, мектептің күтушісі Зәкір кіріп келді.

— Сұрамай неге кіресің?

— Шаруам болғасын, сызылып тұрайын ба.

Тетігі аузында, ақкөңіл Зәкірді білмейтін адам Қызылжарда кемде-кем-ақ шығар.

— Не болып қалды? Тез айт та, бізді оңаша қалдыр! — Зердебек мұны аса бір сұспен айтты...

— Осы отырған бәріңде де шаруам бар! — деп Зәкір айнала қарады.

— Қызық екен. Зәкір бізге қазір бір жаңалық айтып беретін болды! — деді Еділ көңілденіп.

— Жекелеп сөйлеспеймін. Төрт көздерің түгел отырғанда айтамын, — деді Зәкір: — Тілеуінді берсін, Зердебек... Қазір телефон соқ та, облонодағы Қаматай Жолтаевты шақырып ал... Алласын онда, акбарын мұнда айтқыз... Ұш, тез жет де...

— Сен не деп тұрсың, Зәкір? — Зердебек күдіктеніп қалды.

— Қазір ештеңе де айтпаймын... Қаматай келсін... аз уақытқа үзіліс жаса да, келісімен мені шақыра ғой...

Еділ мен Сақыпжамал Зәкірге таңдана қарап қалыпты. Оның сөзіне сенерін де, сенбесін де білмей толқып отырған Зердебек:

— Сен бара тұр, Зәкір! Кейін шақырып алайын, — деді.

— Алысқа кетпеймін, коридорда күтіп тұрамын! — Зәкір сөйлеген бойымен шығып кетті...

4

Бәрі де айран-асыр. Зердебектің шақыруымен тез жеткен Қаматай да аң-таң. Еділ әуелгі орнына қайта отырды. Зердебек Сақыпжамалды өзінің оң жағына жақын отырғызған.

Зәкір Зердебек отырған столдың дәл алдына тұра қалды.

— Ал, мен сөйлеймін, — деді ол салмақты пішінмен. — Бір түйір өтірік сөз болмайды менде... Егер энеу-гүні қатты аурып ауруханаға түсіп қалмағанымда, бұл шатақ бәлкім болмас еді. Мынау отырған Қаматаймен осы мектепте төрт жыл бірге қызмет істегенбіз... Қайдан білейін, сорлы басым, ізіңзді білдірмей тышқанша жорғалап бар да, мына қағаз бен суретті Еділдің үйіне апар... Әйелі қазір үйінде жоқ... Шешесінің көзін алда да, ілулі тұрған пенжегінің қалтасына салып қой... Одан арғысында сенің шаруаң болмасын деді... Осылай дедің ғой, Қаматай! Бір түйір өтірігі болса, жаным шықсын... Осы шаруаны тісіңнен шығаратын болсаң, менен жақсылық күтпе, әкенді танытам дегенің қайда?

— Сен не деп тұрсың? Есің дұрыс па өзіңнің? — деп сазара қалды Қаматай. — Не былшылдап тұрсың өзін?..

Зәкір Қаматайдың бетіне төніп барып, кейін шегініп кетті:

— Есімнен жаңылған жоқпын... Кеше үйге келсем, әйелім қоңырсытып айтып отыр: «Еділ әйелімен айрылысып кетіпті дейді. Не себептен десем, қалтасынан бір қыздың хаты мен суреті табылыпты... Сол қызды алмақ болып жүр екен» дейді. Құдайдың төбемнен ұрғанын сонда ғана білдім... Қаматай қу алдап соққан екен... Сүттей ұйып отырған екі жастың арасына от жаққан екенмін деп

санымды бір-ақ соқтым... — Зәкір осы істің егжей-тегжейін тегіс айтып берді.

— Қәне, жігіт, сен не айтасың? — Зердебек Қаматайға бет бұрды.

— Мен бе? Қалжыңның арты осындай үлкен шатаққа айналатынын қайдан білейін... — Мән бермеуге тырысып, жымып күлген болды...

— Қалжың мұндай болмайды, жігітім! Қаны шығып тұрған қастық мұның аты...

Қаматай жауар күндей түнеріп, мойны салбырап төмен қарады.

Зығырданы қайнап, әрең шыдап отырған Сақыпжамал осы арада сөзге араласып:

— Зымиян екенсің, Қаматай! Бұрнағы күні біздің үйге келіп, ертеден қара кешке шейін отырып алдың: Еділге жаппаған пәлсең, жақпаған күйең қалды ма? Шәмсібануды балаларымен төркініне апарып тастаймын, сенімен қосылғым келеді, міне басым, міне жаным деп жабыстың ғой маған... Сонда-ақ сезіп едім, ойында бір сұмдықтың барын... Күйеу іздеп отырған жоқпын, аулақ жүр десем, өзеуреп отырып алды... Сенің жолыңа құрбан болуға да бармын деп соғады... Бұрын да ойын-шынын араластырып маған талай соқтыққан... Әншейін қалжыңы шығар деп Еділге айтпап едім... Ох, қара жүрек зұлым! — ызаға булығып жылап жіберді.

Еділ де жарылуға шақ отырған. Анау-мынауға ашулана қоймайтын салмақты жігіт осы тұста туысы шұғыл өзгеріп кеткендей, шамырқанып, шаншыла түрегелді.

— Білмеппін ғой, ішің толған сұмдық пәле екенін! Шындықты таптай алмайсың, сұмырай!

Зәкір осы арада бір сөз араластырып қалды:

— Айттым ғой, сөзімнің бір түйір өтірігі жоқ деп... Бар пәле осы сұлу жігіттен... Өзін сілейте соққыландар... Ендігәрі бас көтере алмайтын болсын...

— Бәрі де түсінікті, — деді Зердебек, — бітеу жараның аузы алынды... Ал, Қаматай, әзірге кете беруіңе болады. Ақырғы сөзіңді комсомол ұйымының алдында айтарсын!..

Әуел баста сүйісіп қосылған екі жас өкініштері мен қуаныштарын үнсіз бөлісіп, бір біріне ұзақ қарасты...

ТАСТАҒЫ ЖАЗУ

1

Рақия биылғы демалысын Ыстықкөлде өткізуге бекінген. Жаздай әдепті, тәртіпті болсаң, ойыншық садақ атып, зыр жүгіре беруіңді қойсаң, курортқа бірге ала кетем деп Құрманбекке уәдесін берген.

Шешесінің бұл тілегін бұлжытпай орындай қою Құрманбекке оңай іс емес. Әйтсе де мамама қашан демалыс берер екен, жұрт мақтай беретін тамаша көлге қашан барар екенбіз деп Құрманбек ала жаздай асыға күтумен болды.

Аңсап күткен айтулы күн де келіп жетті. Кеше Рақия екі путевка алып келді. Төрт күннен кейін Фрунзеге аттанамыз, онда бірер күн боламыз да Ыстықкөлге барамыз деді Құрманбекке.

Бүгін жексенбі еді. Қызметтен қолы босаған Рақия жол қамына шұғыл кірісіп, керекті нәрселерін қамдай бастады.

Рақия жаңа тігілген сәнді көйлегінің иық қатырмасын тіге отырып, ыңылдап өлендетіп қояды.

Қозы-көрпеш, Баяндай
Бір молада өлсем-ау...

Жартылай ашық тұрған кең терезеден көз жіберіп, Құрманбекті де байқастайды. Құрманбек үйдің іргесінде өзінің серіктерімен городки ойнап жүр. Ол әбден қызынып алыпты, келдек ағашты құлаштап лақтырғанда, келе жатқан почташы қыз Дуняға тиіп кете жаздады. Ернін жосадай ғып бояп алған, бетін безеу қаптаған, шикіл сары қыз өте беріп, сасқалақтап кідіріп қалды.

— Әй, қағындылар-ай, — деп бақырып қалды да Дуня әлгі өзіне шақ тимей қалған келтек ағаштан секіріп өтті. — Осы ағашпен бастарыңа соғайын ба, біреуіңнің...

— Кешіріңіз, Дуня! — деді де Құрманбек қыздың қа-

сына жүгіріп барған бойда, сыпайы пішінмен жалына бастады. — Пионерлік шын сөзіме сеніңіз, байқамай қалдым...

Құрманбекке көптен таныс почташы қыз есік алдына келе берді де:

— Сендерге хат бар, — деп Құрманбекке жасыл конвертті ұсына берді. — Қарындаштың ұшын түкіріктеп, анықтап жаз.

Конверттің сыртына қарап жіберсе, Дариха апайдан келген хат екен.

Мамасы хатты Құрманбекке қайта берді де:

— Өзің оқы, — деді.

Құрманбек ала бергенде хат қолынан жерге түсіп кетті. Жерде жатқан жасыл конвертті алуын алса да, бірден ашып оқый қоюға көңлі дауаламай, мамасына үнсіз қарай қалды бала. Рақияның көз жанарындағы әмірлі қалыпты аңғарып қалды да, хатты жалмажан ашып оқый бастады.

Дариха апай хатында былай деп жазған екен:

«Бауырым Рақия! Харьковте үлгілі мал шаруашылығы фермалары қызметкерлерінің кеңесіне қатынасып кеше оралдым. Украинаның екі колхозында болдым. Несін жасырайын, сол колхоздың бірінде болғанымда аса қайғылы хабар естідім. Сай сүйегімді сырқыратып, жүрегіме от салған сол хабарды қанша ма қиын болса да саған хат арқылы жеткізуді мақұл көрдім. Тарас Шевченко атындағы колхозда туысқандар қабірін көрдім. Басқа екі жауынгермен бірге Құлшымбай осы қабірге жерленіпті. Құлпытасқа Құлшымбайдың фамилиясы қатеден Нездарбеков болып жазылыпты. Құлшымбайдың хабар-ошарсыз кеткендердің тізіміне қалай қосылып жүргеніне енді ғана көзім жетті. Мен сол колхозда тұратын Оксана Артемьевна дейтін кемпірдің үйінде қонақта болдым. Ол кісі маған Құлшымбайдың бар мән-жайын айтып берді...

Құрманбек хатты бұдан әрі оқи алмай, сазарып тоқтап қалды. Бәрін де біліп отыр. Өлді дегеніне сенбеймін, бір күні келіп-ақ қалар деп Рақия күні-түні аузынан тастамайтын күйеуі өлген болып шықты, ол енді қайтып келмейді.

— Мама! — деп бала қос алақанымен бетін басып кереуетке құлай кетті. — Жыламашы, мамашым...

Рақия еңсесін көтеріп, күшпен бойын жинады да, жаспен жуылған бетін Құрманбекке бұрды.

— Құлыным! — деп өкіре ұмтылып барып, кереуетте етпетінен жатқан Құрманбекті құшақтап баурына қысты мамасы.

2

Неткен ауыр күн еді десеңізші!

Рақия кешке шейін төсекте жатып алды. Қабыш Есентораевич келгенде ғана басын көтеріп, тілге келді. Қабыш ылғиына тау инженерінің формасын киіп жүретін, орта бойлы, қызыл шырайлы, толықша әдемі жігіт. Өзі Рақиямен бір мекемеде істейді. Көптен үйреніскен, дос болатын. Осы үйге жиі келіп, бойы үйренгендіктен Құрманбек те Қабышты аға тұтып жақсы көретін. Қолдары бос мезгілде, Қабыш пен Рақия осы үйде отырып шахмат ойнайтын, кейде ән салатын, дауыстап газет, кітап оқитын.

Құрманбек ауыз бөлмеге шыға берді де, есік алдында кілт тұрып қалды. Құрманбектің шығып кетуі-ақ мұң өкен, Рақия Қабышқа әлсіз дауыспен тіл қатты:

— Қабыш! Құлшымбай майданда қаза тауыпты... Біз оны осы уақытқа шейін білмеппіз ғой...

— Бұл хабарды сен кімнен естідің?

— Дарихадан хат келді... Мә, оқы!

Қабыш хатты қолына алып, ішінен оқып шықты.

— Солай-солай, — деді Қабыш ойлы пішінмен. — Қайғылы хабар екен. Осы уақытқа шейін хабар-ошарсыз кетуі, әрине тегін емес... Дегенмен... Есінде ме, өзіңе айтып едім ғой... Қаза тапса, бір хабары болмауы көңліме қонбайды дейтін едің....

Қабыш Рақияның қолын ұстай беріп еді, ол қатуланып сілкіп жіберді. Рақияның мұндай қытымыр мінезін бұдан бұрын көрмеген Қабыш көңлі жүдеп, ыңғайсызданып қалды. Қалтасынан папиросын алып, парықсыз жұмарлап біраз үнсіз ұстап отырды да, бір мезетте тұтатып алып, жиілетіп сора бастады.

— Украинаға барамын! — деді Рақия. — Оның қатал үнінен үзілді-кесілді шешімін аңғарған Қабыш:

— Неге? — деп қысқа қайырды.

— Құлшымбайдың қабірін бір көрмесем көңлім көншімес.

Қабыш көзілдірігін жайымен көзінен алып, қол ормалымен ысқылап сүрте бастады.

— Рақия қалқам! Қайғыңның ауыр екенін мен де білемін. Әйтсе де сабыр сақтауың керек емес пе. Қызметтен шаршап жүрсің. Тілімді алсаң ең әуелі тынығып ал... Оның бер жағында, путевканың өзін әрең дегенде тауып алдың. Алда-жалда Украинаға кете қалсаң, екі бірдей путевканы қайда қоямыз.

— Месткомға қайтарып бер...

— Ыстықкөлге сенімен бірге барамын деп Құрманбек те жаз бойына асыға күтіп жүр еді. Балық аулауға үйретемін деп уәдемді беріп едім оған.

— Құрманбекті өзіммен бірге ала кетемін.

Қабыш ауыр ойға батқан күйінде үнсіз отырды да бір мезетте даусы толқынып, қорына:

— Рақия! Қайғыңа мен де ортақпын. Егер шеккі көрмесен, қасыңа еріп барайын, — деді.

Қабыш тағы да ұмтылып барып, Рақияның қолын ұстай беріп еді, ол мізбақпай сілкіп жіберді.

— Әуре болмай-ақ қой. Құрманбек екеуміз барамыз. Қабыш қабағын түйіп, сұрланып біраз отырды да, қол сағатына үңілген күйі төмен қарап:

— Кешірерсің, Рақия, бүгін кешке бір танысымның үйіне баратын едім, — дегенде оның үнінен бірдеңеден қорқып, жасқанып қалған жанның күйі аңғарылды.

Әдетте Рақия Қабышты трамвай жолына шейін шығарып салатын. Ал бүгін сіресіп үйден шықпай қалды. Рақия шалқасынан ашық тұрған терезенің ернеуіне отырып ашық аспанға, ай сәулесімен алтындай жарқырап көрінген Алатауға қарайды.

Төсекке жатар алдында Рақия алыста елеусіз жататын әлде-бір қобдиларды ақтарып, ішінен қай-қайдағы бір суреттерді тауып алды. Суреттерді бірінен соң-бірінен көзіне тақап көрді де, иденге шашып тастап, бөлме ішінде теңселіп жүре бастады. Осы сәтте жұмсақ диванда жатқан Құрманбек ұйықтаған ыңғай көрсетіп, шешесіне білдірмей қарап қояды. Ол шешесінің диван алдына келіп тізерлеп отыра қалғанын, жұп-жұмсақ, ыстық алақанымен шашын сипағанын — бәрін де біліп жатыр.

Рақия бүгін таң сәріден тұрды да Құрманбекке:

— Бейсенбі күні папаңның қабірін көруге аттанамыз,
— деді.

Құрманбек сөз қайырма жоқ. Мақұлдап басын изеді.

3

Қабыш кейінгі күндерде бұл үйге келуді қойып алған еді. Сейсенбі күні, түс әлетінде, Рақия қызметтегі кезде Құрманбекке телефон соқты.

— Самолеттің билетін реттедім, сағат екіде барып алатын болдым, кешке таман апарып беремін, мамаңа айта сал, — деді.

Құрманбектің алыс жолға самолетпен бірінші шығуы осы еді. Биікте самғап ұшып бара жатқан самолеттің кішкентай терезесінен көзі талғанша қараумен болды. Жаңа шығып келе жатқан күннің алғашқы сәулесіне малынып, манаурап құлпырған қарлы таулар, зәулім биік жасыл бәйтеректердің тасасында Алматы қалып барады.

Рақия мен Құрманбек жайғасқан боз самолет Москваға іңір кезінде жетті. Бірер сағат кідірістен кейін бұлар басқа самолетке ауысып, Харьковке қарай самғай жөнеліп еді.

Харьковтен бір шағын станцияға шейін поезбен баруға тура келді. Бұл станцияда поезд бір-ақ минут тоқтайды екен. Рақия мен Құрманбек апыл-құпыл түсті де, Тарас Шевченко атындағы колхозға қатынайтын машинаны күтіп ұзақ отырып қалды.

Жолаушылар станцияда таң атқанша отырды. Бір мезгілде бір жүк машинасы кездесе кетті. Шофер Рақияны өзінің қасына кабинаға отырғызды да, Құрманбекке үстіне жайғас деді. Машинаға сықап тиіп алған тақтай жәшіктердің үстінде өздері секілді жолшыбай кездескен жолаушылар қаптап отыр.

Тарас Шевченко атындағы колхозға апаратын жол жақсы екен, зырқыратып екі сағатта жетіп барды. Көшелерінде қолдың саласындай жасыл теректер бойлап өскен, үйлері шетінен тұянадай үлкен село Алматының шет жағындағы бір қабат жаңа үйлерге ұқсайды.

Шофер машинасын жол аузындағы ең шеткі үйдің тұсына кілт тоқтата қойды да:

— Әне, Оксана Артемьевна... Тауықтарына жем беріп жатыр, — деді.

Шофер оң қолының алақанын дөңгелете аузына тақап

тұрып дауыстап жібергенде ағаш басында жапырлап отырған қалың торғай үркіп ұшып кетті.

— Шеше! Қонақтарыңызды қарсы алыңыз!..

Көк шұбар көйлек жиген, орта бойлы, жұқа өнді сары кемпір қолымен маңдайын көлегейлеп тұра қалды да Рақия мен Құрманбекке таңырқай қарады.

— Біз сізді іздеп келдік, шеше! — деді Рақия есікке жақындай түсіп.

— Келіндер! Кіріңдер — деп кемпір украин тілін ойнақыландыра сөйледі.

Рақия мен Құрманбекті кемпір бастап алып кірді. Іші-тысы мұнтаздай, екі бөлмелі шағын үй қонақтарға бірден жылы ұшырап кетті. Төргі бөлменің шағын екі терезесінің алдында мәнерлі үш құмыраға қара топырақ толтырып егіп қойған жасыл жапырақты гүлдердің хош иісі аңқиды.

— Отырыңдар! — деп аласа орындықтарды нұсқады Оксана Артемьевна. — Чемодандарыңды кереует астына қойыңдар.

— Мен Құлшымбайдың әйелімін, — деді Рақия, — мынау ұлымыз.

— Тұр-түстеріңе қарап өзім де сезіп едім. Бәсе, түрлерің біздің жақтың адамына тіпті ұқсамайды. Жуықта сіздің апаңыз осында болып, біздің үйге қонып кеткен. Өзі бір парасатты жақсы әйел екен. Сол кісімен екеуміз шүйіркелескенде сендерді де еске алғанбыз...

— Қүйеуімнің қабірін көрейін деп келдім...

— Біліп отырмын! — деп басын изеді де Оксана Артемьевна суланып кеткен көзін басындағы орамалының шетімен сүртіп қойды. — Соғыста өлген баламның қабірі Эстонияда жатыр. Жалғыз балам еді, о да қаза тапты... Микола еді баламның ныспы... Барып қабірін көрейін, мауқымды басайын деп аңсаймын да тұрамын. Қәрімін ғой, жете алмай, жолда қалам ба деп қорқамын. Алпыс тоғызға келдім. Және де жиі-жиі ауыра беремін, бұлтты күндерде сүйек-сүйегім сырқырап жанымды шығарады.

Кемпір өзінің денсаулық жайын бәжейлеп айтып, бір-ақ гулеп алды да, бір мезетте:

— Мылжыңдап кеттім ғой деймін! Шешініңдер ас ішіндер, содан кейін мен сендерге қабірді көрсетейін, — деді.

Осыны айтты да кемпір төргі терезенің шілтерлі пер-

десін бір жағына сырып қойып, тарам-тарам көк тамырлары шыққан, салалы етсіз саусақтарымен терезені нұсқап тұрып есіле сөйлеп кетті:

— Әне, ана бір шоқ теректің аржағындағы төбешікте! Алыс емес.

— Қазір барсақ қайтеді, шеше — дегенде Рақияның үнінен аңсау-арманы мен жалынышы қоса аңғарылып еді.

— Біліп тұрмын, біліп тұрмын, шыдамай тұрсың ғой. Барсақ барайық, қызым!..

Рақия басындағы қоқайма сұр қалпағын шешіп тастады да, чемоданынан қоңыр түбіт шәлісін алып, басына жамылып алды. Үшеуі тысқа шықты. Оксана Артемьевна мамырлай басып, баяу жүріп келеді. Жайымен сөз бастады:

— Егер мен өзіндей уылжыған жас болсам, Эстонияда жатқан ұлымның қабіріне әлдеқашан барар едім... Тіпті, жаяу барар едім... Әттең кәрілік, осы аласа төбенің басына қиналып зорға шығамын.

Расында да, соқпақ жолмен төбенің басына жеткенше Оксана Артемьевна екі-үш мәртебе тоқтап, тыныстап алды.

Адамның кеудесінен келетін жасыл шарбақтың ішінде неше түрлі гүлдер мен хош иісті сарғыш өсімдіктер жайқалып өсіп тұр екен. Үлкен табыт секілді қабір мен ұзынша отырғыштың арасында қомақты да мығым біткен жас емен бойлап өсіпті.

Мәрмәр тәрізді жалтыр түсті қоңырқай құлпытасқа ірі ғып ойған жазуды Рақия үн шығармай оқып шықты:

Неміс оккупанттарымен күресте 1943 жылғы

23 сентябрьде ерлікпен қаза тапқан.

Кіші лейтенант Смирнов Николай Петрович,

Аға сержант Нездарбеков Құлшымбай,

Жауынгер Кривошапка Данил Григорьевич.

Тастағы жазуды шешесімен қатар оқып шыққан Құрманбек қабағын түйіп үнсіз қарап тұрды. Қараторы томпақ беті сұстанып, нәзік саусақтары шамалы дірілдеп тұр еді.

— Жыла, жыла, қызым! — деп Оксана Артемьевна өзіміне сөйледі. — Шерің тарқайды. Жүрек дегеніңіз сірәсіп қатып қалған ағаш емес...

Рақия оның сөзін естіген жоқ. Ол екі қолын айқасты-

ра қайшылап, көзінің алдындағы бір нәқатқа тесіле қарап қалыпты. Жасқа толған қарақат көздер құлпытасқа жаңсақ жазылған фамилиядан, қатесіз жазылған Құлшымбай атына қадалып көпке шейін тұрып алды.

— Құлшымбай! — дегенде Рақияның сүйкімді қараторы бетіне екі тамшы көз жасы ыршып түскенін Құрманбек те көріп қалды.

— Шамалы отырып тыныс алайықшы! — деп Оксана Артемьевна қабір іргесіндегі ұзынша отырғышқа отыра кетті.

Кемпірмен қатарласып Рақия да отырды. Құрманбек шарбаққа еңсесін сала сүйеніп қарап тұр.

— Мен сенің Құлшымбайыңды жақсы білемін, — деп бастады кемпір сөзін. — Мен оны он екі күн бойына өз үйімде сақтағанмын. Олардың полкін немістер талқандап тастағаннан кейін Құлшымбай біздің үйдің шатырында жасырынып жатты. Немістер бізді қырып жібере жаздады. Көрмеген қорлығымыз жоқ. Осы күні есіме түссе зәрем ұшады. О, жасаған ием, не көрмедік. Бір күні түн ішінде Құлшымбай анау тұрған қалың орманның ішіндегі партизандарға тайып тұрды. (Оксана Артемьевна қолымен отырғышқа таянып тұрды да алыстан мұнартып көрінген орманды нұсқады.) Партизандар осы орманда бір жыл тұрды. Мен олардың әскери істерінің егжей-тегжейін қайдан білейін, айтушылардың сөзіне қарағанда, немістер танктерімен өзеннен өтіп бара жатқан кезінде көпірді талқандау керек деген бұйрық болыпты оларға. Партизандардың бірсыпырасы неміс танктеріне граната, күйдіргіш май құйған шөлмек лақтырып жамсатып жіберіпті. Ал енді кейбіреулері көпірге от қойыпты. Бірнешеуі қаза тауыпты сонда. Көпірді бұзған мына қабірде жатқан үш жігіт деседі. Көпірді талқандағаннан кейін үшеуі біздің селоға келіп екі күн паналап еді. Немістер үй басы тінтіп жүріп тауып алды да, үшеуін де дарға асып азаптап өлтірді. Бес күн бойы дарға асылулы тұрғанда маңайына жан адам бара алмады. Көмуге рұқсат бермеді. Сасып-шіри бастағанда ғана көміп тастандар деп бұйрық берді. Біз үшеуін бір қабірге жерледік. Кейін өзіміздің әскерлер келісімен олар қызыл жұлдыз бен шарбақ орнатты. Құлпытас қойды. Бұрынғы заманда өлген адамның басына шойын тақта орнататұғын. Енді көріп тұрсың ғой, құлпытасқа ойып жазған аттары өмірі өшпейді. Олардың есімдері мәңгі-бақи ұмытылмайды.

— Гүлді кім екті? — деп сұрады Рақия көмекпейіне кептеліп қалған көз жасын жұтып.

— Гүлді мен ектім, қызым! Қабірді де мен күтіп жүрмін. Осы қабірді баптап күтіп ұста деп колхоз маған арнап тапсырған. Тапсырмаса да күтер едім, бәрібір... Менің ұлымның қабірін де ондағы жұрт күтіп-баптайды екен. Маған сол қабірдің суретін жіберіпті. Тамаша гүлдер егіпті, сенің мына ұлыңның бойындай келетін ағаш егіпті. Бірақ, мынадай емен емес, қайың екен. Шарбағы да мына шарбақтан айнымайды. Крест орнына қызыл жұлдыз қойыпты. Маған салса, осы қабірге әдемі крест қойған болар едім, бірақ, жауынгерлерге жарамайды ғой! — Кемпір ауыр күрсініп, шоқына бастады.

4

Рақия мен Құрманбек Тарас Шевченко атындағы колхозға келгелі бір жетіден асып барады. Рақияның демалысы да бітуге тақап қалған. Әйтсе де осы колхоздан кеткілері келмейді. Рақия күн сайын қабір басына барады да, ұзақ уақыт отырып қайтады.

Құрманбек колхоздың өзі құралпы балаларымен танысып, білісіп алған-ды. Пионерлер Құрманбекті өзгеше сыйлап, тонның ішкі бауындай жақын тартып тұратын болды. Құлшымбайдың ұлы мыңдаған километр жерден, алыстағы Қазақстаннан келді! Құлшымбайдың батыр болғанын, ана төбенің басындағы әдемі қабірге жерленгенін колхоздың кәрі-жасы, бала-шағасы тегіс біледі.

Жыл сайын 22 сентябрьде колхоз клубында салтанатты жиналыс пен естелік кеші өткізіліп тұрады. Мұғалімдер ерлікпен қаза тапқан жауынгерлерге арнап қабірға газетін шығарады.

— Менің әкем де батыр болған, — дейді безеу бет сары бала Құрманбекке. — Граната мен танк астына кіріп жата қалғанда, сонда өлген...

— Менің әкем летчик болған... Жеті орден алған, — деп тықылдап Антоша мақтанады.

— Менің әкем...

Құрманбек жаңа достарының әңгімесін қызыға тыңдайды. Бірақ оның ойынша аға сержант Құлшымбайдан асатын жақсы адам да, керемет батыр да дүние жүзінде жоқ сияқты. Өзінің әкесін өңінде түгіл түсінде де көрмегеніне іштей налиды бала.

Балалар Құрманбекті футбол ойнауға шақырады. Ол балалармен бірге белгілі төбенің басына шығады да, оның аржақ етегіндегі алаңқыға бара жатқанда, қабір қасындағы отырғышта, тың тыңдағандай тапжылмай отырған шешесін де көреді.

Рақия құлпытастан көзін алмайды. Оның астында мәңгілік ұйқыда Құлшымбай жатыр. Бетпақтың ұшы-қиыры жоқ байтақ даласы, жалтаң аспан, айлы түн, — айнымас серт айтысып қосылған ләззетті шақ есіне түседі.

Кішкентай футболшылардың азап-қазан дауыстарына құлақ түріп үнсіз отыр Рақия.

— Құрманбек! — деп дауыстады бір бала. — Пасуй!

* * *

Міне, Алматыға қайтар мезгіл де келіп жетті. Рақия мен Құрманбек Оксана Артемьевнаны ертіп қабір басына соңғы рет барды. Рақия екі шоқ гүлді үзіп алып, қастерлеп сумкасына салып қойды.

— Қош бол, Құлшымбай! — деді Рақия қайғылы пішінмен. Мамасының көзіне жас толып кеткенін Құрманбек тағы да көрді.

Сол арада Рақия Оксана Артемьевнаны қапсыра құшақтап екі бетін алма-кезек сүйді. Сонда кемпір тұрып:

— Күйеуіңнің қабірі жүдеп қалады екен деп уайым жеме... Біздің батырларды халық ешуақытта естен шығармайды!.. — деді.

Осыдан үш жеті ілгеріде Рақия мен Құрманбек ілесіп келетін жүк машинасы станцияға барады екен. Әнеугі таныс шофер Рақияны тағы да кабинаға отырғызды. Құрманбек бұл жолы айтқызбай-ақ машинаның үстіне шығып кетті...

Машина селодан шыға бергенде Рақия көзі үйренген таныс төбешікке назар аударып, ұзақ қарап еді. Темір шарбақтың ішіндегі алуан-алуан тамаша гүлдер мен хош иісті сарғыш өсімдіктер баяу ескен самалмен жайқалып, жығыла ырғалады. Сұңғақ та жіңішке темір бағананың ұшар басындағы қызыл жұлдыз ашық аспанның аясында манаурап әсем құлпырады. Өмірбақи өшпейтін осы қызыл жұлдыздың іргесінде мәңгілік ұйқыда, өзінің серіктерімен айқаса құшақтасып аға сержант Құлшымбай Қыздарбеков жатыр.

АСЫЛЖАН

1

Таудың теріскей жақ алқымына өрмелете салынған жүз үйлі қыстақтың құбыла жақ шетінде оқшау тұрған бір үйдің шамы түні бойы сөнбеді. Шетсіз-шексіз қаракөк аспанның аясында сыңсып тұрған қалың жұлдыздар таң жарығымен алыстай-алыстай, әбден көзден ғайып болғанша әлгі үйдің шамы жарқырап тұрды да қойды.

Кеншімбай есегінің таңғы «азанын» үй иесінің құлағы шалды ма, кім білсін, шам жарығы сонда ғана барып сөнді.

Ақсақалды бір адам сол үйден шыға келіп, жерге қонбай шырылдап ұшып жүрген торғайлардың тәтті әуезіне кәрі құлағын тосып, біраз тұрды да, арайлап атқан таңның салқын самалына төсін ашып тұрып:

— Шүкір, армансызбын, — дегенде даусы қатты шықты.

Неғылған жан бұл? Неге шүкірлік етті! Не себепті армансыз? Әлемді берен нұрына бөлеп, көңілді пішінмен атқан таң оған бақыт әкелді ме? Таң кезінде сайраған бозторғайлардың әсем үні құлағына жағып, көкейіне қонды ма?

— Апырмай, тіпті жақсы болды ғой, — деп күбірлейді қарт.

— Дүниеден баласыз өтем бе деп қайғыратын ем, тілегіме жеттім. Балалы болдым!..

Безілдеп шырылдап ұшып жүрген бозторғайлар да, таңның атқанын жұртқа хабарлап, даусы қарлыққанша бақырып жатқан қораздар да, «тіпті жақсы болды ғой» деп, шалға үн қосқандай болады...

2

Бүгінгі Таңатар тойын бастаған да, ұлына ат қойып, айдар таққан да колхоз бастығы Рамазан. Өзі жас болса

да, көргені, білгені көп тісқаққан жігіт. «Бір сырлы, сегіз қырлы жігіт» деп дәріптейді колхозшылар оны. Сөйлер сөзге келгенде, ұстаның көрігіндей гулеп, іске ұстараның жүзіндей қылпылдап түсе кетеді. Рамазан «Ынтымақ» колхозына бастық боп, былтырғы көктемде сайланған. Соғыста ауыр жаралы боп, алты ай емделіп жатып, елге қайтып келген соң колхозшылар қалап қойған.

Той онша ұзаққа созылған жоқ.

«Майданда ер-азамат қан кешіп жүргенде, еріккендей қанатымызды кең жайып, еркін шалқақтауымыздың жөні жоқ. Бүгінгі тойды онша ұзаққа созбай, ырымын істеп, тез таралық» деген Рамазан сөзіне жұрт қол қойды.

«Тойдың үлкені соғыс біткен соң бола жатар, Тәкеңнің бүгінгі тойы сол үлкен тойдың бастамасы болсын» деп Рамазанды парторг Сүттібай қостады.

Той тамағы ішіліп болған соң колхоздың шешен қарты Керімбек өзінің қатар құрбысы Таңатарға сөз тастады:

— Уа, кәрі тарланым! Балалы болдың. Бауы берік, өмір-жасы ұзақ болсын! Атын кімге қойғызасың?

Сары үкідей үлбіреген жүдеубас кішкентай баланы алдына алып, төсек үстінде күйбеңдеп отырған Таңатар да іркілген жоқ:

— Жас та болса ел ағасы ғой, жол Рамазандікі, — деді.

Енді жұрт Рамазанның аузына қарай қалысты.

Сөз салмағы өзіне ауғанын білген Рамазан, колхоз басқармасының мәжілісінде баяндама жасайтындай-ақ орнынан шапшаң түрегелді.

— Ата мен ана үшін перзенттен асыл не бар дүниеде. Қарттың ұлының аты Асылжан болсын, — деп Рамазан отырған жұртқа көз тастады.

— Асылжанның өмірі ұзақ болсын, оңынан ай, солынан күн тусын, — деп бір шал ақ батасын жаудырып жатыр.

Талай тілектер айтылды.

Соғыс басталғалы колхозшылардың бір бас қосып, көңіл көтерген жері бүгінгі Таңатар тойы еді. Құтпеген жерден нәсіп болған «домалақ той» «Ынтымақтың» кәрі-жасына келешек қызықты күннің жақсы лепесі, арнап келген хабаршысындай көрінді.

Бұл тойға «Ынтымақтың» тайлы-таяғы қалмай келген. Тойға сойылған екі қойдың еті желініп, сары самауырлардың қызыл күрең шайы ішіліп болған соң, үй иесі-

нен рұқсат сұрап, үлкендер үйді-үйіне тарапты. Жастар жағы Таңатардың сөзін жықпай, аз да болса шілдехана жасайды...

Таңатардың екі бөлмелі шағын кірпіш үйі кіші-гірім театр секілденіп кетті.

Талай әндер шырқалып, үй ішінен асқақтап шығып, ең даланы шарлап, әлдеқайда алысқа кетіп жатты...

Әйелдер жағы — кемпірлерге шейін шілдехана көрмекке, кәде алып тарамаққа ниет етіп, бағана үйді-үйлеріне тарамаған.

Шілдехана аяқтала бергенде, абысын-ажын, келін-кепшіктері Қарлығашты ортаға алып: — «Көктен тілегенінді жерден берді, барынды ортаға сал, кәдемізді бер» десті.

Қарлығаш жол-жоралғыдан тартынған жоқ. Біраздан бері сақтап жүрген бір тай ақ шыт жыртылып әйелдердің қолында кетті. Талай жылдан бері көне сарыала әбдіренің түбінде жататын өзбекі екі патсайы шапан да бүгін жарық дүниеге шығып, колхоздың орденді шопаны Мәмбет пен халық ақыны Жанқұттының иығына жабылды.

...Тойшы жұрттың тіліне Асылжан түсінбейді. Соғыс дағдырының айдауымен қиырдағы Ленинградтан келген бес жасар сәбиге осы ойын-тойдың көрінісі шешуін таптырмайтын жұмбақтай.

Той тарар кезде Рамазан баланы құшақтап бетінен сүйіп:

— Қалқам, сенің атыңды Асылжан қойдық, сен мынау отырған қара шал мен сары кемпірге бала бола-сың, — деді, әдейі орысша айтты.

Бұл сөздің де мәнісіне түсіне алмай, балалық мінезіне басып, жауап қатпады ол. Бар болғаны Рамазанның бетіне жауандап қарай берді.

Үй ішінің тұрмысы да, онда гуілдесіп отырған адамдар да әдепкіде балаға жат көрінді. Бұрын орыс адамдарынан басқа ешкімді көріп, білмеген нәрестенің жүрегі суылдап.

Кішкене көк көздері шарасынан шығып, солғын жүзі тынышсызданып отыр еді.

Алайда, тілі түсініксіз жұмбақ жандардың өзіне жылы шыраймен қараған көздеріне көзі түсіп кетсе, жүрегі бір сәт дауалағандай болады.

Жиналған жұрт тарап кеткен соң да, бала жүрегі көпке шейін орнына түсе қоймады.

«Қайдан келдім, қандай адамдарға душар болдым? Көктен түстім бе, жер астынан шықтым ба? Өңім бе, түсім бе?» деп ойлады ма екен, кім білсін, қабағын түйіп, төмен қарайды. Тіпті шал мен кемпірдің ырқына жөппелдемеде көне қоймады.

Бала сол күйімен ұйықтап кетті. Қарлығаш көтеріп апарып, өз төсегіне жатқызды. Бала қаннен-қаперсіз қорылдап ұйықтап кетті де, бір мезетте селк етіп шошып, бет-аузы жыбырлап дөңбекши бастады.

Шым-шытырық түстің қоршауында қалған бала сандырақтап әлденелерді айтып жатыр.

... Ленинград. Теріскейден соққан ызғырық жел аш бөрідей ұлайды. Жел ұшырған күл-көмірдің қара бораны көз ашқызбайды. Қала жаралы жолбарыс секілді, тас-түйін. Зеңбірек оқтары тиіп, пара-пара болған, терезесіз, мұржасыз, сорайған зәулім үйлер, төбе-төбе тастар, кірпіштер басқан көшелер. Арыстанның жалындай көк бұйра толқындарын жарға соғып, ызалы, кекті пішінмен Нева өзені ағып жатыр.

Бала бір мезгілде қызара бөртип тыныш тапты. Бірақ, кемпір мен шал бүгін ұйқтар емес.

Бір мезетте Таңатар, кемпірінің қасына жақындай түсіп:

— Аузыңа тас салғандай неге үндемейсің? Қабағың неге түсіп кеткен? — деді. Бала оянып кетпесін деп күбірлеп сөйледі.

Бірақ, Қарлығаш іле жауап қатпады. Оның жүзінен бір терең ой нышаны көрінеді.

— Саған не болды, кемпірім, әлде бір жерің аурып отыр ма? — деді Таңатар...

— Маған не пәле жуитын еді.

Таңатар киімшен қисайып жата кетті.

Шал мен кемпірді мазалаған немене?

«Нәсілі, тілі басқа баланы асырап аламыз деп несіне әурелендіңдер. Қаршадай орыс баласының тіліне қалай түсінесіңдер? Мәпелеп өсіргенде туыстары іздеп келіп алып кетсе қайтесіңдер?..»

Осы ой еді бұларды мазалап, көңілдеріне күдік түсірген. Бірақ, өз ойларын бір бірінен жасырып, сыртқа шығармады.

Әлден уақытта Таңатар түрегеліп, шөкеттей боп үнсіз отырған Қарлығашқа тура қарап тіл қатты:

— Сенің не ойлап отырғаныңды ішім сезеді, кемпірім... Соның өзі жақсы. Бәрінен де жоқ жаман. Қабағыңды аш, еңсеңді көтер. О несі, тілек үстінде отырғанда қабағынан қар жауғызғаны. Е, эзер болса күндердің күнінде әкесі табылса, алып-ақ кетер. Жат емес, жақын халқымыздың баласы ғой. Ел басына күн туып жатқанда бір нәрестеге пана бола алмасақ масқара емес пе?

— Жоқ, әшейін, басымның сақинасы ұстап... — дей беріп еді. Таңатар:

— Бәсе, бәсе, — деді.

Ойдан әрең дегенде арылған Қарлығаш түрегеліп барып, төсегінде қаннен-қаперсіз ұйқтап жатқан баланың мандайынан сүйіп еді, көзінен ыршып кеткен ыстық жас бетіне тамды.

Сол сәтте Таңатар да төсекке жақындап, еңсесін сала ұмтылып кеп, баланың бетінен құшырлана сүйді де, далаға шығып кетті.

Құлан иектеніп таң атып келеді екен.

Кеншімбайдың көк есегі таң «азанын» шақырып, ақыра бастағаны да осы кез еді.

— Апырай, тіпті жақсы болды ғой, — деп күбірлеген де осы Таңатар болатын...

3

Елу шақты қызыл вагон тіркеген поезд Алматы станциясына түс ауа келіп тоқтаған. Ленинградтағы бір детдомның балаларын соғыс апатынан алып шығып, Қазақстанға тартқан осы эшелон айдан аса жол жүріп, әрең жетті. Соғыс өртіне шарпылып, ашаршылық шеңгеліне ілінген, оның бержағында, ұзақ жолдың азабын шеккен сәбилер титықтап жүдеп келді...

Құбылмалы қоңыр күз. Көп күннен бері бұлт астынан шықпай қойған күн де алыстан келген жас қонақтарға мейірімі түскендей нұрын аямай төгіп тұр.

Эшелонды облыстық партия комитетінің жауапты қызметкері Айдарбаев қарсы алды.

Қаз-қатар тізіліп тұрған отыз шамалы жабық машина балаларды тиеп алып, «Ынтымақ» колхозына қарай

ағылды. Қолхоз осы арадан 150 километр жер. Қар жамылып, мұз жастанған заңғар таудың бауыры сыңсыған мәуелі ағаш. Қолхоз сол бау-бақшаның ішінде. Келетін балаларға жайлы болсын деп, облыс, аудан басшылары детдомды уақытша осы колхозға орналастыруға ұйғарған.

«Ынтымақтың» кәрі-жасы жас қонақтарын күтіп, зәулім ақ мектептің алдында жыйналып тұрған.

Таяққа сүйенген шалдар да, ақ шашты кемпірлер де, әлгінде, күн батар кезде жұмыстан қайтқан ересек балалар мен қыз-келіншектер де келген.

Қолхозшылар жетіжылдық мектептің үйін күні бұрын әзірлеп қойған. Ерте бастан от жағылып, көңірсіп тұрған моншаға түсіп, ине-жіптен жаңа шыққан киім киіп, еркін тамақтанып, балалар бір жасап қалды.

Әйелдер, балаларды құр қол қарсы алуды бойларына мін көріп, әрқайсысы қолда бар астарын ала келген. Сарымай, ірімшік-құрт, сүт, ет, дорбалаған сөк мектеп сарайына үйіліп қалды.

Детдомның аға тәрбиешісі — ұзын бойлы, аққұба әйел балалар атынан әйелдерге алғыс айтты.

— Халықтардың достығы жасай берсін, — деді ол сөзінің соңында.

Қас қарайды. Тау өлкесі тағы да айсыз түннің құшағына кірді. Бірақ, жыйналған жұрт мектеп маңынан кетер емес.

— Тым жүдеу екен байғұстар!

— Өлуге аз-ақ қалыпты ғой өздері!

— Қаршадай мүсәпірлерді осындай күйге ұшыратқан ит фашистер көгерер деймісің.

Алыстан арып-ашып келген балаларға аяушылық білдірген осы секілді сөздер көпке шейін әйелдердің ауыздарынан түспеді. Қолхоз балалары да жаңа келген бауырларына өз жүректерінің қуанышын білдіріп, мектеп маңынан айналсоқтап кетпей жүр...

Тау атырабы қара қошқыл тұман жамылып, түн қараңғылығы қоюлана түсті. Тау елінің жас қонақтары маужыраған тәтті ұйқының құшағына кірді. Сол түнде көп баламен бірге рақаттанып, денесі балбырап ұйқтап жатқан кішкентай Аркадий, енді көп ұзамай өз тағдырым күрт өзгереді деп ойлады дейсің бе?..

Таңатар тойы өткелі, Аркадийға Асылжан аты берілгелі айдан асты. Бұрынғыдай емес, күн сайын мың мәртебе қайталанып айтылған Асылжан деген атқа баланың құлағы әбден үйреніп еді. Енді өзінің атын іркілмей айта-тын болды.

— Атың кім, қалқам, сенің? — деп сұрайды Таңатар.

— Асылжан, — дейді бала іркілмей.

— Айналдым-ау сенің тіліңнен, — дейді Қарлығаш.

Таңатар үйінің күндегісі осы.

«Тілі, нәсілі басқа» баланы қыр қазағының қарапайым тұрмысына көндіріп, баулап алу шал мен кемпірге оңай соқпады. Бәрінен де қыйыны, Асылжанға қазақ тілін үйрету болды. Дегенмен, үй-ішінің айналадағы қайнаған колхоз өмірінің ықпалына беріліп, ырқына көнген бала бірнеше сөздің басын қосып айтатын халге де жетті. Әдепкі кездегідей жатырқап, ытырынып тұрмай, өзі құралпы балалармен шүйіркелесіп ойнайтын болды.

Таңатар үйде жоқ еді. Қарлығаш қырман басындағы жұмыстан ел орынға отырған кезде қайтқан. Кешкі тамақты ішіп, үй шаруасын тындырып болып, күндегі машығын тағы да қайталап, баласына тіл үйретіп отыр.

Асылжан қазақ тілінің әліппесін ең әуелі адам мүшелерінің аттары мен үй ішіндегі көзге көрініп тұрған нәрсе-мүліктерден бастап еді. Балаға тіл үйретуге келгенде Қарлығаштан Таңатар ептейлі. Ол ең әуелі өзі білетін орысшасының басын жарып, көзін шығарып, бір нәрсенің, я болмаса адам мүшесінің аттарын орысшадан қазақ тіліне аударады. Қарлығаш болса, кілең ыммен, тұспалмен сөйлеседі. Оған Асылжан жөнді түсінбейді.

Бүгін Қарлығаш еркін отыр. Үйде Таңатар жоқ болса, ол Асылжанмен еркін сөйлеседі.

— Мынау не? — деп сұрайды өз көзін сұқ саусағымен нұсқап.

— Көз, — дейді Асылжан.

— Көзіңнен айналып кетейін-ау мен сенің!

Әжесінің сөзін, өзінің тілін қызық көріп сықылықтап күледі бала.

— Мынау не, қалқам?

— Мұрын, — деп бала өзінің мұрнын нұсқайды.

— Мұрныңнан айналып кетейін-ау мен сенің.

Еңсесін сала еңкейіп барып, баланың бетінен сүйіп-сүйіп алды кемпір.

Баласын айналып-толғанып, осы баланы алуына себепкер болған колхоз бастығы Рамазанға қайдағы бір асыл алғыстарды төгіп, өзінен өзі сөйлеп отыр. Оған Асылжан түсінбесе де, ана жүрегін өз жүрегіндей ұғып, — «түсінемін, бәрін де ұғып отырмын» дегенді үнсіз ұқтырып басын изейді.

Машықты сабақ одан әрі созыла берді. Ана мен баланың тыныштығын ешкім бұзбасын деп, әдейі күзетіп тұрғандай терезеден ай сығалайды.

Асылжан адам мүшелері мен үй мүліктерінің өзі білетін аттарын осылайша айтып берді.

— Мен кім? — деп сұрайды Қарлығаш өзін көрсетіп.

— Әже!

— Кімнің баласысың, құлыным?

— Әке баласы, — дейді Асылжан былдырлап.

— Мені қай жерің жақсы көреді?

«Әжетайым, сені жүрегім жақсы көреді» дегенді ишаратпен ұқтырып әдеттенген бала, оң қолының сұқ сусағымен өз жүрегінің тұсын түртіп көрсетті.

— Айналып кетейін, кішкентай сар қазақтан.

Қарлығаштың күн тиіп, жел қағып жарылған ерні сары үкідей үлбіреген сүйкімді баланың бетіне жабыса түсті. «Махаббат деген осы-ау» деп сүйсінгендей, аспанда жай жүзіп, еркін қалықтап бара жатқан ай, гауһардай жарқыраған қалың жұлдыздар қылмындайды.

Кешегі кішкентай Аркадийдің, бүгінгі Асылжанның тау еліндегі өмірі осылай басталды...

5

Таңатар тойы өткелі жылға жуықтап қалды. Содан бері Асылжанның өмірінде, жан дүниесінде, мінез-құлқында талай-талай өзгерістер болды.

Жетіжылдық мектептің мұғалімі Рахила Үйсінбаева, таңертеңгі шайды ішіп бола бергенде, жетіп келді. Мұғалім қыз Таңатар мен Қарлығашқа ақыл айтты.

— Жасының аз кемдігі неғылар дейсіз. Балалармен араласып үйренсін, тілі сынсын, Асылжанды мектепке беріңіздер.

Бұған сен не айтасың, дегендей кемпір шалына қарады.

— Бұл сөзіңнің де жаны бар екен, шырағым. Жөнді оқымаса да, тілі сынып, көзі қана берсін, берелік мектепке, — деп Таңатар көтеріліп қалды.

Төр алдында етпетінен жатып, қағазды шыймайлап әлекке түсіп жатқан Асылжан да әңгімеге алаңдап, үй ішінің адамдары на мойнын бұрып, еркелеген пішінмен:

— Жәке, мектеп барамын, — деді.

— Барасың, құлыным, барасың, — дегенде Қарлығаштың жүзінде қуаныш сәулесі көрінді. — Ертең өзін алып барамын. Бүгін кітап салатын дорба тігіп берейін.

— Кіріс деймін тез, дорба істеп бер, ертең барсын мектепке, — деп Таңатар елпілдеп отыр.

* * *

Күнде кешкісін, сыйыр күзетіне кетерде Таңатар Асылжанын маңдайынан сүйіп:

— Қалқам, бүгін не оқып келдің, оқуды көбейттің бе? — деп сұрайтын. Асылжан аузын томпайтып, көзі күлімдеп:

— Көп оқыдым, жәке, ертең тағы да барамын, — деп шыймайға толы қағаздарын әкесінің алдына жайып салады.

Жұмыстан қолы босай қалса Таңатар Асылжанын кеудесіне мінгізіп, былдырақтатып сөйлетіп, өзі де қай-қайдағы бір күлдіргі сөздерді айтып мәз болады.

Мектепке барып, ауылдағы өзі құрбылас балалармен үйір боп алған Асылжан, қазақ тілін орамына келтіре сөйлей бастады. Шамалы жерге әке-шешесімен онша қиналмай сөйлеседі. Бұрын, көбінесе, ыммен өз ойын әрең деп ұқтыратын Қарлығаш, енді айтайын дегенін қазақша айтса, Асылжан кейісін ұғып, кейісіне түсінбесе де, іркілмей шамамен жауап қататын болды.

Март айының бір көңілді кеші еді. Аспанды торлаған алашабыр бұлттың арасынан самсай сығалаған сансыз жұлдыздар бір-бірімен сырласқандай, — «біз болмасак түнде көрік болар ма еді, түн баласында бізден асар қандай сұлуларың бар кәні?» деп жердегі жан иелеріне наздана еркелегендей жымың қағады.

Осындай жайлы түнде Ильич шамының нұрлы жарығына бөленген өз үйінде Қарлығаш Асылжанын қызық-

тап, айналадағы өмірді естен шығарып отырғанда біреу есік қақты.

Асылжан дәптерін тастай беріп, атып тұрды да, жүгіріп барып:

— Кіріңіз, — деп есік ашты.

Мұғалім қызды көрген жерден-ақ Асылжан дәрежесі жоғары әскери адамға сәлем беріп, тәжім еткен солдаттай-ақ алдында сіресіп тұра қалды.

— Жақсы келдің, жоғары шық, қарағым! — деп Қарлығаш, мұғалім қызға аласа сырлы отырғышты ұсынды. Рахила отыра бергенде, Асылжан аяғын бір басып, екі басып келіп, пешке арқасын сүйеп тұрған әжесінің оң жақ бүйіріне басын қойып тұра қалды. Көзі мұғалім қызда, көңлі терезе алдында жатқан дәптерде. Рахила да Асылжанның былдырап сөйлеген тілін қызық көреді. Бұл жолы да сол әдетіне басып, Асылжанның қолынан тартып өзіне қарай икемдеді де:

— Кім баласысың? — деп сұрады.

Асылжан манадан бері осы сұрақты асығып күтіп тұрғандай:

— Жәке баласымын, — деді.

— Тіліңнен айналып кетейін-ау мен сенің, — деп Қарлығаш курақ ұшты.

— Фамилияңды айтшы, қалқам?

— Байсалбаев!

— Әжеңді қай жерің жақсы көреді?

Бұл сұраққа ыммен жауап беруге бұрыннан машықтанған Асылжан, оң қолының сұқ саусағын шошайтып өз жүрегін түртті.

Асылжан мұғалім қызды «тәте» деп атайтын. Мұны оған әжесі үйреткен. Тәтесін көргенде іші-баурына кіріп шүйіркелесе кетеді.

— Тәте, мен тағы да мектепке барамын.

Асылжанның қазақша мүдірмей сөйлегеніне көңілдері көншіген ана мен мұғалім оның бетіне сүйсіне қарай қалды...

6

...Содан бері үш жыл өтті.

Тамыздың мый қайнатқан ыстық күні. Соғыс біткеннен кейін ел еңсесі көтеріліп, рақат өмірдің құшағына қайта кірген.

Таңертең Жайлаубай Таңатарға обком секретары Жа-набергенов беріп жіберген хатты берді. Жайлаубайдың өзім оқып берейін дегеніне Таңатар көнбей, терезе алдында кітап оқып отырған Асылжанды өз қасына шақырып алып, хатты соған оқытты. Жайлаубаймен бірге келген көп орденді, ұзын бойлы майор тыста жүрген.

Асылжан хатты ең әуелі ішінен бір оқып шықты да, беті сұрланып, көзі жасаурап сілейе қалды. Хат сөзі бала жүрегіне инедей қадалды.

— Даусыңды шығарып оқысайшы, не жазыпты?

— Керегі жоқ, оқымаймын, — деді Асылжан кемсеңдеп. Хатты Таңатардың алдына лақтырып тастап, алақанымен бетін басып, еңкілдеп жылаған бойы далаға шығып кетті.

Таңатар сасып қалды.

— Жйлаубай шырағым, өзің оқышы! Не пәле бар еді, мына бір жапырақ қағазыңда?

Жайлаубай Таңатардың бетіне бір қарап, хатты оқый бастады.

«Құрметті Таңатар ағай! Амандықтан кейін сізге айттайын дегенім мынау еді: жатырқамай бір баланы мәпелеп өсірдіңіз. Сіздің осы игілікті еңбегіңізді партия мен үкімет ешқашан да ұмытпақ емес. Енді мынау сол балаңыздың туған әкесі майор Агафонцев алыстан әдейі іздеп келіпті. Бір үйлі жаннан қалған жалғызы көрінеді, ренжітпей баласын өзіне беріп, риза ғып жөнелтуіңізді сұраймын...»

Хат сөзі Таңатарға ауыр тиді. Жаны түршігіп, тұла бойы біресе қызып, біресе мұздап, беті қуарып, отырған жеріне сылқ етіп құлай кетті. Жайлаубаймен бірге келген әскери адамның кім екенін ол сонда ғана білді. Жайлаубай оны кеше облыстық соғыс комиссариатының адамы деп таныстырған.

Асылжан сол кеткеннен қайтып келмеді. Майор Агафонцев сырын ішіне түйіп, ешнәрсемен ісі жоқ адамдай үнсіз отыр.

Жайлаубай олай айтып, бұлай айтып Таңатарды көндіре алмады. Үнсіз-түнсіз тымырайып отыра беруге дәті шыдамаған Агафонцев сөз бастады:

— Соғыстың салқыны кімге тимеді. Бір үйлі жаннан тегіс айрылып, қарақан басым қалды. Басыңызға қайғы орнатып, бақытыңызды тартып алғалы келген жоқпын. Танысып-білісейін, жайымды айтайын деп келдім...

Осыны айтты да майор мұңайып, төмен қарады. Таңатарға бас иіп, жалбарынғысы да келді. Бірақ жылаған да жоқ, бас иіп жалбарынбады да. Бойын бекем ұстап, қунақ отырды...

— Мәймөңкелейтін түгі де жоқ, — деді Таңатар малдасын құрып, қалшиып отырған күйі, — қолымнан бала бере алмаймын. Асылжанның өзінен көзбе-көз сұралық. Алда-жалда сізге еріп кетемін десе, не амалым бар? Болмайды екен, өкпелемеңіз!

Таңатар сөзі тым қатал шықты. Екеуінің де өзегіне от түскен қалыптары бар.

Агафонцев оң қолымен маңдайын тіреп, терең ойға шомды. Аз-кем отырды, да ойындағысын айтпаққа оқталғанын, қабағын ашыңқырап, Таңатардың бетіне тура қарады.

— Өтінемін, қария, беріңіз тілегімді! Жасым кіші болса да, жолы үлкен аға баласымын деп назымды айтқалы келдім. От ішінде ойран болған бір үйлі жанның атынан, төрт жыл бойына қан кешіп, нан мен тұзды бөліп жескен, талай от пен судан бірге өткен майдандас достарымның атын сізге, сіздің қадірлі зайыбыңызға сансыз алғыс алып келдім...

Майордың көз жанарына іркілген жастың бір тамшысы кеудесіндегі самсаған ордендерге тамып кетті. Өзі қаны қашып, сұрлана қалыпты. Уһлеп, күрсінгенде аузынан шыққан ыстық леп шығады... Таңатардың сөз кезегін күтіп аузына қарады.

— Асылжан менің әлпештеп өсірген аяулым еді, жалғызымнан айырып, жанымды жаралағалы келдің бе? — деп Таңатар сұстана сөйледі. — Асылжан менің қолқам еді, қолқамды суырып әкеткелі келдің бе? Асылжан менің жүрегім еді, жүрегімді жұлып алғалы келдің бе? Ашып айтшы!..

— Бармаймын, ермеймін деп безеріп отырған баланы зорлап, арбасына салып бермекпіз бе? Осылар бізге нағыл дейді, тегі, — деп пешке арқасын сүйеп, үнсіз мелшиіп отырған Қарлығаш жыламсырап күңк етті.

Жайлаубай Таңатардың сөзін Агафонцевке дәл жеткізді де, кемпірдің айтқанын аяқсыз қалдырды.

«Бұдан басқа айтарым жоқ, тоқетері осы» дегендей Таңатар түнере түсті. Қарлығаш тұрып, далаға шығып кетті.

Майор ойдың ұшына шыға алмай дал болды. Өткен

күндердің сағымдай бұлдырап алыстап кеткен бұлыңғыр суреттері көзіне елестеп өтті. Бір үйлі жаннан қалған кішкентай Аркадий соғыс тағдырының айдауымен Қазақстанға келіп, тілі, туысы өзгеріп, Таңатар деген қазақ шалына бала болады, өзінің туған әкесін танымай, суық қарайды деп ойлап па еді?..

... Агафонцев өткен түнде көз шырымын алмады.

Жер дүниеге алтын орай нұр шашып таң атты. Асылжан тағдыры шешілетін ақырғы күн келді. Таңатар түні бойы дөнбекшіп, оймен арпалысып шықты.

Таңатар өткен түнде Қарлығашпен және де осындағы қатар-құрбы қарт адамдармен ақылдасқан-ды. Бәрінің де шешімі бір арнаға сайған. Бұлар Асылжанды ортаға алып, өз ойларын ұғындырып айтқан. Есі кіріп қалған зейінді бала істің жай-жапсарын ұғынса да, кесімді бір түйінге келе алмай қатты қыйналып еді... Асылжан содан кейін «бармаймын, ермеймін» деп азарда-безер болуды қойды да үн-түнсіз жатып қалды...

Асылжан жайындағы әңгімені бүгін Таңатардың өзі бастады. Бұл жолы да шалдың сөзін Жайлаубай әдемілеп аударып берді.

— «Ашу — дұшпан, ақыл — дос» дейді біздің қазақ. Кеше жаныңа батыра айтсам, кешірім жаса, шырағым, — деді Таңатар жылы шыраймен, — бала сенікі екені рас, оған дауым жоқ, — аржағын айтпай іркіліп қалды... Өз шешімін бірден айтып тастауға көңлі дауаламай, қыйналған қалпы бар...

Агафонцевтің жүрегін елжіретті осы жылы сөз. Елпілдеп, бәйік боп отырған шалды да аяп кетті, бір үйлі жаннан қалған жалғзын да қыймайды. Таңатарға не деп жауап қайыраын білмей, сырын ішіне бүгіп, үнсіз көп отырды.

Дүниедегі бар жақсылықты содан ғана күткендей, өмірінің тұтқасы соның қолында тұрғандай — Таңатар Агафонцевтің бетіне телміре қарайды. Іші-бауры елжіреп, көзінен моншақтаған ыстық жасын анда-санда жаулығының шетіне сүртіп қойып, Қарлығаш отыр. «Бармаймын, ермеймін» деп Асылжан кешеден бері үйден безіп кетті.

— Білігін өзіңіз айтыңыз, кәрия? — деді Агафонцев ақырын.

— Қидым баламды, — деді Таңатар — қызығын көр... сенен жалғыз ғана тілегім — достығыңа, татиды десен

дәмдес болайық анда-санда Асылжан екеуің келіп-кетіп жүріндер, ара-тұра хат-хабарынды үзбе!..

— Мен де қыйдым, тек өмір-жасы ұзақ болсын! — деп Қарлығаш кемсендеп жылай берді...

Таңатар Қарлығашқа көзімен ымдап еді, ол ауыз үйдегі Асылжанды шақырып әкелді.

— Қане, нағыз орысша сүйіселік! — деп Агафонцев құшағын кең жайып, Таңатарға ұмтыла берді. Майордың күн тиіп, жел қаққан жұқа ерні, Таңатардың әредік ақ кірген ұзын қара мұрт басқан аузына жабыса кетті.

— Келші, қарағым, қазақша төс таясып достасайық! — деді Таңатар алқынған жүрегін баса алмай.

Екі жүрек тоғысып ұзақ тұрды. Таңатар Агафонцевті құшағынан босата беріп, құшырланып бетінен сүйіп-сүйіп алды.

— Папаңа бетіңнен сүйгізе ғой, қарағым, — деді үнсіз тұрған Қарлығаш Асылжанға. Ол біресе Таңатарға, біресе Агафонцевке қарап, жидіріп тұрып қалды.

Агафонцев Асылжанды құшақтап көтеріп алды да басын кеудесіне басып, маңдайынан сүйді. Сол мезетте оның көкірегіндегі бар шері лық етіп төгілгендей, бойы бір түрлі сергіп кетті.

— Сенің өмірлік атың Асылжан болады, — деп Агафонцев көңілдене жымыйып, ұлына айтып жатыр.

Асылжан басын изеп, жымың етті.

Асылжан Агафонцевтің қолынан босанып шығып, Таңатарды құшақтай алды. Сағынып қалғандай-ақ аймалап, сүйіп жатыр. Таңатар оны қапсыра құшақтап, бетінен мейірлене сүйіп тұрып:

— Әкең мен әжеңді қай жерің жақсы көреді, құлыным? — дегенде, Асылжан сұқ саусағымен өзінің жүрек тұсын басып көрсетті.

— Садағаң кетейін! — деп Қарлығаш Асылжанға ұмтыла берді...

Аудармашының қызметін мүлтіксіз атқарып, әбден машықтанып алған Жайлаубай осы арада жайрандап бір сөз айтып қалды:

— Достық мәңгі жасасын! Қатар түзеп тұра қалыңдар, қазір мен бәрінді суретке түсіріп алайын!..

АНА СЫРЫ

(Гвардия капитаны Ботабаев Бақытжанның дәптерінен)

Мың тоғыз жүз қырық үшінші жылдың қысы. Қаңтардың қаһарлы аязы сықырлап бет қаратпайды. Біз шофермен үшеу едік. Қар көрпесін айқара жамылып, шексіз-шетсіз кең дала жатыр. Аса маңызды тапсырмамен майдан төңірегіндегі бір елді жерге келе жатырмыз... Астымыздағы «виллис» қар түгіл қыя жарыңды да тыңдайтын емес, секіріп, орғып келеді. Қасымда гвардия аға лейтенанты Айқымбаев Елемес бар. Шыңғыстың шыңында өскен өр көкірек, бүркіт қабақты, ат жақты, қыр мұрынды, аққұба сұлу жігіт еді ол. От ауыздылық, орақ тілділік, күлдіргі мінез біздің Елеместе де бар болатын. Жол қысқарсын деп қай-қайдағы қызық әңгімелерді айтып, көңіл күйін шертіп келеді.

Аспан ашық. Түбіттей үлбіреген шоғырмақ көкшіл бұлттар ғана қаракөк аспанның әр жеріне теңбіл таңба түсіріпті.

Бізғытып жүріп келеміз. Ажал оғын тиеген неміс самолеттері де, оқта-санда төбемізді жанап зуылдап өтіп жатқан зеңбірек оқтары да жүрегімізді сескенте алған жоқ.

Жер шамасына қарағанда, Нестровка селосына жақындап қалған тәріздіміз. Бір мезетте, бұтақтары мен жапырақтарынан айрылған жаралы орманға кірдік. Ауыр зеңбіректер үйреншікті әніне басып, алыстан гүрс етсе, қарлы дала, қалың орман шошығандай селк ете қалады.

Біздің маңдай алдымызда көз көрім жерде, майдан жолымен жалғыз жаяу кетіп барады. Бет алысы шығыс жақ. Қасына жете бергенімізде ең алдымен көзімізге түскен арқасына шандып алған түйіншек заты болды. Қолындағы таяғын шыйыршық жолға тық-тық еткізіп, еңкіштене шыйрақ аяндап барады. Машинамыздың жүрісін

баяулатып, қасына желіп тоқтап ек, бізді көріп о да кілт тоқтады.

Басына қолдан тоқыған ескі шәлі орған әйел бұрылып бізге бір қарады да, бір нәрсесін кенеттен жоғалтып алған адамша жерге үнілді. Басына орнаған бұлдыр ойдың бұлыңғыр тұманын серпіп тастаған жанша, әлден уақытта еңсесін көтеріп, көктегі күмбез күнге көз тікті. Біз де оған қайран қалып қарап тұрмыз. Бізді «әлде дос, әлде жау ма екен» деп күдіктенді ме, кім білсін, аңырып қарады да тұрды...

Жапанда жалғыз жүрген бұл неткен жан? Аспанның көк жайқын теңізінде еркімен жүзіп бара жатқан маңғаз күнді, орыстың кең байтақ қарлы даласын қызықтап тұрма? Жалғызынан айрылып, запыран жұтып, зар шеккен мұңды ана болар ма?...

Жапандағы жалғыз әйелдің жайын білмекке ынтықтық. Арқасына шандыған түйіншек затын қозғап, жөнделді де, еңкендей басып қасымызға келді.

— Жау екен ғой деп сескеніп тұрсам, өзіміздің балалар екен ғой, тәуба, жасаған, — деп оң қолының сұқ сауағымен кеудесін түрткілеп шоқына бастады.

Сол мезетте қарт әйел бұлттан шыққан күндей жадырап, әжім сызықтарымен айғызданған қансыз-сөлсіз бетінде қуаныш нұры пайда болды.

Жөн сұрастық. Жаудан жаңа ғана азат етілген мекеніне қайта оралған беті екен.

Біздің жылы шырайымызды көрген соң жүрек сырын ақтара, шешіле сөйледі:

— Бір үй толы көп жаннан жалғыз қалған бір бейбақпын, шырақтарым!

Әңгіменің аржағын айтпай-ақ ұғынып тұрмыз. Сүйемелдеп, машинамыздың қабинасына, шофердың қасына отырғыздық. Арқасына шандып алған түйіншегін шешіп алып, бөлек салдық.

Біздің осынша құрметтегенімізге көңлі босады-ау деймін, көзінің жасын көлдетіп еңкілдеп жылап жіберді ана. Айбынды бет пішініне қарағанда қайыспайтын қайсар адам секілді еді, жасып, егіліп тұрғанын көргенде біздің де көзімізге жас келді. Немістердің қанды шенгелінен құтылып, жарық дүниенің дарбазасын қайта ашып, өмір кілтін өз қолына алған талай жандарды көріп ек, мына кісінің түр-сыйпаты солардың бәрінен де өзгеше көрінді бізге.

— Сөгө жамандамаңдар, көгіршіндерім. Маңдайға жабысқан қалың сордан арылып, бақытты өмірдің құшағына қайта кірген соң қуанғаннан жылаймын...

Моншақтаған көз жасы бет-аузын жуып кетті.

Ие, ол қуанғаннан жылады...

Онан әрі айтайын деген сөзін айта алмай, кәрі жүрегі қабынып, қансыз жұқа ерні кемседеп кетті.

Баратын жерімізге беттеп жүріп келеміз. Әңгімеміздің үзілген жібін сонда барған соң қайта жалғамақпыз...

Тамақтанып бой жылытып алған соң қарт ананы ортаға алып әңгіме дүкенін құрдық. «Сендерге айтар бір терең сырым бар, мақұл десеңдер орнығып отырған соң ағытамын» — деген ол бағана. Енді сол «терең сырын» білгенше көңліміз тынар емес...

Әңгіме басталды. Біз қарт ананың сөзін ұйып тыңдап отырмыз.

...— Қарғыс атқан жау ата қоныс мекенімізді, баспанамызды өртеп жіберді. Жыйған-терген дүние-мүлкімізді талап алды. Нелер қыршын боздақтарды, бой жеткен қыздарды душегубкаға салып тұншықтырып өлтірді. Алпыстан аса жас нәрестені тапа-тал түсте тірілей жерге көмгенін қалайша ұмытарсын!.. Қырмызы гүлдей құлпырып, тал шыбықтай бұралып өсіп келе жатқан күн сымбаты нелер аруларды Германияға күндікке айдап әкетті.

«Душегубкаға салып тұншықтырып өлтірді» деген сұмдықты өз басым осы кемпірден бірінші рет естіп отырмын...

Ана сөзін жалықпай тыңдадық. «Терең сырдың сандығы қашан ашылар екен» деп құмартамыз.

Ананың әсерлі сөзін тыңдаған сайын, жауға деген өршіл кек жүрегіміздің арнасына сыймай, бұлқынып сыртыққа шықты.

— Қапаланбаңыз, ғазиз ана, сіз үшін, азап шегіп, арманда кеткен сіздің жас ұрпақтарыңыз үшін жаудан кек аламыз.

Ананың сөзін қостағандай, оған үнін қосқысы келгендей, үскірік жел ызындап, кектің кереметті күшті сарынын аңыратты...

— Неғылмады қарғыс атқан ит фашистер. Етікші Яковті, мұғалима Вераны, ағаш ұстасы Трофимді кескілеп өлтірді. Қолхоздың парторгі Кулиненко Иван қандай аяулы жігіт еді. Сарбаз еді, қыршын еді! Оны да әйелі-

мен, шиеттей үш баласымен бірге мойнына тас байлап өзенге тастады... Айтты айтпай не керек... Уһ!

Бейтаныс анамыз манағы түйіншек затын шешіп, көнетоз қызыл шүберектің арасынан бір шағын кілемді алып бізге ұсынды. Бұл кілемде қандай сыр бар екен деп, аудара қарасақ — оның бетіндегі Ленин портреті көрген жерден көзімізді тартты. Құлаш жарымдай ғана шағын кілемге нақыштап тіккен әдемі суретті көргенде, бақыт күні — ұлы адамның нұр дидарын бетпе-бет тұрып көргендей әсер алып, бір жасап қалдық.

Кілем жайын сұрауымызды жұтпей-ақ қарт анамыз сөз бастады:

— Мен айтайын, сендер тындандар! Осы кішкене кілемнің теңіздей терең сыры бар. Көсемге деген сүйіспеншілігіміздің белгісі еді бұл кілем.

— Баяндаңыз кілем жайын! — деді Елемес.

— Осы кілемді кім тоқығанын білгілерің келетін шығар? — деді ана кілемді жүрегіне басып. — Соғысқа шейін мен кілемшілер артелінің мақтаулы стахановшысы едім. Москваға барып көрмеге де қатысқанмын. Кремльде болып, жүрегімнің тұсына Ленин орденін таққанмын.

Саусақтары шолтыйған оң қолымен маңдайын сыйпап, әңгімесін соза берді.

— Мәнің шебер кілемші екенімді зұлымдардың біреуі комендантқа астыртын жеткізіпті. Тез келсін деп шақырып жатыр деген соң, барсам, қарғыс атқан көкбас коменданттың дүрсе қоя бергені бар емес пе.

— Саған тапсырылатын бір маңызды жұмыс бар. айтқандай ғып орындасаң құба-құп, ал, тоңмойындығыңа салып, орындамасаң менен жақсылық күтуші болма, — деді.

— Өлмелі кемпірдің қолынан не келетін еді, несіне әурелейсіз, — дедім.

— Қыянпостықты қойсаңшы, кәрі қаншық. Қолыңнан келмейтін жұмысты тапсырады ғой деймісің. Соны айтты да қайдағы бір жексұрын күлкімен қарқылдап күлді-ай кеп...

Көксоққанның әр сөзі жүрегіме инедей қадалып барды. Бір сұмдықтың болғанын сезіп тұрмын. Неде болса тақсырлап тағзым еткім келмейді. Шырылдатып шыбындай жанымды алса да, бас иіп, бағынбасқа бел байлап тұрмын. Басыма таудай пәле түссе де қасқайып тұрып қарсы алмақпын.

— Қандай іс тапсырмақ, едіңдер, — дедім. Даусым қаттырақ шығып кетсе керек, жендет:

— Сабыр, сабыр, елеуреме, сөзді тыңдашы өзің, — деп орнынан ұшып түрегелді.

— Айтыңыз!

— Біздің ұлы фюрерді білесің ғой, — деді жендет түсін құбылтып. Соны айтты да жын ұрғандай арт жағына ежірейе бұрылып, төрде ілулі тұрған үлкен сұрғылт суретті оң қолымен нұсқады.

— Әрине, білемін, — дедім күмілжіп...

— Ендеше, ұлы фюрердің портретін салып кілем тоқып бересің, ұқтың ба? — деді кісімсіп, маған төніп. — Бар өнеріңді салып, осы құрметті міндетті ойдағыдай орындасаң, өле-өлгенше «Ұлы Германияның» қадірменді адамы боласың. Өзіне аса бағалы сыйлық та береміз. Басқа қонғалы тұрған бақыттан безбе...

Шама келсе қоян жалтаққа салып көрейін деп іштей ой түйіп тұрмын.

— Тілге сенсеңіз, осы алпыс бес жыл өмірімде кілем тоқып көрген пенде емеспін. Ұршық иіріп, киермендік шекпен тоқу қай орыс әйелінің қолынан келмейді дейсіз. Мен де солардың бірімін, — дедім.

— Көрдің бе мұны, оп-оңай құтылып кетпек боп тұрғанын. Алдауыңа көнетін аңқауды тапқан экенсің. Сөзді қысқарт та, тез іске кіріс. Кілемді тоқығың келмесе, оныңды айт...

Кеудемнен жүрегімді суырып алатындай тепсініп тұр.

Жендеттің даусы онан сайын өктем шықты. Мені оқты көзімен атып, ішіп-жеп барады.

— Кілем тоқу деген пәлені қайдан шығардыңдар? Жазықсыз, өлмелі кемпірді неге қыйнайсыңдар осынша. Сендер де мендей анадан туған жоқсыңдар ма? — дедім ашынып. Аяңғанмен жан қала ма, жасқанбай тік кеттім.

Жазықсыз талай жандарды қырып-жойып, ел тонаумен аты шыққан кесірлі жендет менің сөзімді тыңдасын ба, қаһарына мініп қарыса түсті... Байқаймын, ашумен, қоқанлоққымен көндірмек ойы бар.

— Сенімен мылжыңдасып отырам ба мен. Айтқан тілді алып, кілемді тоқыйсың ба, жоқ па, үзілді-кесілді сөзіңді бір-ақ айтшы, өзің!

Дүниедегі бар қарғысты басына жаудырып, сыбап балағаттағым келді. Былш еткізіп жексұрын бетіне түкіруден де тайынатын емеспін. Теріме сыймай булығып тұр-

мын. Артып ойлап, ақылға жеңдіріп, өзімді өзім зорға ұстадым.

Өктемсіп, құтырына сөйледі пәлест:

— Міз бақпай қасаруын қарашы, бұл кәрі қаншықтың, ежірейіп тұрған екі көзіңді ойып алайын ба, — деді жендет оң қолының сұқ саусағымен мені көзге шұқып. — Тілің байланып тұрмысың, неге үндемейсің? Әлде неміс әулетін, біздің ұлы фюрерді жек көремісің... Им... Совет өкіметі қайта орнайды деген де дәмең бар шығар өзіңнің... Сенің алдында тұрған обер-лейтенант Ганс Мюллер, бүкіл әлемнің тәңрісі — Адольф Гитлердің офицері, білемісің өзің?.. Көзі қызарып, қанын ішіне тартып алды.

Тастан жаралған тоңмойынға не дерсін. Кекті жүрегім бұлқынып, кеудеме сыймай кетті. Зығырданым қайнап, жан ашуы сыртқа тепті. Ашу мен ақыл тайталасып тартысқа түсті.

Жендет, мені көндіре алмайтынын білген соң қынабынан қанжарын суырып алып, жаландатып менің жүрегіме таяп тұрды:

— Өзіңе өмір керек пе, өлім керек пе, таңдауы сенікі...

— Өлтір мені, жанымды қыйнамай тезірек өлтір, — дедім ақ шашымды алдына жайып, долданып.

— Көзіңді ойып, қолыңды кесіп ит қорлықпен өлтірем мен сені...

— Құдай тілеуінді берсін... Құртшы мені...

Жендет манағыдай емес, даусын бәсеңдетіп, тұздай көк көзінің қарашығын сыйқырлана ойнақшытып арбай бастады:

— Айтқанға көніп, дегенімізді істеуің керек, кемпір...

«Кессең басым, алсаң жаным мінекей» — деп қалшыйып тұрып алдым. Жендет тағы да қалшылдап қаһарына мінді. Ата-баба, түп қыянымнан түк қоймай сыбап отыр. Жалаңдаған екі жүзді қанжарын, ала-ала ұмтылады. Бірақ, менің жүрегім оған селт етер емес.

Көзім қарауытып, дүние қап-қараңғы боп кетті. Сол сәтте өзіме өзім: «Өлсең де жауыңа берілме, Анастасья Михайловна! Енді төріңнен көрің жуық сенің. Жау қолынан азаппен қаза тапқан мың сан жаннан ардақты ма сенің шүйкедей басың. Көрінер көзге қас жауыңа бас иіп, жеті басты жалмауыздың суретін салып кілем тоқысаң, көзің көр, құлағың керең болар, атар сені ата-бабаның

аруағы» дедім ішімнен. Бұл менің орыс еліне берген қасиетті антым еді...

Олай айтып, бұлай айтып, жендет мені көндіре алмады. Бір мезетте дөңгелек қоңырауды шылдыр еткізіп еді, жалаңдаған бір солдат жетіп келіп, қатып тік тұра қалды да:

— Не бұйырасыз, обер-лейтенант мырза! — деді.

Жендеттің бұйрығы бойынша жаңағы солдат тысқа шығып, екі солдат алып келді. Үшеуі жабылып мені басып отырып оң қолымның саусақтарын екі буыннан айбалтамен отап алды... Есімнен танып кеттім. Қанша уақыт жатқанымды білмеймін, көзімді ашып алсам, оталған қолымды шүберекпен танып тастапты. Суық сарайдың ішінде жатыр екем. Неміс жендеттері менің оталған қолыма иод жағып, ақ шүберекпен таңғанда, әрине жаны қалсын, қансырамасын, деп аяғандықтан солай істеді дейсіз бе, қолы шолтыйып тірі жүрсе, басқалардың да жүрегі шайылсын деген ғой. Сол суық сарайда аштан-аш бес тәулік жаттым. Күніне беретін нәрі бір тілім қара нан мен бір құты қара су. Алтыншы күн дегенде босатты-ау, әйтеуір...

— Ал, кәрі қаншық... Кілем тоқыған жақсы ма екен, болмаса бес саусақтан жүрдай боп қалған қалай екен? — деп кекетті Ганс Мюллер.

— Өлгенім жақсы еді, неге құртпадың мені!..

Қолым көпке шейін жазылмай бейнет шектім. Үйімде екі ай төсек тартып жаттым. Күндерде бір күн: «Осы арадан кетіп, өлімтігімді көрсетпей өлейін, ормандағы партизан ағайындарға барып паналайын» — деген тоқтамға келдім. Кілемшілер артелінің туына орап, адам таппас жерге тығып қойған мына қасиетті кілемімді алып бір түнде тайып отырдым...

Өз жүрегіндегі «терең сырды» осылайша атқарды Анастасья Михайловна...

Батыр ананың ересен ерлігіне, аузын арандай ашқан ажалға қасарып қарсы тұрған өр қайратына қайран қалдық біз.

А Л Г Ы С

Жапырайған жалғыз фанзадан¹ жүгіре шығып, сол-түстікке қасқая қарап тұрған таңқы мұрын, арық, қара бала сол бір сәтте не ойлады екен?

Бұл фанза Манчжурияның М. қаласына апаратын үлкен тас жолдан он бес километрдей бұрыс, шығыс беткейдегі қытай қыстағының бергі шетінде еді.

Жарқылдаған от біраз уақыт жоғалды да, пулемет даусы басылғанда барып осы фанзаның шығыс жақ бүйірінен, ұрымтал жерден көріне бастады. «Жапондар ата бастаған соң, орыс машинасы үлкен жолдан шығып, адасқан екен ғой», — деп ойлады Ли.

Жаңбыр қатты жауғандықтан жер ойылып лайсаң болып кетіп еді. Машинаның шамы тағы да сөнді.

Ли жалба-жұлба шалбарының балағын тізесінен жоғары көтере түрді. Көйлегінің етегін шалбарланып, сыптығырланып алды да, жаңағы от көрінген жаққа жүгіре жөнелді. Екі өкпесін қолына ала, бірде сүрініп, бірде жығылып жүгіріп келеді.

Фанзадан шамасы екі километрдей жерде сазды сай бар еді. Соған жақындай бергенде Лиге автомашинаның дырылдаған даусы естілді. Ол сайға түсіп, машинаның жанына келді.

— Саған кім керек еді? — деп, винтовкасын кезеніп, біреу шыға келді.

Ли дірілдеп, қорқып кетті. Бірдеңе айтып, өзінің мәнжайын түсіндірейін десе, орыс тілін білмейді.

— Товариш гапитана! — деп мылтығын кезеп тұрған адамға жыламсырап жақындай түсті.

«Бұл жүгірмек жеті қараңғы түнде неғып жүр, әлде жапондардың тыңшысы болар ма» деп, шофер Алексеев сене алмай тұр. Алайда мылтығының дүмін жерге тигі-

¹ ф а н з а — үй (қытайша).

зіп, көңлі орныққандай болды. Бала артқы екі дөңгелегі бірдей ортан беліне шейін сазға батқан машинаны көріп, қолын шошайтты:

— Пу, жаман, — деді.

Осы кезде жаңбыр саябырлап еді. Бұлт астынан қараңғы түнге ептеген ала көлеңке кіре бастаған.

Шофер жалғыз еді. Осы маңайдағы бір әскер бөліміне оқ-дәрі апара жатқан. Машинадағы қатар-қатар жәшіктерді қалың брезентпен айқара жауып тастапты. Шофер балаға бірдене айтып, жөн-жоба сұрайын десе, тіліме түсінбес деп, үндемей тұр.

Бала оңтүстік жаққа қолын сілтеді.

Еңгезердей денесімен оқыс бұрылып:

— Машинаны шығару керек, — деді Алексеев.

Алексеевтің бұл ойын да ұқты бала. Бірақ, сөзіне орай жауап айтуға тілі келмейді. Бала шығысқа қарай қолын сілтеп, өзінше бірдеңе айтқан болады, бірақ оған шофер түсінбейді.

Осы маңайда жапондардың иесіз қалған ағаш қоймасы бар екенін де Ли жақсы білетін. Қойма бұл арадан жүз метрден қашық емес. Алексеевке жақындай түсіп, қолымен ымдап, машинаны көрсетті де, қоймаға қарай жүгіре жөнелді. Алексеев оны, машинаның дөңгелегінің астына салатын құрай жыйнап әкелуге кеткен шығар деп шамалады.

Ли сүріне, жығыла, жүгірген бойымен қоймаға жетті. Жөн-жосықсыз жайрап жатқан тақтайлардың біреуін қапсыра құшақтап, сүйрей жөнелді. Ебетейсіз үлкен тақтай икеміне көнбеді. Бала кей мезетте омақасып құлайды. Жан-дәрменімен түрегеліп тақтайды тағы да сүйрей жөнелді. Ыстық тер бет-аузын, тұла бойын жауып кетті. Бір мезетте ұзын тақтайды арқасына салып сүйреді. Ес кетті, жан шықты дегенде, машинаға жетті. Тақтайды жерге тастай салды да, ымдап машинаның дөңгелегін көрсетті. Баланың не оймен кеткенін Алексеев сонда ғана білді.

— Рақмет! — деді Алексеев қытайша сөйлеп...

— Шаньго — корошо! — деді бала маңдайынан сорғалаған терді алақанымен сүртіп...

«Тағы да бір тақтай әкелейін» дегендей бала оң қолының сұқ саусағын шошайтты да, әлгі барып келген жағын нұсқады. «Әкелсең, әкел» дегендей ишарат білдіріп, Алексеев те сол жаққа қолын сілтеді. Ли тағы да жүгіре жөнелді...

Алексеев пен Ли машинаны сазды жылғадан шығарып болғанда жаңбыр әбден ашылған болатын. Бірақ, түн түнегі онша арыла қоймаған. Тек сирей бастаған бұлт арасынан шала-шарпы көрінген таң сәулесі ғана жер бетіне шамалы жарық беріп тұр.

Бала көп ойланып тұрған жоқ: қалайда енді машинаны сазға батырмай, фанзасына жеткізбек. Енді не істеу керек? Алексеев машинаның кабинасында, рульді ұстап жүруге ыңғайланды. «Осы арадан тура жүрсек, жолда машина тағы да батпаққа батып қалады, не де болса, жол тауып берейін» деп ойлады Ли. Қолымен ымдап, жол жақты көрсетті де, өзі солай қарай жөнеле берді. Менің артымнан жүріп отыр дегендей тағы да ым қақты. Машина мамырлап жүріп келеді, Ли бастап келеді. Жалғызаяқ сүрлеу жолдың сорабымен жүріп отырып, бір кезде өзінің фанзасына алып келді...

Кұланиектеніп таң да атып келеді. Жер жүзі ағарып, таң сәулесі молая бастады.

Ескі мола секілденген сыйықсыз фанза тиіп кетсең құлағалы тұр. Алексеев машинасын фанзадан оңашарақ жерге қойды да, Лимен бірге үйге кірді. Үйге кірісімен-ақ, бала тісін ақсыйтып, көңлі көншігендей күлімсіреп сөйлей бастады: «Орыс, Қызыл Армия» дегенін Алексеев анық ұғынып тұр. Бүкірейген бір шал төсегінен тұрып, күйбендеп жүр. Үй ішінде іліп алар мүлік жоқ. Шалдан басқа адам да көрінбейді.

— Рус, гапитана, — деді бала қуанышты пішінмен...

— Шаньго, жақсы, — деді шал да көңілденіп...

— Аманбысың, қызыл қыран, — деді шал Алексеевке қолын ұсынып. Орысша мүдірмей сөйлеп кетті. — Сапар оң болсын!

Еңгезердей, ұзын бойлы, ашаң өнді Алексеев шалдың қара ағаштай қатып қалған тұлғасын бір шолып өтіп, сөз қатты:

— Өзіңіз де аман-есенсіз бе?

Шал онан сайын көңілденіп, бастырмалатып сөйлеп тұр. Ли де сөз арасында бірденелерді айтып, шалдың сөзін бөледі. Бұрын Владивосток қалсында жыйырма жыл тұрғанын, орыстармен ағайынды-қарындастай ашна болғанын айтты шал.

— Манчжурияны жапондардан құтқараған орыстардың өркені өссін, — деді, шал екі қолын кеудесіне қойып,

басын төмен иіп. Шалдың қатарына тұра қалып бала да басын иді.

— Мынау немерем, быйыл он үшке шықты. Балам төрт жылдан бері Чжу Дэнің армиясында, — деді шал. Біреу естіп қояр деп қауіптенгендей, аузын Алексеевтің құлағына тақап, тым ақырын айтты. — Аман болса, енді ұзамай келеді ғой...

Алексеев күлімсіреп, біресе шалдың бетіне, біресе мақтанған пішінмен тісін ақсыйтып, өзгеше көңілденіп тұрған Лидің бетіне қарайды...

...Содан бері үш ай өтті. Өзімізге мәлім Лидің өмірінде елеулі өзгеріс болды. Біздің бөлімшені бастап апарып, інде берілмей жатқан жапондардың бір батальон әскерін қырғызды. Жараланып госпитальға түсті.

Госпиталь бастығының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары, капитан Ермеев емделіп шыққан бір топ жауынгерлерді сапқа тұрғызып, Н. бөлімі командирінің бұйрығын оқыды.

Саптағы жауынгерлер селт етпей, бойларын тік ұстап, сергек тұр. Сол жақ шетінде, біздің жауынгерше киінген, белін сыптығырлап буынған бір бала көрінеді. Ол — өзімізге таныс Ли. Ерекше ерлік көрсетіп, наградталғандармен бірге Лиге «Батырлығы үшін» медалі берілген екен.

Ли бүгін үйіне қайтуға тиісті. Ол жауынгерлерге қырмағандай қарай береді. Оны жеткізіп тастайтын машина да келіп тұр. Капитан Лиге қолын ұсынып:

— Қош бол, Ли Фу жолдас, келер күндерді бірге өткіземіз ғой, э, — деді жымыйып.

— Ие, — деді Ли сенімді дауыспен...

ЖАРАЛЫ ЖАУЫНГЕР

Тамара Антоновна күндегі әдеті бойынша кішкене қол шанасын сүйретіп орманға келгенде күн еңкейген кез еді. Бұл жолы ол орманнан ешкімді кездестіре алмады. Шанасына сықап ағаш тиеп алып, жалғызаяқ жолға түсті. Солтүстіктің ызғырық желі жаралы Курск орманының апшысын қуырып барады. Үш күн ұдайымен соққан ақ бораннан өркештеніп қалған қар отыншы әйелдің аяғын бөгеп жүргізбейді. Х. деревнясы бұл арадан он километр жер. Күні кеше осы орманның ішінде болған кескілескен ұрыстың қанды ізі қар астына жасырыныпты.

Терезелерінен жел азынаған ұсқынсыз үйі, дірдек қағып, шықпа жаным, шықпалап еңіреп отырған жеті жасар Мишасы көзінің алдынан кетпеді.

Немістің салтатты бір солдатты зулатып өте шықты. Ағаш арасынан қапелімде екі-үш дүркін атылған оқ әлгі салтаттыны атымен қоса омақа асырды.

— Жатқаныңнан тұрма, нәлет, — деп күбірледі де Тамара Антоновна ыңырсып сұлап жатқан солдаттың қасынан өте берді.

Одан әрі екі-үш шақырымдай өткен соң ағаш кесіп жатқан жүз қаралы тұтқындарға кездесті. Тамара Антоновна үйге тез жетейін деп әдейі төте жолмен келе жатыр еді. Көрпеге оранып-шымқанған, бастарын ескі шүберекпен таңып алған он шақты солдат тұтқындарды күзетіп жүр. Тамара Антоновна жақындай берген кезде, жол шетінде шылым тартып отырған үш солдат орындарынан тұрып, жолдан отыз метрдей жерде ағаш кесіп жатқан тұтқындар тобына қарай ойысты...

Өз селосының және осы маңайдағы деревнялардың таныс адамдары... Үсті-бастары жалба-жұлба, шетінен дірдек қағады. Өң жоқ, түс жоқ. Бұларды көргенде Тамара Антоновнаның жүрегі сыздап, көзіне жас толды. Қызыл Армияда, Отан соғысында жүрген жары Андрей

есіне түсті. Неліктен екенін кім білсін, Тамара Антоновнаға бір күдікті ой келді: «Аман-есен жүр ме екен? Әлде қапылыста жаудың қолына түсіп, дәл осы жерлестеріміздей қорлық-азап шегіп жүр ме?»

Андрейден хабар-ошар болмағанына жылдан асты. Осы төңіректі фашистер басып алғалы қай жерде екені де мәлімсіз.

Тұтқындарды күзетіп жүрген солдаттар өздерімен өздері болып, әйелді байқаған жоқ. Тамара Антоновнаның көзінен аққан ыстық жас — бой-бой болып жыртылған шолақ тонының омырауын жуып жетті. Артына жалт-жалт қарап кетіп барады. Терезесінен жел азынаған үйі, дірдек қағып отырған жетімегі көзіне елестейді. Курскинің ну орманын тербетіп жел ұлайды.

Күн батуға айналды. Жүрегін сыздатқан қайғыны қайратпен жеңген Тамара Антоновна ентелей басып асығыс жүріп келеді.

Орман шетіне шыға бергенде желмен бірге ызындап бір үн келді құлағына. Әйтеуір адам үні, бірақ түсініксіз жат тілде ызылдайды. Кім бұл? деп тамсанды Тамара Антоновна. «Кешегі қанды шайқаста қар астында қалған совет солдаты болар ма? Жан иесінің үніне құлақ аспай кете беруім жөн бола ма» деп түйді ойын.

Тамара Антоновна ілгері басқан сайын дауыс та бірте-бірте жақындай түсті. Енді манағыдай жұмбақ, жат тілде емес, таза орыс тілінде: «өлдім» дейді белгісіз бір жан. Шамасы осы арадан онша алыс емес секілді. Тамара Антоновна қол шанасын тастай беріп, дауыс шыққан жаққа бұрыла жүрді. Қалың қарды белуардан кешіп ентелеп келеді. Өз тілінде естілген үн бір керемет күштей-ақ қайырымды әйелді өзіне тартып барады. Бір кезде дауыс дәл аяғының астынан шықты. Тамара Антоновна қапелімде сескеніп ыршып түсті. Адамның басы қарайып көрінді.

— Құтқара көр, — деді дәрменсіз сұлық жатқан жан, тілге келіп.

Тамара Антоновна қайран болып тұра қалды. Тұла бойы мұздап, жүрегі сыздады.

— Қар астында жатқан неткен жансың? — деп сұрады ол.

Жалынышты пішінмен сүзіле қараған отты кара көздер әйелдің шерлі жүрегіне қадалып барады.

— Жаралы жауынгермін, — деді адам күбірлеп...

Тамара Антоновна күреске түсетін балуандай белсеніп, жаралы жанды қардан аршып алды. Жаралының бет-аузы қаннан көрінбейді. Кеудесінде жаңы барын қара көздер ғана аңғартады.

— Өз қолыңнан өлтіріп кет, бауырым! — деді жаралы жан кемсендеп. Бірақ көзінен жас шықпады.

— Өлімді айта көрме, әуелі шешіндіріп жаранды таңайын. Тамара Антоновна оны қапсыра құшақтап, жарасын таңды.

— Бар күшінді жыйып, икемдел... Қол шанаға салып алып жүрейін. Тыпыр етпей жата бер, ұқтың ба?

— Ұқтым, — деді жаралы жан естілер-естілмес дауыспен.

Әйел тонының жеңін сыбанып:

— Қорқушы болма, көгіршінім, орман аңшылары бұл арадан алыс емес, — деді.

Жау басып алған осы өңірдегі елдің адамдары қызыл партизандарды «орман аңшылары» деп атайды. Шуғай қарт бастаған партизандар тобы қапелімде тап беріп, фашистерді талай қаң қақсатқан.

Отынды түсіріп болған соң Тамара Антоновна бар пәрменімен жігітті жерден көтеріп алып, қол шанаға жатқызды да, жіңішке кендір арқанмен мықтап шандып тастады.

— Бесіктегі нәрестедей жайланып жата бер, ұқтың ба?

Жігіт, көзі жаудырап, басын изеді.

Қайырымды әйел жаралы жанды қол шанаға тиеп алып тартып келеді. Солтүстік жақтан соққан ызғырық жел ызындай түседі...

Бұлар үйге келгенде шудаланған шұбар бұлттың арасынан шыға келген ай да алтын табақтай дөңгеленіп көк жүзінде еркін самғап бара жатыр еді.

Әлсіз жанған білте шам үй ішіне күңгірт сәуле түсіріп тұр. Баласын тамақтандырып, пештің үстіне жатқызды да Тамара Антоновна үлкен ағаш кереуетте сұлық жатқан жаралының қасына келіп, бетіне үңіліп:

— Атың кім? — деп сұрады.

— Сәндібек... — деді ол әлсіз, самарқау дауыспен.

Тамара Антоновна жігітті тамақтандырып, жайлап қайта жатқызды. Бірақ ол жөнді тамақ ішкен жоқ.

— Тыныш жат та, тыныс ал, ұқтың ба?

Жыртық терезелерден гулеген жел әлсіз жанған білте шамды мазалап тұр.

Қапсағай денелі, кең кеуделі, сақал-мұрғын қырған біреу келді.

— Андрейдің өлігі орманда жатыр. О, жасаған, некен сұмдық еді, — деп Тамара Антоновна келген егде адамның мойнына оралып еңреп жылап қоя берді.

Ол міз бақпай сазарып тұр.

— Қамықпа, қайғырма, Тамара Антоновна, қайраттан, Семон Григорьевич тірі болса, кегің кетпес жауда, — деді қанын ішіне тартып.

Семен Григорьевич Сәндібектің мән-жайымен танысты.

— Қазақстандық жігітті баптап күтіп, әбден есін жыйған соң біздің топқа қосуды саған совет өкіметінің атынан тапсырамын.

— Бұйрығыңызды сөзсіз орындаймын. Сұңқар жолдас! — деді Тамара Антоновна көтеріңкі дауыспен.

Күндер өтіп жатты. Сәндібек бойын жыйып, адам санатына қосылып қалған. Тамара Антоновна оны біреу-міреудің көзіне түсіп қалмасын деп «жұмбақ бөлмеге» орналастырған. Бұл бөлменің құрылысы бір ғажап. Екі бөлмелі кірпіш үйдің қораға шығатын қабырғасына жанастыра соққан. Есігі шағын терезенің аумағындай, бір адам еңбектеп өткендей бір тесік. Оған тақтайдан қыйып қақпақ орнатқан. Қақпақ керегінде ғана ашылып, үйдің ішкі қабырғасымен қабырға болады да тұрады.

Айналаны шолып, иісшіл иттей тіміскілеп жүретін фашистер бұл үйге осы екі-үш күнде сан рет келіп кеткен. Кішкене деревняның орманға кіре берісінде оқшау тұрған осы үй фашистерді көптен-ақ күдіктендіретін. Бірақ, жүрек сыры Шуғай тобымен ұштасып жатқан Тамара Антоновнаның жай-жапсарына жау қанық емес-ті.

Қараңғылық қоюланып, көз байланған уақ еді. Тамара Антоновна кішкене баласын, жаралы жігітті тамақтандырып болған соң, өлусіреп жанған білте шамның жарығымен ескі тонын жамап отыр. Біреу есік қақты.

— Кімсің?

— Аш есігінді! — деді кіжінген дауыс.

— Хош келдіңіз, фельдфебель мырза, — деп Тамара Антоновна жылы жүзбен қарсы алды оны.

Ата-баба, түп-қыяннан сыпырып сыбай келді кәрі

фельдфебель. Оның істік мұрны шүйіріліп, тұздай шегір көзі әйелді ішіп-жеп барады.

— Сен орманға неге бара бересің... Партизан шығарсын... — дейді ол онан сайын түсін суытып.

Жаралы жігітті сезіп келіп отыр ма деп, сезіктенген Тамара Антоновна қалшыйып тұрған бойы:

Гапу етіңіз, құрметті фельдфебель мырза, Ұлы Германия мемлекетіне қастық...

Ұлы Германияға шын көңілмен берілгендігіңді немен дәлелдейсің?

— Не бұйырасыз?..

Фельдфебель жын ұрғандай теңселіп ерсілі-қарсылы жүрген бойында:

— Партизандар жайынан мәліметтер беріп тұрасың, осы деревнядағы күдіктілердің із-өкшесіне түсіп әшкерелеп бересің, ұқтың ба? — деді зілді дауыспен.

— Құп болады...

Кәрі фельдфебель, Тамара Антоновнаның міндетін талдап түсіндірді, сөзінің қортындысында: — жаралы партизандарды орманнан әкеліп, астыртын орыс тылына, майданның ар жағына өткізіп жүрген біреу барын, соны табу керек екенін айтты.

— О, жасаған, ол кім екен, — деді Тамара Антоновна таңданғансып.

Фельдфебель түсін жылытып:

— Немістің ұлы армиясына қастық ойлап, орысқа көмектесіп жүрген сұмырайды жатпай-тұрмай тауып берсең ұлы Германияның қадірлі адамы боласың, ұқтың ба? — деді.

Хұп болады...

«Енді не істеуім керек. Жаман да болса ұй-орман мынау, өмірдің жарық күнін күтіп көзі жаудырап жатқан жігіт анау. Тырдай жалаңаш құлынымды не етпекпін. Тәуекелге бел байлап мұнда қалсам құртуы хақ... Жоқ... жоқ. Орыс еліне арнаған жүрек бар менің кеудемде. Жаныңды алып қаламын, өмірге қайта қосамын деп қазақ жігітіне берген айнымас сертім бар...» деді Тамара Антоновна өршелене, өзіне-өзі.

Жаралы жігітті қолшанаға салып алып, Мишасын жетелеп Тамара Антоновна Шуғай тобы қайдасың деп жолға шыққанда, түн ортасы ауып бара жатыр еді.

Еркіндік іздеп шыққан жандарды жаралы Курск орманы құшағын жайып қарсы алды...

МАҚТАНЫШ

Күреңбай терезе алдында, жыртық текеметке жайғасып ескі етігін жамап отыр еді. Қысқы қысқа күннің жарығымен шаруасын бітіріп алуға асығып, бізін секіртеп қояды... Түс ауысымен-ақ, жалғыз терезелі жер үйге қара көлеңке түсе бастады. Орган беліне шейін ескі шүберекпен тығындап қойған бәкене терезе бас-аяғы бір уыс аласа үйді жарыққа жарыта алмай, мезгілсіз сығырая қалыпты.

Шыйыршық қарды жөппелдемелете сықырлатып, терезе алдынан біреу өте шықты. Қолтығына әліппе кітабын қыстырған Бәкібай үйге бір қора суықты ала кірді.

Бәкібай шешінбестен, ентелеп төр алдына барды да, кітабының ішінен қатырма қағазға жапсырған бір шағын суретті алып, сорайған жуан шегеге іліп қойды. Сөйтті де жайраңдап әкесіне тіл қатты:

— Әке, бері қара, біздің үйге Ленин келді!..

— Қой, Бәкіш, жоқты айтпа! — деді Күреңбай еңсесін көтеріп. — Тағы да бірдене дегісі келіп, оқтала бергенде, төрдегі суретке көзі түсті.

— Рас екен ғой, — деді Күреңбай тарлан мұртын маңғаздана шыйратып. — Біздің үйге қадірлі қонақ келген екен ғой... Әп бәрекелде, тіпті жақсы болды... Сабазым, туысы бөлек адам екен де... — Орнынан қунақ тұрды да, бұрын есімін талай естіген сүйікті адамның суретінің алдына барып, оның жылы жүзіне ұзақ қарап тұрды. Өзінің бар арманы мен үміті осы кісіге байланысты екенін Күреңбай жақсы білетін.

— Ленин осы кісі екен ғой! Біздің бағымызға мың жасасын!..

Үнсіз қызара бөртеп оң жағында тұрған Бәкібайға сәл бұрылып қарады да, кедей-батрақтардың жыйналысында талай естіп, құлағы қанған бір сөзі есіне түсіп:

— Жасасын жолдас Ленин! — деді. — Оң жақ шеке-

сіндегі жаңа тобарсыи бастаған жарасын Ленинге көрсетуге ұялғандай сол қолымен көлегейлей берді. Әнеугіде қарамай таншамды мертiктiрдiң деп, темiр күректiң қырымен перiп қалып, Нұртаза түсiрген бұл терең жара қазiр де Күреңбайдың бойына үлкен мiн сыяқты болып тұр.

Бәкiбайдың мойнынан құшақтап тұрып:

— Бұл суреттi қайдан алдың? — деп сұрады.

— Бiрiншiде жақсы оқыйтын маған, Тайжанға, Балсарыға бүгiн мұғалiм бiр-бiрден осы суреттi бердi... Сендерге қаладан алып келдiм дейдi...

Мұны айтқанда Бәкiбайдың нәзiк даусынан мақтанышы аңғарылғандай болды. Жайнаған қара көзiнiң жанарында Ленин суретiнiң көлеңкесi ойнап тұрды.

— Оқы, балам, адам бол, мен сыяқты Нұртаза байдың есiгiнде өмiрiндi өксiтпейсiн сонда. — Шұғыл бұрылып, тағы да суретке назар аударды. Бойын тiк ұстап, тура қарап тұрды да, Ленин анық естiсiн дегендей, даусын көтере, маңыздана сөйлеп кеттi:

— Жолдас Ленин! Көрерсiң әлi, менiң Бәкiбайым оқып жетiлгенде, нағыз жақсы большевик болады... Сонда мен Нұртазаға пысқырып та қарамаспын...

— Мұғалiм айтады, балалардың бәрi оқуды жақсы оқысын деп Ленин айтқан дейдi...

Күреңбайдың тозған шүберектей қуарған атжақты бұжыр бетiне ыстық тер мөлдiреп шықты. Қарбыздың шопағындай қап-қара үлкен көзiнiң айналасындағы айғыз-айғыз әжiмдерi де жымдасып кеткендей. Бойындағы күш-қуаты молайып, тым бекем тұр. «Кәзiр Нұртазаға барып дүрсе қоя берсем қайтедi, — деп ойлады Күреңбай. — Отыз жыл бойына азабынды шеккенiм жетер, жалмауыз! Ендi сен маған да, менiң Бәкiбайыма да қожандай алмайсың, бiздi Ленин қорғайды дәсем қайтедi...» Күреңбай хат танымайтын қараңғы адам. Бiрақ ақты-қараны, дос пен қасты айыруға келгенде ешкiмнен де кем түсе қоймайтын. Совет өкiметi орнағаннан бергi алты жылда бүкiл алпыс жылдық өмiрiнде түсiне де кiрмеген талай-талай жақсы сөздерге құлағы машықтанып алған-ды.

— Қарғам Бәкiбай! — дедi ол. — Он екiге быйыл шықтың... Сонда да менен көп бiлесiң. Маған кiтабыңның бiр жерiн оқып бершi! — Осы үйдiң қадiрлi қонағындай-ақ төр алдына шалқайып отыра қалды.

Бұл әкесiнiң алғашқы тiлегi едi. Бәкiбай iс-мiс жоқ

кітабын алып ақтара бастады. Өзі бірінші класта болса да жеңіл-желпі кітап сөзін мүдірмей оқуға жарап қалған. Бәкібай төрдегі текметке етпетінен жата қалып кітабының кез келген бір бетін ашып қалды. Әліппенің жыйырма сегізінші бетіндегі В. И. Лениннің таныс суреті көзіне оттай басылды. Суреттің астына ірі әріппен басылған сөздерге нәзік саусағын жүгіртіп оқып шықты:

— Владимир Ильич Ленин бүкіл жер жүзіндегі еңбекшілердің ұлы көсемі!

— Садағаң кетейін!...

Күреңбай өзінің Бәкібайына осы жолы бұрын болып көрмеген ыстық сезіммен қарады.

— Қасыма жақын отыршы!

Бәкібай әкесінің аузынан түсіп қалғандай. Жұрт оны кішкене Күреңбай дейтін. Мөлдір де дөңгелек қара көзі күлімдеп, жүрегін қуаныш сезімі кернеп кетті. Біресе кітабына, біресе төрде ілулі тұрған суретке қарайды. Ұлы адам болмашы жымыйып, қуанышты жандарға мейірімді пішінмен қарап отыр.

Аяқ аузындай сыйықсыз жер келе кеңейіп, көріктеніп кеткендей, бұрышта жайрап жатқан алым-жұлым ескі тон мен шекпен күпі қолға түспейтін ғажап әдемі мүліктей көрініп кетті Бәкібайға.

Баланы бірауық өкініш, уайым сезімі баурап алды: егер де әжесі осы кезде тірі болса, Бәкібайдың кітап оқығанын көріп қуанбас па еді!

— Осы кітапты Лениннің өзі жазған ба, оқысын деп сендерге жіберген бе? — деп сұрады Күреңбай саусақтары шомбалдай күшті қолымен әліппені ала беріп. — Біздің ауылда мектеп ашылғаны жақсы болды ғой... Кәне, қарғам, жазшы, көрейін!

Бәкібай қарындашы мен дәптерді алды да, әріп таңбаларын бадырайтып сыза бастады.

Күреңбай баласымен қатарласып текметке етпетінен жата қалды. Жұмыр сары қарындаштың қозғалысын зейін қоя бақылап, жіңішке көк сызықтың арасында пайда болған әртүрлі әріп таңбаларына қызыға қарайды.

— Не деп жаздың? — деді Күреңбай аптығып.

Бәкібай суылдатып оқый жөнелді:

— Еңбекші халыққа бостандық әперген Октябрь революциясы жасасын!

— Әке, менің жазғанымды қайталап айтып бере ала-

сың ба? Оның үшінен естияр адамның тоқмейіл қалпы аңғарылды.

— Айтып көрейін. Бірақ сен тағы да бір рет оқып шық... Асықпай оқы... Мен саған ере берейін...

Әкесі мен баласы дәптерге жазылған жаңағы сөзді үш рет қайталады. Дауыстарын созып, нақысына келтіріп айтты. Сықсыйма терезеден соққан суық жел әке мен балаға үн қосқандай өзгеше бір әуенмен ызыңдайды.

Әлігінде екеуі қосылып оқыған жазудың астына бала ірі әріппен: «Мұны жазған Күреңбай баласы Бәкібай» деп жазды да, әкесіне оқып берді.

Күреңбайдың кәрі жүрегін мақтаныш сезімі билеп алды. Ол күсті алақанымен Бәкібайдың қою қара шашын сыйпап тұрып:

— Жарайсың, балам, адам боласың! — деді.

АБАЙ СӨЗІ

(Балалық шақтың естелігі)

Қыс...

Күн батып, ымырт үйіріле бастаған мезгіл еді. Үйдің ішіне қара көлеңке үйелеп, қараңғылық қоюлана түскен. Ортан белінен қойдың кептірген қарнымен жамаған сық-сыйма екі терезе біздің атамзаманғы итиген шым үйімізді онсыз да өмірі жарыққа жарытып көрген емес.

Мен салқын тиіп ауырып жатыр едім. Терлеп көзім ілініп кеткен екен. Ұстарамен тып-тыйпыл етіп қырғызып тастаған тақыр басымды әлдебір дәрекі алақанымен біреу сыйпағандай болды... Денем тітіркеніп шошып ояндым. Ұйқылы көзіммен қарасым, қасымда еңгезердей біреу отыр. Оның қожыр-қожыр бұжыр бетіне секемдене қарадым. Анадай жерде, сол жақ бұрыштағы қыйқыған аласа төсекағаштың алдында сұлқ отырған кәрі әжем жамбасымен жылжып келіп, маған жақындай түсті.

— Басыңды көтер, қарағым... Серкеш жезден келді, — деді.

Менің өз шешем (оны мен апа деп атайтынмын) мұндана сөйлеп, терезе алдында шамның шөлмегін сүртіп тұр.

— Аурудан шықпай-ақ қойды... Қымс етсе қалпақтай түседі...

Серкеш мені мүсіркеп, мандайымнан иіскейді, екі бетімді алма-кезек сүйеді.

— Жасыңда көп ауырса, өскенде дені таза болады, — дегенде оның үнінен айтқаны айнымай келетін, ешуақытта бекер сөйлемейтін, ақылды жанның лебізі аңғарылды.

Әжем Серкешке қарап отырып:

— Атыңды доғарып, жабулап суытсайшы, — деді. Сонда сыпсың құйрық, қайқы бел, маймақ аяқ бурыл ат,

өмірі оның үстінен түспейтін сауыс киіз жабуы, қайқыбас жадағай шанасы есіме түсті.

Жездем тысқа шығып, атын жайлап келді. Анам шам жағып, іңір шайының қамына кірісті.

Серкеш әкем қайтыс болғаннан бері біздің үйге жиі келетін. Жүзінен мейрімділігі көрініп тұратын момын адам. Ол келгенде көңліміз көтеріліп, бір жасап қаламыз. Өзі күні-түні ертегі айтудан, қызықты қыссаларды бізге оқып беруден бір жалықпайды. Өзінің айтуына қарағанда «түрікше хат танырлық» білімі ғана бар... Ептеп домбыра шертеді... Бойындағы бір кемшілігі құлағы мүкістеу, ақырын айтқанды естімейді.

Серкеш жездемді көргеннен-ақ бойым көтеріліп, көзім шарадай жанды. Орнымнан атып тұрып, мойнына орала кеттім. Ол менің бетімді аймалап қайта-қайта сүйіп жатыр.

— Оқуды көбейттің бе? — деп менің көзіме тура қарайды. — Кітап оқый аласың ба?

Мен тіл қатпадым. Өйткені, менде мақтанарлық оқу жоқ еді. Ірі әріппен басылған жеңіл-желпі кітаптарды оқуға ғана шамам келетін.

Серкеш өкінген пішінмен таңдайын қағып, басын шайқады.

— Араптың шатпағымен баланың басын қатырғаннан басқа молда не үйретеді дейсің?

Түрікше жазылған қыссаларды, жеңіл-желпі кітаптарды өз бетіңмен көп оқып, тіліңді жаттықтыра бер деп, маған ақыл айтты.

— Ағанды сағындың ба? — деді ол бір кезде маған. Мұны айтқанда оның әдетте қырылдаңқырап шығатын жуан даусында әлденендей діріл пайда болды.

— Сағынғанмен ағасы келе ме? — дегенде әжемнің даусы жасқа булығып, баяу шықты.

— Сағындым... — дедім мен көзіме келіп қалған жасты әрең іркіп.

Әжем екеуміздің соңғы сөзімізді естімесе керек, Серкеш алғашқы айтқанын екінші рет қайталады.

— Баланың көңлін бұзып қайтесің, — деді әжем оған естірте.

Сонда Серкеш маған аса бір мейрімді жүзбен қарап:

— Тау... дай жігіт бол, ағаңның атын жоғалтпа, — деді.

Жездем өзінің осы тілегін келген сайын айтады. Айтқан сайын бойым өсе беретіндей бір ғажап эсер пайда болады маған.

Серкешке риза болған әжемнің оған айтар жауабы да өзгермейді.

— Құлыным әлі-ақ ержетер, бірақ ол өсіп жігіт болғанша ес кетер...

Неліктен екенін қайдан білейін, әжем соңғы кезде кілең өлеңдетіп, ұйқастырып сөйлейтін болды. Ол сонау алыстағы Ертіс бойын мекендейтін төркін жұртын, ата-бабаларымыздың Баянауылдан осы жерге жаяу-жалпы шұбырып келгенін еске түсіріп, өлеңдетіп кететін. Өзі «әліпті таяқ» деп білмесе де, біреуге қисса оқыттырғыш-ақ. Өлең-жырды да құмартып тыңдайды...

— Мұның өзі де, — деп Серкеш әр жерінде теңбіл жамауы бар қоңыр шапанының қойын қалтасынан бір қалың қара дәптерді суырып алды. Бөлменің ішін жаңғырықтырып қатты жөтелді де, дәптердің беттерін бір-бірлеп ақтарып отырып сөзін ілгері созды: — Бұл бар ғой, әдеттегідей, Қазандағы Қаримовтар нашриятында тасқа басылған кітап емес... Мына, Бейсен баласы, Серкеш пақырдың өз қолымен жазылған ерекше кітап. Мұнда жазылған өлеңдерді Құнанбай баласы Абай дейтін үлкен ақын шығарған. Оның сөздері шәлдірік ақынсымақтардың сөзіндей емес, таптырмайтын қымбат өлең...

Әжем мен апам Абай жайын құштарлана сұрап еді, Серкеш былай деп жауап берді:

— Сонау Қарқаралының аржағында, Аягөздің бержағында, Шыңғыс тауын мекендейтін Тобықты деген қалың ел бар... Қазақтың атақты дана ақыны Абай Құнанбай баласы сол жерде туған...

— Ол кісі тірі ме? — дедім мен.

Сонда Серкеш өзінің қыймас туысынан айрылған мұңды жандай қабағы түнеріп, қыйнала жауап қатты:

— Өлгеніне быйыл аттай он бір жыл болды... Төртінші жылы қайтыс болыпты, сабаз... — Ойланып қалды да үзілген сөзін қайта жалғап әкетті: — Ондай адамды өлді деуге болмайды... Себебі — «артында өлмейтұғын сөз қалдырды»...

Абай өлеңдері жазылған бір дәптерді Қарқаралы жағынан жер ауып келген бір жігіттен қоярда-қоймай сатып алғанын айтты Серкеш.

— Быйыл, — деді ол, — табаны күректей он дәптерге көшіріп, ел арасына тараттым... Абайдың өлеңдерін тіпті итарқасы қыяндағы Қарағойын-Қашырлы еліне де лек-легімен жөнелттім.

Серкештің қолында тамаша жақсы өлеңдер бар дегенді естіген елдердің адамдары алыстан ат сабылтып іздеп келіп, қолқалап көшіртіп алады екен.

Біреудің сөзін сатып күнімді көрмей-ақ қояйын, бір тыйын алмаймын дегеніне қоймай ақы төлейтін болыпты.

Өзі ғажайып ертегілер айтқанда, немесе, біреуге қыса оқыттырып тыңдағанда жабылған қабағын бір ашпайтын, әжімді ашаң жүзі сұрланып, нұрсыз қара көзі жа саурап отыратын әжем осы арада шұғыл өзгерді. Жүзіне жұқалаң қан жүгіріп, көз жанары өзгеше бір жаңа жо-сықпен мөлдірей қалды.

— Абай деген елден асқан ақын бар дегенді бұрын да еститін едім... Сөзі де құлағыма еміс-еміс шалынатын еді. Бұйырса, сенің арқанда оқытып бір кенелейікші, — деп Серкешке ризалық көңлін білдірді.

— Біздің ауылдың жігіттері Абай өлеңдерінің көбін жаттап алды, — деді Серкеш, — жақсы сөз жата ма, бір елден бір елге тез тарап кетті... Мен өзімнің елу жыл жа саған өмірімде мұндай асыл өлеңді естіген емеспін... Жыл сайын Атбасар базарында құранды бірдеңелерін айтып, ақша жинап алатын анау ақынсымақтар Абайдың ширегіне де келмейді...

Ауыз үйдегі шаруасын тындырып келген апам әжемнің сол жағына орнығып отырды. Қимешегінің алқымынан шығып тұрған бір шоқ шашын жалма-жан жасырып қойып, Серкешке естірте қатты сөйледі:

— Абайдың өлеңдерін әнге қосып, домбырамен айтсаң қайтеді, жезде!

— Бұл секілді асыл өлеңдерге менің майсыз арбадай барылдаған даусым пар келмейді ғой, деп, — болар-болмас мырс етті Серкеш...

— Қайтер дейсің, тәйірі. Мұнда бөтен басқа кім бар... Айта берсейші, — деп дем берген әжеме Серкеш жауап қатқан жоқ. Үйінен ала келген көне қара домбырасының құлағын қатайтып, бұрап-бұрап жіберіп, дыңғырлатып күйіне келтіріп алды.

— Әуелі Абайдың бір өлеңін домбыраға қосып айтып берейін, — деді ол.

Біз құлаққа ұрған танадай тына қалдық. Ол бастап жіберді:

...Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған...
Қыядан шауып,
Қыйсынын тауып,
Тағына жетіп қайырған...

Қара домбырасының қос ішегін іліп тартып, пернелерін нық-нық басқанда салалы саусақтары жып-жып етеді. Барқыраған жуан даусын көтере созып, біраз шалқып-шалқып алды да, домбырасын көлденең ұстап, кілт тоқтай қалды. Көңілді пішінмен тісін ақситып, көзінің құйрығындағы сай-сай әжімдері жирылып тағы да әндетті:

Домбыра екі шекті, сегіз перне,
Жарасар әшекейлеп айтсам терме...

— Абай сөзінің қасында осы да өлең болып па?..

Серкеш Абайға қайта оралды. «Тағы да, тағы да!» деп әжем мен апам құмарта құлдық ұрады, олармен қосарланып мен де жалынамын. «Қалай екен? Абай сөзі сендерге ұнады ма?» деп Серкеш домбырасының шегін жайымен шертіп қойып, жайнаң қағады.

Молданың алдын көргеніме бір-ақ жыл болса да ой-өрісіме саңлау кіре бастағанын осы арада анық сездім. Жақсы сөздің парқын айыра бастаған сыяқтымын. Әжемнің ертегілері маған аспаннан, қалың қара бұлт арасынан бұлдырап елес беретін тұрлаусыз бірдеме сықылды болып сезілетін еді... Ал, мына Серкештің аузынан естіген Абай сөздері тулағыш жас жүрегімнің нәзік қылын дәл басқандай, шөлімді қандырғандай, бойым мен ойымды лезде билеп алды.

Ішінде іліп алар бір мүлкі жоқ, тар бөлмеміз далы-йып, кеңейіп кеткендей болды... Әжем мен апам рақаттан масайрады.

Бойына нық орнап қалған дерттен бірте-бірте сауыға бастағаныңды сезіну қандай! Бұл — балаға да, ересек адамға да ортақ сезім. Өмірге жаңа келгендей жаның жадырап, ауызбен айтып жеткізе алмайтын бір рақатқа батасың... Күн көзіне, жер бетіндегі тіршілік суреттеріне құмартып қарайсың... Абай сөзін алғаш естігенде мен нақ осындай күйге түстім.

— Өзің оқый аласың ба? — деді Серкеш қара дәптерді маған беріп жатып. — Әлде оқып берейін бе?

— Оқуға былтырдан бері ғана барып жүр ғой, онда да оқығанынан ауырып жатуы көп, — деді әжем мұңайып. — Қарасын ептеп танығаны болмаса, мүдірмей оқидылар дейсің бе? Бәріміз де тындайық, өзің оқысайшы.

Шай ішіп болғаннан кейін Серкеш қалың қара дәптерді қолына алып, сығырайған жетілік керосин шамның жарығымен оқуға кірісті. Біраз оқығаннан кейін әжемнің қабағы онан сайын жадырап кетті.

— Қыссаларды оқытқанда сөздерінің көбіне түсінбейтін едім... Шырағым-ау, мына Абай ақынның сөздері тайға басқан таңбадай сайрап тұр ғой, өзі... Көңлімді ашып жібергенін қарашы! — деді.

— Менің де қараңғы көкірегімді шайдай ашты Абай сөздері, — дегенде Серкештің даусы қоңыраудай сыңғырлап шықты.

Абай сөздері менің де құлағымға жағып барады. Оқыған сайын көкірегім ашылып, елігіп, құмарта түстім.

— Бұл өлендерді оқыдың деп молда балама дүре соқпай ма? — деп әжем Серкештің бетіне жауаңдай қарайды.

Серкеш сәл ғана жымыып күлді де, мені баурына тартты.

— Молдадан жасырып оқы, кірлетпей ұста...

Абай өлендерін біраз оқығаннан кейін Серкеш оң тізесін басып, аузына телміріп отырған маған мейрімді шыраймен қарап былай деді:

— Көрдің бе? Ғылым таппай мақтанба дейді Абай. Ол дана адам. Онысы, оқы, үйрен, өнер тап дегені. Оқысаң қор болмайсың.

Серкештің бұл айтқаны менің көкейіме қонып, көңліме жағып кетті. «Оқы, үйрен, өнер тап» дейді, қандай жақсы сөз.

Әкем қайтыс болғалы екі жыл. Содан бері қабағымызды ашып, езу тартып көрген жоқпыз. Қит етсе, өксіп-өксіп жылай береміз. Біздің үйдің осы күйі тапжылмас дағдыға айналып еді. Көл-көсір көз жасы бізді биік құздың басынан домалаған тас секілді төмен құлдырататындай көретінмін. Сол шақта менің қиын істің мәнісіне терең бойлай алмайтын, көзімнің алдында көрініп тұрған сәл нәрсенің өзін шала шырамытатын, бастан кешірген ауыр халдің жеңілдігін тек көз жасынан іздейтін бала жүрегім Абай сөзінен бір үлкен, жаңа нышанды, жылы лепті аңғарғандай болды. Бірі жарқын елес беріп,

қайсы бірі қайғы тұманындай түнере сезілетін, — әйтеуір алуан сыйпатта аласұрып үйіріле тоғысатын балалық шағымның сансыз көп сезімінің бәрінен Абай сөзі биік тұрғандай, өзіне құлата тартып барады.

— Абайдың осы өлендері менің саған тартқан сыйым болсын, — деді Серкеш. — Қағаз тозады, өшеді... Жаттап, көкірегіңе жазып ал!

Мен үнсіз басымды изедім...

К Ү Н

(Армян жазушысы Аразидан)

Сіз тындап тұрсыз ба? Азырақ сабыр етіңіз, мен сізге бәрін де айтып берейін.

Сіз кетіп бара жатырсыз ба? Жарайды, онда гүлдер мен өсімдіктерге-ақ баяндармын.

Ғажайып нарт гүлдері, күн хикаясын зейін қойып тындаңдар.

Менің қызым ауру еді.

Менің қызым нақ өздеріндей алтын түстес бұйра шашты, құлпырып шешек атқан гүл еді ғой.

Менің қызым дертке шалдықты.

Астыңғы қабаттағы қараңғы бөлmemіздің жарлауыт баспалдағынан жылжып түсіп дәрігер келді. Ол мейлінше ренжіп отыр. Неге? Ренжуінің себебі де маған мәлім: ол астыңғы қабаттағы үйлерді ұнатпайтын-ды.

Дәрігер үйге кірісімен қызымды қарады да, бөлmemіздің қабырғаларына көзін жүгіртті.

— Дымқыл екен, — деді ол. — Сіз күн түсетін бөлмеге көшуіңіз керек... Неше балаңыз бар?

— Үш балам бар еді. Екеуі қайтыс болды, мына қызым жалғыз қалды. Бұл біздің демалатын ауамыз еді, қызымның жанын алып қала көріңіз!

Ол бір дәрі жазып берді де, мұңайған пішінмен шығып кетті.

— Папа, ана қағазға доктор не жазды? — деді қызым.

— Күн, жазғаны күн, айналып кетейін, — дедім мен, — күн сәулесі түссе жазылады дейді.

Сол күні мен күн іздеп кеттім. Бармаған жерім қалмады ақырында терезелері күн жаққа қарайтын бір бөлмені әрең таптым.

Ғажайып нарт гүлдері, күн перзенттері, егер мен қызымды алып келіп сендермен дидарластырсам қандай

жақсы болар еді. Сендер оған қызыл-жасыл киім кигізер едіңдер.

Бірақ, сендердің оған нан бермейтіндеріңді білемін, өздерің де таңертеңгіліктегі шық суымен қоректенесіңдер.

Тындай беріңдер.

Ертең күннің үйіне көшуім керек еді, таң бозарып атып келе жатқанда қызым мені шақырып алды да, қолымнан ұстаған күйі көзін жұмды.

Іле-шала жұрт жиналып, қызымды алып кетті...

Менің алтын шашты қызым біржола аттанғанда біздің үйдің рақымды данышпаны онымен бірге ұшып кетті.

Біз зар еңіреп, қатты қайғырдық. Сол күннен бастап мен күнді ойлап қайғыландым, науқасқа шалдықтым.

Қызымның қабірінің басына келіп, таңның атуын күтетін болдым.

Қабірге барған сайын шашын жайып салып күнді құшақтап отырған Лусигімді көремін.

Лусикті көрдім дегеніме әйелім мен шешем иланбады. Олар мені есінен алжасты деп ойлап, қанталаған көздерінен жас төгіп, қатты қайғырды.

Бір күні мен күнге тіл қаттым:

— Құдіретті күн, — дедім мен, — сенің үстіңнен айтатын үлкен шағымым бар менің. Сен неге менің қызыма тым болмаса бір сәуленді жібермей сараңдық істедің, неге менің Лусигімді өлтіріп алып кеттің?

Күн қабағын түйіп, қатты қапаланды.

— Бар, жөнел, — деді күн, — бар, сенің нұрынды жоғарғы қабаттағы үйлердің ұрлап алғанын, сенің жер астындағы үйінді менреу қараңғылықпен бүркеп қойғанын, және алтын шашты қызыңды өлтіргенін паш етіп, бар даусыңмен айқай сал!

ҚЫЗЫЛ КОМАНДИР

Әлі есімде. 1919 жылдың қоңыр күзі еді. Біздің ауылға бір топ қызыл әскер келді.

Менің Аққоян дейтін төбет итім бар еді. Мен оны өте жақсы көретінмін. Қызылдар келер алдында босып қашып бара жатқан ақ әскерлерінің бір әулекі офицері Аққоянды атып тастады. Өліп жатқан итімнің басын құшақтап еңіреп жылап едім:

— Шығарма үнінді, тағының күшігі. Жылауынды қоймасаң, сені де атам, — деп мылтығының дүмімен кеудеме періп жіберді.

Есімнен танып қала жаздадым... Дыбысым шығып кетсе керек, қоңқақ мұрын, қызыл бет офицер темір өкшелі етігін маған сермеп қалғанда, кәрі әжем мені қорғаштап, бақырып қоя берді.

Ақтар итімді өлтіргенімен қоймай үйдегі азды-көпті төсенішіміз бен көрпе-жастығымызды сыпырып алып кетті. Соғымға байлап отырған екі қойымызды сойып жеді.

Мен төсек тартып жатып қалдым. Әжем маған бір күні ертеңгісін:

— Басыңды көтер, жалғызым. Ақ түйенің қарыны жарылды, қызылдар келді, — деді.

Қызылдар мен ақтардың арасында қандай айырмашылық бар екенін білмейтін мен, әжеме:

— Олар маған тимей ме? Ол кімнің түйесі? Ақ түйенің қарнын ақтар жарды ма, қызылдар жарды ма? — дедім.

Байқаймын, әжемнің жүзі нұрланып кетіпті. Өмірінде жас кетпейтін көзі де өзгеше жайнайды.

— Жетімегім, — деді әжем, мені бауырына қысып. — Ақтар кедейлердің қас жауы. Егер олар бізге дос болса Аққоянды атпас еді, сені мылтықпен ұрып жықпас еді... Біздің нағыз досымыз қызылдар. Олар кедейлерді, жетім-жесірлерді жақтайды, — деп түсіндірді әжем. — Ақ

түйенің қарны жарылды дегенім қуанғанда, жарылқанғанда айтылатын жақсы сөз...

— Қызылдар біздің үйге келе ме? — деп сұрадым әжемнен.

— Келгенде қандай... Ақтардың Аққоянды қалай атып өлтіргенін, сені қалай соққыға жыққанын айтамыз оларға.

Бойым жеңілденіп кетті. Әжем мақтаған жақсы адамдарды көруге асықтым.

Ертеңіне біздің үйге көк бұйра қоқайма бөркінің маңдайына қан қызыл шүберек жапсырған біреу келді. Қа сында өзіміздің ауылдың жігіті Сәмет бар.

Орышаны көп білетін Сәмет ағай бұл кісінің арнап келген шаруасын әжеме түсіндіріп айтып жатыр.

Алдан кірген ұзын бойлы, шегір сары әжемнің қолын қысып тұрып, жымып, тіл қатты:

— Хал-жағдайларыңыз қалай? — деп сұрайды қызыл командир, — деді Сәмет.

— Хал-жай өзіңе белгілі ғой, Сәмет қарағым, өзін түсіндіріп айта бермейсің...

Содан кейін қызыл командир біздің үйдің ақтардан тартқан зыяның қағазына жазып алды. Менің ауруымның мәнісін сұрап білді. Аққоянды офицердің қалай атып өлтіргенін әжем ренжіп айтты.

— Ренжіме, кішкентай жолдас. Итіңнің құнын олар үшін біз төлейік, — деп қызыл командир мейірлі пішінмен маңдайымнан сыйпады. Оның сөзін бізге Сәмет ағай жеткізгенде, әжем ризалық білдірді.

— Өркенің өссін, ниетің жақсы екен... Ақтар өлтіріп кеткен итімнің құнын сендерден алам ба, — деп еді, қызыл командир онан сайын көңілденіп былай деді:

— Ақтардан осы ауылда қалған мал-мүліктің өзі де жетіп жатыр бір иттің құнына.

Мен төсектен басымды көтеріп отырмын. Қызыл командир мойнына асып алған сары былғары сумкасын ашты да, әуелі маған табан уыс конфет берді. Содан кейін қағаздарын ақтарып, арасынан бір жапырақ суретті алып, маған көрсетті.

— Мына кісіні танысың ба? — деп сұрады ол менен. Мен танымайтынымды аңғартып басымды шайқадым. — Бұл Ленин... Владимир Ильич Ленин!..

— Сабазым-ай, Ленин осы кісі ме? — деді әжем еңкейіп суретке үңіліп.

— Бұл Ленин атаң, — деп Сәмет қазақша түсіндірді маған. — Бәріміздің атамыз.

Бармақ басындай қатырма қағазға жапсырылған кішкене суретті менің қолыма ұстатып тұрып, қызыл командир сөйлеп кетті:

— Лениннің осы кішкентай суреті менің саған берген ескерткішім болсын. Үлкен жігіт болып өс...

Келесі күні әжем үйге бес қой алып келді. Ұездік қаладағы ақтың атаманы ірі бай Александр Белов мың шамалы қойын біздің ауылдан жиырма шақырым жердегі бір көлге жасырып қойған екен. Қызылдар тұтқиылдан келіп қалғанда сасқанынан қойларын алуға мұршасы келмей, қашып кетіпті. Кешегі біздің үйге келген қызыл командир сол қойларды біздің ауылдың кедей-жалшыларына бөліп беріпті.

Әжем қуанғанынан алқына сөйледі:

— Жарылқандық, ақ түйенің қарны жарылды деген міне осы болады, құлыным...

БҮЙІ

Одан бері көп жылдар өтті. Мен ол кезде сегіз жасар бала едім. Ол заманда біздің ел жаз болса әр жерге көшіп-қонып жүретін.

Бір күні ертеңгілік әжем былай деді:

— Ертеден қара кешке шейін далада босқа қаңғыруыңды қоймасаң, сені де бүйі шағады, әлі... Көрерсің.

Балалармен қосылып жүргенімізде бүйінің ініне су құйып шығарып, талайын таптап өлтіретінбіз. Бүйі шағады дегенді жиі естігенім болмаса, шаққанын көрген жоқ едім.

Әжемнің бұл арада бүйіні неге айтып тұрғанын қайдан білейін. Батырсынып қолымды сілтедім:

— Біз кеше Жанбота екеуміз іннен су құйып шығарып, үш бүйіні өлтірдік. Шаққан жоқ.

— Батырсынып тұрғанын қарашы бұл шіркіннің... Әне, бар да көр. Тайлақты бүйі шағып алыпты. Өлейін деп жатыр...

— Тайлақ қорқақ. Тіпті шөптің басы қимылдаса да қорқады. Мен бүйіден қорықпаймын.

Әжем мені Тайлақтың үйіне ертіп алып барды. Ол көзін жұмып, қатты ыңқылдап жатыр екен. Қасында Қасымбек молда бетіне қайта-қайта түкіріп отыр. Әкесі мен әжесі Тайлақтың басында жылап отыр. Қорқып кеттім. «Кетейік» деп әжемнің жеңінен тарттым.

Тайлақтыкінен шыққаннан кейін әжем маған:

— Көрдің ғой. Әне, бүйі шағып өлейін деп жатыр... Ендігәрі беталды қаңғыра берме, балам, — деді.

— Молда оның бетіне неге түкіреді? Сонда жазыла ма? — дедім әжеме.

— Молда түкіріп отырған жоқ. Дем салып, үшкіріп отыр. Сәті түссе жазылады, — деді әжем сенер-сенбес пішінмен.

— Бүйі шағып алса, молда мені де үшкіре ме?

Әжем сонда маған былай деді:

— Сақтанып жүр, құлыным... Ауырып-сырқап қалсаң молда келмейді бізге. Ол көп ақы төлеген, тамағын тойдырған адамдардың балаларын үшкіреді. Біздің үйде оған төлейтін ақша да жоқ, асып беретін ет те жоқ...

Молда дамыл көрмей қанша үшкіргенімен Тайлақ жазылмады, әлсірей берді.

Қаладан жолаушылап келе жатқан бір орыс шалы сусын ішейін деп Тайлақтың үйіне түсіпті. Ауырып жатқан баланы көріп:

— Бұл баланың ауруы не екен? — депті. Әкесі мен шешесі оны бүйі шаққанын айтыпты. Сонда шал тұрып:

— Не ем істедіңдер? — деп сұраған екен.

— Молдаға үшкіртіп жатырмыз... — депті Тайлақтың әкесі.

Шал өзінің дәрігер екенін, қатты науқастанып жатқан адамды емдеуге әдейі шақыртумен қырдағы «Степное» дейтін орыс селосына асығыс кетіп бара жатқанын айтыпты.

— Мен сендерге жақсылық істейін, — деді дәрігер, — егер мақұл көрсеңдер, мына баланы емдейін. Молданың түкірігінен менің дәрім күштірек болар.

Тайлақтың әкесі мен шешесі біраз тайқақтап отырды да, ақыры әрең көнді. Онда да молдадан қорқып, жеті қараңғы түнде жасырып емдетті. Дәрігер бір сұйық дәріні Тайлақтың етіне үш-төрт рет жағып, ысқылап укол жасады. Қызуы азайып, ісігі кеми бастады.

Ертеңіне, дәрігер аттанар алдында Тайлақтың әкесіне былай депті:

— Емдегенім үшін бір тиын ақы алмаймын. Жалғыз-ақ сізден бір тілегім бар: молданың түкірігінен орыс шалының дәрісі асып түсті деп ел-жұртыңа айта жүр...

АКҚУ КҮЙІ

(Аңыз)

Ерте-ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде... — деп басталатын небір ертегілер мен аңыздарды кәрі әжем маған ерінбей-жалықпай айтып беретін...

— Біз ертең жолға аттанамыз, — деді тарыққан ана қос жетімегіне.

— Қайда барамыз? — деп сұрады сегіз жасар ұлы...

— Нағашымның үйіне барамыз ба? — деді жеті жасар қызы.

— Бақыт іздеуге барамыз, — дегенде ананың жүзі жайнап кетті.

Сонда ұлы тұрып шешесінен бақыттың мәнісін сұрады:

— Ол немене? Адам ба? Оны біз неге іздейміз? Ол қайда тұрады?..

Бақыт деген адам да емес, мал да емес. Көзге көрінбейтін, қолға оңай түспейтін, ебін тауып ұстаған адамның ғана басына қонатын құс секілді бір нәрсе деп түсіндірді ана: «Бақыт құсы басына қонған адам өмірде қор болмайды, «көйлегі көк, тамағы тоқ» болады. Дүниедегі нелер қызық рақаттың бәрін көріп өтеді. Біз болсақ бақытсыз жандармыз. Біздің бақыт құсымыз былтыр әкелерің өлгенде басымыздан ұшып кеткен...»

— Бақыт құсы қазір қай жерде? — деп сұрады ұлы.

— Алыста! — деді анасы налып. — Темір етік теңгедей, темір таяқ тебендей болғанда жететін жерде...

— Біз оған қалай жетеміз? Жолда шаршап өліп қалмаймыз ба? — деді қызы.

— Жаяу барамыз, — деді анасы, — орта жолда Азап деген асу бермес биік тау бар. Арпалысып өтеміз. Жердүниені тұтас алып жатқан Қасірет атты теңіз бар. Тәуекел деген қайыққа мініміз де өтеміз.

Ертеңіне үшеуі бақыт құсын іздеп аттаныпты.

Балалардың былтыр өлген әкесі сегіз қырлы өнерпаз адам екен: асқан мерген оң саусағы бірдей тайпалған

күйші болса керек. Содан қалған қылауыз мылтық пен кара қобызды бұлар ала кетіпті.

Көз жетер жерде жанды кара көрінбейді. Күн ыстық. Әуе айналып жерге түскендей. Күн жалыны құлақ-шекелерінен өтіп күйдіріп барады.

Күн ұзаққа қыбырлап жүріп отырып, кешқұрым бір жіңішке өзеннің жағасына келіп аялдады бұлар. Бір шөптесін жерден орын сайлап жайғасқан соң бала мылтығын алып, құс атуға кетті. Кешікпей қайта оралды. Ежі шүрегей үйрек атып әкелді. «Тарыққанда тамақ тауып берген кара мылтығым» — деп мылтықтың сүмбісін өбіп, қастерлеп сүртіп қойды ана.

Екі шүрегей үйректің етін шақпақ отына қақтап жеп, өзеннің тұнық суын қанып ішіп, үшеуі ұйқтап қалды.

Ана шошып ояна келсе құланиектеніп таң атып келеді екен. Даланың қырмызы гүлдері мен алуан түрлі өсімдіктерін таң самалы бөбекше тербетеді... Аспанның иығына шырқап шығып алып, жалт-жұлт еткен шолпан жұлдыз таңнан ұялғандай жасқана жымыңдайды. Ығыжығы қалың жұлдыздар таң жарығы молайған сайын көмескі тартып барады...

Балаларын оятып алып, таң салқынымен ілгері жүріп кетті. Сол жүргеннен мол жүрді. Асу бермес Азап тауынан арпалысып әрең асты... Жер-дүниені алып жатқан Қасірет теңізінен Тәуекел қайығымен аман шықты. Жолда көп күндер өтті. Кейінгі күндері әбден қажыды өздері. Мойындары ырғайдай боп жүдеп кетті.

Бір күні өлдік-талдық дегенде айналасы ат шаптырым айдын шалқар көлге кездесті. Көл бетін түрлі құстар сайрандап, өздерінше құйқылжытып ән салады. Бала атайын десе біреуіне де оқ дарымайды. Қарындары ашып, өзектері талған сорлы жандар ұйықтап кетті. Таң атты... Күн қыза бастады. Көл бетінде құс атаулыдан ештеңе қалмапты... Мыналардан үркіп кетсе керек...

Ғарып ана дағдарды. Гөй-гөй тартып, зарланды. Жетімектерін баурына қысып, үн салды. Қос жетімі жаутаңдап анасына қарайды. Анасы жылап-жылап талықты да айналаға құлағын түріп тың тыңдады. Алыстан адам үні естілмес пе екен? Қайырымды бір жан кездесіп, рақым етпес пе екен?.. Сұңқылдаған бір әсем үн шалынды ана құлағына. Аспан аясынан, қыяннан келеді асқақ үн... «Құс патшасы киелі аққу осылай сұңқылдайтын, — деп ойла-

ды ана, — құс та болса тиер ме әлде шарапаты...» Сол дауысқа балаларының да құлақтары елеңдеп, шетсіз-шексіз теңіз түстес көк аспанға телміре қарайды. Саңқылдаған айбарлы асқақ үн бірте-бірте жақындай түсті. Әлде бір ғажап әндей, немесе өзектен өтетін көтеріңкі күйдей жандарын тербетіп, мұнды жүректерін қытықтайды...

Міне, аққу көзге де шалынды. Үш сорлының төбелерінен шырқ айналып біраз ұшып жүрді де маңғаздана қанатын жайып, көл жиегіне барып қонды.

Бала мылтығын ала түрегелді. Қайран болып, аққудан көз алмай қарап тұр. Тұмсығымен таранып, зор қанаттарын жая сілкінді де, аққу жат жандарға тандана қарады. Сонда ана тұрып былай деді:

Киелі аққу, еркесі айдын көлдің,
Жөніңді айтшы, қай жерден мұнда келдің?
Азап тау, Қасірет теңіз аржағында
Білмедің бе хабарын біздің елдің?..

Тәкаппар аққу дауыс шыққан жаққа мойын созып бір қарады да, тіл қатпай жайымен айдын көлге шомыла бастады. Анда-санда бір саңқылдап қойып, мөлдір суға баурын көміп жүзіп жүр.

— Қолда қару бар тұрып аштан өлеміз бе, ат балам, мына аққуды, — деді ана.

Ана әмірін екі етпей бала аққуды тура көздеп басып салды. Оғы дарымады. Екінші рет атты. Оғы тағы да далаға кетті. Аққу оқ атылған жаққа ожырая бір қарады да, қанатын қомдап ұша жөнелді. Бала өкініп тандайын қақты. Аққудың ұшып бара жатқан жағына телміре қарап тұрып өлеңдете сөйледі:

Барар жерің Балқан тау
О да біздің көрген тау...

— Мен, — деді бала шешесіне, — сендерді осы араға қалдыра тұрып, аққудың кеткен жағына барсам деп тұрмын.

— Сен келгенше біз аштан өліп қалмаймыз ба?..

Қарындасы да безек қағып жылап қоя берді.

— Жуа теріп жерсіндер... Ана дорбадағы ине қармақпен балық аулап ептеп күнелте тұрындар...

Шешесінен рұқсат алып, бала Балқан тау қайдасын деп жөнөп кетті. «Балқан таудың басында бақыт құсы бар... Баурайы толған ғажайып айна көлдер... Бұл көлдерді кілең аққулар мекендейді. Аққулар күндіз Балқан таудың басына шығып серуендейді де, түнде көлге келіп шомылып, таранады... Өздеріне адам баласының атқан оғы дарымайды...» — Бұл әңгімені бала елдегі қариялардан талай естіген...

Бала мылтығын кезеп ұстап жүріп келеді. Сол жүргеннен тоқтамай үш күн жүрді. Әбден шаршап өлесі болғанда шыңына көк-ала бұлт шөгіп, мұнарланған заңғар тау көрінді.

Ел қыялында дәріптелген ғажайып тауға жандәрмен жақындады бала. Таудың бір еңселі шоқысына өрмелеп шығып, жан-жаққа көз жіберіп еді, баурайындағы айнадай жарқыраған үлкен көл көрінді. Көлде құс баласы көрінбейді. «Балқан тауды мекендеген аққулардың саяхат-сайран көлі осы екен ғой» деп ойлады бала. Тау жақпарындағы бір үңгірге кірді де, аққудың келер жолын тосып жата берді.

Бала сонда ойланды. Ойланды да, толғанды: «Анам мен кішкентай бауырым не күйде екен? Әлде аштан өліп қалды ма?.. Осы таудың шыңындағы бақыт құсын көрсем-ау... Қолға түспей кеткен аққуды атып алып, анам мен бауырымды тоғайтсам-ау...»

Сол жатқаннан қас қарайғанша жатты бала. Өзіне таныс аққу күн батып, ымырт жабыла берген мезгілде көлге келіп қонды да, таранып, қаннен-қаперсіз шомыла берді. Бала оны тура көздеп, басып салды. Өкпесіне оқ тиген аққу жанұшырып, зарлаған бойымен қанатын сермеп әрең көтеріле беріп, бір саңқ етті де, жалп етіп жерге құлап түсті.

Шың басындағы бақыт құсын іздеуге шама қайда, бала өлі аққуды арқалап шешесі мен қарындасы қалған жерге қайтты.

Үшеуі аққуды паршалап сойып, етін отқа қақтап жеді. Сонда анасы тұрып былай деген екен:

— Әттең жоқшылық... Әйтпесе киелі аққуды атпауың керек еді... Атқанында аққу не деді... Жылап зарлады ма?..

Сонда бала қара қобызын қолына алып «Аққу» атты күй тартты.

Осыдан кейін үшеуі Балқан таудың шыңындағы ба-

қыт құсын іздеуге аттаныпты... Қанша іздегенмен оны таба алмапты. Балқан таудың биік шыңдары мен терең құздары жол бермесе керек...

Еліне қайтып оралғанда бала осы Аққу күйін жұрт алдында да күңіренге тартып берген екен дейді...

АЛТЫН КИИК

(Шығыс ертегілерінің сарынымен)

1

Қарамерген бір күні аң аулауға аттанды. Темір қара-көк атын оқта-санда шірене тебініп қойып, желе-жортып келе жатыр еді, ит тұмсығы өтпейтін қалың орманнан бір алтын киик орғып шыға келді. Бұйралана біткен алтын түгі күн нұрымен әсем құлпырып, мүйізі жалт-жұлт етеді.

Қарамергенді көргенде киик қатты састы. Қазықтай тік біткен қос құлағын қайшылап, ботаның көзіндей мөлдіреген қара көздері жаудырап, таяқ тастам жерге тұра қалды. Мергенге оқшырая бір қарады да, жалт бұрылып орманға қарай зыта жөнелді.

Ұзақтың сары күнінде аң баласын ұшырата алмай, әбден ынты-зары құрыған мерген көп ойланып тұрған жоқ, мылтығын кезеніп, нысанаға алды да киикті басып салды.

Қос өкпеден дөп тиген оқ қойсын ба, киик жандәрмен қаңғалақ ойнап барып, қалпақтай түсті. Бұйірін соғып, аяқтарын ербендетіп аласұрып жатыр еді. «Жаның шығуға тақалған шығар, — деп ойлады мерген кииктің ағыл-тегіл ағып жатқан қанына үңіліп тұрған бойда. — Аз да болса қанжығам қанданды, бұған да шүкір...» Сол сәтте киик ширыға тебіреніп, басын көтерді де мергенге қарады. Көзінен жас парлап, тілге келді:

— Ер болсаң екі ат, мергенім!..

Мерген қатуланып:

— Екі атпақ жоқ, айлаңды асырсаң құтылып кетерсің... — деді.

— Тілегімді бермесең, өзің біл, — деп, күбірлеген бойымен сылқ етіп қайта құлады киик.

Мерген киикті артына бөктеріп алып, ну орманның арасымен ілгері жүріп кетті. Бір алаңқылау жерге келгенде шағын көлге кездесті. Көлдің жағасына тоқтап, өлі киикті жерге алып қойды да, атын шідерлеп отқа жіберді.

Айнала құлпырған көкорай-шалғын, бәйшешек, неше

түрлі гүлдер... Сабақтары сидаң біткен үлпілдек нарт гүлдері күннен нұр сұрағандай аузын ашып жайымен ырғалады. Айна көлдің суы көз жасындай мөлдіреп, баяу толқыйды. Табиғаттың тіл жеткісіз әсем көркінен көзін алмай, қызығып ұзақ қарап тұрды мерген. Өкінішті пішінмен таңдайын қағып, шөкесінен отыра қалды да, көзден атқан жалғыз оқтан қаза тапқан жазықсыз киіктің алтын түгін алақанымен сипап ойға батты. «Қасиетті киікті қапылыста атып тастағаның ағаттық болды» деп біреу құлағына ызындап тұрғандай болады. Сонда мерген мүлгіген табиғатқа өкінішін паш етіп, бір ауыз өлең айтты:

Қаңғырған жапан түзде алтын киік,
Қалайша аттым сені көзім қыйып,
Аямай жан несін еттім жазым,
Барады сол себептен ішім күйіп...

«Болар іс болды, өкінгенмен өлген киік тіріле ме?» — деген дәтке қуат ойға ойысып, қайта бекініп алды мерген. Киікті паршалап сойып, етін төртке бөлді де, бір бөлігін сол жерде отқа қақтап пісіріп жеп лық тойып алды. Қалған етті киіктің терісіне орап, артына бөктеріп алды да ілгері жөнөп кетті. Біраз жер жүрген соң арт жағынан:

— Уа, Қарамерген, манағы өлеңінді қайта айтшы! — деген ащы дауыс шықты. Артына жалт бұрылып қараса, қанжығасына мықтап байлап, бөктеріп алған киіктің еті зым-зыя жоқ екен. Шашы жалбыраған, үстіндегі киімі алба-жұлба бір кемпір жолдың қабағында тұр. Қарамерген атының басын бұрып, кемпірге қайран қалып қарап тұрды. Қасына жақындап барайын десе, жүрегі дауаламады.

Сонда кемпір тіл қатты:

— Тілің байланды ма, неге үндемейсің? Менің сенде тырнақтай ісім жоқ... Зау-сайтан менің мән-жайыма толық қанғың келсе, Нарлан деген шаһарға бар да Шаймерген деген жігітті тауып ал. Содан сұрасаң бәрін де саған баяндап береді.

Қарамерген әдепкідей емес, бой тоқтатып, кемпірге бір табан жақындап келіп бір сөз айтты:

— Неғылған адамсың? Тым болмаса, аты-жөніңді айтшы? Кім екенінді білгім келіп пұшайман болып тұрмын.

Кемпір үсті-басын сілкіп, қобыраған қалың да ұзын ақ шашын жөндеп қойып, мергенге өлеңмен жауап берді:

Байқасаң теңізден де ойым терең,
Ақылым асқар таудай мен бір өрен.
Шаймергенмен тілдесіп қайта оралсаң,
Бар сырымды жасырмай айтып берем...

Осыны айтты да кемпір ғайып болды. Тек қана табиғат сұлуы жасыл орман кемпірдің жаңағы өлеңін қайталап айтып тұрды. Қарамерген Нарлан шаһарын іздеп жөнөп кетті.

2

Қарамерген шаһардың шетіне кіре бергенде жадағай аласа арбаға екі есек жеккен біреу алдынан қарсы келді. Ыңыршағы шығып, мейлінше арықтаған ақ есек пен көк есек қаңбақтай ағаш арбаны әрең сүйреп мықшындап келеді. Иесі есектердің өлген-тірілгеніне қарайтын емес, басқа-көзге төпелеп айдайды. Қарамергенге жақындап, бетпе-бет келгенде ғана дойырын кейін тартып, есектерінің делбесін ірікті жігіт.

Тілдесіп, аман-есен айтқаннан кейін Қарамерген одан:

— Осы шаһарда тұратын Шаймерген деген кісіні білесің бе? — деп сұрады.

— Ат арытып, тон тоздырып, алыс жерден әдейі іздеп келе жатқан адамға ұқсайсын. Шаймергенде не шаураң бар еді?

— Алты айшылық жол кезіп, алыстан әдейі іздеп келе жатырмын... Танысып білісейін, көңлі қаласа, төс таясып дос болайын деп едім.

— Сен оның қандай адам екенін білесің бе?

Қарамерген іле жауап бермей, ойланып қалды. Аздан кейін:

— Білмесем, таныса келе білермін, — деді.

— Жүрегіңе берік сақтаған құпия сырың бар шығар... Ақтартпай-ақ қояйын, — деп жүруге оқтайланды есек иесі. — Іздеген Шаймергенің осы шаһарда тұрады... Анау, басқа үйлерден ерекше көзге түсіп, ерейіп тұрған найза төбелі көк үй сонікі...

— Үйінде ме екен, білмейсің бе?

Жігіт арбасынан секіріп түсті де, есектерінің делбесін қаңтарып қойып, Қарамергеннің қасына келді.

— Ат арытып, тон тоздырып алыстан әдейі іздеп келе жатқан Шаймергенің мен боламын, — деп, Қарамергенге қолын ұсынды.

Қарамерген атынан түсіп, Шаймергенді құшақтап мауқың басты. Өзінің басынан кешірген не түрлі уақиғаларын және кемпірдің айтқан сөзін айтып, еңіреп қоя берді. Қарамергеннің өткендегі азапты халын естігенде Шаймергеннің де көңлі босады.

Оң қолының сұқ саусағымен маңдайын тіреп ойланып қалды Шаймерген.

— Білдім, білдім, — деді ол аз тұрғаннан кейін. — Алтын киікті аңдамай атып тастағанына өкініп өлең айтып налып отырған бір жігітті түсімде көріп едім, сол сен екенсің ғой...

Шаймерген аттанып бара жатқан ұзақ сапарынан тоқталып, Қарамергенді үйіне алып барды.

Шаймерген таңсәриден тұрды да, есектерін жегіп, орманға отынға кетті. Қарамерген үйде жалғыз қалды. Оңашада зерігіп отырып, ет жақын бауырлары, дос-жарандары мен туған жері есіне түсіп, жылап алды. Бірауық көңіл көтерейін деп, әндетіп өлең айтты. Өз елінде аң аулап жүргенде айтқан бір өлеңі бар-ды.

Құйды жауын нажағайлы,
Бұлтқа бөлеп Балқан тауын,
Өршіл киік ойнақтайды
Тасқа соғып омырауын.

Шоқырақтап жортса құлан,
Жапан-түзде салып ойнақ,
Сусылдайды улы жылан
Керуен кешкен жолды бойлап.

Қыран бүркіт болат қанат
Топ құзғынды қуалады,
Мойнын созып тұрды қарап,
Шөлдің ерке дуадағы.

Арманды, шерлі жүректен тасқындап шыққан ән мен жыр асқақтап аспанға өрледі. Осынау жырды әнге қосып мың мәртебе қайталап айтса да құмарынан шығар емес. Ынты-зары құрып, қайғы-мұңы қайта қабындап кетті

Сүйікті елі, кең-байтақ туған жері, асқар таулар мен мөлдір бұлақтар, мүлгіген жасыл орман мен шалқар көлдер көзінің алдына келіп тұрып алды.

Шаймергеннің хикаясын тындап, еліне тез қайтуға асықты.

3

Арада он күн өтті. Бір күні Қарамерген жайымен отырып Шаймергенге сөз тастады:

— Таныстық-білістік, сый-құрметінді аяған жоқсың. Ризамын. Басыңа масыл болып, қашаңғы жата берем. Еліме қайтайын.

— Кетем десең рұқсатымды берейін... Уақыты жетсе, бастан жақ та айрылады ғой... Бұйымтайыңды айт, қалаған мүлкің болса, алып кет, — деді оған Шаймерген.

— Сенен жалғыз ғана тілегім бар, — деді Қарамерген, — соны орындасаң, алтын арқалатып, тұлпар мінгізіп жібергендей көрейін...

— Орындайын, — деп қалды Шаймерген.

— Менің сенен тілегім, — деді Қарамерген, — басыңнан кешірген уақиғаларыңды баяндап бер.

— Құп болады, досым, — деді Шаймерген, — жан баласына тісімнен шығармаған құпия сырым еді, саған айтпасам болмас...

— Өркенің өссін, құлағым сенде...

Шаймерген хикаясын бастады:

— Осы шаһардың атақты мергені едім... Көздегенім құр кетіп көрген емес. Құралайды көзге аттым, жатқан аңды жатқан жерінде аттым, қашқанын қашып бара жатқанда аттым. Ат аяғы жеткен жердің неше алуан тағыларын жамсатып, қанын судай ағыздым.

Әңгіме осы араға жеткенде, Шаймерген кеудесін кере күрсінді де, келмеске кеткен жақсы күндері есіне түсіп, көзіне жас алды.

— Бір күні сауыт-сайманымды, қару-жарағымды сайлап алып, ұзақ сапарға аттандым. Жолым қырсықты ғой деймін, бір апта бойына, тышқан мұрнын қанатсам бұйырмай кетсін. Әбден қалжырап, қарным ашып, бір төбенің басында ат шалдырып отыр едім, әудем жерден бір алтын киік орғып шыға келді. Қиікті көзімнің шалуы-ақ

мұң екен, орнымнан атып тұрдым да, қос өкпеден басып салдым...

— Алтын киік дейсің бе? — деді Қарамерген таңданған пішінмен.

— Иә, алтын киік... Мұрттай ұшқан киік аздан кейін басын көтеріп, тілге келді:

— Ер болсаң екі ат, мергенім, — деді.

— Екі атпақ жоқ, киелі киік болсаң, құтылып кетерсің, — деп сақ-сақ күлдім.

Киікті дереу сойып, ішін жардым да, ішек-қарнын ақтарып тастадым. Үш күннен бері нәр татпай ашығып қалған кісі нені тыңдайды, киік етінің үштен бір есесін табанда отқа қақтап жеп тойынып алдым. Қалған етті терісіне орап, артыма бөктеріп алдым да, жөнеспет кеттім.

Қарамерген қыл үстінде отырғандай қылпылдап, көзі шығып барады.

— Содан әрі не болды? — деп сұрады байыз таппай.

— Не болсын: «Мойныңды бұра кет мергенім» деген дауыс шықты арт жағымнан. Қарасам, қанжығамдағы киіктің еті зым-зыя жоқ. Жолдың жиегінде қалтып бір кемпір тұр. Оның қасындағы ай десе аузы, күн десе көзі бар, қолаң шашы тірсегіне түскен бір сұлу қызға көзім түсті.

Тапжылмай ат үстінде қарап тұрмын. Кемпір қызды жетектеп менің қасыма келді.

— Уа, жігітім, — деді кемпір кәдімгі мейірбанды ананың қалпын аңғартып. — Атағы айдай әлемге жайылған мерген деген даңқынды сырттан естіп едім. Бір патшалық елден өзіне тең таппай, талайларды қызықтырған жалғыз қызымды саған алып келдім. Басыңа өзі келіп қонған бақыт құсынды баптап ұста...

Жүрегім дауаламай қайран болып тұрмын.

— Сырын білмеген жат адамға қызыңызды қалайша бересіз? — деп едім. Кемпір сұстанып, тісін ақсита шықырлатты.

— Қиқақтама, жігітім, — дегенде кемпірдің қатпар-қатпар қара жүзінде адам шошырлық бір жексұрын шырай пайда болды: — Енді сен менен қашсаң да құтылмайсың. Жаңағы атып алып, етіне тойған алтын киігің мен боламын...

Қатты састым. Көзім шарасынан шығып, тынысым тарылып барады. Торға түскен тұйғындай жаутаңдап, кемпірдің бетіне қарап тұрмын.

— Алда-жалда қызымды алмасаң, — деді кемпір қаһарлы үнмен, — құрйысың.

— Ендеше, сіздің дегеніңіз-ақ болсын, — дедім.

Амалым қанша, бәрінен де жан тәтті ғой, қызды алдыма мінгізіп алдым да, кемпірмен қоштасып, жөніме кете бердім. Бір ғажабы, кемпір қызымен қоштасқан да жоқ, тіс жарып үндемеді.

Қызды үйге алып келдім. Бүкіл ел жиналып, ойын-той жасады. «Бағы жанбай жүрген жалқы жігіт еді, теңін тапқан екен» десіп, мәра-сәрә болып жатыр. Кемпір жайын жан адамға айтқан жоқпын. Аң аулап жүргенімде таңғажайып бір шаһарға кездесіп қалып, осы қызды содан тауып алдым деп жалған лақап тараттым.

Жыйын-тойлар тарағаннан кейін келіншегімнен «атың кім?» деп сұрадым. Ол маған күліп жауап берді: «Әкешем қойған атым тым қиын, тілің келмес, Бикеш деп атай сал». Сөзін жықпай, Бикеш атап кеттім.

Келіншегімнің шешесіне деген күдік-күмәнім бірте-бірте ұмыт болды. Күн дидарлы, қарақат көзді асыл жарымның қызығымен көңлім өсіп, көтеріліп қалдым. Бір-бірімізді сыйлап, рахат өмір кешірдік.

Күндерде бір күн тағы да аңға шықтым. Бұйырса, аң атаулыны шапқан шөптей жайлап, қырып қайтайын деп, алақаным түкіріп, құлшынып аттандым. Жолым сәтсіз болған жоқ. Арта алмай, тарта алмай, олжалы қайттым.

Бес-алты күн түзде жүріп, түн ортасы кезінде үйіме шаршап келсем, келіншегім бір сұлу жігітпен сұхбаттасып отыр. Абайсызда төргі үйдің есігін жартылай ашып қарасам, сөз әлпеттері ерлі-зайыпты адамдарға ұқсайды. «Қойшы, тәйірі, Шаймергеннің қолынан не келетін еді, одан құтылудың ретін өзім табам» деп, келіншегім көкіп отыр. Ашу билеп кетті. Ұшқан бойыммен бардым да, келіншегім мен жігітті қамшының астына ала бастадым.

Жігіт қарсыласа қойған жоқ. Қиналы адам жасық болады екен, басын қорғаштап, үй ішінде қашып жүр. Таяқты көбірек жеген келіншегім, ышқынып:

— Құртайын сені, — деді.

— Жап аузыңды, өшір үңді, — дедім де, онан сайын өршеленіп, қамшымен жосылтып жүрмін.

Келіншегімнің басынан, бетінен аққан қан үйдің ішін алып кетті. Бір мезетте келіншегім жанұшырып барып, төрде ілулі тұрған жез сапты қамшыны ала салып, дәл жон арқамнан осып-осып жіберді.

— Көк төбет бол! — деп ақырып қалды.

Келіншегімнің аузынан осы сөздің шығуы-ақ мұн екен, сабалақ жүнді көк төбет болып шыға келдім. Келіншегім мені басқа-көзге төпелеп, үйден қуып шықты.

Сыртқы бейнем ит болғанымен, көкірегім сайрап тұр. Сөйлеуге тіл жоқ. Жұрттың айтқанын қалтқысыз түсінем, бірақ тілдесе алмаймын. Басқа жақтан қаңғырып келген бұралқы ит деп ойласа керек, әр ит бір талап, саутамтығымды қалдырмады.

Түн болса, аспанда толықсыған айға, гауһардай жалтылдаған сансыз жұлдыздарға қарап ұлимын. Мұңымды шағамын. Олар менің сырымды қайдан ұқсын, қайта, мазақ еткендей, жан жарасын ушықтыра түскілері келгендей, сиқырлана қылмындайды.

Ара-тұра бұралып өз үйіме барамын. «Саған осы керек, нәлет, көзіме көрінбей, жоғал!» деп, келіншегім күйелі көсеумен ұрып қуып жібереді. Ашығып, қалжырап, әбден өлесі болдым.

«Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» дейтін еді. Не де болса, көз көрмес, құлақ естімес жерге барып, қаңғырып өлейін деген ойға бекіндім. Елсіз-күнсіз жапан түзге шығып кеттім.

Тоқтамай жүріп келе жатырмын. Бұйырған нәсіпті теріп жеп, жүрек жалғап алам да, беталды құла түзге тарта берем.

Бір күні өзен жағалап келе жатқанымда жалғызаяқ жол кездесті. Бұл тегін жол емес шығар, бір жерден барып шығармын деп, жортып келе жатсам, қарсы алдымнан ұлан-байтақ егінжай кездесе кетті. Құн тымық еді. Көз көрім жерден будақтаған түтін көрінді. Барсам, егін жайдың ортасында, ағаш мосыға дәу қара құманды іліп, от жағып отырған шал мен кемпірге тап болдым. Тілімді көш-құлаш салақтатып, алдыңғы екі аяғымды созып, балшық жабысып сірескен ұзын құйрығымды жерге сүйрете жата кеттім.

Шал мен кемпір мені аяп, бір үзім нан тастады.

— Иесінен адасып, қаңғырып қалған ғой, — деді шал.

— Құтырған ит болып, пәлеге қалмасак, — деп кемпір маған сезіктене қарады.

— Құтырған ит мұндай болмайды, — деді шал, — көзіне қарашы, құдды адамның көзіндей...

Кемпір көңілденді ғой деймін, бір кесек майлы ет тастады маған. Апыл-құпыл қылғып салдым. Бойыма әл кі-

рейін деді. Маужырап ұйқым келді. Бірақ, ұйқы басқанын кемпір мен шалға сездірген жоқпын. Алдыңғы оң аяғыммен көзімді уқалап, дүр сілкініп едім, ұйқым ашылып кетті.

Шал мен кемпірден көзімді алмай, қарап жатырмын. Екеуі шай ішті, піскен еттері бар екен, соны жеп қаужанып алды.

Байқасам, екеуінің жүздері тозған шүберектей қуарып кеткен, қайғылы жандар секілді. Біріне-бірі уайымды пішінмен қарасып, ауық-ауық қатты күрсініп қояды. Әлден уақытта шал орнынан созалаң тұрып, мұндана сөйледі:

— Үйге қайтайық, кемпірім, жалғыз қарға не күйде жатыр екен?

Кемпір көкірегін қарс айырып, қатты уһледі де, оң қолымен жер таянып түрегелді. Апыл-құпыл киіне бастады. Шал атын жегіп, жүру қамына кірісті. Аттанар алдында кемпір шалына:

— Ит те болса жан иесі ғой, осы мүскінді ала кетсек қайтеді, жалғызға сауабы тиер, — деді.

Шал кемпірінің сөзін мақұлдап, мені ертіп алып жүрді.

Әңгіме осы араға жеткенде Қарамерген шыдап отыра алмай, сөзге араласты:

— Ұңғылың мен шұңғылың көп қиын жан екенсің өзін... Апырмай, бұл не деген ғажап уақыйға!

Шаймерген сөзінің үзіліп қалған жібін қайта жалғап әкетті:

— Сол кеткеннен екі күн жол жүріп, шал мен кемпір аман-есен үйіне жетті. Оларға ілесіп мен де үйге кірдім. Үй толған көп адам ауру баланы қоршап отыр кен.

Сақалы кіндігіне түскен, бет-аузы қожыр-қожыр, қоңқақ мұрын, бадырақ көз қара шал маған оқшырая қарап, сілтідей тұнды:

— Мына нәлет қайдан кіріп кетті бұл үйге, шығарып жіберетін ғой өзін.

Мен шалдың сөзін елеген жоқпын. Іс-міс жоқ баланың қасына жетіп барып, бетіне жапқан ақ шүберегін аяғыммен ептеп аштым да, бетін жаладым. Тілі байланып, жаны шығуға шақ жатқан бала, әлден уақытта басын көтеріп, сусын сұрады. Отырғандар естері шығып қуанғанынан шулап жатыр. «Мынаның өзі киелі ит болды ғой» десіп, бәрі өре түрегеліп мені қан көтерді. Бірінен

бірі қақшып алып, аузымнан сүйеді, мұрнымды тәуетеді, құшақтап бауырларына қысады. Аспаннан түсе қалған бір кереметтей көріп, ұйып қалды.

Баланың беті бері қарап, науқасы сауыға бастады. Алтыншы күн дегенде, құлантаза жазылып, тұрып кетті.

«Құтты аяғым, май құйрығым» деп, шал менің маңдайымнан сипайды, үйіндегі бар тәтті, майлы тамағын аузыма тосады. Түн болса, астыма қалың көрпе төсеп, басыма мамық жастық жастайды. Жұрт мені «дәрігер төбет» атап кетті. «Бәленшенің аулында бір керемет ит пайда болыпты, өзі түкірігі ем бола кететін асқан емші дейді, қандай ауыр дертті бір дем салғаннан қалдырмайды екен» деп гулеседі жұрт. Атағым талай жерге жайылды.

Басымның сыйлы болғанын қайтейін, адам қалпыма қашан түсер екенмін деп түн баласында ұйқы көрмей уайымдап шығамын.

Бір күні асқа лық тойып алып, аулақтағы бір көгалға баурымды төсеп жатыр едім, алыстан бұрқыраған шаң көрінді. Шаңға көзім түсуі-ақ мұң екен, әлденеге жүрегім қобалжып, тишым кете бастады. Әдемі қара күймеге үш қара ат жеккен біреулер орғытып қайқаңнан шыға келгенде, өзімнен-өзім қуанып кеттім. Осылар маған бақыт әкеле жатқандай көрінді. Күймелер басқа жаққа бұрылмай, арнап келгендей, аттарының басын менің иемнің үйіне тіреді. Күймеден үш адам ошарылып түсе қалды. Мен де үйдің қасына келіп, келгендерге тандана қарап оқшау тұрдым. Үшеуі де шетінен қылқан кескендей жас жігіттер. Олар үйге кіріп жайғасқан кезде мен елеусіз барып төсегіме жатып қалдым.

Менің қадірлі екенімді, сыйлы орынға жатқанымды көргенде жігіттер біріне-бірі жымындай қарасып, сөз қағысып отырды. «Бәсе, бұл тегін ит емес қой» дейді бер жақ шетте отырған сіріңке қарасы. «Тегін ит емші бола ма» деп, көтеріліп қойды ортадағы құбақай қараторы жігіт. «Тек сиқыршы бірдеңе болып жүрмесе бопты да» деп, ар жақ шеттегі сопақ сарысы күдік айтты.

Келген жігіттер үй иесі шалмен шүйіркелесіп сөйлесіп кетті. Шалды майлы ішекше айналдырып, үйіріп әкетіп барады.

Мен меймандарға көрпе астынан баспалап қарап жатырмын. Сөз сыңайларына қарағанда алыс жерден келген сыяқты. Жүздері тым солғын. Келген меймандар тыныс-

тап мызғып алып, ас ішіп болғаннан кейін үй иесі жайымен отырып сөз бастады:

— Асығыс жүре қалған екенсіңдер, жігіттер! Нақа жай қыдырып жүрген жоқ шығарсыңдар? Бүйімтайларыңды айта отырыңдар?

Басқасына қарағанда сәнді киінген, ортада отырған құбақай қараторы жігіт шалдың сөзіне орай жауап берді:

— Ауылымыздың ақсақалы Сірке жіберіп еді. Жалғыз баласының жаңа алған жас келіншегі тұтқиылдан дертке шалдығып әл үстінде жатыр. Бір шарапаты тимес пе екен деп, сіздің дәрігер төбетті сұрағалы келдік. Келінімнің жаны қалса, қолымдағы бар мал-мүлкімді қи сыпырып аламын десе де қолын қақпаймын деп, Сіркенен сізге дұғай сәлем айтты.

Бер жақ шетте жантайып жатқан сіріңке қара тілін безеп сөйлеп кетті:

— Аққудың көгілдіріндей, көктемнің нарт гүліндей, аспанның шолпан жұлдызындай, теңіздің құндызындай асқан сұлулығымен барша елді аузына қаратқан асыл жан еді, кенеттен жабысқан дерттің салдарынан пыштай солып, тозған шүберектей қуарып қалды...

Келіншектің мүшкіл халын естігенде менің де дәтім шыдамады. Ием ерік берсе, тіпті, қазір кетуге құлшынып жатырмын.

Шал олқылы-толқылы күйде аз-кем ойланып отырды да:

— Жалғыз баламның жанын алып қалған киелі итімді беріп жібере алмаймын, жүдетіп тастарсыңдар, не болмаса иттерің талап жарып тастап жүрер, — деді.

— О не дегеніңіз, кәрия, қылшығын сындырмай, қолыңызға табыс етеміз, — деп, аға жігіт жалынып құлдық ұрды.

— Болмас, болмас, — деді шал, — ат сабылтып алыстан әдейі келе қалған екенсіңдер. Бір жолға берейін. Осы бастан айтып қояйын: алда-жалда итім жазым болса бар ғой, ат басындай алтын берсеңдер де бітіспеймін... Ең әрі кеткенде бір жетіден қалдырмай үйге әкеп салыңдар...

Жігіттер мені күймеге мінгізіп алып кетті.

Сіркенің үйіне келіп түстік. Науқас келіншек талықсып жатыр екен. Үй толған адам. Кейбіреулері тым көп жылаған ғой деймін, көздері қызарып ісіп кетіпті. Киелі төбетті әкеліпті дегенді естіп, осы елдің кәрі-жасы Сіркенің үйіне тегіс жиналды. Жұрт жапырлап үйді қиратып

жібере жаздаған соң, Сірке мені тысқа шығарды. «Керемет деп мақтап жүргендері сабалақ бірдене ғой, тәйірі, бұдан не шығар дейсің» десіп кейбір ұшқалақтары үмітсіз қолдарын сілтейді. «Кереметтің көкесі осындай жұпыны иттен шығады, көрерсіндер, әлі» десіп, кейбіреулер менің сөзімді сөйлеп жатыр. Қойшы, ұзын сөздің қысқасы, не керек, жиналған қалың жұрт, күн батып, көз байланған кезде зорға тарады.

Жұрт тарап болған соң үй иесі Сірке шал, оның бәйбішесі, баласы үшеуі мені ортаға алып, зарлана бастады. Шалдың көз жасы күмістей шоқша сақалынан сорғалап тұрды.

— Тарығып тұрмыз, таяныш бол, киелі итім, — деді ол менің бетіме маңдайын тақап. — Құлдырап тереңге құлағалы тұрмыз, сүйеніш бол!

Кемпірі тым кішкентай екен. Үрген қарындай қопаңдап, қурақ ұшты.

— Жапырақсыз, бұтақсыз қу ағаштай серейіп, шынымен-ақ қалғанымыз ба? Әлде мейірің түсіп, келіміздің жанын алып қаласың ба? — деп жон арқамнан сыйпап қойды кемпір.

Қасы-көзі қиылған, көзі қап-қара, жазық маңдайлы, қыр мұрынды сұлу жігіт түнеріп үнсіз отыр. Өмірінің бар тетігі менде тұрғандай-ақ, жауғандап қарай береді.

Іңір кезінде ауру әйелдің бетін үш мәртебе жалап едім, онымнан ештеңе шықпады.

Дал болып тысқа шықтым. Дес берісі, басыма бір ой сап ете қалды. «Ауылдан аулақ жерге үй тіккізейін де, науқас әйелді сонда апарайын. Түнде әйелмен оңаша қалайын. Сәті түссе, сол түнде жазылатын ауру болса бір белгісін берер. Егер әйелдің науқасының беті бері қарамаса, таң алды кезінде қашып кетейін». Осы байламға нық бекіндім де жалма-жан Сіркенің үйіне бардым. Өзімді осында алып келген аға жігіт келіп отыр екен. Арсалаңдап барып еркеледім де жігіттің етегін тістеп, тысқа алып шықтым. Ең әуелі үйдің түндігінің бауын тісіммен шешіп, түндікті аулақтағы төбешіктің басына сүйреп апарып тастадым. Сонан кейін осы төбешіктің басына үй тігіндер дегенді жігітке ымдап жеткіздім: әуелі төбешікті айнала үй орнындай жерге дөңгелене жүгіріп өттім де, жерде жатқан түндікті тырналап, көкке қарап ұлып едім,

жігіт әдепкіде аңырып тұрды да, ақыры түсінді ғой деймін, ауыл адамдарын жинап әкеліп, осы араға үй тіккізді. Үй тігіліп болғасын науқас әйелдің қасына барып, тісіммен көрпесін тарттым. Жаңа тігілген үй жаққа қарап тұрып шаңқ ете қалып едім, «мынауың науқас әйелді сол үйге апарып тастаңдар деп тұр» деді аға жігіт.

Әйелді оңаша үйге апарып жайғастырғаннан кейін, жиналған бір топ адамды етектерінен тістеп тысқа шығарып жібердім.

Аспан ашық. Қас қарайып, іңір қараңғылығы бірте-бірте қоюланып келеді. Самсаған қалың жұлдыздар жымың қағады. Дала жым-жырт. Оңтүстіктен баяу ескен салқын самал ғана түн тыныштығын бұзып тұрғандай.

Үйде науқас әйел екеуміз оңаша қалдық. Түн ортасы ауғанша қасында күзетіп отырдым. Әлден уақытта әбден қалжырап көзім ілініп кеткен екен, шошып ояна келсем, әйел қырылдап ықылық атып жатыр. Бұл бейшара шынымен-ақ өлейін деп жатыр ма деп, сасқалақтап бетін аяғыммен сипап көрсем, бірдеңе ысылдап қоя берді. Сөнуге шақ тұрған шырақтың жарығынан үй іші күңгірт еді. Бақсам, жүні құндыздай жылтыраған меңсіз қара мысық әйелді алқымынан алып қылғындырып жатыр екен.

— Өлдім-ау! — дегенде әйелдің құлындағы даусы құраққа шықты.

Қара мысықты жалма-жан бассалып, желкесінен ала түстім. Мысық олай-бұлай бұлқынып еді, тістей қатып босаптадым.

Мысық шыжалақтап тілге келді:

— Жанымды қалдыра гөр, дәрігер төбет! Жақсылығыңа жақсылық істермін, — деді.

— Жок, атама, жауыз, — дедім мен де тілге келіп. — Құртамын...

Мысық ысылдап, алтынның буы секілденген сарғыш көзінен от шашып, жатып тұрып жалынды:

— Бір жолға жібер мені. Әйел жазылады. Мұрады-на жетесін.

Тағы да мысыққа бірдеңе айтайын деп оқтала беріп едім, тілім күрмеліп сөйлей алмай қалдым. Осы зұлымды өлтіргенде маған не түседі деген ой келді де, босатып қоя бердім. Сонда мысық тұрып:

— Жақсылығыңды ұмытпаспын, бақытыңның кілтін өз қолыңа берермін, бірақ сенен ақырғы тілегім: мені көрдім

деп тірі жанға сездіре көрме, — деді де зытқан бойымен тысқа шығып кетті. Есікті ашып қарасам, құлан иектеніп таң атып келеді екен.

Әйел есін жыйып сөзге келді. Сусын сұрады. Жүгірген бойыммен барып, үй иесін ертіп әкелдім де, әйелге сусын бергіздім. Қоңлім көншіп жатып қалсам, ұйықтап кетіппін. Тұрсам ұйқым қанып қалған екен. Күн сәске түске тырмысып қалыпты. Жұрттың бәрі мәре-сәре Әйел құлантаза сауығып, әдепкі қалпына түсіпті. Елдің кәрі-жасы тегіс жыйналып мені әс көтеріп жатыр, «Мұндай керемет ит жер-жиһанда жоқ шығар» десіп, гу-гу етеді.

«Осыныңның өзі сихырлы адам болып жүрмесін» деп, кейбіреулер күдік айтады. «Сихыр түгілі түктемесі де жоқ мұның. Туысында керемет жаралған иттің дәл өзі» деп енді біреулері мені мадақтайды.

Келесі күні әнеугі өзімді алып келген жігіттер, сондағы үш қара атты күймеге жегіп, мені алып жолға шықты. Аттанар алдында иеме сыйлыққа береміз десіп, нешетүрлі асыл мүліктерді күймеге сықап тиіп беріп еді, түк қалдырмай, жерге түсіріп тастадым. «Керемет ит сыйлық алуды қаламайды екен» десіп, бұған да жұрт таң қалды.

Аман-есен қайтып келгеніме ием қатты қуанды. Әйелдің сауыққанын әкелген жігіттер даттап айтқанда ием онан сайын көтеріліп қалды.

Күйме толған неше түрлі мүліктерді менің алдырмай тастап кеткенімді естігенде ием оған қабағын да шытқан жоқ. «Итімнің еңбегін сатып олжа табайын деп жүрген жоқпын. Адамға істеген жақсылығын бүкіл дүниенің мал-мүлкіне, патшаның алтын тағына айырбастамаймын» — деп, көңілденіп далыйып кетті.

Жатсам да, тұрсам да «адам қалпыма қашан түсемін» деген ой мазалайды. Басымның сыйлы болғанын қайтейін, жаным жаралы. Ішім қазандай қайнайды, дұшпандарыммен күресуге дәрменім жоқ.

Бір күні терең ойға батып, бейжай күйде жатыр едім, ием қасыма келіп маңдайымнан сипады: «Бейшара, ит те болсаң, туған жеріңді аңсайтын шығарсың? Бара ғой деп рұқсат берер едім, бір жерде өліп қалып, қарға-құзғынға жем боласың ғой». Иемнің сөзі қамшы болды да, «Бүйтіп жүріп қаңғырып өлгенше еліме жетіп, туған жерімнің топырағын басып өлейін. Сайқал да болса, жүрегінде адамгершіліктің бір жұғыны қалған шығар, адам

қалпыма қайта түсір, деп әйеліме жалынайын» деген тоқтамға бекіндім.

Иемнің бет-аузын аймалап, құйрығымды бұлғаңдаттым. Әуел баста келген жағыма қарап тұрып даусымды созып ұлып едім, ием оқпаныма түсінді ғой деймін, «Бара ғой, бара ғой, жортқанда жолың болсын. Ылайым мұрадыña жет!» деді...

4

Келсем үйім баяғы қалпында. Білдірмей үйге кіріп барсам, әйелім қаннен-қаперсіз жігітімен сұқбаттасып отыр екен. Майы таусылған шырақтың отындай көмескі тартып, сөнуге айналған адамгершілік сезімім дауылды күндегі оттай лаулап жүре берді. Тұрмыстың нелер тақсіретін тартып, мұқалып қалған сорлы маңдайым қыя тасқа соғылғандай болды тағы да.

Байқаймын, жігіт пен әйелдің ойында түк жоқ. Алаңғасарланып көкіп отыр.

Көзіме түк көрінбей кетті. Ар-намысыма шоқ түсті. «Хайран дүние-ай, — деп ойладым, — адам қалпымда болсам, екеуін де табанда жоқ қылар едім. Екі көзім төрт болып, босағада шоқайып отырғаным мынау...» Төзе алмай төргі үйге кіріп бардым.

Кенет ашулы шырайымды өзгерте қойдым да, құйрығымды бұлғаңдатып, арасаңдап әйелімнің алдына жата кеттім. Әйел ашулы пішінмен бетіме тесіле қарады да:

— Бетім-ау, мына нәлет әлі тірі ме еді? Қай жақтан келіп қалды, — деді. Жүзі сұрланып көзі аларып кетті.

Жігіт сасқалақтап, қолын сілтеді:

— Шығар мына пәленді үйден!..

Әйел жыланша атылып барып, төрдегі үлкен сандықтан баяғы жез сапты қамшыны суырып алды. Шиыршық атып келіп, менің жон-арқамнан қамшымен осып осып жіберді де:

— Мен тұрғанда жер басып тірі жүрмейсің, бәрібір, боз торғай бол, — деді.

Сол-ақ екен, жұдырықтай боз торғай болып шыға келдім. Шырылдап бет-алды құладүз ұша жөнеліп едім, әйел қырғи болып соңымнан қуып келе жатыр екен. Қырғи оқтай зулап шүйіліп келеді: Мен жанұшырып, ағаш-ағаштың тасасымен қашып келе жатырмын. Қыр-

ғи маған жетуге арқан бойы жер қалғанда, орманда бұзау бағып жүрген бір шалға тап бола кеттім. Шалдың үстінде кең қолтық ала шапаны бар екен. Дес берісі, ашық тұрған қойнына зып беріп еніп кеттім. Қырғи шалдан қаймығып өз жайына кетті.

Қырғидың қарасы үзілген кезде шал мені қойнынан суырып алды да, мойнымнан қысып ұстап тұрып, тіл қатты:

— Аанада мені қылғындырып өлтіре жаздағаның есіңде ме? Жақсылығыңа жақсылық істермін деген сертім бар еді, жаныңды қалдырайын.

Шал осыны айтты да «тышқан бол» деп мені жерге қоя берді. Сол сәтте энеугі қара мысықтың уақиғасы есіме түсті. «Тышқан болсам болайын, жер басып тірі жүрейін» деп, іштей қуанып кеттім.

— Сен мені тегін шал екен деп ойлама, — деді ол насаттанып.

Сенің басыңнан кешкен таңғажайып уақиғалар менің алақанымда... Мен білмейтін сырын жоқ сенің...

Шалдың аузынан жылы сөз шыққан соң көңілденіп мен де тілге келдім. Түрім тышқан демесең, ішкі сарайым кеңейіп, тілім сайрап кетті.

— Түсіңіз игі, сөзіңіз дәмді адам екенсіз... Істеген жақсылығыңыз бүтін болсын. Басыма орнаған таудай пәледен қалай құтылам? Соның амалын айтыңызшы?

Шал желмен желбіреп үрпиген күмістей аппақ сақалын жөндеп қойды да, миығынан күліп тұрып сөйлей бастады:

— Осы бетіңмен үйіңе бар да, іргеден ін қазып кіріп жат. Түнде әйелің мен жігіт шырт ұйқыда жатқанда, үйге кір. Төрде жатқан жез сапты қамшыға арқанды тигіз. «Адам қалпыма түсір» десең-ақ болғаны, бұрынғы Шаймерген болып шыға келесің... Әбден кемеліңе келіп, адам сипатыңа түскеннен кейін, төсекте тәтті ұйқының құшағында жатқан жігіт пен әйелді қамшының астына алып, не бол десең, сол болады...

Шалға мың мәртебе алғысымды айтып, аяғына басымды қойдым. Дүниеде тірі жүрсем жақсылығыңды жүз есе артығымен қайтарармын деп ант бердім.

Көде-көденің арасымен жорғалап келе жатырмын. Қас қарайып, көз байланған мезгілде үйіме жеттім. Өзім әбден қажыдым. Әйтсе де қарманып, іргеден ін қазып алдым да, бұғып жатып қалдым. Таңға таянған мезгілде

үйге кіре бергенімде, төсекте жатқан әйелім шошып оянып, «үйге біреу кірген сыяқты болды» деді. Оған саса қойған жоқпын. Жорғалаған бойыммен төрге бардым да, аяғыммен сипалап жүріп қамшыны тауып алдым. Қамшыға арқамды тигізе бергенімде, жігіт есінеп, ұйқылы көзімен әйелге кейіп жатыр:

— Қойшы, тәйірі, жеті түнде кім келетін еді?

Қамшыға арқамды тигізіп, «адам қалпыма түсір» деп күбірлеуім-ақ мұң екен, баяғы Шаймерген болып шыға келдім. Әйел қайта жатқанымен, қобалжып ұйықтай қоймаса керек, төрдегі менің сыбдырымды сезіп қалып, орнынан ұшып тұрды да жарық жақты. Мені бірден көзі шалып қалып, тұра жүгіріп еді, қамшыны ала салып, арқасына осып-осып жібердім де, «ақ есек бол» дедім. Әйел лезде ақ есек болды. Құлағы қалқып, көзі бажырайып, құйрығын сипақтатып тұр еді, жігіт қаша жөнелді. Артынан жетіп бардым да, жігітті қамшының астына алып, «көк есек бол» дедім. Екі есекті қосақтап тысқа алып шықтым.

Әңгімені ұйып тыңдап, үнсіз отырған Қарамерген осы арада тағы да сөзге араласты:

— Біреуге арнап ор қазба, өзің түсерсің, — деді.

— Асқар таудай азаптан құтылып, жауымнан кегімді алғаныма жылдан асты, содан бері осы екі есекті төпеп жегіп жүрмін... Менің хикаям осымен тәмәм болды, — деді де Шаймерген сөзін бітірді.

Шаймерген мен Қарамерген үйге баруға оқтайлана бергенде, қасында ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, беті піскен алмадай, қолаң шашы төгілген сұлу қыз еркен бір кемпір орман ішінен шыға келді.

— Уа, жігіттер! — деді кемпір енгігіп. — Сөзіме құлақ салындар. Бітті халым, шаршады жаным... Жазықсызды жазғырып, не түрлі сұмдықты бір қамшы арқылы істеп-ақ бағып едім. Ақырында не таптым. Сол киелі қамшы Шаймерген сенің қолыңа түсті.

— Жоғал, нәлет, көзіме көрінбе, — деп, Шаймерген кемпірге жез сапты қамшыны ала ұмтылып еді, Қарамерген оның қолын ұстай алды:

— Сабыр, сабыр, сабазым! Алдыңа келіп жалынып тұр ғой, бір жолға кешсең қайтеді, — деді.

Шаймерген сабасына түсіп, ашуын басты.

Қалтырап тұрған кемпір тағы да бір сөз айтты:

— Екеуіңнен бір тілегім бар, құп көрсендер, айтайын, — деді.

— Не тілегің бар еді? — деп сұрады Шаймерген.

— Көзімнің қарашығындай аяулым еді, жалғызым еді. Баламды азаптай бермей, адам қалпына түсіріндер? Ол енді сендерге түк те істей алмайды... Киелі қамшы өздерінде.

Үнсіз сілейіп тұрған сұлу қызды нұсқап кемпір:

— Мынау желге, күнге тигізбей мәпелеп өсірген кенже қызым еді, мұны Қарамерген сен ал! Шаймерген сен өз әйеліңе қайта қосыл. Менің балам өле-өлгенше сенің құлың болып өтсін.

Шаймерген жез сапты қамшыны үйіріп, жегулі екі есекті осып-осып жіберді де, «адам қалыптарыңа түсіңдер» деп ақырды.

Екі есек лезде — біреуі жігіт, біреуі әйел қалпына түсті. Шаймергеннің әйелі зар-еңіреп жалына бастады:

— Өлтірсең де көнейін. Қіна менде. Ендігәрі тырнақтай қыянат істемейін.

Жігіт Шаймергеннің аяғына жығылып:

— Өлі-өлгенше құлың болып өтейін, отыңмен кірейін, күліңмен шығайын, — деп зариледі.

Ақырында Шаймерген әйеліне қайта қосылды, Қарамерген кемпірдің кіші қызын алды. Кемпір ендігәрі зұлымдық істемеске сертін беріп, өз жөніне кетті. Жігіт қос мергеннің қызметшісі болды.

— Сөйтіп екі мерген мұраттарына жеткен екен, — деп кәрі әжем жастыққа басын қойды.

АҒЫМАҚ АРЫСТАН

(Мысал)

Арыстан мен түлкі жолдас болыпты. Бір күні арыстан аспандағы айды қолға түсіріп алу жөнінде түлкімен оңаша кеңесіпті. Сонда түлкі арыстанға ақыл айтыпты:

— Ормандағы барша аңдарды жинаңыз, солармен кеңесейік.

— Көппен санасар жайым жоқ, олар біреуі іреп, біреуі сойып басымызды қатырар, — деді арыстан.

— Көпті қорлаған көмусіз қалады, — деді түлкі данышпансып. — Жинайық, түбінде жазатайым бір пәлеге ұшырай қалсақ, қырсығы тиер...

Арыстан түлкінің бұл пікіріне көніп, ормандағы аң атаулыны жинап алды.

— Осы аймақта менен асқан батыр, менен өткен күшті ешкім жоқ, сөйте тұра аспандағы айды қалай қолға түсіріп алудың амалын таппай, қатты дағдарулымын, сендерден ақыл сұрауға шақырып едім, — деді арыстан.

Аңдардың әрқайсысы өзінше айды қалай алудың әдіс-амалын айтты.

— Біз күн сайын топ-тобымызбен ұли берсек, айдың өзі қорқып жерге түспес пе екен? — деді қасқыр ырылдап.

— Жоқ, оның болмайды, қасқырым, сен мұны әншейін менен қорыққаныңнан айтып тұрсың, — деді арыстан, күндей күркіреп.

Құйрығымен өз денесін сабалап, шикылдап, көзін ойнақшытып, маймыл былай деді:

— Мен күн сайын ағаштың ұшар басына шығып алып, неше түрлі ойындарымды көрсетсем, айдың өзі елігіп жерге түседі.

— Сен де менен қорыққаныңнан босқа шатып тұрсың, сенің берекесіз ойыныңа ай пысқырып та қарамайды, — деді арыстан зіркілдеп.

Кердендей басып ортаға аю шықты.

— Айды қолға түсірудің амалын мен таптым, — деді аю, қолапайсыз денесін эрең қозғап. — Осындағы аңдардың бәрін менің үстіме тау ғып үйіндер, бәріміздің үстімізге, арыстан тақсыр, өзіңіз шығыңыз, сонда айды сөзсіз жұлып аламыз.

Аюдың осыны айтуы-ақ мұң екен, аңдар қорқып, жан-жаққа зыта жөнеліп еді, арыстан бар даусымен қатты ақырып, барлығын қайта жыйнап алды да:

— Аю, сен де босқа былшылдап тұрсың! Айтқаныңның бәрі өтірік, мені құлатып өлтірейін дейсің ғой, — деді.

— Қойдым, ендеше, сізбенен жанжалдасар жайым жоқ, — деп аю кейін ығысты.

— Менің тапқан бір ғана амалым бар, — деді киік қос құлағын едірейтіп, секеңдеп. — Айға мен атылып көрейін, өрем жетсе, түсірермін!

Жылмаңдап түлкі сөзге килікті:

— Сен босқа сандалып тұрсың, шияяқ киігім, айға сенің өрең жетпейді, эуре болмай-ақ қой. Арыстан-екеңнің өзінен өрелі, одан батыр ешкім де жоқ мұнда. Одан да өзі атылғаны артық емес пе?

— Төрелігіңе құлдық түлкі аға, — деді қарсақ оның сөзін құптап, алды-артын орағытып, — айға арыстан-екеңнің өзі секіріп көрсін. Алда-жалда құлап бара жатса, бәріміз жерге түсірмей қағып алармыз.

— Секірсін, секірсін, — деп басқа аңдар да шулап қоя берді.

— Дәл төбемізде, ұсынса қол жететін жерде жарқырап тұрған сол бейшара айға секіре алмасаң, батырлығың, зорлығың қайсы, — деп, түлкі арыстанға аш кенедей жабыса түсті.

— Көпшілік ұйғарса, солай-ақ болсын, — деді арыстан мақтанып.

Арыстан бұл жұмыстың даярлығын түлкіге арнап тапсырып, өзі демалуға кетті. Ертеңіне түлкі мықты аңдарды жинап, тереңдігі қырық құлаш шыңырау қаздырды. Бетін жас шыбықпен айқыш-ұйқыш жаптырды. Зау-сайтан, құлай қалса, жұмсақ болсын деп түлкі аңдарға қазоты, шыралжын сықылды майда өсімдіктерді жинатып, шыңыраудың бетіне төсетті.

Бұл шыңырауды неге, не үшін қаздырдың деп аңдар жабыла сұрап еді, түлкі оларға:

— Арыстан-екем айды аяғымен тарпып түсіреді, ай

жерге түсісімен ұстатпай қашып кетуі кәдік, ал, мына шыңырауға түсірсек, тырып ете алмайды, — деді.

Барлығы түлкінің сөзін мақұлдап, оның тапқырлығына дән риза болды.

Ертеңіне арыстан бар күшін бойына жинап, гүжілдеп:

— Бар жабдығың әзір болды ма? — деді түлкіге.

— Бәрі де дайын болды, зау-сайтан құлай қалсаңыз, жамбасыңызға жұмсақ болсын деп түсетін жеріңізге торқа төсетіп қойдым, — деді түлкі.

— Тапқышым-ай, бәрін де реттеп қойған екенсің ғой, — деп арыстан түлкінің жонын жалады.

Түн болды. Арыстан ормандағы аң атаулыны тегіс жинап алды да:

— Тілектес болып, қарап тұрындар айға қазір секіремін, — деді.

— Тілеуіндеміз, тақсыр, — деп шулап қоя берді аңдар.

— Қай жерден секірейін? — деді арыстан түлкіге.

— Мына жерден секіріңіз, — деді түлкі шыңыраудың қабағын нұсқап. — Осы арадан тіке атылсаңыз, сонда мына торқаның үстіне дәл түсесіз!

Арыстан арқасын күжірейтіп, тісін шықырлатып, ішін тартып екі дүркін айбаттана өкірді де, шыйыршық атып айға атылды. Сол-ақ екен, өзінің бар салмағымен шыңрауға күмп беріп, түсіп кетті.

Түлкі сақ-сақ күлді. Енді еркіндік алатын болдық деп барлық аңдар қуанып орманға бытырап сіңіп кетті.

«Арыстан айға шауып, мерт болыпты» деген мысал осыдан қалған екен.

МОЛДА МЕН ЖІГІТ

(Аңыз)

Баяғыда бір кушікеш молда бір момын жігітпен дос болыпты. Молдекең жігіттен айласын асырмақ болып, іштей өзіне тиімді есебін сайлап жүрсе керек. Қайда барса да жігітті ертіп жүретін болыпты. Сонда жігітке молда ақыл айтатын көрінеді: Шырағым, сен барған жерімізде әдеп сақта, өзінді төмен ұста, тамақты шамалап же, аштан өлгендей сұғынып кетпе, тамақтың тәуірін мына қартайған мен жейін, менің жегенім, сенің жегенің; киімнің жақсысын мен кийейін, менің кигенім сенің кигенің; қонған үйіміздің төрінде мен отырайын, менің отырғаным сенің отырғаның депті. Жігіт молданың қойған шарттарын бұлжытпай орындап, қайда жүрсе де, қайда барса да өзіне үйреткенін екі етпей елпең қағып, құлдық ұрыпты.

Молда барған үйдің қонақ асысының бар тәтті-дәмдісін өзінің алдына тартып, сұғынып жей бастаса:

— Алыңыз, молдеке, алыңыз, маған сізден қалғаны да жетеді, сіздің жегеніңіз, менің жегенім, — дейді жігіт.

Молда жігіттің тапқан-таянған ақшасына бір жақсы киім сатып алып кесе:

— Киіңіз, молдеке, киіңіз, сіздің кигеніңіз менің кигенім, маған үстімдегі шоқпытым да жетеді, — дейді жігіт.

Молда бір бай үйдің төріне өзі барып отырып, жігітті босағаға мөлтіп қойса:

— Отырыңыз, молдеке, отырыңыз, сіздің отырғаныңыз менің отырғаным, маған босаға да жарап жатыр, — дейді жігіт.

Қысқасы бар жақсылықты молданың өзі көріп, жіліктің майлы басын өзінің аузына тартатын болған. Ақылсыз жігітті алдадым, ұпайын жедім деп молда шелиіп жүріпті. Орайын келтірермін, асықпасаң, қармыжымды бір қайырармын деп ойлап, ақылды жігіт іштей кіжініп жүріпті.

Шілденің мый қайнатқан ыстық күндерінің бірінде молда мен жігіт өзенге шомылуға барыпты. Киімдерін жардың қабағына шешіп тастап, екеуі суға түсіпті. Сонда жігіт тұрып:

— Молдеке, сіз әрегірек барып, өзеннің терең тұнық жеріне шомылыңыз, сіздің шомылғаныңыз, менің шомылғаным, маған осы шет жағы да жетеді — депті.

Сонда молда тұрып:

— Өркенің өссін, қарағым, тереңіне, тұнық жеріне мен шомылайын, — деп суды шолпылдатып ілгері жүзе жөнеліпті. Молда жөнді малти алмайтын болса керек, біраз жерге барған соң суға бір батып, бір шығып жүріп, жандәрмен жігітке айқай салыпты.

— Ойбай өліп бара жатырмын, құтқар, құтқар!..

Сонда жігіт жардың қабағына секіріп шығып, бар даусымен айқайлап, молдаға былай депті:

— Батыңыз, молдеке, батыңыз, сіздің батқаныңыз менің батқаным!..

Молда суға зым-зыя батып кетіпті.

ЖОЛБАРЫС ПЕН ТҮЛКІ

(Қазақ ертегісінің сарынымен)

Сыңсыған ну орман маужырап қалғып кетті. Жалтаң аспанның оң жақ иығына шығып алып алтын табақтай жарқырап тұрған ай осы орманның қас қақпас қарауылындай шақырая қалыпты.

Қалың қарағайдың шығыс жақ беткейіндегі айдын-шалқар көлдің жыңғыл қамысы да бүгін сыбдырламайды. Түнгі табиғаттың бейқам тыныштығын жолбарыстың қаһарлы үні кенет бұзып жіберді.

Қайдасың, түлкі? Шақырған бағыныштыларым неге келмей жатыр?

Жолбарыстың өктем даусы шыққанда түлкі оның қасына жалма-жан жетіп келді.

— Әміріңіз орындалады, тақсыр! Сәл кешігіп қалғаным. Айып менде, көзім ілініп кетіпті...

Жолбарыс ашуға басты:

— Қара бассың сені!

Аузын аңқитып есінеп тұрған түлкінің ұйқысы шайдай ашылды.

Басын оң жағына қиңырайтып тұрып, жалынып жатыр.

— Бұйырсаңыз, лезде жинап әкелейін!..

— Бар, шапшаң алып кел!..

Түлкі зыта жөнелді.

Осы ормандағы аң мен құстарды арыстанмен бөліскенде жолбарыстың үлесіне түлкі, қасқыр, қабан, аю, этеш, қоян және егеуқұйрық, тышқан тиген еді. Жолбарыстың әмірімен осылар тегіс келді.

Көлдің қабағындағы бір дөңестеу жерге шығып тұрып, жолбарыс далыя сөйледі:

— Арыстан ішіне шынашақ айналмайтын күншіл екен. Бұл жерден көзінді жоғалтпасаң, өзінді де, өзге бағыныштыларыңды да қырып-жоямын дейді... Өзіме жайлы ме-

кен іздеп табуға ниет етіп тұрмын... Осы пікіріме қалай қарайсыңдар?

Арсалақтап бәрінен бұрын түлкі сөйледі:

— Сізге серік болуға жарасақ, не арманымыз бар, тақсыр!

Қасқыр айға қарап ұлып алды да, өз ойын айтты:

— Өз басым сізбен бірге өлемін...

— Мен де сізден қалмаймын, — деп аю тілін салақта-тып ыңырана есінеді.

Жалғанның жарымын обып жіберетіндей-ақ азу тісін ақсита қорсылдап қабан тілге келді:

— Күшке келсе жөпшенділікке бола қоймаспын... Сізбен бірге барамын.

Көзі оттай жайнап, жон арқасын күжірейтіп мысық шар ете қалды:

— Адығым қысқа, қауқарым аз ғой, мені әурелемей-ақ қойыңыз.

— Мәссаған безгелдек! — деді түлкі таңданып. — Сорлы-ау құриын деп тұрсың ба?

Жолбарыс қасқырға бұйырды.

— Мына қулар өзара мәслихаттасып келсе керек... Мысықты, әтешті, қоянды, тышқанды құрт кәзір.

Қасқыр шиыршық атып ұмтыла бергенде, кіналы болған әлсіздер зар илеп шулап қоя берді.

— Жанымызды қалдыра көріңіз...

— Біріміз қалмай жөлекеннің соңынан еруге әзірміз...

Сонда жолбарыс тұрып оларға қатал ескерту айтты:

— Бір жолға тілектеріңді берейін... Егер бұдан былай тайсақтайтын болсаңдар, менен жақсылық күтпеңдер...

Айдағы Зурә сұлу жолбарыстың өрескел ісін көріп тұрған. Ол өзінің алтын саусақтарымен айдың бетін жаба қойды да, жолбарысты әжуалап бір өлең айтты:

Уа, жолбарыс, жолбарыс,
Барар жолың тым алыс.
Көптің сөзін қорлама,
Ермейміз десе зорлама...

— Мына еріккен қыздың оттап тұрғанын қарашы... — деп жолбарыс айқай салды.

Жолбарыс, түлкі, аю, қасқыр, қабан, мысық, әтеш, қоян, тышқан елең-алаңнан жолға шықты.

Арада талай күн өтті. Не бір терең сулардан өтіп, биік таулардан асты. Жолшыбай кездескен әлсіз аңдарды

қағып жеп, мөлдір бұлақтардың суынан қанып ішіп ілгері жүре берді. Тамақтың бар дәмдісін жолбарыс өзі жеді, өзінен қалғанын түлкі, аю, қасқыр, қабанға берді, қалған-құтқандары әтеш, қоян, тышқанға тиді.

Күндерде бір күн жолаушылар елсіз-күнсіз жапан далаға кез болды. Ұшқан құс, жүгірген аң көрінбейді. Бір тамшы су, бір тал өсімдік те жоқ. Тұзы шыққан қызыл сор, таудай-таудай қара құм... Шақырайған күн жер жүзін жалындай күйдіреді. Оттай ыстық аңзақ жел ойнақ салады.

Жолбарыс бастаған жолаушылар өліп-талып осы жапан түзді кезіп үш күн жүрді.

Бір төбенің басына тоқтап жолбарыс кеңес құрды.

— Аштан өлуге таяндық... Қалай тойынамыз? Соның амалын қайсың табасындар?

Әлі құрып өлесі болған әтеш қанатын әрең қозғап, мойнын созып тұрды да:

— Ку-кере-ку — деп бақырып қалды. Жолбарыс қаһарын тігіп оған зекіп тастады:

— Өшір үніңді! Жұрт аштан өлгелі тұрса, бұл ку ән салады... Одан да тамақ табудың амалын айтсайшы!..

— Әміріңізге құлдық! — деді әтеш.

— Сөйле кәні!..

— Мен сөйлесем дәлін айтамын, — деді әтеш қоразданып.

— Біз тұмсық неменің дәлшіліне не бересін, — деп түлкі жолбарыстың құлағына сыбырлады.

Әтеш кіжініп сөйлеп кетті:

— Жолшыл еді, жортса жолдағыны, ақырса аспандағыны алатын күшті еді деп, жолбарыс саған еріп шығып едік... Сөйткен сенен де тырнақтай береке таппадық. Ең әуелі сенің өзінді жесек деп тұрмын...

Жолбарыс күндей күркіреп ашуға басты:

— Мына малғұн не деп тұр? Құрт көзін шапшаң! — Қасқырға бажырая қарады.

— Әміріңізге құлдық, таксыр! — деп қасқыр әтешке ұмтыла бергенде, мысық шарылдап араға түсіп, басалқы айтты:

— Ашыққан әтештен не ақыл сұрайсыз. Сәл ағат кетті. Төрелігін мен айтайын...

— Айт, шапшаң!.. — деді жолбарыс тыжырынып.

— Мойны жуан, терісі қалың еді. Осынша жанды аштан өлтіре ме, әуелгі кезек аюдікі болса қайтеді?

Аю одырая қарап, оқшау шықты.

— Бұған сен не дейсің? — деп жолбарыс түлкіге қарады.

Түлкі шұбырта жөнелді:

— Жолекең біздің жолбасшы, жолбасшыға кім тисін, аю біздің ағамыз, ағамызға кім тисін.

— Қасқыр мен қабанды қайтер екенсің? — деп, көзі жыпылықтап шоқиып отырған қоян бір орғып түсті.

— Құрттай сабыр ете тұр, жырығым, қазір оларға да жетемін.

— Шошекең біздің шоң мұрын, шоң мұрынға кім тисін, қасекең біздің қанды би, қанды биге кім тисін.

Әтеш, қоян, мысық, тышқан төртеуі шоқтай боп бір жерге үйіріле қалды.

Шек-сілесі қатып күлді түлкі:

— Ең әуелі кімге ауыз салатынымызды іштері сезе-ді білем, табыса қойғандарын қарашы...

Мысық шар ете қалды:

— Уа, түлкі, сөйлегенде тіліңнен май тамызасың... Күштілерді мақтағанда түбі түскен күбі шелектей күпіл-дейсің... Сондағы тіске жұмсағың мына біз болғанмыз ба? — Қасындағы әтешке, қоянға, тышқанға мұңая қарады.

— Қит етсе шарылдап қоя береді, үнін өшірейін өзінің. Осы ділмәрдін өзінен бастайық, — деп түлкі жолбарысқа жақындай түсті.

Түлкінің бұл қоқанлоққысынан мысық сескене қойған жоқ. Ойнақтап оқшау шықты да:

— Кетейік, серіктерім, мыналардың пейілі жаман екен, — деді.

Бәрінен бұрын қоян зытты. Тышқан атылып барып қоянның арқасына мініп алды. Қанаты далбалақтап әтеш ұшып кетті. Ең соңынан мысық орғи жөнелгенде жолбарыс бассалды.

Жолбарыс, түлкі, аю, қабан, қасқыр жабылып мысықты тік көтере жеп қойды.

— Мысықтың еті жұмыршағыма жұғын да болған жоқ, — деді жолбарыс. — Қарным шұрылдап барады...

— Көрес көзге сізді аштан өлтіреміз бе? — деді түлкі. Аюды жеп лық тойып алыңыз...

Аю сасқалақтап қаша жөнелгенде, қасқыр оны шап беріп ұстап алып, алқымын сығымдай бастады.

Аюдың етін бөліп жеп, жолбарыс, түлкі, қасқыр, қабан төртеуі ілгері жүріп кетті. Он күнде қабан мен қасқырды да жеп қойды. Жолбарыс пен түлкі әбден қалжырап өлесі болды.

Бір күні түлкі жолбарысқа былай деді:

— Айдалада аштан өлеміз бе, жөлеке! Мен сізден гөрі тыңмын ғой, ілгері барып жер шолайын, тамақ іздейін...

Жолбарыс қуанып кетті:

— Тапқышым-ай, білгішім-ай!..

Түлкі жортып кетті. Жолбарыс сол жерде жалғыз қалды. Түлкі келесі күні қайтып келді.

— Десберісі, бір үңгірге тап бола кеткенім... Ішіне кірейін деп едім, жүрегі құрғырдың дауаламағаны... Аузынан сығалап қарасам, майлы еттің ісі келді мұрныма...

— Тапқышым-ай, тапқан екенсің, — деді жолбарыс масаттанып.

Түлкі жолбарысты үңгірге бастап әкелді де, мұртынан күліп тұрып:

— Осы үңгірдің іші толған тамақ... Жарылғанатын болдық... — деді.

— Ішіне кіріп біліп шықшы, не бар екен?

— Әміріңізге құлдық, тақсыр! — деп, тілкі зып беріп үңгірге кіріп кетті де, әрі-беріден кейін жылмандап қайта шықты.

— Үңгірдің ішінде тағамдар бықып жатыр екен... Майлы ет дейсіз бе, неше түрлі жеміс дейсіз бе, әйтеуір, не керектің бәрі де осында... Шет-жағасын көрдім де, сізді қуантайын деп асығып қайта шықтым...

Есі кетіп қуанған жолбарыс іс-міс жоқ үңгірге қойып кетті. Үңгірдің бергі ауыз жағы кең болғанымен, бірте-бірте тарыла берді. Әртін барғанда жолбарыстың денесі әрең сифандай қуыс екен. Қысылып қалғанын сезіп, жолбарыс тоқтай қалды. Бірақ қозғалуға шама жоқ. Жақпар тастарды қаршылдата кеміріп бұлқынып еді, тынысы тарыла берді.

Түлкі жолбарыстың бөксе тұсында отыр еді. Жолбарыс оған ақырып жіберді:

— Құртты-ау, қу түлкі!

— Түк те етпейді, — деді түлкі сақ-сақ күліп. — Мойныңыз жуан, теріңіз қалың батырсыз ғой, тырп етпей жата беріңіз, кеулей-кеулей кеудеңізге де жетермін...

Түлкі жолбарыстың бөксесін кеулеп жей бастағанда әтеш, тышқан, қоян жетіп келді. Олар табанда түлкіні талап өлтіріп, өлімтігін сыртқа шығарып тастады да, жолбарысқа ақырғы сөздерін айтты:

— Көпті қорлаған көмусіз қалар деген осы, жолеке!..

САМАР СОВХОЗЫНДА

I

Ақмола өлкесінде март айы — қатал қыстың бар зардабын бойына жинағандай, үскірік аязы мен ұйтқыған беймаза боранын ала келетін жылдары көп болады. Осындай үскірік күндердің бірінде, Есіл өзенінің сол жақ жағасындағы қарлы дөңеске жалғыз жалау тігілді.

Бұл жерге алдымен Харьковтың жас патриоттары келді. Оларды бастап әкелген комсомолец Григорий Шафран сыптығыр ұзын қайыңға байлаған қызыл жалауды тікті де, төрт бұрышты шағын тақтаны қадаға шегелеп, қарға шаншып қойды. «Бұл жерге астық совхозы орнайды». Ол қар жамылған жалпақ далаға көз жіберіп, ұзақ қарап тұрды. Көз жетер жерде ноқаттай қарасы көрінбейді. Шаныта мұнартып тұрған зәрлі сұрғылт аспанның көкжиегімен астасып жатқан қарлы жапан — мызғымасқа бекінгендей, ырай бермей шірене түседі.

Сырын ішіне бүгіп, тымырайып жатқан бейтаныс кең далаға көзі талғанша қарап тұрды Шафран. Алақанына кілегей мұз қатқан тері қолғабын біріне-бірін тез-тез үйкелеп аз-кем тұрды да, «Степь да степь, кругом!» деп, ызғырық желден даусын асыра әндете бастап еді.

— Әнші жігіт бермен кел, жұртты көрші совхозға апарып тезірек орналастырайық, — деген бір көтеріңкі дауыс шықты артжағынан.

Команда орындаған солдатша шұғыл жалт бұрылып қараса, мұны айтқан өзінің серігі Василий Колодченко екен.

Сонау, Атбасар қаласынан бермен қарай 25 километрге созылған үлкен жол — әлгіде жыланбауыр алып трактор салған алғашқы сара жол сайрап жатыр. Батыс жақта, бір километрдей жерде қар басқан үйлер көрінеді. Бұл — Атбасар қой совхозының орталығы. Жалау тігілген қарлы дөңестің ық жақ етегінде — жаңа өздері мініп келген

екі трактордың айналасында жастар үйме-жүйме болып тұр. Қалыңдығы кісі бойындай күртiктің бетiне кеше түскен үлпiлдек қарды ызғырық жел қақшып алып, шығысқа қарай, ұйтқыта айдап әкетiп жатыр...

— Өмiрдiң басталғаны осы емес пе? — деп жас тракторист Василий Колодченко ұзын етектi ақ тонының желмен делдiген кең шалғайын қымтай түседi.

— Қарлы жапанға өмiрдiң алғашқы белгiсiн орнаттық, ендi iсiмiз оңғарылады, — дедi жалаудың айналасында шыр көбелек айналып секiрiп жүрген Борис Тимшенко.

— Жерлесiм, тоңып секiрiп жүргеннен аманбысың? — деп Шафран оны қапсыра құшақтап алып, бiрнеше дүркiн сiлкiлеп жiбердi.

— Машинадан түспей жатып, тоңа қалатын жылбысқаны тапқан екенсiн?..

Неге екенiн кiм бiлсiн, жаңа келгендердiң бiреуi трактордың үстiне шығып алып, көзiне дүрбi киiп, алысты барлап тұр. Ендi бiреуi қосауыз мылтығын көкке қаратып, сыртылдатып атып жатыр.

— Бiздiң Алеша, жаңа жерге салют берiп жатыр, — деп қарқ-қарқ күлген бiреудiң нәзiк даусын жел естiртпейдi.

Аттылы-жаяулы адамдар қой совхозы жақтан андыздап келiп қалды.

— Қоныстарың құтты болсын!

— Қош келдiңдер, бауырларым!

— Қадамдарың қайырлы болсын.

Осы секiлдi жүректен шыққан, туысқандықты танытатын жылы сөздер қар жамылған даланы кернеп кеткендей болды.

...Бұлардан кейiн көп ұзамай Львов, Ворошиловоград облыстарының жас механизаторлары келдi. Совхоздың семьясы ұлғая бердi. Осылардың артынан iле-шала Москва, Ленинград патриоттары жеттi. Жас патриоттардың iшiнен бiр бригада бөлiнiп, болашақ совхоздың адресiне Атбасар станциясына келген жүктi поездан түсiрiп жатты да, ендi бiр тобы сол жүктi тасуға жұмыла кiрiсiп кеттi.

Қой совхозының халқына лайық шағын клуб осы кезде күн құрғатпай аузы-мұрнынан шығып, лық толып ке-

тетін болды. Жастар жиналып алып, ойын-сауық өткізеді. (Гармонь тартады, би билеп, эн салады.)

— Сый-құрметтеріңнің ессін қайырамыз, бізде де клуб болады әлі, — дейді жастар, байырғы совхоздың комсомолецтеріне.

Алда кесе-көлденең тұрған зор қиындықтар барын да сезеді жастар. Онымен мықтап аяқасып, жеңіп шығу керек екенін де жақсы біледі. Бұл қиындықтармен көп ұзамай бетпе-бет кездесуге тура келеді. Совхозға техника әлі тегіс келген жоқ. Директор мен бас агрономды жуырда келеді деп күтіп отыр. Механик, бухгалтер, шаруашылықты басқаратын қызметкер және жоқ. Поездан түсісімен қайнаған іске араласа кетеміз ғой деп, білектерін сыбанып келген жастардың көбіне әзірге жұмыс болмай іштері пысты.

Сұрапыл боран өршелене жиі-жиі соғып тұр. Бес айдан бері табандап орнап қалған ызғарлы қыстың райы жөпшенділікпен сына қоятын түрі жоқ. Ара-кідік бұлтсыз аспанда шарықтаған күннің шалажансар қызуы қысылшаң қысқа кәр ете алмайды. «Биылғы көктем жылдағыдан кеш шығады, және ұзаққа созылады» деп әуе райын зерттейтін бюро күн құрғатпай болжау айтады. Ғылым болжауын қарадүрсін өмір тәжірибесімен толықтырғысы келгендей тұрғын елдің қарттары да оны құптай түседі.

Март айының ызғырық бір күні еді. Атбасарда жаңа ұйымдасып жатқан совхоздар тресінің өкілі келді. Болашақ совхоздың басшылары әлі күнге шейін келіп үлгірмегенін білетін өкіл жігіт мұндағыларды уақытша басқарып жүрген Шафранға кездесіп совхоздар тресінің бұйрығын жеткізді. — Сіздермен іргелес тағы да екі совхоз ұйымдастырылатын болды, — делінген бұйрықта. — Олардың адамдары жуырда келмекші. Техника жабдықтары мен жүктері станцияға келіп жатыр. Жол бұзылмай тұрғанда солардың мүліктерін Атбасар қой совхозына тасып жеткізуді сіздерге жүктейміз...

Өкіл жігіт бұйрық қағазды мұқият оқып берді де, ұғымды болсын деп ауызша кеңейтіп айтты. Осындағы жас механизаторларды клубқа жыйнап, бұйрықты арнайы естіртепекші болды.

— Өте жақсы, — деді Шафран, — өзімізге жүктелген міндетті сөзсіз орындаймыз.

— Орындаймыз! — деді бұлардың қасында тұрған жас жіргіттер.

— Мына қыстың ыңғайы жаман, — деді Шафран тік жағалы сұр гимнастеркасының жоғарғы екі түймесін ағытып. — Бізді жүйкелетпек ойы бар білем. Ол қыйқандына біз бола қоярма екенбіз...

2

Апрель айы суық шыраймен келді. Быйылғы керенау көктем жай басып мамырлап келе жатыр. Әйтсе де мезгілі жеткен соң қоя ма, қардың беті жылмықтап жіби бастады. Энеугіде тігілген жалаудың қасында «Самар астық совхозы» деген ірі жазуы бар төрткіл тақта қағылған бәкелтек баған орнады. Жас патриоттар сол төңіректің қарын аршып, үш жерге қаз-қатар шатыр тікті.

Совхозда қалыпты өмір басталды. Жол құхнясы, жылжымалы екі вагон-үй қойылды. Директор мен партия ұйымының секретары солдаттарын зор шабуылға әзірлеген командирлерше күні-түні бір дамыл көрмейді. Екеуі ортадағы ақ шатырдың қасында ертеңгі күннің шаруасын ақылдасып, кеңесіп тұр еді, Мария Ковалева келіп сыпайы пішінде кішілікпен тіл қатты:

— Тамақ ішіңіздер!

— Асханада тамақтың неше түрі бар шығар? Қалаған асымызды таңдап алып ішетін боламыз...

Татаренконың қалжыңының мәнісіне бірден түсінген аспаз қыз іркілген жоқ:

— Украинаның майлы борщы мен котлетіміз пісіп тұр. Әзірше үлгергеніміз сол-ақ болды, кешірерсіздер...

— Ештеңе де етпейді, майлы борщ пен котлет жеген адам өлмейді, — деп директор оны арқаға қақты, — алғашқы тағамды дәмді ғып пісірсең, келешектегі шаруамыз берекелі болады...

Ертеңгі болатын жалпы жыйналыстың жағдайын келісті де екеуі тамақ ішуге барды.

...Көрші совхоздың клубына жұрт лық толды. Жыйналысты Лихобаба жолдас ашып, қысқаша сөз сөйледі.

— Партия бізге осы көктемде 12 000 гектар тың көтеру міндетін жүктеп отыр, — деді ол отырғандарды көзімен барлап. — Бұл міндетті аброймен орындауға шақырамын!..

— Орындаймыз! — деді көп дауыс қосарынан.

— Кім сөйлейді?..

— Сөзді тым көбейтіп жібермейік: сөзімізден ісіміз басым болсын!.. — Шофер Николай Швец орнынан шұғыл қозғалып, жыйналысты басқарып отырған Иван Григорьевичке қарады.

— Дұрыс айтады, берген уәдеміз Менделеевтің химиялық кестесіндегі дәл болуы керек қой, — деді Швецтің сол жағында иық тіресіп отырған Борис Тимшенко қопандап.

Сөйлеушілердің біразы алғашқы күндердегі көрінген кемшіліктерді баса айтты: екі шатырдағы шойын пештің қақпақ темірі топсасынан омырылып қалыпты, қол бос кезде ойнауға дойбы тақталары жоқ. Газет-журнал жетіспейді...

Львовтан келген жас патриот Юрий Горбань орнынан шапшаң тұрып қолын шошайтып сөз сұрады.

— Сөйле!..

— Комсомолец екі сөйлемейді! — Даусы шамадан тыс қатты шықты. Менің бригадамды жұмыстың ең қырын жеріне салыңыздар... Қандай қиындық кездесе де жеңіп шығуға комсомолдық сертімізді береміз.

Ленинградтық тоғыз комсомолецті бастап әкелген Анатолий Иванов басындағы көк бұйра малақайын жалмажан шешіп алып тез-тез басып алға шықты.

— Біздің Антоша не айтар екен? — деп арт жақтағы жолдастары жымындасып отыр.

— Комсомол серті — берік серт, — деді ол манадан бері сайлап отырған сөзін еркін бастап. — Біз бұл жерге топай ойнауға, немесе даланың қаңбағын қууға келген жоқпыз... Қиындықтың кездесетінін де білеміз... Оған бас исек, жеңілгеніміз. Тайсалмай қарсы тұруымыз керек. Партияның тапсырмасын, сүйікті Отанымыздың әмірін орындауға әзірміз!..

— Әзірміз! — Жастар залды бастарына көтерді. Дәл осы минутта бұлар үлкен сарайдың залында сапта тұрып, серт берген пионерлерге ұқсап еді.

Егістің басталатын қалыпты мезгіліне санаулы ғана күндер қалды. Бірақ кешеуілдеп келе жатқан кежір көктем жұмысты шұғыл бастап жіберуге ерік бермей-ақ тұр. Керекті техниканы, тұқымды және басқа қажетті жабдықтарды Есіл өзені тасығанша тегіс жеткізіп алуға да уақыт аз. Әзірге қолда бары 12 трактор мен 7 соқа. Оның

бержағында, жанармай, керекті тұқым, азық-түлік сықылды аса қажетті заттарды мұз түскенше жеткілікті мөлшерде тасып алмаса, қыйындықтың көкесі сонда болады...

— Табиғатпен қоян-қолтық алысуға тура келеді, — деді Лихобаба жыйналысты қорытып. — Қыйындыққа дес бермейтін болайық... Әрбір ұлылы-кішілі істе ұйымшылдық, өр қайрат көрсетейік...

Алда тұрған қыйындықтарды баса айтты директор. Әсіресе құрылыс жұмысына ересен көп күш жұмсауға тура келеді. Алтын уақыттың бір минутын босқа өткізбей, егісті нағыз қолайлы шақта, қысқа мерзімде аяқтау керек. Әрбір трактор, әрбір механизм кәдімгі сағатша қызмет атқаруға тиіс.

— Сіздердің жанқиярлық еңбектеріңіз совхоз шежіресінің бірінші беттеріне жазылуға тиіс. Алда тұрған зор қыйындықтар бар. Мүмкін тасып жатқан өзеннің таудай сендерімен алысып, жүк тасуға тура келер...

Атбасар станциясына совхозға арналып келген қыруар жүктерді күні-түні поездан түсіріп, жыймалы үйлерді құрастырып жатқан дербес бригаданың жұмысын жалпыға өнеге етіп айтты директор. Бригаданың басқарушысы комсомол ұйымының секретары Лидия Коротченконың ұйымдастырушылық қабілетін ерекше атап өтті.

Жаңада ұйымдастырылған үш трактор бригадасының механизаторлары техниканы құрастырып, тракторларды сайлап, тың жерге жасалатын алғашқы шабуылға әзірленді.

3

...Механизаторлар бүгін күндегіден ерте тұрды. Қаруытып шығыс көкжиекті жапқан қара қошқыл тұманды қақ жарып, алаулап күн шығып келеді. Есілдің беті ойран-топан. Өткен түнде бір ғажайып күш тұтқыйылдан шабуыл жасап қыйратып кеткендей мұзының тас-талқаны шығыпты.

«Өзен тасыды» деген хабар үйден-үйге зымырап тез тарайды. Совхоз директоры кеше Құрманов атындағы колхозға кеткен. Қолхозбен танысып, егістік жердің шекарасын айырайын, келешектегі қарым-қатнасымызды біраз анықтап алайын деп әдейі аттанған.

— Даярлап қойған үлкен екі қайығыңның күні туды, — деді даусы қарлыққан біреу ағаш шебері Ермоленкоға.

— Керек болса, тағы да бірнешеуін тез жасап берейін, тек күшті тасқында қайықпен жүк тасыйтындарың суырылып шығындаршы, кәні!..

— Сен де қызық екенсің, Микола... Судың қайтқанын тосып, осынша адам жүк тасымай қарап отырар деп пе едің? — деді Юрий Иванов шынайы қалыпқа көшіп.

— Бұйырса, мен де бір тасқынмен алысып көрейін, қайсымыз жеңер екенбіз, — деді Львовтан келген комсомолецтердің біреуі.

Әр жерге шоғырланған жұрт тасқынға таңдана қарайды. Таудай-таудай қалың сендер үдере жарысып келеді. Үстіне қызыл су жүріп, жалаңаштанған көк мұз шатыр-шұтыр қақ айрылып жатыр.

— Есіл тасып барады жардан асып, — деп совхоздың атшысы Қайыржан Қошқаров ыңырсып, шатырға сүйеніп өзенге қарап тұр.

— Тамыр, біздің Есіл өте асау, байқандар, — деді ол шатырдан жалаңбас шыға келген жас жігітке орысша, украинша араластыра сөйлеп. — Әттеген-ай, жүкті тасып алуға үлгере алмай қалдық-ау! — деп өкініп таңдай қақты.

— Уақасы жоқ, өзеннің тасқынынан да зорды көргенбіз, қайда кетер дейсіз! Жас тракторшының орынды жауабына риза болған Қайыржан төмен қарап, мырс етіп күліп жіберді.

Су тасқыны күшейіп барады: жардан асып, жан-жаққа жайыла бастады. Әр тараптан жылға-жылғаның бойымен, жыраларды қуалай сарқырап аққан қар суы тасқынды еселей түседі.

— Аржақта қалып қойған ешкім жоқ па екен?

— Бір есептен өзеннің қатты тасығаны зыян да емес, балалар, егін-шөптің шығымы бітік болады. — Мылтығына сүйеніп, рабкоптың бұйымдары тиелген жабық машинаны күзетіп тұрған қаба сақалды, еңгезердей шегір шал осыны айтты да трубкасына темекісін сығарлап салып, қаннен-қаперсіз тұра берді.

Татаренко лекцияға әзірленіп түнде кеш жатқан Апыл-құпыл киініп, вагон-үйдің терезесінің шторын сырғытып қойды. Тершіп тұрған терезе шынысына бетін тақап далаға қараса, топ-топ болып шуласып тұрған адамдарға көзі түсті. «Тасқыны күшті болар, тәрізі!» деген бір

сасқалақ дауыс құлағына шалынды. Жүгіре басып тысқа шықты.

— Су тасып кетті ме? — деп сұрады ол вагонның қасында шоғырланып тұрған бір топ жастан.

— Ашуы қатты көрінеді, бой беретін емес, үдеп барады, — деді тұрғандардың біреуі, Андрей Ивановичтің қасына жақындай түсіп. — Шабуыл жасап жатыр... Айқасып көрейік, кім жеңер екен?..

4

Қалың қардың қыспағынан жаңа құтылған құба жонда шаңқай ақ шатырлар мен жылжымалы вагон-үйлер пайда болды. Әр жерде қызыл жалаулар желбірейді: «ДТ-54» — «С-80» маркалы алып тракторлар дүбірімен жерді тітіретіп, қаптап кетті.

Жым-жырт дала мәңгілік ұйқысынан шошып оянғандай дүр сілкініп, ыңырана бір тыныстады. Жапанға келген жас өрендерді қошаметпен қарсы алғандай, жаңа өмірді жайнатуға асыққандай, бұлтсыз жалаңаш көкжиекті алаулатып күн шығып келе жатты. Жарқын өмірге құштар өскелең жандар нұрлы күнге көңілдене қарайды.

«Жаңа жерге бірінші борозданы кім тартар екен?» десіп гулеседі жұрт. Иван Григорьевич пен Николай Иванович орналасқан жылжымалы вагон-үйге екі жігіт асығыс кірді. Бұл кезде директор мен партия ұйымдастырушысы төсектерін жыйнап, жуынып болып, тракторшылардың тізімін қарап отыр еді. Бірінші борозданы тартуды кімге тапсырамыз деп кеңескен.

Әр сөзін баппен салмақтап айтатын, ауыр мінезді Борис Тимшенко сыпайы пішінмен тіл қатты:

— Кешегі жыйналыста социалистік жарысты бастап, ең көп норма алдық... Сондықтан бірінші бригаданың атынан сіздерге әдейі келіп едік... — дей беріп еді, директор оның сөзін бөліп, іліп әкетті:

— Көмейінді байқап тұрмын, шырағым, бірінші борозданы тартуды бізге беріндер деп өтінгелі келдіңдер ғой...

Бірінші бригаданың атынан сөйлеген Тимшенко төмен қарап, күбіжіктеп ұялып қалды.

— Я, өтінейік деп едік, — деді.

— Кімді ұйғардыңдар? — Татаренконың сұрағына екіншісі жауап беріп:

— Біздің ойымызша бірінші борозданы Василий Колодченко тартса екен дейміз.

Ол Василий Колодченконың өмірбаянын, Харьков облысында үш жылдан бері тракторшы болып істегенін, жыл сайын жарыстың алдыңғы сапында болғанын айта бастады.

— Бұл кісілер оның өмірбаянын білмейді ғой деймін. — Борис Тимшенко әлгіндей емес, еркін сөйледі.

— Команданың берілуіне жыйырма минут уақыт қалды, — Директор жүндес сом білегіндегі күректей шойын сағатына тұқырая үңілді.

— Көгершінім, сен тракторшылар курсына жібермеді, бригаданың есеп-қыйсабын жүргізетін жай қызметке тағайындалады деп бізге өкпелі дейді ғой...

Лихобаба мұны өзімсініп, тақайырсыз көңілмен айтқанын бірден аңғарған Борис Тимшенко қысылмай отырып, орынды жауабын қайырды:

— Әуелгі кезде шамалы ренжігенім рас еді, Иван Григорьевич, уақасы жоқ, жүргізе білсем, есеп-санақ та осал оңтайған жұмыс емес.

— Істе, істе, быйылдан соң өзінді бухгалтерлік курске жіберемін...

— Прицепщиктердің көпшілігі келер қыста тракторшылар курсына жіберіндер деп осы бастан қолқалап жүр.. — Татаренко қойын дәптерін көзіне тақап тұрып, келесі қыста курске жібер деп тілек айтқандардың тізімін оқыды.

— Заңды тілек, келешегі мол біздің жастар қашан да осылай істейді.

Бірінші бригаданың екі жігітті рақаттана жымиып, басшыларының бетіне сүйсіне қарасты.

Сол екі арада совхоздың бас механигі Григорий Николаевич Гладченко аптыға кірді. Ерейген ұзын бойына жараспайтын қолапайсыз қалың резинка плащының екі өңірін көтере ұстаған бойымен еңкейе кіріп, директорға мәлімдеме жасады:

— Машиналар сайланып, команда күтіп тұр!.. Осындағы Бутенко дейтін тракторшыны өз бетімен борозда тартпақшы болған жерінен әрең тоқтаттық!..

Араға сөз араласып кеткендіктен сөзі иесіз қалған комсомолецтер қолайсызданып басшыларға қарай берді.

— Команда қазір беріледі. Бірінші борозда тартуды Харьковтың жігіті Василий Колодченкоға тапсырамыз.

Өкіл жігіттер бір-біріне жымындаса қарасты. Борис Тимшенко қуанғанынан қара бұйра малақайын ұмытып, жалаңбас тұра жөнелді.

— Шырағым, әлден сасқалақ болма, бас киімңді ала кет, — деді Лихобаба.

— Тек үнемі алда болатын болындар, — деп, Андрей Иванович келгендерге ауыр салмақ тастады.

— Сенімдеріңізді ақтармыз, тырысармыз, — деді Борис Тимшенко ұмыт қалған малақайын баса киіп.

...Директордың вагон-үйінің маңдайына үлкен қызыл жалау көтерілді. Бұл — жұмысты бастау жөніндегі команда белгісі. Сұр былғары жылтыр комбинезон киген, басында нақ осының түсіндей былғары малақайы, аяғында су өтпейтін қолпылдақ резинка етігі бар, жұқа өнді, орта бойлы, толықша аққұба жігіт «ДТ-54» тракторының кабинасынан жып етіп шыға келді. Ол жедел басып, вагон-үйдің алдында тұрған директор мен партия ұйымдастырушысына жетіп келді де, алдарына сіресіп тұра қалды.

— Әмірлеріңізді орындауға әзірмін!..

— Алғашқы сапарың оң болсын! — деді директор. — Мәпелеп өсірген ұлын ұзақ жолға аттандырайын деп тұрған әкедей даусы толқындап, әлде бір өзгеше мейіріммен айтты. — Кәне, отыр тракторыңа, тарт борозданы!..

— Құп болады! — деді Колодченко, ұршықтай үйіріліп тым шапшаң бұрылды. Трактор кабинасының есігі сарт етіп жабылуы-ақ мұң екен, іле-шала моторы қызу гүжілге басты.

Көл-көсір қар суына әбден кенеліп, балқып жатқан алқаптың ұйпаланған кәрі бетегелері мен шудаланған ақ қаудандары қақырап, сауыры бауырдай тілініп қалып жатыр.

— Бірінші борозда тартылды, — деген дауыстар келеді жан-жақтан.

Жан баспаған жапан түзді жеке жайлап, қағажу көрмей жаман үйренген, ала қыстай ұйқы соғып, інінен енді ғана шыққан суырлар сасқалақтап жер астына зытып берді. Болат моторлардың айбынды гүрілі басты даланы. Бұлтсыз ашық аспанда күн жайымен шарықтап барады. Тың өлкесінің жаңа иелеріне мейірімі түскендей шұғыласын мол төге жарқырайды. Жіті көздің жанары әрең

жетер биікте бір дәу қара құс самғап жүр. Тұтқиылдан шыққан, қалың мотор шуынан сескенгендей, жер бетіне жақындауға батылы бармайтындай, үртіс алыстайды.

Жол кухнясының маңында ас пісіріп жүрген қыздар қосылып украин әнін шырқады. Қуанышты жастардың көңілді айқай-сүрені кең даланы кернеп бара жатқан тәрізді.

Төрт бригада өздеріне бөлініп берген танапты жаппай тілімдей бастады. Көтерілген тың алқабы минут сайын өсе түсті. Арсентий Поляруштің тракторының оң жақ қатарында бір километрдей жерде Екатерина Корниенконың тракторы жүйткіп барады. Бұлар Колодченкодан кейін іле-шала шығып, іске шұғыл кіріскен.

Бутенко, Скороходов, Скрипник, Верютин, Луцик және басқа тракторшылар тракторларын жұлындай ұшырып, өмір бойы адам қолы тимеген тың жердің қалың қыртысын таспадай тілді.

«Алғашқы күнде кім озар екен?» — Осы бір салмақты сұрақ әркімнің-ақ көкейін тесіп еді. Зор стадионда сайысқа түскен футболшылардың жеңіс минутын ынтыға күткендей қалып бар жұртта. Алғашқы күннің жұмысы өнік болса, келер күндердің жойқын еңбегі сонымен ұласып кететіндей көрінеді.

— Бүгінгі тамақтарың той тамағындай болсын, барыңды аяма! — деп, Лихобаба өзінің шаруашылық жөніндегі көмекшісіне мықтап тапсырды.

— Барымызды аямаспыз, — деп Буров бұйрықты бұлжытпай қабылдады.

— «Колос» газетінің арнаулы номерін ертең қалай да шығаратын болайық! Әр бригададан материал ұйыстырыңдар.

Комсомол ұйымының секретары Лидия Коротченкоға осыны айтты да Татаренко үшінші бригадаға бармақшы болып мотоциклін ыңғайлай беріп еді.

— Көрсеткіш тақтасын қай жерге ілеміз? — деп жұмысшылар комитеті председателінің орынбасары Николай Михайлович Гусев келді.

Механизаторлардың тұрмысымен таныстық. Міне Киевтен келген механик Василий Янконың үйінде отырмыз. Жуырда салынып біткен екі бөлмелі үй асып кеткен әсем болмағанымен, жарасып, көңірсіп тұр. Бөрене қабырғаларын тақтайдай ғып сылап, оның үстін әлеміш жар қағазбен нақыштап қойыпты.

— Қоныстарыңыз құтты болсын!...

Ілтипатымызға үй иесі рақмет айтты.

Янко қырықты қусырып қалған мосқал адам. Әр сау-сағы балғадай, күшті қолдары еңбекте шыныққан күш иесі адам екенін бірден танытады. Үй ішінде көзге түсер аса қымбатты бұйымдары болмаса да, әлдеқашан орын теуіп, ақар-шақар үй боп кеткен ұқыпты адамның шаруасына бергісіз...

— Үйіміздің он екі де бір нұсқасы дайын емес, — деді үй иесінің зайыбы Софья Федоровна кешірім сұрағандай, сәл ұялыс тауып. — Қем-кетігіміз толып жатыр: радио қабылдағыш, қабырға сағаты, балалар кереуеті рабко-пімізге түспей-ақ тұр...

— Сен оны айтасын: Қазақстанның болашақ азаматына даярлап қойған бесігіміз де жоқ, — деп, үй иесі бір жақсы нышанның шетін шығарды...

Софья Федоровна айы-күніне жетіп отыр екен.

— Витяміз мектепке келер жылы барады, бойжеткеніміз Светлана үшінші класта оқып жүр, — деп Софья Федоровна, керует алдында ойыншық тракторды жүргізе алмай, әлекке түсіп отырған сепкіл бетті, шабдар шашты, сары балаға көзінің қыйығымен қарады.

Тракторын жөндеп алды ғой деймін, бала мәрә-сәре болып секіріп тұрды да:

— Қазір тың жерді көтеремін, — деп дыбдырлап сөйлеген бойы мен тысқа шығып кетті.

Василий Федорович совхоздың механикалық мастерскаясын басқарады. Екі сөзінің бірінде мотор, подшипник, детальдар жайын араластыра сөйледі.

— Киевте қызмет істеп жүргенімде алған бай тәжірибем Қазақстан даласында іске жарады. — Осындай зор іске өз үлесін қосқанына көңлі көншігендей бізге аса бір сүйкімді шыраймен қарады. — Әр шофердың, әрбір машинаның ыңғайын, тілін білуге тура келеді. Біле-білсек, табиғатпен күрестің өзі де зор майдан. Оны жеңіп шығу үшін білімді бас, білегі күшті қол, сағаттай дәлме-дәл техника керек.

Василий Федорович өз участогінің жұмыс жайын қыс қа-қысқа айтты да, асығыс кеткеніне лектордан кешірім сұрап, өз шаруасына жөнелді.

Ұқыптап жыйнап қойған екі бөлмелі үйдің ішін көзімен шолып, Софья Федоровна құрылысшыларға наразылығын айтты:

— Дүниеде осы үй бояйтын сырдан оңай зат жоқ қой... үйді келістіріп салғандарына рақмет, бірақ, есік-терезелері мен едені ақ күйінде тұрған соң сәні болмайды екен...

— Шынын айту керек, — дейді совхоз директоры сәл ұялған пішінмен төмен қарап. — Алғашқы жылда құрылыс жұмысына мықтап көңіл бөлмедік... зор жоспарды бірден игеріп кете алмадық...

— Олқылықтың орнын толтырамыз, қайтер дейсіз, — деді бас агроном Нагнибеда оның көңлін аулап. — Шалағайлықтың түпкі тамыры құрылыс монтаж басқармасында жатқан жоқ па? — деп құрылысқа жауапкер ұйымды да түйреп өтті.

5

Сұр далаға өң кірді. Жалпақ жон әуелі жасыл кілемдей құлпырды да, содан бара-бара теңбілдене жайнап кетті. Егін алқабының қолдың саласындай алтын масақтары желмен ырғалып, самарқау теңселеді. Дала кеме-лері — комбайндар бүгін-ертең іске кіріседі.

Кең даланы жапқап егін теңіздей толықсыйды. Жаңа жерге сіңген тердің алғашқы жыйынтығын баяндайтын цифрлар тілге келеді енді. Тонналар, центнерлер неше алуан сыр шерткелі тұр.

Совхозда қалыпты өмір қанат жайып өсіп келеді. Соңғы кезде жүректері табысқан талай жас жігіттер мен қыздар ерлі-зайыпты болып загсқа тіркелді. Жаңа пәтерге орналасты. Былайша айтқанда, семья, тұрмыс мәселесі ойдағыдай шешіле бастады.

Үйлі-баранды бес семьяның жас нәрестесі дүниеге келді. Олардың азаматтық кітапшаларына «Қазақстанның перзенті» деген куәлік жазылды. Осы сықылды зор қуаныш алдымен Владимир Қапшуктің семьясында болған еді. Уылжылған жас келіншек Антонина Қапшук июнь айында өмірге келген тұңғыш бөбегіне Тамара деп ат қойды. Кішкентай Тамараны жұрт «Самар совхозының тұңғышы» деп қастерлеп, талайлары сыйлық тартты.

Жас патриоттар арасынан әуесқой фотографтар да табылды. Олар бірінен соң бірі кішкентай Тамараны суретке түсірді. Владимир, Антонина, Тамара үшеуі бірге түскен бір суреттің сыртына жүректен қайнап шыққан жалынды сөз жазылған: «Тың жердің пионері, келешек-

тің иесі Тамарочка, бақытты бол, көп жаса...» Ағаш шеберлері Тамараға қоларба жасап берді. Оны сары сырмен әдемілеп бояп, оң жақ қабырғасына, «Тың жердің тұңғыш бөбегі Тамараға сыйлық» — деп ақ сырмен нақыштап жазды.

Шуақ күнде Тамараны көшеде серуендету жас ананың көптенгі машығы еді. Міне, ол орталық көшеде, бөбегін қоларбамен қыдыртып жүр. Тамара тынымсыз уілдеп, парықсыз былдырлайды, көзіне түскен қарасынға қызыққандай, езу тартып күледі. Оқта-санда орнынан оқыс қозғалып, нәзік саусақтарымен қоларбаның жақтауын сыйпалайды. Арбасының жылтыр сары бояуында, ақ сырмен нақыштап жазған әдемі әріптерде август күнінің жайма-шуақ нұры ойнайды. Кішкентай Тамара самсап тізіліп тұрған әдемі үйлерге, сапырылысып ерсілі-қарсылы өтіп жатқан тракторлар мен автомашиналарға қарайды. Антонина шағаладай аппақ үйінің қасына қоларбаны қойып, бөбегінің бетіне үңілді. Көтеріп алып, бауырына қысты. Мейрімді жүзі жайнап, бетінен құшырлана сүйді. Құшақтап тұрып, сонау алыста, жонды алып жатқан тың алқабына көз жіберді. Анасы қараған жаққа Тамара да қарайды... Ол өмірге талпынады...

...Бірінші бригаданың жігіттері егін орағына басқалардан бұрын кірісті. Олар ең әуелі өздері еккен танаптан екі бау бидайды қолорақпен орып алып, директорға сыйға тартты. Үшінші бригаданың жігіттері озат тракторшылар Леонид Руденко, Виктор Буравский тіпті олардан асырып жіберді. Әр сабағы бармақтай екі бау бидайды қолорақпен орып алып, Бүкіл-одақтық ауылшаруашылық көрмесіне жіберуге сайлап қойды.

Совхоздың өндірістік жыйналысы егін орағын сегіз күнде аяқтаймыз деп көтеріңкі міндеттеме алған. Сол жыйналыста Қазақ ССР Совхоздар министрінің құттықтау телеграммасы оқылды: «Тың жерді игеруде Ақмола облысындағы 27 астық совхозының ішінде екінші орынға ие болдыңыздар. Табыстарыңызбен құттықтаймыз. Егін жыйнауда, бұдан былай тың жерлерді игеруде жаңа табысқа жетулеріңізге тілектеспіз...»

Есіл өзенінің арпалысқан тасқынымен алысып, таудай сеңдерімен соғысып, аржақтан қайықпен жүк тасыған күндер алыста, артта қалды. Совхоз өмірі кең арнамен қарыштап өсіп барады...

Жанның бәрі бірдей емес. Еңбексіз емуді ойлайтын

бірен-саран жалқаулар да табылды. Техниканың тілін, тетігін жете білмей, жұмыста ақауды көбірек жіберетін керенаулар да жоқ емес. Осылардың әрқайсысының қыбын табу керек.

«Әркімді қабілетіне, іскерлігіне, мамандығына қарай пайдалануымыз керек. Бұл жөнде ерінбей-жалықпай жұмыс істеуге тура келеді. Адамның сыртын ғана танып қоймай, анкетаға жазылған мәліметтерге ғана сүйенбей, әрқайсысының ішіне, жүрегіне терең бойлау басшының асыл қасиеті болмақ. «Жалпыңызға бір сәлем» деп, сыландап өте шықса, немесе күнілгері даярлап қойған бір тексті копировкамен көшіріп, жұрттың бәріне қолма-қол жібере салуға әдеттенсе, — ондай басшы қайнаған өмірдің ішіне кіре алмайды, қарауындағы адамдардың күрделі жан құбылысын біле алмайды. Әр адамның сыңайын, ыңғайын даралап тану басшының зор міндеті...»

Совхоз партия ұйымының секретары Татаренко жолдас алғаш келіп, өзінің тиісті қызметіне кірісерде қойын дәптеріне осылай деп жазып еді.

Володя деген бір жас жігіт курске жіберуді сұрап, арыз беріпті.

Татаренко Володяның арызын ішінен мұқият оқып шықты да, оның уылжыған аққұба жүзіне, аласы аз, сүйкімді сарғыш көзіне сұғына қарады. Парықсыз балалық шақтың ұнасымды сыйпаттарын, сұңғақ тұлғасын бастан аяқ шолып өтті.

— Үйіңнен хат келіп тұр ма?..

Бірден шешіліп сөйлеуге батылы бармай, аз-кем төмен қарап бөгеліп қалды Володя.

— Әкем мен шешемнің соңғы хатын кеше алдым... деді ол төмен қараған күйі.

— Не жазыпты? — Андрей Иванович оның іші-баурына кіре, аса бір зор ілтипатпен айтты мұны.

— Аманбыз, тұрмысымыз жақсы деп жазыпты.

Володяның әке-шешесін сағынып, кейде тіпті оңашада ептеп жылап алатынын Андрей Иванович білетін. Әнеугіде әдейі бір сағат уақыт бөліп, ақылын айтқан. Соған орай, баланың дейін байқайын деген оймен:

— Үйге қайтып кел демей ме? — деді.

Сол мезетте Володя өзінің әкесіне еркелеп, шамалы тентектік мінез көрсетіп отырған балаша аузын томпитып, тақайырсыз балалық отының ұшқыны ойнаған көзінің астымен қарады.

— Сіз оны айтасыз, — деді ол кенет орнықты пішінге ауысып. — Үйге қайтамын деп балалық істеп жүрме дейді... Менің балалық мінезімді әлдеқашан тастағанымды қайдан білсін... — Осыны айтты да «бұл пікіріме сіз қалай қарайсыз?» деген сұрақты пішінмен Андрей Ивановичке телміре қарап қалды. Володяның осы минуттегі көңіл-күйін көзінен таныған Андрей Иванович ойының үстінен дәл түсті:

— Я, Володя, сен үлкен жігіт болдың, — деді ол даусы толқындап, — ертең лаборанттар курсіне аттанасын... Жақсы оқып қайт. Тың жерден өнген астықтың кондиясын мүлтіксіз айыратын бол!..

Володя үндемеді. Көптен арман еткен зор мақсатына қолы жеткен бақытты жандай миығынан күліп, жүрегіндегі небір асыл сөздері мен алғысын үнсіз ұқтырып, Андрей Ивановичтің бетіне жаутаңдап қарай берді.

— Айтпақшы, — деді Андрей Иванович көптен бері ұмытып жүрген бір дерті кенет есіне түскендей селт етіп.

— Қелешекте қандай мамандық алғың келеді, соны да осы бастан айтып қойсаң қайтер еді?

Володя бұл жолы іркілген жоқ:

— Агроном болсам деген ойым бар, ағай!

— Өте жақсы мамандық. Мына баратын курсің соның бірінші баспалдағы болсын!.. — деп Володяның жұмсақ қолын қатты қысты...

... Машықты жұмыс күні аяқталды. Ұзақ уақыт аспанды кезіп мейлінше қажығандай, енді бір сәт тыныстағысы келгендей, ғажайып алтын табақтай дөңгеленіп күн де ұясына барып қонды. Аспанда алақан аумағындай да бұлт жоқ. Бірте-бірте жақындап келе жатқан қыстың нышанын сездіргендей шығыс беттен салқын жел еседі. Күн батып, іңір қараңғылығы қоюлана бастаған кезде аспан жүзіне сансыз жұлдыздар жарқырап шыға келді. Бірте-бірте жазыла бой көрсетіп, қымсынбай жымыңдап, гауһардай жылтылдайды. Көтерілген тың алқабында маужыраған тыныштық орнады. Есіл өзенінің кең атрабында кешкі оттар жарқылдайды. Атбасарға баратын жолдарға тынбай астық тасып жүрген жүк машиналарының гу-гу гүрілі келеді.

Дирекция кеңсесінің маңайына адам толып кетті. Совхоз директоры Лихобаба жолдастың «ГАЗ-69» машинасы гүжілдеп әзір тұр. Шафран тойға баратындай сәнді киім-

дерін киініп алған. Өзінің көмекшісі Владимир Қапшуктің арқасынан қолын алмай, аманатын айтып тұр:

— Мотоцикльді күтіп ұста, Володя! Ұқыпты үй иесінің жосығымен нығарлап айтты. — Тракторшылардың еңбек тәртібін божыратып алма! «Жауынгерлік листокті» үзбей шығарып тұрғайсындар... Әсіресе техникаға ұқыпты қараңдар... Радиоқабылдағыштарыңның батареясы таусылуын күтпей-ақ, осы бастан қамдап ал...

— Күп болады, жолдас командир! — деді Қапшук, — Солдатша сіресіп тұра қалды да, оң қолының саусақтарын жазған күйі шекесіне қойды.

— Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне бара жатырсың, Гриша! — деп, орта бойлы, кесек денелі, сары қыз сөзге араласты. — Біздің Қазақстанның павильонын көр әуелі, сондай ғажап... Ішіне кірсең шыққың келмейді.

Совхоз партия ұйымының секретары Татаренко іліп алып, жаңағы қызды жер-көкке сыйғызбай мақтай жөнеледі.

— Бұл біздің Елисеева Людмила дейтін комсомолкамыз, бау-бақша бригадасының жұмысшысы... Жақында Москваға көрмеге барып қайтты...

— Гриша, бізден Москваға сәлем айт, сенімдерін ақтаймыз деп айтты де, совхозды шын мәнісінде астық фабрикасына айналдырамыз деп біздің атымыздан серт бер, — деп, Василий Колодченко Шафранның қолын қатты қысты.

Жастар Шафранды айнала қоршап алып, көңілді шыраймен дуылдасып жатыр. Оңайлықпен босататын емес. Машинасының моторын қайта-қайта тұтатып, қайта-қайта сөндіріп, шофер жігіт әлек-шәлек болды.

Лихобаба жолдас көрмеге ертең жүрмекші еді, Атбасарға тез жет деп аудан аткомнен телефонограмма беріпті. Шафранмен бірге жүрмекші болып, жыйналып тұрған жастармен қош айтысты. Директорге де аманатты жаудыра бастады жастар.

— Министрлікке барып совхозымыздың хал-жайын толық баяндаңыз... Ең күштісінен қосымша тракторлар алатын болып келісіп қайтыңыз...

— Мөнің аманатымды қойын дәптеріңізге түртіп алыңыз, Иван Григорьевич, — деп, аласа бойлы, толық денелі, қызыл шырайлы қыз жақындай түсті. — Электрмен

жүретін екі іс машинасын, бұйырса, барысымен темір жол арқылы жөнелтіңіз.

Бұл қыз совхозда жаңадан ұйымдастырылған тігін мастерскаясын басқарады екен.

— Уайым жеме, қызым, айттым ғой, орындаймын тапсырманды, — деп директор жаңағы қызды арқаға қақты.

Қолда бар машинаңды әзірше пайдалана тұр... мереке қарсаңында жаңа киімді көбірек тік... жітіттер мұздай киінетін болсын!

— Біздің үйге әдейі барып, менің амандығымды айтыңыз, — деп, Никифоров Николай құлдық ұрды. — Адресімді осыған жаздым. — Бір жапырақ қағазды ұсынды.

Иван Григорьевич совхоздың бас агрономы Нагнибедаға назар аударып, жымыя сөйледі:

— Аманаттың ең салмақтысы да, көбі де Алексей Ивановичтікі, — деді ол жұрттың бәріне естірте. — Совхозға астық лабораториясының құрал-жабдықтарын ала кел дейді. Сатып ал деп тапсырған агрономиялық кітаптарының өзі екі-үш қапқа сыймас...

Тонналар, центнерлер, гектарлар директормен бірге Москваға аттанды. Сырты көнерген көк дәптердің бетінде талай цифр сайрап тұр: «Быйыл 22 000 гектар тың жер көтерілді. Көктемде егілген 1 450 гектар егіннің орта мөлшерлі түсімі 12 центнерден айналды. Жеке учасоктердің түсімі гектарына 16—17 центнерден келеді. Совхозымызда келесі жылы көтерілетін тың жердің көлемі бір жарым есе көбейеді...»

Осы мезетте Иван Григорьевич совхоздың өткен күндерін есіне түсірді. Қыйындықтарды жеңіп, алғашқы табысқа жеткен кезең алынған қамалдай көз алдында сайрап тұрды. Өткенді ойлағанда, келер күндердің шоқтығы көтеріліп, алыстан мұнартып көрінген заңғар таудай елес берді оған. Осы оймен барып, машинасының кабинасына енді.

ЖАҢА ТҰРҒЫНДАР

Өткен февраль айының бір аязды күнінде Комсомольский астық совхозының почта бөліміне ерекше бір посылка келіп түсті. Сыртына қарасаң кітап, я шахмат тақтасы секілді. Адресі Виталий Семенович Куриловқа арнап жазылыпты.

Біз міне сол посылканы көріп отырмыз. Қызыл масатымен тыстаған шағын альбом. Ең алдымен оның бірінші бетіндегі жазуға көзіміз түсті: «Қазақ жерінің жаңа тұрғындары Виталий, Антонина, Евгений Куриловтарға осы альбомды сүйіспеншілікпен сыйға тартамыз. Ворошиловград қаласындағы жетіжылдық теміржол мектебінің V класының оқушылары».

Альбомдағы көп суреттердің Кремльден басқасын кілең қолдан жасапты. Тың жерге жаңа орнаған совхоз поселкаларының әдемі үйлері. Тың жерді жыртып жүрген алып тракторлар, егін орып жүрген комбайндар... Қласс оқушыларының бірге түскен суреттері... Тіпті, олардың әрқайсысының аты-жөнін жазуды да ұмытпапты.

Альбомды қастерлеп ораған ақторғын орамалдың айнала шетіне шымқай қызыл кестемен былай деп — жазыпты: «Комсомольский совхозының кішкентай азаматы Евгений Куриловқа».

— Біздің Женяны қайдан біліп алған бұлар? — Виталий таңданған пішінмен зайыбына қарады.

— Қайдан білген дері бар ма? — Антонина ақ торғын орамалды алақанына жайып, сүйсіне үңілді. — Сондағы туысқандарымызға жазған хатымыздан білгендағы... «Сырынды апана айтсаң бүкіл жер жүзіне паш болды дей бер» деген осы... Бетінде қуаныш нұры ойнап, қызара жымыйып, альбомды қолына алды.

Кең бөлменің батыс жаққа қараған, аумақты қос терезесінен түскен аязды күннің жарқын сәулесі ұржаңа үй жиһаздарын жайнатып тұр. Виталий зайыбы мен бөбегіне

мейірімді шыраймен қарап отырып, аса бір көтеріңкі шабытпен сөйлеп кетті:

— Егер біреу менен шынайы достықтың терең мәнін ашып бер деп сұрай қалса, — деді ол бір келелі әңгіме бастамақ ойы бар екенін аңғартқандай сәл кідіріп.

Нәрестесін бауырына қысып, әлдилеп отырған Антонина оның сөзін іліп әкетті:

— Сонда сен не дер едің? Әлдеқашан талассыз ақиқатқа айналған белгілі қағиданы қайталап айтып, мақтанғалы отырмысың?

Антонинаның күлкі ойнаған көкшіл көзі мен жұқалаң жайдары жүзінен сүйісіп қосылған жастардың жарасымды әзіл қалжыңы аңғарылады.

— Жо-қ! — Виталийдің мінсіз сарғыш бетіне қан жүгіріп, қаймыжықтай жұқа ернінен болар-болмас діріл білінді. Қағылез қабағын кенет көтеріп, сөзін қайта жалғады: — Менің айтқалы отырғаным жаңа жерде табысқан жүректердің сыры еді.

— Ал, тыңдалық, шерте бер!..

— Мен достық жайын айтсам, терең философияға бармай-ақ, тура нақтылы деректен бастаймын. Мысал үшін, Түркінбай әкей мен өзіміздің арамыздағы қарым-қатнасты айтсам да жетіп жатыр...

Терең мағналы бір әңгіме осы Түркінбай жайынан басталарын сезгендей, оның кім екенін білмекке ынтығады жүрегім. Мұның өзі манадан бергі әсерлі де қызықты кеңесіміздің мол жалғасындай, өрілген өзегіндей көрінді маған.

— Мен достық жайындағы пікірімді көрнекті құралмен дәлелдеп көрсетейін сізге, — деп, Виталий жүзі жайнап, көзі күлімдеп, шапшаң түрегелді. Саңғыраған кең бөлменің төріндегі, үстіне шашақты ақ жібек дастарқан жапқан столдың суырмасынан шағын альбомды алып, алдымызға жайып салды.

Курилов семьясының тарихы осы бір шағын альбомнан басталса керек. Үнсіз, тілсіз бейнелер теңіздей терең ойлар мен сырларды қозғайды.

Альбомды ашып жібергенде Виталий мен Антонинаның арасында маңғазданып отырған қазақтың шалы мен кемпіріне көзім түсті. Бүлдіршіндей қыз бала өмір өріне күлімсірей қарап, Антонинаның мойынан орай құшақтай түсіпті. Эуеской фотографтың әудемде түсіріп алған осы

шағын суретіне зор өмірдің ғажайып дастаны сыйып тұрғандай.

Небір өрелі ойлар мен тәтті хиялдарға берілгендей аз уақыт үнсіз отырып қалған Виталий жаңағы сурет жайын баяндады.

— Мынау отырған біздің жаңа жерде тауып алған сүйікті әкеміз Түркінбай. — Сирек мұртты, шоқша сақалды, бет пішіні келісті келген, тәмпіш мұрыны жарасымды біткен қартаң адамға көз тоқтатты. — Мынау сол кісінің зайыбы Құлзия шешеміз. — Қимешегі төгілген, үстінде мол женсізі бар, толық әйелге назар аударды. — Мынау Антонинаны құшақтап түскен осы кісілердің жалғыз қызы Бикен. Осыны бес жаста дегенге кім нанады? Балғын өсіп келе жатқан зерек бала... Өзі шеткен бауырмал десеңізші!

Түркінбаймен қалай табысқанын жырдай әсерлендіріп айтты Виталий.

Жас семьяның тарихын бастап, құрметті төрінен орын алған Түркінбайымыз Шолақ-Сандық қой совхозында аға шопан болып істейді екен. Оның әйелі Құлзия сақпаншы көрінеді.

Өткен жылдың март айында Ворошиловград облысының бір топ жас жігіттері мен қыздары қазақ даласына аттанды. Партияның шақыруымен, Отан-ананың әмірімен соны жерге жаңа қоныс орнатып, кең даланы егінмен құлпыртпаққа сайланып келді.

Бұлардан кейін Сталино қаласының жастары жетті. Ленинград, Армовир облыстарының жас патриоттары келді.

...Осы «Обалы көл» алқабына келіп, қада қаққан, алғашқы шатыр тіккен күндерін аса бір ыстық сезіммен еске түсірді Виталий.

Ворошиловградтан келген бір топ жас уақытша Шолақ-Сандық қой совхозына орналасты. Екі жолдасы мен Виталий сол совхоздың аға шопаны Түркінбай Жарасбаевтың үйінде тұратын болды.

— Қой сойылып қалды, бауырсақ пісіріліп жатыр. Қолдан ашытқан бір кеспек сырасы да бар екен, мәз-майрам бол ішіп жатырмыз. — Өткен өмірінің баға жетпес бір кезеңін еске түсіргендей, көңілденіп кетті Виталий.

Баласын ұйықтатып біздің қасымызға қайта келіп отырған Антонина әңгімеге араласты:

— Мұндай меймандос, жомарт халықты өмірімде

көрген емеспін. Әкейдің қолында төрт ай тұрдық... Витя екеуміз үйлену тойымызды сол үйде өткіздік. Тойымыздың бар ауыртпалығын өзі көтерді.

— Кәне, Виталий балам, — деді бір күні Түркінбай, — мен кәрімін демейін, совхоздың қойын қаулатып өсіре берейін, ал, сендер кең даланы бітік егінмен құлпыртыңдар.

— Тілегіңізді орындаймыз, аяулы әкей, — дедім мен.

Совхоз орталығына жаңа үйлер орнағаннан кейін ерлі-зайыпты жастарға дербес пәтер беріліпті де, Куриловтар көрші совхоздан көшіп осында келіпті. Түркінбай мен Күлзия қимай әрең дегенде рұқсат беріпті. Бикен бұлармен бірге ере келіп, осы үйге бір ай тұрып кетіпті.

Тың жерде жүректері табысып, өмірінің өшпес бақытын тапқан ерлі-зайыпты екі жас достық жайын әсерлі аңыздай баяндайды. Түркінбай мен Күлзия, Бикен үшеуі Евгений туғанда әдейі келіп құттықтап қайтыпты. Қазақ халқының дәстүрі бойынша қой сойып әкеліп, бөбекке арнап көйлек, құрақ көрпе сиға тартыпты.

— Біздің семьямыз бақытты болады екен, — деді Антонина бір соны әңгіменің желісін тартқысы келетінін қабағынан танытып. — Мынау өзіңіз көріп отырған пәтеріміз — совхозда бірінші орнаған үй. Витя екеуміз осындағы жастардың алды болып үйлендік. Манадан бергі ұзақ әңгімемізге дәнекер болған Жәня — жаңа жылдың тұңғышы: елу бесінші жылдың 1 январы күні туды. Мынау отырған, — деп Виталиға жымия қарады: — Осы совхозда бірінші рет төрт бірдей мамандыққа ие болған жігітіңіз.

— Сен де менен онша кейін қалған жоқсың ғой, — деп Виталий тағы да қалжыңға ауысты. — Былтыр тракторда тіркеуші болып істеп едің, оның бержағында бухгалтерлік курсты жедел бітірдің. Және бір үлкен мамандыққа ие болып отырсың...

— Ол қандай мамандық?

Зайыбының бұл сұрағына Виталий күле отырып жауап берді.

— Ана атанып, бала тәрбиелеуден асатын қандай мамандық бар дүниеде?

— Е, соны айтамысың? — деп сәл ұялыс тауып, қырын қарады жас ана.

Антонина Солтүстік Дон темір жолындағы Варвараполье станциясында билет кассирі болып істепті. Совхоз

ға Ворошиловград жастарымен бірге келіпті. Өткен жазда біраз уақыт тракторда тіркеуші болып істепті де, бертін келе кіші бухгалтерлік қызметін атқарыпты.

Виталий ие болған мамандықтардың жайын білуге құмарттым.

— Ворошиловград облысында паровоз машинистінің жәрдемшісі болып істедім. Жаңа совхозға келгеннен кейін ең әуелі трактор тіркеушісі, содан кейін кезекші тракторшы болып істей жүріп, өз бетіммен радио, электр мамандығын үйрендім. Өткен жаз ортасында радио торабын орнатып, соны басқарып жүрмін. Бір жағынан электр технигі қызметін қоса атқарамын. Осынша қызметтерімнің үстіне біраз уақыт комсомол комитетінің секретары болып істедім.

Виталий Куриловтың өзі туралы бар айтқаны осы ғана.

— Өмірге келгеніме ширек ғасыр болған екен. Жастық дәуреннің нелер қызық-рақатын көрдім ғой... Әйтсе де осы соңғы бір жыл менің өміріме өшпес із, ұмытылмас әсер қалдырды...

— Біздің Витя бара-бара ақын болып кетпесе неғылсын, — деп, бөбегін жедеғабыл тербетіп отырған Антонина әзілге басты. — Ұйқтай ғой, сәулем, ұйқтай ғой!..

Өміріміздің өсу қарқынын ыспаттайтын теңеуді Виталий алыстан іздеген жоқ, тура осы Комсомольский совхозының өзін мысалға алды.

Бұдан бір жыл бұрын малдың өрісі болған «Обалы көл» алқабына әсем үйлер орнады. Поселкалық Советтің председателі қарт коммунист Дәуітбек Сеитов бізге совхоздың жаңа басталған жас тарихын кеше кестелеп айтып берген.

— Біздің совхозда, — дейді Виталий. — Адамның тіршілігіне не қажет болса, соның бәрі де бар. Сіз біздің универмагімізді көрдіңіз бе?

Я, жұмысшылар кооперациясының зәулім дүкеніне барсаңыз, шыққыңыз келмейді. Кәдімгі үлкен қалалардағы дүкенді еске түсіреді. Неше алуан заттардың бәрі табылады.

Аурухана, жетіжылдық мектеп, кең монша, қуатты электр станциясы, клуб... Духовой оркестрді айтсайшы! Әдемі асхана ше? Салынып бітуге айналған нан зауыдының өзі бір шалқар дүние секілді.

Зоя Яковлеваны алыңыз. Ол Ленинградтағы «Скоро-

ход» аяқкіім фабрикасында фрезеровщик болып істеген. Кәзір ол совхоздың клубын басқарады, кітапхана бастығы болып істейді, көркемөнершілер үйірмесінің жетекшісі.

Тракторшы Иван Тупикинді жұрт «тың жердің жыршысы» деп атайды екен. Оның тәп-тәуір өлендері совхоз қабырға газетінде көптеп жарияланып келеді.

Құрылысшы Аборис Атаянды біз жексенбі күні жұмыс басында кездестірдік. «Неге дем алмайсыз?» дегенімізде, қысқа жауап берді: «Демалыс қымбат па, уәде қымбат па?» — Нан пісіретін орынды сайлау күніне шейін бітіруге уәде берген екен.

Біздің әңгімемізді кенет сөйлей бастаған радио бөліп жіберді.

— Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! Сөйлеп тұрған Комсомольский совхозының радио торабы. «Достар хаты» деген тақырыптағы әңгімемізді береміз.

— Бұл сөйлеп тұрған клуб меңгерушісі Зоя Яковлева, — деп Виталий қысқаша таныстырды.

— Отанымыздың тұс-тұсынан жүрек тебірететін жалынды хаттар күн сайын түсіп тұрады бізге. Соның бірі Азербайжан шекарашыларынан келген хат. Соны тыңдаңыздар!

...Біз шекарашы комсомолецтер сүйікті Отанымыздың шекарасында қасиетті қызмет атқарып жүрміз. Күндіз-түні, қысы-жызы, әуе райы қандай болса да, шекарамыздың кілті берік. Дұшпандар біздің бейбіт еңбегімізге кесел жасамақ болып ұрынар болса, советтің қырағы сақшылары оларды бір елі аттатпайды. Оған қалтқысыз сеніңіздер, жолдастар.

Осы арасына жеткенде сәл үзіліс жасап, лезде қайта жалғады. Дауыс екпіні барған сайын күшейіп, нәшіне келтіріп оқыды.

— ...Елімізде коммунизм орнатып жатқан ұлы халқымыздың қаһармандық істерін біз күн сайын қадағалап бақылап отырамыз. Тың жерлерді игеріп, астық молшылығын жасап жатқан сіздердің ерлік істеріңізді біз мақтаныш етеміз.

Тың жерде семья құрып, бала сүйген жастардың қуанышына біз де ортақпыз. Қазақ жеріндегі жаңа қоныста дүниеге келген бөбектер ержетіп, Отан ұлы болуына шын жүректен тілектеспіз.

Сіздің совхозда біздің бұрынғы шекарашыларымыз комсомолец Иван Марсеев жұмыс істейді. Ол бізге сов-

хоздың хал-жайын жиі жазып тұрады. Виталий, Антонина Куриловтарға, Иван, Лена Васкрөвенцевтарға, Владимир, Екатерина Мциевскийлерге және басқа жас ерлі-зайыптыларға бізден комсомольдық сәлем!

Бұдан былайғы жерде сіздермен байланыс жасағымыз келеді. Сіздер өздеріңіздің қажырлы еңбектеріңізді хабарлап тұрыңыздар. Біз жауынгерлік және саяси даярлықтағы жетістіктерімізді үзбей жазып тұрайық.

Зоя Яковлева хатты оқып болып, сәл тыныстады да сөзін былай деп түйді:

— Қырым, Мурманск шекарашыларынан және Ленинградтағы техникалық училищенің оқушыларынан дәл осы төктес достық хаттар келіп түсті.

Біздің жауап хаттарымызды келесі жексенбіде, таңертеңгі сағат 10-да тыңдаңыздар!

МАЗМҰНЫ

Поездағы уақиға	3
Өмір шындығы	19
Алтын сағат	28
Қос жүрек	35
Шырғалан	52
Тастағы жазу	66
Асылжан	76
Ана сыры	90
Алғыс	97
Жаралы жауынгер	101
Мақтаныш	106
Абай сөзі	110
Күн	117
Қызыл командир	119
Бүйі	122
Аққу күйі	124
Алтын киік	129
Ақымақ арыстан	147
Молда мен жігіт	150
Жолбарыс пен түлкі	152
Самар совхозында	158
Жаңа тұрғындар	176

Сейтжан Омаров
РАССКАЗЫ И ОЧЕРКИ
(ИЗБРАННЫЕ)

(На казахском языке)

Издание Казгослитиздата — 1957

Редактор А. Хангельдин.

Художник Н. Гасв.

Техредактор С. Ищанов.

Корректор Х. Талгаров.

Подписано к печати 19/X 1957 года
УГ05927. Изд. № 169. Формат $84 \times 108^{1/32}$ =
= 5,75 п. л.—9,43 усл.-п. л. (9,337 уч.-изд. л.
+ 1 вклейка.). Тираж 10 000.
Цена 3 руб. 35 коп.

Заказ № 703. Типография № 2 Главиздата
Министерства культуры КазССР,
г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 63.

3 с. 35 т.

